

18009
19644 к

ОРТАЛЫҚ
ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ЖЕР-СУ АТТАРЫ



ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ
ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

ОРТАЛЫҚ
ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ЖЕР-СУ АТТАРЫ



АЛМАТЫ

Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы

1989

Орталық Қазақстанның жер-су аттары. — Алматы: Ғылым, 1989. — 256 б.

Оқырмандар қауымына ұсынылып отырған бұл кітапқа Жезқазған, Көкшетау, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Целиноград облыстарындағы жер-су аттарының пайда болу, қалыптасу жайлары, олардың лексика-семантикалық типологиясы, грамматикалық жасалу жолдары, лексикалық қабаттары жайлы толық мағлұматтар берілді.

Көптеген өзендер мен көлдердің, таулар мен шындардың, кеңбайтақ дала, елді мекендер мен қалалардың, село, селолық советтер орталықтары аттарының мағыналары талданып, көпке белгісіз сыр-сипаттары ашылды.

Кітап негізінен лингвистерге, географтар мен тарихшыларға, жоғары оқу орындары мен орта мектеп оқытушыларына, қалың көпшілікке арналған.

Жауапты редакторы:

филология ғылымдарының докторы Т. ЖАНҰЗАҚОВ

Редакция алқасы:

Ә. АЙТБАЕВ, А. ӘБДІРАХМАНОВ, Б. ӘБІЛҚАСЫМОВ

Рецензенттер:

филология ғылымдарының докторлары Ә. НҰРМАҒАМБЕТОВ,
М. ТОМАНОВ

Т 4602000000—061
107(05)—89 148.89

ISBN 5—628—00284—4

© Қазақ ССР-інің
«Ғылым»
баспасы,
1989

КІРІСПЕ

Одақ көлемінде жер көлемі жағынан РСФСР-дан кейінгі екінші орынға не болып отырған Қазақстанның территориясы 2 миллион 717 мың шаршы километр. Онда 17 облыс, 257 аудан, 284 қала және қала типтегі поселкелер, 2400 ауылдық және селолық совет, 21 мыңнан аса елді мекендер мен селолар, оған қоса 85 мыңдай өзен, 48 мың көл мен көлшіктер, толып жатқан қайнар бастаулар мен мөлдір бұлақтар, мындаған асқар таулар мен заңғар биік шыңдар, көлбей жатқан жоталар мен жондар, қырлар мен қыраттар, төбелер мен төбенік, шоқылар мен дөңдер, далалар мен қалың жыныс орман-тоғайлар бар. Міне, осыншама бай географиялық объектілердің баршасы да өздеріне лайықты топонимдік атауларға ие.

Республикамыздың ұлан-байтақ территориясының көлемді де аумақты үлкен бөлегін халық аузында Арқа, Сарыарқа аталатын Орталық Қазақстан аймағы атыр жатыр.

Ресми экономикалық ауданына бұрын Орталық Қазақстанға Қарағанды, Целиноград облыстары ғана жататын болса, қазіргі қалыптасқан ғылыми ұғым бойынша, Орталық Қазақстан өңірі саналатындар — Жезқазған, Қарағанды, Көкшетау, Павлодар, Қостанай, Целиноград облыстары.

Бұл өңірдің батысы мен шығысы, оңтүстігі мен солтүстігі республиканың кейбір облыстарымен, енді біраз жері РСФСР-мен шектеседі. Атап айтқанда, Торғай аймағы Ақтөбе облысымен, оңтүстік-батысы Қызылорда, Шымкент облыстарымен, оңтүстік-шығысы, яғни Жез-

қазған өңірі Жамбыл, Алматы, Талдықорған облыстарымен шектесе келіп, Семей облысымен түйіседі.

Ал солтүстік өңірі Солтүстік Қазақстан облысымен, ал шығыс жағы РСФСР-дің Омск, Алтай өлкесінің Рубцовск аймағымен және Семей облысының Бесқарағай, Абай аудандарымен шектеседі.

Ол облыстардың ұлан-байтақ өрістері мыңғырған малға, қойнауы асыл қазына мен кен-байлыққа толы. Өздерінің өнеркәсіпті ірі қалалары, экономикасының байлығы мен кен орындарының молдығы жағынан, сондай-ақ тарихи шежіресі жөнінен, республикамыздағы басқа аймақтарға қарағанда, өзіндік ерекшеліктерге, тарихи-қоғамдық, әрі географиялық сыр-сипатқа бай өлке. Сондықтан да бұл өлкеде осы алты облысты қамтыған Республика академиясының Орталық Қазақстан бөлімшесі құрылып, көп жылдардан бері жұмыс істеуде.

Орталық Қазақстан негізінен «Сарыарқаның көтеріңкі (биіктігі 300—1000 м.) солтүстік бөлігін қамтып жатыр. Оның шығыс және солтүстік жағындағы ең биік жері — Қызыларай тауы және гранит тау массивтері — Қарқаралы, Аксораң кені, Ку, Қызылтас, Ереймен, Көкшетау, Оқжетпес т. б. аласа таулар орналасқан аймақтар. Бұл алқаптың батысында Ұлытау массиві бар. Қалған жері ұсақ шоқылы, төбелі, қырқалы, белесті жазық.

Сарыарқаның оңтүстігінде Бетпақдала (биік. 300—400 м.) шөлі жатыр. Орталық Қазақстан экономикалық ауданының оңтүстік батысында Туран ойпатының біраз жері (Арал маңы Қаракұмы, Мыңбұлақ, Арыскұм, Жеріқоңыр т. б. құмдар) бар»¹.

Орталық Қазақстан құрамына енетін облыстардың аудан саны: Жезқазған облысы бойынша — 7, Қарағанды облысында — 7, Көкшетау облысында — 16, Торғай облысы — 10, Павлодар облысында — 12, Целиноград облысында — 13, барлық 6 облыс бойынша аудан саны — 68. Облысқа қарасты қалалар: Жезқазған облысында — 4, Қарағанды облысында — 5, Көкшетау облысында — 2, Торғай облысында — 1, Павлодар облысында — 3, Целиноград облысында — 2. Сонымен, алты облыс бойынша облыстарға қарасты қалалар саны — 17 болса, ауданға қарасты қалалар саны — 9, оның ішінде Қарағанды облысында — 1, Көкшетау облысында — 2, Тор-

¹ Қазақ Совет Энциклопедиясы, 1976, 8-т. 574-б.

гай облысында — 2, Павлодар облысында — 3. Жұмысшы поселкелері: Жезқазған облысында — 22, Қарағанды облысында — 16, Қөкшетау облысында — 9, Торғай облысында — 1, Павлодар облысында — 12, Целиноград облысында — 12. Алты облыс бойынша барлығы 72 қала бар. Аудандық Советтерге қарасты қала типіндегі поселкелер: Жезқазған облысында — 15, Қарағанды облысында — 10, Қөкшетау облысында — 7, Торғай облысында — 3, Павлодар облысында — 11, Целиноград облысында — 12, ал барлық облыс бойынша — 58. Осы облыстарда 803 селолық советтер бар. Атап айтқанда, Жезқазған облысында — 62, Қарағанды облысында — 102, Қөкшетау облысында — 192, Торғай облысында — 142, Павлодар облысында — 157, Целиноград облысында — 148².

Монографияда қалалар мен село, елді мекен және әрбір облыстың тарихына, қалыптасу кезеңдеріне кеңінен шолу жасалды. Айталық, 1932 жылғы февраль айында Қарағанды өз алдына қала болып құрылғаны жайлы сегізінші сайланған Қазақстан Орталық атқару комитетінің екінші сессиясында жарияланған. Ал Жезқазған облысы 1973 ж. 20 мартта Қарағанды облысының есебінен шығып, жеке облыс болып құрылған³.

Орталық Қазақстан жер-су аттары құрамы жағынан негізінен микротопонимдік (ұсақ географиялық атаулар) сипатта. Әсіресе тау, көл, өзен, теңіз, орман-тоғай, сай-сала, жыра-жылға, бұлақ-бастау, төбе, төбешік, қыр, қырка, колхоз, совхоз, елді мекен атаулары жүздеп кездеседі.

Орталық Қазақстан өңірінен 1981—1986 жылдары топонимикалық экспедициялар кезінде және көркем әдебиет шығармалары мен тарихи-географиялық анықтамалардан жиналған жер-су аттарының саны 40 мыңнан асып отыр. Орталық Қазақстанда ең көп кездесетін жер-су аттары *гидронимдермен* (өзен, көл, көлшік, бастау, бұлақ аттары) байланысты. Бұл өңірде ерте замандардан белгілі жүздеген ірілі-ұсақты көлдер мен өзендер, олардың сай-салалары бар. Соның ішінде белгілі өзендер: Сарысу, Нұра, Шерубай, Атасу, Көктас, Кенгір, Қаракенгір, Сарыкенгір, Жезді, Сарыбұлақ, Мойынты, Тоқырау, Қосыбай, Қаратал, Қусақ, Қаршығалы, Тал-

² Қараңыз: Казахская ССР. Административно-территориальное деление. Алма-Ата. 1986. С. 66-215.

³ Сонда. 66-74-б.

ды, Құланөтпес, Керей, Қыпшақ, Торғай, Сарыторғай, Тамды, Ырғыз, Жыланшық, Байқоңыр, Өлеңті, Шідерті, Жабай т. б.

Орталық Қазақстанның әсіресе Целиноград, Көкшетау, Павлодар, Қарағанды облыстары үлкенді-кішілі көлдерге бай. Олардың ішінде жалпы көлемі мен ұзындығы жағынан ірі саналатын көлдер: Көкшетау облысында — Қарасор, Шағалалытеңіз, Үлкен Қараой, Қалибек, Теке, Шалқар, Кіші Шабакты, Үлкен Шабакты, Көксеңгірсор, Сілтiтеңiз; Целиноград облысында — Үштағантүз, Қожакөл, Теңiз, Солтангелдi, Шолак; Павлодар облысында — Қызылтүз, Қызылқак, Қоссор, Жасыбай⁴. Осы облыстардың кейбір аудандарындағы аса ірі және ұсақ көлдер санын мына төмендегі кестеден анық көруге болады.

Аудандар	Ұсақ көлдер	Ірі көлдер
Ақтоғай	46	4
Жезді	169	31
Жаңаарқа	376	13
Қарқаралы	573	16
Нұра	462	42
Осакаров	49	5
Тельман	215	9

Орталық Қазақстандағы өзендер мен көлдер атауларының мән-мағыналары мен шығу төркіні де ғылыми тұрғыдан дөйекті зерттеуді қажет етеді. Сондықтан да бұл өлкенің географиялық атауларын синхрондық жағынан ғана қарамай, диахрондық тұрғыдан да ден қоя зерттеу көзделді.

Өйткені, жер-су атауларының қойылу, шығу себептері бұл өлкені ерте замандарда қандай тайпалар мекендеген, қазақ ру-тайпалары бұл жерлерде қашан, қай заманнан бастап өмір сүрген деген мәселелермен, халықтың іл тарихымен тығыз байланысты.

Тарихи деректер бойынша, қола дәуірінде Орталық Қазақстандағы тайпалар Нұра, Шерубай-Нұра, Атасу және Талды-Нұра бойларын, Бұғылы, Бегазы, Қызыларай, Кент, Қарқаралы тауларының баурайларын қо-

⁴ Озера Северного, Западного и Восточного Казахстана // Сост.: Флоренц Н. П., Г. Р. Омаров. М., 1971. С. 42—63.

ныстанған. Бұл өңірде қоладәуіріне тән 30 қоныс және 150 ірі мазарлар табылған⁵. Көне грек тарихшыларының айтуларына қарағанда, Орталық Қазақстанның кең-байтақ алқабын б. э. д. VII—IV ғасырларда неседен тайпалары мекендеген⁶.

Б. э. д. VII—I ғғ. Орталық Қазақстандағы тайпалардың мәдениеті тасмолалық деп аталады. Себебі, оның археологиялық қазба бойынша ең көбірек табылған жері Тасмола жерімен байланысты еді. Ең ірі қорғандар Бұғылы, Қызыларай, Қарқаралы, Қызылтас, Кент, Қу, Ортау, Ұлытау, Арғанаты, Желдітау, Тайатқан, Шұнақтаулары етегінде орналасқан болса, Балқаш жағалауындағы қорғандар Қотанемел, Тесіктас, Қайрактас, Жалғызтау, Жорға, Көксеңгір тауларының баурайларында топталған.

Ерте темір дәуірінде мысты тауда өңдеудің ізі Балқаштың солтүстік маңайында (Тесіктас, Кенелі, Саяк, Қызылтас, Сорқұдық), Нұраның жоғары ағысында (Алтынсу, Бесшоқы) сақталған. Орталық Қазақстанда ерте темір дәуіріне тән мәдениеттің бірі — тасқа салған суреттер. Бұл суреттерде үй хайуанаттары бейнеленген. Олар Ұлытау, Қалмаққырған, Сарысу өзендері бойында, Нұра жағалауы мен Өлентіде, Балқаш және Батпақдала аймақтарында кездеседі.

Бұл келтірілген деректердің бәрі де Орталық Қазақстанда ерте темір дәуірінде белгілі бір тайпалардың тіршілік етіп, өмір сүргенін, олардың негізгі тіршілігі мал шаруашылығы болғанын аңғартады.

VIII—IX ғасырларда Орталық Қазақстан жерінен Балқаштың солтүстік жағалауына дейін қыпшақтар мен қимақтар орналасқаны белгілі.

VI—X ғасырларда Қазақстанда қалалар мен қыстақтардың жасалу тарихы, өзіндік сипатқа ие болғаны мәлім. Әсіресе Оңтүстік облыстарда бұл кезеңдерде жасалған қалалар мен қыстақтар көбірек салынса, Орталық Қазақстанда олар аз болды. Бірақ X—XII ғасырларда Ұлытау аймағында, Нұра, Кентгір, Сарысу өзендері алқабында қала мәдениеті кеңінен тараған еді⁷. XIII—XIV ғасырларда монғол үстемдігі кезінде Орталық Қазақстанда біраз қалалар салынған. Бұндағы кездес-

⁵ История Казахской ССР. Алма-Ата, 1977. Т. 1. С. 134.

⁶ Сонда. 194-б.

⁷ История Казахской ССР. Алма-Ата, 1977. Т. 2. С. 70.

мы, лексика-семантикалық классификациясы, жасалу жолдары;

3) осы аймақтағы жер-су аттарының қазақша және орысша жазылуы.

Бірінші мәселе бойынша, Орталық Қазақстан жер-су аттарының шығу, пайда болу тарихын, сол жерлерді мекендеген ру, тайпалар тарихымен бірлік-байланыста қарастырдық. Бұл ретте халық тарихына, тарихи деректерге баса назар аударып, аса құнды материалдарды кенінен пайдаландық.

Орталық Қазақстандағы біздің заманымызға дейінгі темір, қола дәуірлерінің іздері — мәдени ескерткіштер мен қыстақ, тұрақтардың болғанын көрсететін археологиялық қазбаларға да жүгіндік. Бұл ретте Қазақ ССР тарихының соңғы басылымдары мен тарихшы Ә. Марғұлан еңбектеріндегі мағлұматтарға срекше ден қойдық.

Ә. Марғұлан «Мәдениеттің даму барысындағы хронологиялық сабақтастық алғашқы қола немесе Нұра кезеңінде (Ақшатау, Ботақара, Баубала I, Бұғылы I, Ақмола және басқа топтар), Орта қола немесе Атасу кезеңінде (Балақұлболды I, Бесоба, Айшырақ, Былқылдақ I, II, III, Қарасай, Беласар, Егізек, Саңғыру II, Ақсу — Аюлы I, Бегазы I, Жамбай, Қарасу Жыланды және басқалары) соңғы қола немесе Бегазы — Дандыбай мәдениетінде (Айбас — Дарасы, Айдарлы, Бегазы II, Бұғылы II, III, Дандыбай, Қызыл Арай, Саңғыру I, III құрылымы және басқалары) айрықша айқын аңғарылады»¹², — деп жазды.

Айтылған дәуірлерде Орталық Қазақстанда кен көздері ашылып, пайдаланылғанын қазіргі кездегі жер аттарының өздері-ақ толық анықтап отыр. Бұл жөнінде академик Қаныш Сәтбаевтың деректері толық дәлел бола алады. «Мыңшұңқыр. Демек, бұл жерде байырғы кен қазба орындары болған». «Қаратас. Халық ұғымында бұлай деп темірдің барын меңзейді». «Көктас. Бұлай аталған жерде мыс бар деп топшылауға болады». «Алтынтанған атауы — алтынның бар екенін аңғартады. Әрине тегін емес». «Жезқазған. Демек, жез өндірілген жер деген сөз. Дәл аталған». «Жыланды. Түсті металл рудасы бар өңір болу керек»¹³.

¹² Марғұлан А. Х. Бегазы-Дандыбаевская культура Центрально-го Казахстана. Алма-Ата, 1979. С. 58.

¹³ Қарашы: Сейдімбеков А. Күңгір-күңгір күмбездер. Алматы, 1981. 57-б.

Бұл еңбекте археологиялық экспедиция ашқан көне қалалардың орындары, көне заманғы тұрақ, қыстақтар тарихы толығынан сөз болды. Ондай қалалар ретінде белгілі болғандар: Басқамыр, Аяққамыр, Боғажелі, Ожырайтөбе, Тасты, Кент-Арал, Талды, Қызыл-кент, Төрткүл т. б. Көне заманның қарт күесі іспеттес анан үңгірлер, мызғымай тұрған тау атаулары, сарқылмай, таусылмай біздің заманға жеткен өзен, көлдердің атаулары да ғылыми тұрғыдан толық талданды.

Орта ғасырда пайда болған атаулар, монғол үстемдігі, Жошы хан тұсындағы атаулар да, жаңа дәуірге тән мындаған атаулардың тарихы да кеңінен талданды.

Осы еңбекті жазғанда қажет материал, тілге тиек, ғылыми дәйек болатын негізгі арқаудың бірі — архив материалдары, әсіресе Орталық Қазақстанның көне дәуір, ерте орта ғасыр, кейінгі орта ғасыр және қазіргі дәуірге тән топографиялық карталары болды. Өйткені картографиялық әдіс бірден-бір нанымды, ғылыми жүйеге негізделген нақтылы да көрнекті жұмыс боп есептеледі. Бұлар арқылы жер-су аттарының өзгеру, жаңару процестері анық көрінеді.

Ерекше назар аударып, көңіл бөлінген мәселенің бірі Орталық Қазақстан топонимдерінің Ұлы Октябрь Социалистік революциясынан бұрынғы статистикалық күйі және жаңа топонимдердің өсу саны мен проценті болды. Олардың өзгеруі мен дамуы, бұрынғылардың орнына жаңа атаулардың қойылу себептері толық баяндалды. Бұл еңбекте арнайы орын беріліп, сөз болған күрделі мәселелер — *гидронимдер* (өзен, көл, су, бастау, бұлақ, құдық, қайнар атаулары) мен *оронимдер* (тау, шын, жота, шоқы, төбе, дөң т. б. атаулары). Сондай-ақ *макротопонимдер* (ірі объектілердің: қала, облыс, аудан, ірі көл, ірі өзен, тау аттары) және *микротопонимдердің* (ұсақ объектілердің: кішкене өзен, көл, елді мекен, ауыл, село, совхоз, колхоз, көше атаулары т. б.) арақатысы, сан мөлшері де күрделі мәселенің бірі ретінде арнайы тұңғыш рет зерттеліп отыр.

Екінші тарау бойынша назар бөліп, жіктеп айтылған мәселелер: Орталық Қазақстан жер-су аттарының құрылысы, жалпы құрамы, лексика-семантикалық классификациясы. Жасалу тәсілдерін сөз еткенде айрықша тоқталатынымыз: морфологиялық тәсіл, морфология-синтаксистік тәсіл, лексика-синтаксистік және лексика-семантикалық тәсілдер арқылы жасалу жолдары.

Бұл тарауда осылармен қатар айтылғандардың бірі — халықтық географиялық терминдердің Орталық Қазақстан жер-су аттарын жасаудағы орны. Олардың басым көпшілігі байырғы төл сөздерімізден жасалғандықтан мән-мағынасы айқын, саралы боп келеді. Дегенмен мағынасы күңгірт, көбіне түсініксіз жер-су аттары да аз емес. Осы себептен де көне жер-су аттарының этимологиясын зерттеудің, олардың лексикалық құрамын, қабаттарын анықтаудың орны мен мәні айрықша зор болды.

Оның құрамында байырғы төл сөздерімізден қойылғандары мен қатар араб-иран, монғол және орыс сөздерінен қойылған топонимдер тобы да мол. Осымен байланысты назар аударып, ерекше ден қойылған мәселелердің бірі — өлке, жер-су аттарының стратиграфиясы, тарихи, лексикалық қабаттары. Оны реконструкциялық тәсілмен сипаттағанда, советтік дәуірде қойылған топонимдер, орта ғасырға тән жер-су аттары және көне дәуірлік жер-су аттарының типтері деп жіктейміз. Әсіресе баса назар аударып, толық қамтыла зерттелген топосистемалар — жаңа топонимдер. Ал субстратты жер-су аттарынан араб, иран тілдерінен енгені бұл өңірде өте аз, тым сирек кездеседі.

Оның есесіне монғол тілінен атаулар, әсіресе орыс тіліне тән жер-су аттарының саны орасан көп екені аталған еңбекте жан-жақты сөз болып, толық түрде сипатталды. Әсіресе советтік дәуірде тынды игерумен байланысты қойылған жүздеген жер-су аттарының сыр-сипаты айтылып, олардың топографиялық карталарын да бердік. Әрбір облыстың топонимдерінің жасалуында азда болса өзіндік ерекшелік болады. Бұндай қасиет Орталық Қазақстан жер-су аттарының жасалу жүйесіне де тән. Бұл ретте Орталық Қазақстан жер-су аттарының жасалу тәсілдері, олардың компоненттері, жер-су аттарын жасауға қатысатын қосымшалар, әсіресе көне жұрнақтар мен жалғаулардың сыр-сипатын анықтайтын деректер мол көрсетілді.

Орталық Қазақстанның жергілікті географиялық терминдерін сөз ету — жергілікті халық тілінің ерекшелігін, оның айтылу, қолданылу өзгешелігін көрсете алады. Сондай-ақ, жалпы қазақ халқына тән географиялық терминдердің де Орталық Қазақстан жер-су аттарын жасаудағы ролі басым екені жұмыста жан-жақты сипатталды.

Орталық Қазақстан облыстарындағы жер-су аттарының нақтылы саны туралы қазірге толық дерек жоқ. Өйткені облыстары әрбір аудан, село, колхоз, совхоз, көлдер мен көлшіктер, өзендер мен бұлақ, бастаулар, жылғалар мен жыралар, жоталар мен төбе, төбешік, қыр-қыраттар, жайлаулар мен қыстау, кіші-гірім елді мекен атаулары әлі толық жиналып, біткен жоқ.

1981—1985 жылдары Институт тарапынан ұйымдастырылған ғылыми экспедицияның негізінде Жезқазған, Қарағанды, Көкшетау, Павлодар, Торғай, Целиноград облыстарынан 40 мыңға жуық жер-су аттары жиналып, Қазақстан жер-су аттарының картотекалық базасының негізі қаланды. Атап айтқанда, Жезқазған облысы бойынша 8794, Көкшетау облысынан — 1980, Қарағанды облысынан — 2785, Павлодар облысынан — 3980, Целиноград облысынан — 16391 топонимдік карточка — ономастика бөлімінің картотека қорында тұр.

Экспедиция кезінде ономастикалық материалдардың басым көпшілігі жер жағдайы мен ел жайын жақсы білетін, көпті көрген көнекөз білімдер қарттармен әңгімелесу барысында қағазға әрі магнитофонға жазылып алынды. Осымен қатар аудандық, ауылдық советтердің тіркеу кітаптары мен ресми іс-қағаздарынан, мектеп қызметкерлері мен оқытушылардан, аудандық ауылшаруашылық мекемелеріндегі карталар мен түрлі тізімдерден де көптеп көшіріліп алынды. Осындай істің нәтижесінде жиналған жалпы ономастикалық материалдар саны қазірге 200000-ға жетіп отыр. Бұлардың басым көпшілігі микротопонимдер болса, біразы макротопонимдер. Жиналған материалдар құрамына қарай өзара гидронимдер, оронимдер, ойконимдер, антропотопонимдер мен этнонимдер болып бірнешеге бөлінеді.

Алып жатқап жер көлемі мен шаруашылық саласы жағынан ірі де көлемді, әрі аумақты өңір Орталық Қазақстан топонимдерін ғылыми тұрғыдан зерттей отырып, оларды үлкен 5 тақырыптық топқа бөлдік.

1. Орталық Қазақстан топонимдерінің шығуы мен даму, қалыптасу тарихынан.

2. Орталық Қазақстан топонимдерінің (макро-микротопонимдік) құрамы.

3. Орталық Қазақстан топонимдерін лексика-семантикалық тұрғыдан таптастыру.

4. Орталық Қазақстан топонимдерінің құрылымдық типтері.

5. Өлке топонимдерінің транскрипциясы.

1981—1985 жылдары Жезқазған, Қарағанды, Көкшетау, Павлодар, Торғай, Целиноград облыстарының аудандары мен село, поселкелерінде, колхоздары мен совхоздарында, олардың бөлімшелері мен фермаларында, жайлаулары мен қыстауларында болып, жер-су аттарын жинау жайлы ғылыми экспедицияны ұйымдастырып, оған жалпы басшылық жасауда филология ғылымының докторы, ономастика бөлімінің меңгерушісі Т. Жанұзақов, материалдарды жергілікті жерлерден жинап әкелуде филология ғылымының кандидаты, аға ғылыми қызметкер А. Махмұтов, кіші ғылыми қызметкерлер Е. Керімбаев, Д. Жүнісов жолдастар үлкен үлес қосты.

Осы еңбектің «Кіріспе», «Орталық Қазақстан топонимдерінің (макро-микротопонимдік) құрамдары», «Гидронимдер» (Көл аттары), «Орталық Қазақстан топонимдерінің құрылымдық типтері» және «Орталық Қазақстан топонимдерін лексика-семантикалық тұрғыдан талтастыру». «Өлке топонимдерінің транскрипциясы» бөлімдерін Т. Жанұзақов, «Орталық Қазақстан топонимдерінің шығуы мен дамуы және қалыптасуы тарихынан», «Орталық Қазақстан топонимдерінің стратиграфиясы бойынша этимологиялық зерттеулер (лексикалық қабаттар)» бөлімдерін—А. Әбдірахманов, «Орталық Қазақстан топонимдерін лексика-семантикалық тұрғыдан талтастыру» бөлімін — Е. Керімбаев (Т. Жанұзақовпен бірігіп), «Оронимдер және орографиялық терминдер», «Орталық Қазақстандағы орыс топонимдері» атты жеке тақырыпшаларды — Е. Керімбаев, «Өзен аттарын» Д. Жүнісов (Т. Жанұзақовпен бірігіп) жазды.

Жер-су аттарын жинау барысында Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының қызметкерлеріне үнемі жәрдем беріп, мейлінше қолдап, әрдайым қамқорлық жасаған жергілікті партия, совет орындары мен колхоз, совхоз қызметкерлеріне, сондай-ақ көптеген ел азаматтарына авторлар ыстық ықылас білдіре отырып, зор алғыс айтады.

Осы еңбекті баспаға дайындау кезінде байсалды ақыл-кеңес, көп жәрдем көрсеткен Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі Ә. Т. Қайдаров, филология ғылымдарының докторлары Б. Ә. Әбілқасымов, Ә. Н. Нұрмағанбетов, М. Т. Томановқа, филология ғылымдарының кандидаттары Ө. Айтбаев, Ә. Ибатовқа рахмет айта отырып, ризашылық инет білдіреміз.

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН ТОПОНИМДЕРІНІҢ ШЫҒУЫ МЕН ДАМУЫ ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСУЫ ТАРИХЫНАН

Жер-су аттарының жиынтығы (топонимия) тұрғысынан біз сипаттағалы отырған «Орталық Қазақстан» деген ұғымға тек ресми экономикалық аудан ретінде енетін Жезқазған, Қарағанды облыстары ғана емес, жалпы Сарыарқа ұғымына кіретін аймақты сөз ететінімізді ескерте кеткеніміз жөн. «Сарыарқа, Арқа (қазақтың ұсақ шоқылығы) деген ұғымға Қазақ ССР-інің орталық және шығыс бөлігін қамтитын физика-географиялық өлке жатады. Батысы Торғай ойысынан басталып, шығысы Тарбағатайдың батыс сілеміне дейін 1200 км-ге созылып жатыр. Солтүстігі Батыс Сібір жазығына, оңтүстігі Балқаш көліне ұласады. Сарыарқаға Қарағанды, Целиноград, Жезқазған облыстарының жері толықтай, Көкшетау, Торғай, Семей, Павлодар облысының біраз жері кіреді. Биіктеу орта бөлігінде Қарқаралы таулары (ең биігі — Ақсоран тауы 1565 м.), шығысында Шыңғыстау (Қособа — 1305 м.) жотасы жатыр. Сондықтан Сарыарқаның бұл бөлігі Ертіс алабы мен көршілес ішкі тұйық алаптар арасындағы су айырық болып есептелінеді¹. Біз бұл еңбегімізде ретіне және қажетіне қарай Сарыарқаға көршілес аудандардың да топонимдерін сөз ететінімізді ескерте кетуді жөн көрдік.

Кең ұғымдағы Сарыарқа атауының шығу тегін, оның бұлайша аталу себебін А. Сейдімбеков «Сарыарқаның алып су айырығы екенін, ағын су атаулы сол қоянжон дөңестің қос қапталынан төгіле ағатынын көреміз. Мұндай байтақ жонды Арқа демеске болмайтын да секілді. Басқаша атау көкейге қонбайтындай, көңілге орнықпай-

¹ КСЭ, 1977, 10-т. 36-б.

тындай»², -- деп найымдайды, «өлкенің мың сап өсімдігінен бастап, тау-тасына дейін сарғын тартып жатуына» байланысты деп қарайды³. Бұл таза тудыратын пікір, өйткені Сарыарқаға қатысты жердің бәрі сарғын тартып жатады деу, біздіңше дұрыстыққа жатпайды. Мәселен, Целиноград, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан облыстарының жерлері қоңыр күз болғанша көгеріп жататыны белгілі. Ал олай болса, *Сарыарқа* атауындағы *сары* нені білдіреді?

Сары сөзімен құрамдасып келген атаулар, сөз тіркестері тілімізде тек түсті ғана білдірмейді, «кең», «мол», «үлкен» деген мағыналарда да қолданылады. Мәселен, «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» «Сары арқа» сөз тіркесіне мынадай дұрыс анықтама берілген: «Сары арқа — кең жайылым, жазық дала, мол алқап»⁴. Тіліміздегі *сары уайым* (көп уайым), *сары қарын әйел* (жасы ұлғайған, орта жастағы әйел), *сары кідір кісі* (мосқал жастағы кісі), *сары аяз* (қатты, күшті аяз) т. б. тіркестерімен келетін *сары* сөзі түсті білдіріп тұрған жоқ, көпшілікті, молдықты меңзеп тұр.

Қырғыз топонимісі Д. Исаев қырғыз топонимдерінің құрамында кездесетін және молдықты, көптікті білдіретін *сары* // *сар* сөзі иранның осы мағынадағы *сар* // *сер* сөзінен алынған дейді⁵.

Қазақ топонимісі Е. Қойшыбаев та *Сарыдала*, *Сарытау*, *Сарыжота*, *Сарыбел* деген атаулардың құрамындағы *сары* сөзі «кең, үлкен» мағынасын білдіреді деп қарайды⁶.

Сарыарқа атауының құрамындағы бір түбірлі «сар» сөзінің этимологиясы академик Ә. Т. Қайдаровтың еңбегінде айқын да ашық ашылған:

«**сар** (sar) IV (нечто большое, огромное, простирающееся, широкое, компактное): Сарарка <Сары-Арқа»⁷.

Сөйтін бұл келтірілген фактілер атаудың құрамындағы *сары* сөзі «кең», «үлкен» деген мағынаны білдіріп, *Сарыарқа* топонимі «Үлкен арқа», «Кең аймақ» деген

² Сейдімбеков А. Күңгір-күңгір күмбездер. Алматы: Жалын, 1981. 23-б.

³ Сонда. 23-б.

⁴ Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 1961. 2-т. 248-б.

⁵ Исаев Д. Жер-су аттарының сыры. Фрунзе, 1977. 85-б.

⁶ Қойшыбаев Е. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. Алма-Ата, 1974. С. 190—192.

⁷ Қайдаров А. Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. Алма-Ата, 1986. С. 272.

ұғымды білдіретінін дәлелдейді. Ал осы мағынадағы *сары* компоненті түркі сөзі ме, әлде иран сөзі ме? Ол арнайы жеке зерттеуді қажет етеді.

Географ Нұғыман Баяндин «Сарыарқа» деп аталатын арнайы мақаласында бұл аймақтың жер көлемін тіпті үлкен деп суреттейді. Ол былай деп жазды: «Сарыарқаның жер көлемі бүкіл республика жерінің үштен бірін алып жатыр... Халықтың тауып қойған бұл атауының географиялық үлкен мәні бар. Құлашын кеңге жайған бір жағымен Оралға, екінші жағымен Алтайға тіреліп жатқан үлкен территорияның орта шені жоталанып, дөңестеніп, солтүстікте Батыс Сібір, оңтүстікте Балқаш-Алакөл ойпатына қарай бірте-бірте аласара береді»⁸.

Сарыарқа аймағының республика жерінің үштен бірін алып жатқанына біздің ешбір шүбәміз жоқ. Бір еңбекте бұл өлкенің барлық жер-су аттарын зерттеп шығу мүмкін емес, сондықтан біз шама-шарқымызға қарай олардың біразын ғана сөз еттік.

Біз шартты түрде Орталық Қазақстан деп атап отыран осы ұланғайыр Сарыарқа аймағындағы топонимдердің шығуы (қойылуы) мен дамуы тарихын зерттеу — Қазақстан топонимикасының актуалды мәселелерінің бірі. Бұл проблеманы іздестіруде негізінен үш дерекке сүйенуге болады: бірінші, археологиялық қазбалар, екінші, көне жазу ескерткіштеріндегі мағлұматтар, үшінші, ежелден осы күнге дейін қойылып келе жатқан сол топонимдердің өздері.

1. АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ДЕРЕКТЕР

Қазақстандағы зерттеуші археологтардың, тарихшылардың арасында: «Әулне-Ата (Жамбыл) қаласынан солтүстікке қарай ондаған километрден кейін отырықшылық болмаған, одан әрі көшпелі ел болған» деген пікір кейінгі кезге дейін үстемдік алып келді⁹.

Бұл туралы академик Ә. Марғұлан былай деп жазды: «Шу өзені мен Сырдария өзендерінің терістігінде жатқан қазақтар Сарыарқа деп атайтын кең далалы жатқан көне жазу нұсқаларында аз орын алған. Бұл өлке көптеген ғасырлар бойы ғылым үшін жұмбақ болып

⁸ Баяндин Н. Сарыарқа // Білім және еңбек. 1984. № 1. 8-б.

⁹ Бийпаков К., Ерзакович Л. Древние города Казахстана. Ал-Ата, 1971. С. 197.

рәсиді... Өкінішке орай Орталық Қазақстан территориясының тарихи-археологиялық жағынан бұрынғырақ зерттелмеуі Қазақстанның солтүстік далаларында көне заманның мәдениет ошақтары дамымады деген пікір тудырды. Орта Азия тарихының тамаша білгірі В. В. Бартольдтың өзі «мәдениеті бар соңғы жер Сырдария мен Қаратаудың аралығында болды» және оның пікірінше, «бұл өлкенің солтүстігі адам мекендемеген дала болды», — деді. Бұл концепцияның қателігін Қазақстанның көне тарихын зерттеуші А. П. Грязнов дәлелдеп берді»¹⁰.

Орталық және Солтүстік Қазақстанда ертеде отырықшылық мәдениет болғанын 1950-ші жылдардың басында арнайы еңбек-мақалалар жазып дәлелдеген ғалымдар Ә. Марғұлан¹¹ мен А. П. Грязнов¹² болды. Орталық Қазақстанның көне мәдениетін Ұлы Отан соғысынан бұрынғы кезеңінен күні бүгінге дейін қажымай, талмай зерттен келген академик Ә. Марғұлан осы еңбектерін қорытындылап, 1979 жылы көлемі 37 баспа табақ «Орталық Қазақстанның Бегазы-Дәндібай мәдениеті» атты еңбек шығарды. Автор бұл еңбегінде сонау қола дәуірінен Бегазы-Дәндібай мәдениеті өрбіп шыққанын дәлелдеді¹³.

Тарихта «таза көшпелілер» болған емес¹⁴.

Ә. Марғұланның соңғы археологиялық зерттеулеріне карағанда, Орталық Қазақстанның таулы және өзенді алқаптарында қола заманынан кейінгі орта ғасырға дейін аралықта отырықшы мәдениеттің қалдықтары табылған¹⁵.

Осылайша археологиялық зерттеулер Орталық Қазақстанды сонау қола заманынан көне тайпалар мекендегенін дәлелдеді. Адам, ру, тайпа, халық, жалпы қоғам болған жерде атаулар бар. Қазақстанда адам баласының қоныстануы тас (неолит) дәуірінен белгілі. Бұл

¹⁰ Марғұлан А. Х. Бегазы-Дандыбаевская культура Центрального Казахстана. Алма-Ата, 1979. С. 5.

¹¹ Марғұлан А. Х. Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. Алма-Ата, 1950.

¹² Грязнов А. П. Памятники карасукского этапа в Центральном Казахстане // СА. 1952, XVI. Соңыкі: / Северный Казахстан в эпоху ранних кочевников // КСИИМК. Вып. 61. 1956.

¹³ Марғұлан Ә. Х. Көрсетілген еңбек. 18-б.

¹⁴ Байтаков К., Ерзакович Л. Көрсетілген еңбек. 9-б.

¹⁵ Марғұлан А. Х. Остатки оседлых поселений в Центральном Казахстане // Археологические памятники Казахстана. Алма-Ата, 1978. С. 3-5.

дәуірлердегі адамдардың тұрағы бұлақ, өзен, көл және үшін сияқты жерлерде болған. Орталық Қазақстанның территориясы тас дәуіріндегі тұрақтарға өте бай. Бұлар әсіресе Қарағанды облысында және Қараторғай өзенінің аңғарында өте көп¹⁶. Сол замандағы адамдардың құралдары мен тұрақтары Балқаштың солтүстік-шығыс бөлігінен, Көкшетау облысындағы Иманборлық өзенінің бойынан, Жоғары Ертіс өңірінен, Павлодар қаласы маңынан т. б. жерлерден табылды¹⁷.

Қазақстанда алғашқы қауымдық құрылыс ыдыраған қола дәуірінде Андронов мәдениеті кезеңінде (біздің эрамызға дейінгі XVIII—VIII ғғ.) қоныстар (поселение) мен тұрғын үйлер (жилище) салынды. Қазақстанда мұндай қоныстардың жүзден астамы мәлім, бірақ олардың 30 шақтысы ғана археологиялық жағынан зерттелді. Қоныстар 6—10 үйден, ал үлкеніректері 20 шақты үйден құралды.

Жүргізілген археологиялық зерттеулер (шүйгін жайылымдар мен рудалы кен орындарының көптігі) арқасында Орталық Қазақстанның ертеде мал шаруашылығы, кен кәсібі мен металлургиясы дамыған ірі аймақтың, Андронов мәдениетінің негізгі орталықтарының бірі болғандығы анықталды. Бұл зерттеулерге қарағанда, қола дәуіріндегі ескерткіштердің тараған батыс шегі — Жезқазған—Ұлытау—Арғанаты өлкесі мен Терісаққан өзенінің жоғарғы жағы.

Жезқазған өңірінде кен өндірілді. Сол сияқты бұндай кен орындары оның солтүстігінде — Есіл мен Тобыл өзендерінің аңғарына дейін, шығысында Ертістің сол жағасы мен Шыңғыс тауына дейін тараған. Ал оңтүстікте Бетпақдала шөлінің солтүстік шетінен, Жетіқоныр өңірінен, Тайатқан мен Шұнақ тауларынан, Батпақсу мен Шажағай өзендерінің алқаптарынан байқалады.

Бұл байтақ аймақты қола дәуіріндегі тайпалардың мекендеуі әртүрлі дәрежеде болды. Қазақстан археологтарының зерттеулеріне қарағанда, ертедегі тайпалар Нұра, Шерубай — Нұра, Атасу және Талды-Нұра өзендерінің бойларында, Бұғылы, Бөгазы, Қызыларай, Кені, Қарқаралы, Баянауыл, Көкшетау тауларының араларындағы жазық жерлерде мекендеген.

¹⁶ Чалая Л. А. О культуре микролитов эпохи неолита в бассейне Каратургай // Культура древних скотоводов и земледельцев Казахстана. Алма-Ата, 1969.

¹⁷ Қазақ ССР тарихы. Алматы: Ғылым, 1980. 1-т. 88-103-б.

Қазіргі уақытта Орталық Қазақстанда қола дәуірінің 30-ға жуық қонысы мен 150-ден астам ірі қорымы (Стогильники) табылды. Археологтар қазба ісін 40 қорым мен 10 қоныста жүргізді¹⁸. Біздің заманымызға дейінгі X—VIII ғасырлардағы жоғарыда аталған мұндай мәдениетті академик Ә. Марғұлан «Дөңдібай-Бөгазы мәдениеті» деп атады және осындай түрде дүниежүзілік әдебиетке енді¹⁹. Бұл атау Қарағанды қаласының маңындағы Дөңдібай аулында және Балқаштың солтүстік төңірегіндегі Бөгазы қойнауында қола ескерткіштерінің алғашқы қазылған жеріне байланысты қойылған.

Андронов мәдениетінің Атасу дәуіріндегі ескерткіштері Орталық Қазақстанда көптеп кездеседі, олар: Дарат, Санғыру, Мыржық, Ақсай, Телжан, Қосағал, Ұйтас (Қараөзек), Былқылдақ, Қарасай, Темірастау, Қарабие, Басбалдақ, Ақсу-Аюлы, Елшібек, Беласар қорымдары т. б. Бұл ескерткіштердің бәрі Орталық Қазақстанда рулар мен тайпалар сонау тас және қола дәуірлерінде мекендегенін дәлелдейді.

2. КӨНЕ ЖӘНЕ КЕЙІНГІ ЖАЗУ ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕГІ ДЕРЕКТЕР

Тарихта әуелгі темір дәуірінде, біздің эрамызға дейінгі VII—IV ғасырларда Қазақстанды мекендеген көне тайпалар және олардың қоныстануы туралы жазба деректер ұшырай бастады. Бұл арада Орталық Қазақстан бойынша арнайы деректер болмағандықтан, біз бүкіл Қазақстан және оған көршілес аймақтар жөнінде кездесетін көне жазба деректеріне тоқталамыз.

«Тарих атасы» аталып, біздің эрамызға дейінгі V ғасырдың 40-жылдарының аяғы мен 30-жылдарының басында тоғыз кітаптан тұратын «Тарих» атты еңбек жазған грек ғалымы Геродоттың еңбегі бұл салада үлкен орын алады. Зерттеушілер осы және басқа да нұсқалардағы тайпалар сол кезеңде Қазақстан жерінде былайша орналасқанын дәлелдейді: оңтүстікте тиграхауда сақтар (бұлар грек нұсқаларында массагеттер деп аталады), сондай-ақ дахтар (дайлар), батыста — савроматтар

¹⁸ Сонда. 138—139-б.

¹⁹ Марғұлан А. X. Отчет о работе Центрально-Казахстанской археологической экспедиции 1947 г. // Изв. АН КазССР. Сер. археол. 1950. № 67. Вып. 2; Соныкі: Бөгазы-Дандыбаевская культура Центрального Казахстана. Алма-Ата, 1979.

(ежелгі аорстар), орталық аудандарда — неседей де, солтүстік-шығыста аримаспылар. Зерттеушілердің пікірінше бұл тайпалар шығыс иран тілдерінде сөйлеген деп топшылайды. Бұл кезеңде осы тайпалардың шығысына қарай, Орталық және Ішкі Монғолия, Алтай, Шығыс Қазақстан төңірегінде түркі-монғол тіл бірлестігін қамтитын «алтай» тайпалары орналасты. Сол бағзы замандарда Евразияның ұлан-ғайыр далаларында мекен еткен осындай тайпалар бір-бірінен оқшау қалмай, тілдік жағынан да бір-бірімен қарым-қатынасқа түскен. Мәселен, біздің ойымызша, түркі тілдес тайпалардың кейбір бөлегі Еділ—Жайық өзендерінің аралығына біздің заманымызға дейінгі кезеңде өтіп кеткен. Осы пікірімізді дәлелдеу үшін Геродоттың мына деректерін толық келтіреміз:

«22. Будиндерден жоғары, олардың солтүстігінде жеті күн жолдық шөл дала жатыр, ал бұл шөл даланың шығысында фиссагеттер орналасқан, бұлар ерекше және көп халық, аңшылықпен күн көреді. Сол жерлерге көршілес жерлерде иирк деген халық тұрады, бұлар да аңшылықпен күн көреді. Иирк аңды былай аулайды: аңшы ағашқа шығып, тығылын отырады, бұл елде ағаш өте көп, әрбір аңшының дайын тұрған аты мен иті бар, аттары тапал, сондықтан қарнымен жерге жатуға үйретілген. Аңшы ағаш үстінен аңды көре салып садақпен ағады да, атқа отырып қуа жөнеледі, ал иті де аңның соңынан қалмай жүгіреді...

23. Біз жүріп өткен осы скифтің жерлері қаратониярақты жазық болып келеді де, бұдан кейінгі жерлер тасты және ойлы-қырлы. Осы ойлы-қырлы аймақты өткеннен соң биік тау тұрғындарымен кездесеміз, олардың еркектері де, әйелдері де туғаннан тақыр бас, танғы мұрын, ат жақты болып келеді—дейді, олардың тілі басқаша, өздері скифше кіннеді, ағаш жемістерімен күн көреді. Олар жемісін жейтін ағаш Понтик деп аталады... Атбұршаққа ұқсас оның жемісінің ортасында дәнi бар. Оның жемісі піскеннен кейін, оны езіп орамалдан сүзеді, жемістен қара қою шырын ағады, бұл шырынды асхи деп атайды... Бұл халықтың аты — аргиппейлер.

24. Бұл тақырбастарға дейінгі және олардың ар жағында тұрушы халықтар жақсы белгілі. Бұл халықтарға кейбір скифтер барып жүреді, сол скифтерден сол тәрізді Понтиағы Борнефенес сияқты базарлардағы адамдардан өлгі халықтар туралы мәліметті тез жиінен бізге

болады. Олармен қажетті қарым-қатынас жасауы үшін скифтер жеті аудармашымен және жеті тілмен пайдаланады»²⁰.

Геродот еңбегінен келтірілген осы үзіндідегі мынадай жағдайларға көңіл аударған жөн:

1. Мұнда будин, фиссагет, ипрк, аргиппей деген тайпа-халық аттары кездеседі. Бұл тайпа бірлестіктері бір-бірімен көршілес болған.

2. Акад. В. В. Латышевтің пікірі бойынша аргиппейлердің бастарының тақыр болуы кейбір монғол тегіне жататын тайпа өкілдерінің шашы мен сақалының сирек өсуі деп түсіну керек²¹. Осыған қарап, башқұрт пен қазақ халықтарының этностық құрамына енген таздар деп аталатын рудың осы дерекке қатысы жоқ па екен деген ой туады.

3. Антропологиялық жағынан аргиппей тайпасы монғолоид типіне жатады. Орта Азияда біздің эрамызға дейінгі IV—II ғасырларда монғолоид қоспа типі болғандығы еңгі кезде ашылып отырған жаңалық. Бұл туралы С. П. Толстов былай деп жазды: «Біздің ескерткіштер берін отырған тип андронов және қазіргі ортаазиялық Междуречье типтерінің аралығында орын алады. Міне осындай өте ертедегі бас сүйектерде кейде сондай айқын монғолоид қоспасы кездесіп отыр. Орта Азияға біздің эрамызға дейінгі IV—II ғасырларда монғолоид қоспасының кіру фактісі бұған дейін кездескен жоқ еді... Сақ тайпаларының монғолоид топтарымен қарым-қатысқа түсуі туралы деректі Геродоттан кездестіреміз (IV, 23). Ол иссидондардың (кейінгі авторларда — асси́й-усун) анық монғолоидты аргиппей ұлысымен көршілес болғанын айтады»²². Сонымен антропологиялық жағынан монғолоид типте халықтардың Орта Азияда да, Орал тауы маңында да өте ерте заманнан болғандығын көреміз. Оның үстіне С. П. Толстовтың иссидондар мен асси́й-усундерді жақындастыруы да көңіл аударарлық.

4. Осы айтылған тайпалардың жеті тілі болған, скифтер олармен жеті тілмаш арқылы сөйлескен. Бұлардың қатарында түркі-монғол тектес тілдер де болуы ықтимал.

²⁰ Геродот / Перевод с греческого Ф. Г. Мищенко. М., 1888. Т. 1. С. 313—314.

²¹ ВДИ, 1947. № 2. С. 273. 4-списка.

²² Толстов С. П. По древним дельтам Окса и Яксарта. М., 1932. С. 201.

Геродоттың жоғарыдағы еңбегіндегі деректер кейінгі грек авторларының еңбектерінде азды-көпті өзгерістермен кездеседі. Мәселен, біздің эрамыздың I ғасырында өмір сүріп, үлкен мұра қалдырған Плиний Секунд былай деп жазды:

«Бұл жерлерде алдымен савроматтар тұрады..., одан кейін өтуі қиын шатқалды орманды шөл далаға дейін тиссагеттер, тирктер, шөл даладан кейін аримфейлер (Геродоттың аргиппейлері — А. Ә.) тұрады, олардың тұрағы Рипей тауларына дейін»²³.

Геродот пен Плинийдің жоғарыдағы мәліметтерін біздің эрамыздың I ғасырында тіршілік етіп, «Жер таңу» деген кітап жазған Помпоний Меланың мына деректерімен салыстырыңыз: «Будиндер Гелоний деген ағаш қалада тұрады. Тиссагеттер мен турктер солармен көршілес тұрады және аңшылықпен күн көреді. Бұдан кейін қатал да шөлді дала жатыр, ол далада ұзаққа созылған жартастар аремфей (Геродоттың аргиппейлері — А. Ә.) жерлеріне дейін жетеді... Бұлар өте әділ қылықты, орманда өмір сүреді, жидек жейді, еркектері мен әйелдерінің басы тақыр. Сондықтан олар қасиетті деп есептеледі, оларды өздеріне де және оларға қашып келгендерге де ең тағы деген тайпалардың өздері де тимейді. Олардан кейін Рифей тауы көрініп тұрады»²⁴.

Біздің ойымызша, жоғарыда Геродот, Плиний, Помпоний Меланың еңбектеріндегі *ширк, тирк, турк* тайпа аттары бір халықтың аты екендігіне ешбір күдік болмауы керек. Өйткені, біріншіден, үшеуінің де баяндау сюжеті бір-бірінен айнымайды, екіншіден, будня, тиссагет, аргиппей сияқты тайпа аттары үш нұсқада да қайталаннады.

Помпоний Меланың еңбегіндегі *турк* сөзіне түсінік берген академик В. В. Латышев былай дейді:

«Азия тайпаларының ішінде Геродотта, сол сияқты соңғы автор Плинийде (*Turcae Plin* № H, VI, 19) айтылатын тайпа аты, Помпоний Меладағы *турктерді* Геродоттағы Еділ мен Жайықтың арасына мекендеген *ширктермен* сәйкес келеді деуге болады»²⁵.

Акад. В. В. Латышевтің бұл пікірін яғни *йирк* (кейінгі авторларда *тирк, турк*) тайпасы Еділ (Волга) мен

²³ ВДИ. 1949. № 2. С. 293—294.

²⁴ ВДИ. 1949. № 1. С. 276—277

²⁵ Сонда. 277-б.

Жайық (Урал) өзендерінің арасында, сол маңға ертеде барғандығы жөніндегі ойын дәлелдейтіндей басқаша қандай деректер бар?

Бұл жөнінде СССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, проф. С. Е. Малов өз пікірін ашық айтты. Ол былай деп жазды: «Мен батыс түркілерінің территориясында өте ертеден, яғни біздің эрамызға дейінгі V ғасырдан әлде қайда бұрын көптеген тайпа тілдерінен екі тілдік топ: біріншісі — хазар — болгар чуваш тобы, екіншісі — башқұрт — татар — қыпшақ — мишар тобы құрылған деп есептеймін. Соңғысын хронология жағынан шатастырмау үшін (XIII ғасырдағы татарлар) «мишар» тобы деп атау керек. Батыста осы мишар (татар) тілдік тобының өте ертеден өмір сүргендігіне тілдік жағынан менің ешбір шүбәм жоқ»²⁶.

Сонымен, С. Е. Маловтың айтуы бойынша, біріншіден, батыс түркі тілдері үлкен өзгеріске түскен және осылай ертеден қалыптасқан, бұл өзгеріс ұзақ уақыт ішінде болған, екіншіден, батыс түркі тілдерінің осындай қалыптасқан тілі болмаса, гунн, монғолдардың шабуылынан батысқа қарай қозғалған шығыс түркі тілдеріне олар сондай әсер етпеген болар еді²⁷.

Башқұрт ғалымы проф. Д. Кисекбаев С. Е. Маловтың жоғарыдағы пікірін қостай отырып, өз тарапынан бірсыпыра тың пікірлер айтты:

«Сондықтан Оңтүстік Уралда біздің эрамыздан әлдеқайда бұрын зоналық түркі негіз тіл жасалды. Профессор С. Е. Малов оны башқұрт—қыпшақ—мишар тілдік тобы деп атап, оның жасалуын біздің эрамызға дейінгі V ғасырда деп көрсетеді. Ендеше Оңтүстік Уралға гунндар келгенше құралған тілі бар тайпалар өмір сүрген. Бұған дәлелді біздің эрамызға дейінгі V ғасырда Рипей тауларының (яғни Орал тауларының) батыс беткейінде өмір сүрген тайпаларды суреттеген көне заман тарихшысы Геродоттан табамыз. Геродот будин және аргипней тайпалары бие сүтін ішеді, одан иппак деп аталатын сыр жасайды, сол сияқты асхи (гректің *x* дыбысымен) деп аталатын, жемістен жасалатын шырын ішеді. Геродоттың будиндері орхон жазуларындағы будун болуы керек; ал иппак деген сөз башқұрт диалектісінде кездесетін ипмак, немесе ипак сөзін еске түсіреді, бұл *нан*

²⁶ Малов С. Е. Древние и новые тюркские языки // Изв. АН СССР, отд. лит. и языка. М., 1952. Т. 11. Вып. 2. С. 137.

²⁷ Сонда, 37-6.

деген сөз, ал *асхи* сөзі башқұрттың *асыһы немесе асыһуы*, яғни «ас суы» деген сөз²⁸.

Проф. Д. Киекбаевтың Геродоттан келтіріп отырған *асхи* сөзі біздіңше қазақ тіліндегі бір түбірлі *ас*²⁹ сөзімен де түбірлес. Өйткені, Геродот *асхи* деп жеміс шырынынан жасалатын сұйық затты айтып отырса, қазақтағы *ас* ішейік («ас жейік» деп айтпайды) деген сөз тіркесі сұйық асты ішерде айтылатын болғандықтан, осыған қатысты болса керек дейміз.

Біз өз тарапымыздан академик В. В. Латышевтің, профессорлар С. Е. Малов пен Д. Кисекбаевтың пікірлерін дәлелдей түсетін мынадай тарихи деректер мен топономиялық материалдарға зерттеушілердің көңілін аударуды мақұл көрдік.

Геродоттың мәліметтері бойынша біздің эрамызға дейінгі VI ғасырдың аяғында парсы патшасы Дарий скиф, будин, тиссагет, ирк, аргиппей тайпа одақтарына шабуыл жасағаны белгілі. Осындағы будин, тиссагет, ирк, аргиппей тайпалары Оңтүстік Урал мен оның шығысқа қарай өлкелерінде мекен еткен. Тілдері скифтерден өзгеше болған. Геродоттың айтуы бойынша олар жеті тілде сөйлеген, тіпті скифтердің өздері олармен жеті тілмәш арқылы сөйлескен³⁰. Осының ішінде будиндер өзгеше бір тілде сөйлейтін көшпелі ел болған³¹.

Гелон, будин және савромат тайпалары скифтерге көмек етіп, Дарийге қарсы соғысқан. Бұлар жердің кеңдігін пайдаланып, өздерінше бір әдіс қолданып, Дариймен тікелей соғыспай, көбіне шегіне берген. Олар жеріндегі адамға, малға азық болатын өсімдіктің бәрін құртып жіберіп отырған. Сонымен бүкіл скифия, сармат жерлерінен өткенде, Дарий әскері ешкімге кездесе алмаған. Ал будиндердің жерінде олар несіз жатқан ағаш бекініске кездесіп, өртеп жіберген. Дарий әскері будиндердің жерінен өткен соң, жеті күннен кейін құмға келіп тірелген. Бұл құмнан жоғарырақ жерде тиссагеттер елінде төрт өзен ағады екен. Бұл өзендердің аты Лик, Оар, Танаис және Сиргис³². Соңғы Сиргис өзенінің аты

²⁸ *Киекбаев Д.* Некоторые вопросы изучения башкирских и татарских диалектов // Памяти В. А. Богородицкого. Изд. Казанского ун-та. 1961. С. 368—369.

²⁹ *Қайдиров Ә. Т.* Көрсетілген еңбек. 188-б.

³⁰ *Геродот.* Т. 4. С. 24.

³¹ *Сонда.* 108—109-б.

³² *Сонда.* 120—123-б.

баска жерлерде Гиргис деп жазылғанын Геродот кітабын аударып, түсінік жазған Ф. Мищенко ескерткен болатын³³.

Дарий осы жерге келгенде жорықты тоқтатып, Оар өзенінің бойында біраз болған. Ол өз әскерімен скифтерді қуып жете алмаған соң, Оар өзенінің бойында салып жатқан қорғанын тастап, батысқа қарай кеткен.

Сонымен Дарий жорығының жеткен соңғы орны — Оар өзені. Міне, осы оқиғаға байланысты жоғарыда көрсетілген өзендер — біздіңше, қазіргі Елек (Лик), Ор (Оар), Ырғыз (Гиргис) өзендері болса керек. Оған екі түрлі дәлел айтуға болады. Біріншіден, бұл өзендер бұдун, тиссагет, аргиппейлер мекен еткен жерлермен көршілес жатыр және оның шығыс жағы құмды жер екені белгілі. Екіншіден, Елек, Ор және Ырғыз өзендерінің аты осы күнге дейін сақталған. Бұл атаулардың этимологиясы түркі тілдерінен табылады.

Енді осы өзендер аттарының этимологиясына тоқтайық.

Ор өзенінің этимологиясы туралы срыс ғалымы П. И. Рычков 1762 жылы былай деген болатын: «Ор деген — түркі сөзі, оның екі мағынасы бар. Бірінші мағынасы «перекоп, линия», екінші мағынасы «устье, отверстие, ворота»³⁴. Біз П. Рычковтың «Ор — түркі сөзі» деген пікіріне қосыла отырып, бұл сөз түркі тілдеріндегі «ой», «шұңқыр» деген мағынамен³⁵ орайлас па деп ойлаймыз.

Ал Ырғыз өзенінің этимологиясы чулым татарларының тіліндегі *эргизу* (*эрги*³⁶ — зүг сөздерінен қысқартылған) деген сөзбен түбірлес сияқты. Бұл туралы профессор А. П. Дульзон былай деп жазды: «Чулым өзенінің орта шенінде сайда (өзеннің ескі арнасы) орналасқан Ергоза деген елді пункт кездеседі. Оның Ызырга, Иргазга деген де орысша диалектілік формалары бар. Өзен жағасында Эргизуг деген поселке орналасқан өзеннің ескі арнасының (мағынасы: ерги «ескі» — зүг — «су», «өзен») атынан қойылған»³⁷.

³³ Геродот. История в девяти книгах: Том 2. С. 571.

³⁴ Рычков П. И. Топография Оренбургской губернии. Оренбург, 1887. С. 2.

³⁵ Кайдаров Ә. Т. Көрсетілген еңбек. 266-б.

³⁶ Сонда. 208-б. Ер VI қараңыз.

³⁷ Дульзон А. П. Былое расселение кетов по данным топонимики // Географические названия. М., 1962. С. 52.

Қазақ, татар, башқұрт тілдерінің жақындығын еске алсақ, бұл сөз «ескі өзен» деген мағынада өте ертеден осы кезге дейін сақталған. Бұл өзен атын осы маңда ертеде өмір сүрген будин, аргиппей тайпалары қойса керек.

«Ырғыз» өзенінің аты Геродотта екі жерде кездеседі: біріншісі, IV томның 57 параграфында «Гиргис» деп аталатын өзен «Танаидқа құяды» дейді. Екіншісі, жоғарыда көрсетілгендей «Сиргис» түрінде жазылып, бұл Лик, Оар, Танаид өзендері сияқты Месопта көліне құяды дейді³⁸. Сонымен Геродоттағы Гиргис өзенінің аты Ырғыз сөзімен түбірлес деп қараймыз.

Жоғарыда Геродот еңбегінде кездескен Лик өзені осы күнгі Елек (Илек) өзені болса керек. Өйткені Ор, Ырғыз, Елек өзендері бір-біріне жақын орналасқан. Бұл сөздің бастапқы түрі Илек болуы ықтимал. Түбірі *-и*, осыған зат есімнен сын есім жасайтын көне *-лек* жұрнағы жалғанып, топонимге айналған тәрізді. Мәселен, *Тас+тақ* деген топоним мен *құмдақ, шаңдақ* деген географиялық терминдер осылай жасалған. *Илек, тастақ, құмдақ, шаңдақ* атаулары мен сөздері *илі* (сулы), *тасты, құмды, шаңды* деген мағыналарды білдіреді.

Ал Танаид топонимінің этимологиясы мен оның орны туралы пікір айту қиын. Кейбір зерттеушілер мұны Дон өзенімен қатар қойса, кейбірі оны Сырдария деп есептейді. Біздіңше, осының Тана деген түбіріне де көңіл бөлу керек сияқты.

Сонымен, жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келгенде, Ор, Ырғыз, Елек топонимдері өте ертедегі түркі тайпаларының тілінде жасалған. Түркі тайпаларының Орта Азияда болуы осы күнге дейін байқалмай келеді, сонғы кездегі антропологиялық және археологиялық зерттеулерден қоспа монғолоид типтес тайпалардың Орта Азияда біздің эрамызға дейінгі IV—II ғасырларда болғандығы анықталып отыр³⁹.

Сөйтіп, тілдік, соның ішінде топонимиялық материалдар да антропологиялық және археологиялық зерттеулердің қорытындысымен бірдей шығып, Оңтүстік Уралда, Батыс Қазақстан өлкесінің солтүстік бөлегінде және Орта Азияның жекелеген аудандарында кейбір

³⁸ Геродот. История в девяти книгах: Т. 2. С. 571.

³⁹ Толстов С. П. Көрсетілген еңбек. 201-б.

баска жерлерде Гиргис деп жазылғанын Геродот кітабын аударып, түсінік жазған Ф. Мищенко ескерткен болатын³³.

Дарий осы жерге келгенде жорықты тоқтатып, Оар өзенінің бойында біраз болған. Ол өз әскерімен скифтерді қуып жете алмаған соң, Оар өзенінің бойында салып жатқан қорғанын тастап, батысқа қарай кеткен.

Сонымен Дарий жорығының жеткен соңғы орны — Оар өзені. Міне, осы оқиғаға байланысты жоғарыда көрсетілген өзендер — біздіңше, қазіргі Елек (Лик), Ор (Оар), Ырғыз (Гиргис) өзендері болса керек. Оған екі түрлі дәлел айтуға болады. Біріншіден, бұл өзендер будин, тиссагет, аргиппейлер мекен еткен жерлермен көршілес жатыр және оның шығыс жағы құмды жер екені белгілі. Екіншіден, Елек, Ор және Ырғыз өзендерінің аты осы күнге дейін сақталған. Бұл атаулардың этимологиясы түркі тілдерінен табылады.

Енді осы өзендер аттарының этимологиясына тоқталайық.

Ор өзенінің этимологиясы туралы орыс ғалымы П. И. Рычков 1762 жылы былай деген болатын: «Ор деген — түркі сөзі, оның екі мағынасы бар. Бірінші мағынасы «перекоп, линия», екінші мағынасы «устье, отверстие, ворота»³⁴. Біз П. Рычковтың «Ор — түркі сөзі» деген пікіріне қосыла отырып, бұл сөз түркі тілдеріндегі «ой», «шұңқыр» деген мағынамен³⁵ орайлас па деп ойлаймыз.

Ал Ырғыз өзенінің этимологиясы чулым татарларының тіліндегі *эргизу* (*эрги*³⁶ — *зүг* сөздерінен қысқартылған) деген сөзбен түбірлес сияқты. Бұл туралы профессор А. П. Дульзон былай деп жазды: «Чулым өзенінің орта шенінде сайда (өзеннің ескі арнасы) орналасқан Ергоза деген елді пункт кездеседі. Оның Ызырга, Иргаза деген де орысша диалектілік формалары бар. Өзен жағасында Эргизуг деген поселке орналасқан өзеннің ескі арнасының (мағынасы: эрги «ескі» — зүг — «су», «өзен») атынан қойылған»³⁷.

³³ Геродот. История в девяти книгах: Том 2. С. 571.

³⁴ Рычков П. И. Топография Оренбургской губернии. Оренбург, 1887. С. 2.

³⁵ Қайдаров Ә. Т. Көрсетілген еңбек. 266-б.

³⁶ Сонда. 208-б. Ер VI қараңыз.

³⁷ Дульзон А. П. Былое расселение кетов по данным топонимии // Географические названия. М., 1962. С. 52

Қазақ, татар, башқұрт тілдерінің жақындығын еске алсақ, бұл сөз «ескі өзен» деген мағынада өте ертеден осы кезге дейін сақталған. Бұл өзен атын осы маңда ертеде өмір сүрген будин, аргиппей тайпалары қойса керек.

«Ырғыз» өзенінің аты Геродотта екі жерде кездеседі: біріншісі, IV томның 57 параграфында «Гиргис» деп аталатын өзен «Танандқа құяды» дейді. Екіншісі, жоғарыда көрсетілгендей «Сиргис» түрінде жазылып, бұл Лик, Оар, Тананд өзендері сияқты Меотиде көліне құяды дейді³⁸. Сонымен Геродоттағы Гиргис өзенінің аты Ырғыз сөзімен түбірлес деп қараймыз.

Жоғарыда Геродот еңбегінде кездескен Лик өзені осы күнгі Елек (Илек) өзені болса керек. Өйткені Ор, Ырғыз, Елек өзендері бір-біріне жақын орналасқан. Бұл сөздің бастапқы түрі Илек болуы ықтимал. Түбірі *-и-* осыған зат есімнен сын есім жасайтын көне *-лек* жұрнағы жалғанып, топонимге айналған тәрізді. Мәселен, *Тас+тақ* деген топоним мен *құмдақ*, *шаңдақ* деген географиялық терминдер осылай жасалған. *Илек*, *тастақ*, *құмдақ*, *шаңдақ* атаулары мен сөздері *илі* (сулы), *тасты*, *құмды*, *шаңды* деген мағыналарды білдіреді.

Ал Тананд топонимінің этимологиясы мен оның орны туралы пікір айту қиын. Кейбір зерттеушілер мұны Дон өзенімен қатар қойса, кейбірі оны Сырдария деп есептейді. Біздіңше, осының Тана деген түбіріне де көңіл бөлу керек сияқты.

Сонымен, жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келгенде, Ор, Ырғыз, Елек топонимдері өте ертедегі түркі тайпаларының тілінде жасалған. Түркі тайпаларының Орта Азияда болуы осы күнге дейін байқалмай келсе, соңғы кездегі антропологиялық және археологиялық зерттеулерден қоспа монғолоид типтес тайпалардың Орта Азияда біздің эрамызға дейінгі IV—II ғасырларда болғандығы анықталып отыр³⁹.

Сөйтіп, тілдік, соның ішінде топонимиялық материалдар да антропологиялық және археологиялық зерттеулердің қорытындысымен бірдей шығып, Оңтүстік Уралда, Батыс Қазақстан өлкесінің солтүстік бөлегінде және Орта Азияның жекелеген аудандарында кейбір

³⁸ Геродот. История в девяти книгах: Т. 2. С. 571.

³⁹ Толстов С. П. Көрсетілген еңбек. 201-б.

түркі тілді тайпалардың біздің эрамызға дейінгі V ғасырларда болғандығын дәлелдейді.

Қазақстан территориясын мекен еткен ертедегі тайпалар мен ұлыстардың тілдері жөніндегі деректер бариыша жалпылама сипатта болып келеді. Дегенмен, ғылым дүниесінде әзірге белгілі болып отырған мына бір қорытындыларды айта кетуіміз керек.

Зерттеушілердің көпшілігі Авестаның деректерін негізге ала отырып, Орта Азия мен Қазақстанның отырықшы және көшпелі тайпалары біздің эрамызға дейінгі I мың жылдықтың басында-ақ Шығыс Иран тілдерінде және диалектілерінде сөйлеген деп топшылайды. Бұған қоса Қазақстанның ежелгі тайпаларының ежелгі түркі тілімен біршама ерте таныс болуын жоққа шығаруға болмайды. Орталық және Ішкі Монголияның түркі-монғол тектес тілде сөйлейтін халқының арасында біздің эрамызға дейінгі I мың жылдықтың орта шенінде калыптасқан бұл тілде сөйлейтіндер — «алтай» тайпалары деп аталатын болды. Сол уақыттағы Евразияның далалық халықтарының үнемі болып тұрған миграциялары олардың ертедегі Қазақстан халқымен тілдік жағынан қарым-қатынаста болуына мүмкіндік жасады ⁴⁰.

Бұдан кейінгі Қазақстан және оған көршілес аймақтарды мекендеген сақ және массагет тайпалары жөніндегі жазба деректер көне грек және парсы ескерткіштерінде кездеседі. Мәселен, Геродоттың еңбегінде мына дерек айтылады: «парсы патшасы Кир массагеттерге шабуыл жасап, қатты жеңіліске ұшырайды. Сонда массагет патшасы Томирис Кирдің басын кесіп алып, «Сен қанға құмартып едің, енді шөлің қансын» деп жылқының қаны толтырылған сабаға салдырып жіберіпті ⁴¹.

Біздің эрамызға дейінгі IV ғасырдың 30-жылдарында македон гректері Александр Македонскийдің басшылығымен Орта Азияға баса-көктеп кірді. Маракандты (Самарқандты) алып, олар Сырдарияға қарай беттеді. Александр Македонскийдің әскерлеріне қарсы күреске Қазақстанның оңтүстігін мекендеуші массагеттер белсене қатысты. Александр Македонский Сырдариядан өтпек болған кезде сақ сарбазының атқан садақ оғы тиіп жаралы болды. Көне жазба ескерткіштерінде сақтар жөнінде көптеген зерттеулер жазылды. Мұндай әдебиет

⁴⁰ Қазақ ССР тарихы. Алматы, 1980. 1-т. 201-б.

⁴¹ Сонда. 202-б.

лен сақ туралы деректер К. А. Ақышев пен Г. А. Кушаевтың еңбегінде толық келтірілген⁴². Бұл авторлар сақтар — андронов тайпаларының ұрпағы және олар біздің эрамызға дейін солтүстіктен оңтүстікке қарай бірнеше рет көшкен және Жетісу мен Оңтүстік Қазақстандағы сақ мәдениеті деп аталатын материалдық мәдениет осы Орталық Қазақстан мен Оңтүстік Сібірден көшіп келген сақ тайпалары арқылы жасалған деп көрсетеді⁴³.

Ал белгілі совет тарихшысы С. П. Толстов қазақ халқының этногенезі далалық сақтар мен үйсіндердің негізінде басталды деген болатын⁴⁴.

Шынында да сақтар, біздіңше, қазақ халқының этностық құрамына кірген. Оған екі түрлі дәлел айтуға болады. Біріншіден, қазақ халқы мен қарақалпақтардың кең тараған шежірелерінде қазақ пен созақ ағайынды, қазақтан қазақ тарайды, ал созақтан қарақалпақ шыққан делінеді⁴⁵.

Екіншіден, көне замандағы «су сақтарының» (ара—saka) аты Қазақстанда Созақ (Шымкент облысындағы аудан орталығының аты) атауында сақталған. С. П. Толстовтың зерттеулері бойынша қарақалпақтардың арғы атасы — Арал бойындағы массагеттер, соның ішінде печенегтердің атасы — апаснактар⁴⁶. Көне грек авторы Страбонның еңбегінде кездесетін апаснак (ара—saka) этнонимінің этимологиясы «су сақтары» дегенді білдіреді. Міне осы келтірілген деректер нәтижесінде созақ атауы ертедегі апаснақтардың (су сақтарының) түркі варианты екенін анық аңғаруға болады. Бұл этнонимнің этимологиясы *суғ* > *сув* + *сақ* > *созақ* екені және мағынасы «су сақтары», «өзен бойындағы сақтар» дегенді білдіретіндігі жөніндегі дәлелдер бұрынғы бір еңбегімізде⁴⁷ толық айтылғандықтан тоқталмаймыз.

Жоғарыда айтқанымыздай кейбір зерттеушілер көне грек жазбаларындағы иссондар Орталық Қазақстанды мекендеген болуы керек және бұлар массагет тайпа-

⁴² Ақышев К. А., Кушаев Г. А. Древняя культура саков и усуней долины реки Или. Алма-Ата, 1963.

⁴³ Сонда. 134—135-б.

⁴⁴ Народы Средней Азии и Казахстана. М., 1962. Т. 1. С. 85.

⁴⁵ Аманжолов С. А. Вопросы истории и диалектологии казахского языка. Алма-Ата, 1959. С. 29; Жидинко Т. А. Очерки исторической этнографии каракалпаков. М., 1950. С. 107.

⁴⁶ Народы Средней Азии и Казахстана. Т. 2. С. 324.

⁴⁷ Әбдірахманов А. Қазақстан этнопонимикасы. Алматы, 1979. 53—56-б.

ларының құрамына енген болуы мүмкін деген болжам айтады ⁴⁸.

Көне тарихи деректерде кең көлемде кездесетін этноним — гундар. Бұл европалық нұсқаларда сюнну, ал қытай нұсқаларында хунну түрінде кездеседі. Зерттеушілердің басым көпшілігі гундарды түркілердің арғы тегі деп есептейді ⁴⁹.

Солтүстік Монғолия мен Шығыс Түркістанды мекендеген солтүстік гундары біздің эрамыздың I ғасырында Қазақстан мен Орта Азия территориясына жаппай ене бастады. «Халықтардың ұлы қоныс аударуы» деп аталатын бұл көшу үш ғасырға созылып, әр текті тайпалар неіірі жалпы «ғундар» деген атпен IV ғасырдың бірінші жартысында Шығыс және Орталық Европа далаларына дейін жетті. Осы гунн тайпаларының тарихына байланысты қытай нұсқаларында жер-су аттары туралы мәлімет көп, бірақ олардың сол замандарда қалай айтылғанын анықтан беру қиын іс. Бұған көне қытай тілі мамандарының да әлі келмей отыр.

Сол сияқты қытай нұсқаларында біздің эрамызға дейінгі II ғасырдан усундар мен кангуйлар, олардың территориясы туралы да көлемді-көлемді деректер бар, бірақ мұндағы жер-су аттарын түсіндіріп беруге әзірге біздің дайындығымыз жетпей отыр, өйткені көне қытай тілі мұндай атауларды өз заңдылықтарына бағындырып, бұрмалап жіберген.

Мәселен, Батыс түркі қағанатынан кейін құрылған түркеш қағанаты туралы кездесетін қытай нұсқаларындағы бұрмаланған атаулардан мынадай мысалдар келтіруге болады:

Қытай нұсқасында:	дұрысы:
Хусэло	<i>Хусрау</i>
Моче — даган	<i>Баға—тархан</i>
Учжилэ	<i>Үшлік</i>
Сөге	<i>Сақал</i>
Сулу	<i>Сулуқ</i>
Гэлолу, гэлү	<i>Қарлық</i>
Моула	<i>бұлақ т. б.</i> ⁵⁰

⁴⁸ Литвинский В. А. Древние кочевники «Крыши мира». М., 1972. С. 172—174.

⁴⁹ Потанов Л. П. Этнический состав и происхождение алтайцев. Л., 1969. С. 7.

⁵⁰ Қазақ ССР тарихы. Алматы, 1980. 1-т. 344—345, 350-б.

Көне қытай нұсқаларындағы мұндай атаулар түркі тайпалары туралы жалпы мәлімет бергенімен, түркі тілдерінің сол кездегі көрінісін көрсете алмайды. Міне, сондықтан да көне қытай нұсқаларындағы топонимиялық материалдардың құпиясы ашылмай отыр.

Енді көне түркі жазу ескерткіштерінде Орталық Қазақстан бойынша кездесетін қандай атау бар дегенде айтатынымыз, жалғыз ғана Ертіс өзенінің аты. Енді соның этимологиясына тоқталайық.

Ертіс өзенінің атауы осы формада VIII ғасырда қойылған Кюль-Тегин мен Тоньюкук ескерткіштерінде кездеседі. Кюль-Тегин ескерткішінде түркілер Алтай тауына көтеріліп, Ертіс арқылы өтіп, тургеш тайпасын жеңгендері баяндалады⁵¹.

XI ғасырдағы М. Қашқари еңбегінде бұл атау Эртін түрінде жазылып, оған мынадай түсінік беріледі: «Эртіш—йэмак (қыпшақтардың бір аты — А. Ә.) даласында ағатын бір өзен аты. Бірнеше тармақ өзеншелерден құралған бұл өзен осы жердегі бір көлге құйылады. «Эртіш суы» дейді. Бұл сөз судан өтерде «кім тез өтер» мағынасында қолданылатын *эртиш* (мақ) сөзінен алынған⁵².

Келтірілген екі үзіндіден бұл өзен ертеде, VII—VIII ғасырларда Ертіс аталғанын және қазіргі қазақ тілінде де осылай аталатынын байқаймыз. Ал М. Қашқари заманында түркі тілінің кейбір диалектілерінде бұл гидроним Эртиш аталған. М. Қашқари *Эртиш* атауының этимологиясын *эртишмақ* (тез өту) етістігінен шығаратынын байқадық.

Ертіс атауының этимологиясы туралы В. П. Семенов, А. П. Дульзон, Э. М. Мурзаев, В. Н. Попова т. б. авторлар жазды. Олардың пікірлерін біз бұрынғы бір еңбегімізде толық айтқандықтан, қазір тоқталмаймыз⁵³.

Ал атаудың этимологиясына келетін болсақ, біздің ойымызша, атаудың бірінші компоненті *ир* // *ер* түркі сөзі: мағынасы қазақша — *ир*, орысша — «извилистый» дегенге келеді. Қазақша *ир+ек*, *ир+ім*, *ир+іл+ген* сияқты сөздер осы түбірден өрбіген. Ал екінші тіс компоненті кет тілінде *сес* түрінде келіп, «өзен» деген мағы-

⁵¹ Малов С. Е. Памятники древнетюркской письменности. М.: Л., 1951. С. 32.

⁵² Қашқари М. Девону дугатит турк. Ташкент, 1960. 1-том. 122-б.

⁵³ Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. Алматы, 1975. 90—93-б.

ваны білдіреді⁵⁴. Екінші сөзбен айтқанда кет тілінің *сес* (өзен) сөзі түркі тілдерінде *тіс // тиш* формасына айналады.

Сөйтіп, бұл гидроним, біздіңше, екі компоненттен құралған: *Иир // Иір > Ер* (орысша аудармасы: «извилистый») + *сес // шеш > тес // тіс // тиш* (кетше «өзен», «су») > *Иертис / Ертіс*. Атаудың *Иир* бөлегі өзеннің иреленген, ирек-ирек болып ағатын көрінісін дәл береді. Сонда атаудың мағынасы «Иір өзен» (извилистая река) дегенге келеді. Ә. Т. Қайдаров *иір* сөзінің түбірі *и(ий)* деп қарайды⁵⁵.

Жоғарыда айтылған түркеш қағанатынан кейін VIII ғасырдың екінші жартысында қарлық қағанаты құрылды. Осы кездегі араб-парсы деректеріндегі жер-су аттары бір шама дұрыс түрде кездеседі. Мәселен, бұл кездегі жазбаларда Құлан, Мерке, Отырар (Фараб), Сүткент, Шаш, Исфиджап, Тараз, Шығыл, Барсхан, Суяб, Баласағұн, Демиртағ, Түріктер көлі (Ыстықкөл), Барақ, Салуния, Жинқар, Атракана, Қарлукия, Ескөл, Тон, Талхиз, Қаялық (Талдықорған маңындағы Дүнгене жұрты) сияқты атаулар кездеседі⁵⁶. Бұл атаулардың көпшілігі түркі тілдерінің негізінде жасалған. Олардың этимологиясын жете зерттеу — алда тұрған міндет деп есептейміз.

Бұл атаулардың ішінде соғды (шығыс иран тіліне жатады, тәжіктердің арғы атасы — А. Ә.), араб атаулары да болуы мүмкін, өйткені VI—VIII ғасырларда Жетісуға соғдылар қоныс аударып көшіп келсе, VIII—IX ғасырларда арабтар Орта Азия мен Қазақстанның оңтүстігіне бірнеше рет шабуыл жасады. Ал араб тілі мен мәдениеті осы өлкелерде X—XII ғасырларда тарады. Осының нәтижесінде Оңтүстік Қазақстанда, Жетісу өлкесінде соғды және араб атаулары тарады.

Орталық Қазақстанның кейбір атаулары X—XII және одан кейінгі ғасырлардағы араб-парсы нұсқаларында кездеседі. Мәселен, бұл нұсқаларда қимақ тайпалары Оңтүстік Уралды оңтүстік-шығыс жағынан батыста Арал маңы далаларына дейін, Орталық Қазақстан жерлерінен оңтүстікте солтүстік шығыс Жетісу өлкесінің бір бөлігін қоса Балқаштың солтүстік төңірегіне дейін, шы-

⁵⁴ Дурьзон А. П. Кетские топонимы Западной Сибири // Ученые записки ТГПИ. Томск, 1959. С. 98.

⁵⁵ Қайдаров Ә. Т. Көрсетілген еңбек. 222-б.

⁵⁶ Қазақ ССР тарихы. Алматы, 1980. 1-т. 348—354-б.

ғыста Батыс Алтайдан Құлынды даласына және солтүстікте орманды дала өңіріне дейінгі аймақты жайлаған. Олардың неғұрлым тұтас мекендеген жерлері Ертістің орта шені мен солтүстік-шығыс Жетісу аймағы болды⁵⁷. Осы ғасырларда Орталық Қазақстанды мекен еткен қимақ тайпаларының аты, мекені, қалалары туралы араб нұсқаларында кездесетін мәліметтер мен деректерді Б. Е. Көмеков арнайы зерттеп, монография шығарды⁵⁸.

Бұл нұсқалардың ішіндегі ең бастысы XI ғасырдың авторы әл-Идрисидің «Нузхат Ал-Муштак» деген еңбегі⁵⁹. Өйткені бұл еңбекте автор өзіне дейінгі жазылған араб-парсы нұсқаларындағы деректерді де келтірген. Алайда В. Бартольдтың сөзімен айтқанда, мұндағы географиялық атаулар «адам танымастай» өзгеріске түскен. Әл-Идрисидің еңбегіндегі атаулар жөнінде пікір айту үшін мына бір деректерді толық келтіруді жөн көрдік:

«Қимақ хандарының қалалары он алты... Қарантия қимақтың бірінші үлкен қаласы, ұзындығы 9 миль, ені 3 миль, Гаган деп аталатын үлкен көлдің жағасына орналасқан. Қарантиядан қимақтардың қаласына дейін 24 асу бар және де бұл жол батыстан шығысқа қарай созылып жатыр. Көлдің аты қаланың атынан қойылған.

Гаган қаласы оның батыс жағасына орналасқан. Гаганнан батысқа қарай Дамурнияға дейін 4 күндік жол.

Дамурния қимақтар қаласына жатады. Ол — гүлденген және халқы көп қала. Дамурниядан Сараусқа дейін солтүстік-батысқа қарай екі асу бар, жол түркі — қыпшақтардың жерлері мен қыстақтарынан өтеді.

Сараус — үлкен қала, айналасына қорған қабырға салынған. (Қалада) ер жүрек түркілер тұрады, (олар) атты сарбаздар. Сараустан оңтүстік бағыттағы Гаганға дейін 3 күндік жол. Дамурния мен Сараус Шария өзенінің бойында. Сараустан шығыс бағыттағы Банджарға дейін 75 фарсах.

Банджар — түркі-қыпшақтардың әртүрлі рулары орналасқан, халқы көп қала. Оның әскері көп және азығы да мол. Бұлардың арасындағы жол шөл дала және бос

⁵⁷ Сонда. 379-б.

⁵⁸ Көмеков Б. Государство Кимаков IX—XI вв. по арабским источникам. Алма-Ата, 1972.

⁵⁹ Аль-Идриси. Нузхат Ал-Муштак фи Ифтизак // Материалы по истории туркмен и Туркмении. М.; Л., 1939. Т. 1.

жатқан жерден өтеді. Гиргир тауының етегіндегі жол он күнге созылады.

Дахлан — әскері бар берік камал және биік бекініс. Дахлан қимақ елінің шекарасында. Дахлан оның бірінші аймағы (батыс жағынан есептегенде — Б. Көмековтің пікірі — А. Ә.).

Дахланнан Банджарға дейін төрт өткел жер, бұндағы жерлерде ел қоныстанған, бидай, арпа және күріш егілген. Дахлан бекінісінен солтүстік бағыттағы Ханаушқа дейін 6 күн.

Ханауш — қимақтардың халқы көп қаласы. Банджардан Астур қаласына дейін 6 өткел, бұл жол бос жатқан жерлер арқылы өтеді.

Астур — түркілер қоныстанған халқы көп (қала) егістігі көп, суы мол, дөңді дақылдары—бидай мен күріш. Темір кен орындары бар. Астур Гамаш өзенінде тұр. Астурдан шығыс бағытында Сисанға дейін құрғақ жермен жүргенде 12 күн, ал өзенмен (Гамаш) жүргенде бұдан да аз.

Хаканның астанасы — темір қақпалы қорған қабырға салынған үлкен қала. Ханның қалада көп әскері бар. Хаканның астанасынан солтүстік бағытта құрлықпен жүргенде Маншанахқа дейін 4 күндік жол, ал төмен қарай өзенмен (Гамаш — Б. Көмеков пікірі) жүргенде бұдан да аз. Хакан қаласынан оңтүстік-батыс бағыттағы Фаверсегке дейін төрт өткел жер»⁶⁰.

Әл-Идрисидің еңбегінде келтірілген осы жер-су аттарының қазіргі орнын белгілеу және оның қандай атауларға сай келетінін анықтау оңай шаруа емес.

Жоғарыда келтірілген кейбір атаулардың қазіргі орны, атауы туралы П. Пельо, М. Маркварт, В. В. Григорьев, К. Миллер т. б. ғалымдар жазды. Олардың пікірлеріне талдау жасауға мүмкіндік жоқ, өйткені бұл тым ұзақ хикая. Алайда бұл мәселе жөнінде айтылған Б. Көмековтың пікірлерін қысқаша айта кеткен жөн, өйткені атаулардың этимологиясын қарастыруға мұның көп септігі тиеді.

Әл-Идрисидің еңбегіндегі Гаган көлін Б. Көмеков Алакөл жүйесіндегі көлдермен бір деп санайды. Семей мен Талдықорған облыстарының аралығында жатқан Алакөл, Ұялы (Қошқаркөл), Сасықкөл көлдері бір кездер-

⁶⁰ Қараңыз: Көмеков Б. Аталған еңбек. 102—103-б.

де бір көл болған да, кейін оның деңгейі 7 метр төмендегеннен соң үш көл болып бөлініп кеткен⁶¹.

Жоғарыдағы текстен осы көлдің жағасында Гаган қаласы болғанын, ал көлдің аты осы қаланың атынан алынған деген хабарды байқаймыз. Ендеше қаланың аты Гаган (Қаған) қаласы дегенді білдіріп, қимақ ханының үлкен тірегі дегенді мензеуі ықтимал.

IX—X ғасырларда батыста — Оралмен, шығыста — Алтаймен, оңтүстікте — Сырдариямен, солтүстікте Ертіс, Тобыл, Есіл өзендері және Зайсан көлімен шектесіп жатқан ұлан-байтақ аймақты неменген қимақтар XI ғасырда екіге бөлініп, батыс пен оңтүстікке қарай үдере көшкен⁶². Олай болса, қимақтардың Гаган деп атаған қала мен көл аты ұмыт болып, кейін бұл көлді қазақтар Алакөл деп атаса керек. Ал, Б. Көмековтың пікірінше, Гаган қаласы Тентек өзенінің алқабындағы Үшарал поселкесінің маңынан табылған ескі қала орындарының бірі болса керек⁶³.

Әл-Идрисидің еңбегінде берілген картада Гаган (Алакөл) көлінің оңтүстігінде Дардан тауы жатыр. Мұны Б. Көмеков Жоңғар Алатауы деп қарайды⁶⁴. Сөз этимологиясы мүлде күнгірт болса да, бұл атауды біз қазіргі қазақ тіліндегі «дардай» сөзімен түбірлес болар деп болжаймыз. «Дардай болу», «дардай басымен» деген тіркестерде «таудай» деген мағына аңғарылады. Бұл сөздің этимологиясын әлі де іздестіре түсу қажет.

Әл-Идрисидің еңбегінде Гаган (Алакөл) көлінің солтүстік-шығыс жағында Гиргир таулары жатыр делінеді. Бұл таулар Б. Көмековтің пікірінше Тарбағатай тауларына сай келеді⁶⁵. Гиргир бір таудың ғана аты емес, бұл көп таулардың аты. Әл-Идрисидің айтуы бойынша, бұл таудың етегі 10 күндік жол⁶⁶.

Ендеше, бұл қайталап келген *гыр // қыр*⁶⁷ (тау, қырат) сөзі болуы керек. Қазақ тілінде *мая-мая* (шөп), *қапшық-қапшық* (құрт), *қарын-қарын* (май), *тау-тау* (отын), *табын-табын* (жылқы) т. б. сияқты қайталама

⁶¹ Көмеков Б. Көрсетілген еңбек, 70—74, 106-б.

⁶² Материалы по истории туркмен и Туркмении. М.; Л., 1939. 1-т. 234-б.; Тохтабаев А. Қыпшақ ханының мүрдесі // Қазақ әдебиеті. 8 июль, 1983. 3-б.

⁶³ Көмеков Б. Көрсетілген еңбек. 107-б.

⁶⁴ Сонда. 74-б.

⁶⁵ Сонда. 74-б.

⁶⁶ Сонда.

⁶⁷ Қайдаров Ә. Т. Көрсетілген еңбек. 255-б.

қос сөздер көптік мағынаны білдіретіні белгілі. Ендеше *гир-гир* (яғни қазіргіше қыр-қыр) қос сөзі Тарбағатай тауларының көне түркіше аты болса керек, мағынасы: «тау-тау», яғни «таулар».

Әл-Идриси еңбегінде Шария деген өзен аты кездеседі. Оның картасында бұл өзен Гаган (Алакөл) көліне құятыны көрсетілген. Б. Көмеков бұл қазіргі Тентек өзеніне сай келеді деп көрсетеді.

Шария өзенінің аты түркі-монғол тіл бірлестігі заманында жасалған болуы керек. *Шары* формасын араб авторы *Шария* деп бұрмалап жазуы мүмкін. Сөздің мағынасы «сары», *ш* мен *с* дыбыстарының алмасуы — монғол мен түркі тілдерінің арасында да, түркі тілдерінің өз ішінде де жиі кездесетін құбылыс. *Сары* сөзі монғол тілінде шар түрінде айтылады⁶⁸. Сол сияқты монғол мен қазақ тіліндегі мынадай сөздерде *ш/с* алмасуы бар: *шавар* — *сабыр* (батпақ), *шалтах* — *сылтау*, *шийр* — *сирақ*, *ширдэг* — *сырдақ* (сырмақ), *шонхор* — *сұңқар*, *шор* — *сор*, *шөл* — *сөл*, *шулых* — *сылу*, *шунгах* — *сұңғу* т. б.⁶⁹.

Сөйтіп, атаудың этимологиясы түркі-монғол тіл бірлестігі заманындағы *шар* // *сары* сөзімен түбірлес болса керек.

Әл-Идрисидің еңбегінде *Гамаш* өзені жөнінде толық мағлұмат бар. Мұнда қимақтардың он екі қаласы Гир-гир тауының солтүстік шығыс жағында орналасқан, ол оның сегізі Гамаш өзенінің бойында дейді. Б. Көмеков Гамаш Ертіс өзені дейді⁷⁰.

Ертістің орта ағысы орта ғасырда араб нұсқаларында Гамаш аталғанын байқаймыз. Тарихи жағынан бір географиялық объектінің бірнеше атауға ие болуы, немесе әртүрлі тайпалар мен халықтардың келіп-кетуіне байланысты өзгеріп отыруы заңды. Мәселен, көне замандардан бері Каспий теңізінің отызға туық атауы болғаны белгілі. Ал Сырдария өзенінің Сплис, Яксарт, Иенчу уғуз, Сейхун, Сырдария деген атаулары болған. Шығыс авторларының жазуына қарағанда, бұл өзен сол Сыр бойының маңындағы қалалардың атымен де аталған.

⁶⁸ *Базылхан Б.* Қазақша-монғолша сөздік. Ұланбатор, 1977. 265-б.

⁶⁹ *Хабсай С., Миніс Ә.* Монғолша-қазақша сөздік... 353—371-б.

⁷⁰ *Көмеков Б.* Көрсетілген еңбек. 76—77-б.

Мысалы, Шаш (Ташкенттің ескі аты — А. Ә.) өзені, Ходжент өзені т. б.⁷¹.

Ертiс өзенiнiң орта ағысы Гамаш аталса да, кейiн бүкiл өзен аты *Ертiс* // *Нертiш* аталған.

Бiздiңше, Гамаш гидронимi екi элементтен жасалған. Оның бiрiншi компонентi *гам* көптеген тiлдерде *өзен, су* мағынасында кездесетiн *ган* // *гем, кан* // *кен, кам* // *кем* // *хем* варианттарымен түбiрлес. Бұл формалар сонау Индиядан бастап Қиыр Шығысқа дейiнгi үндi, иран, түркi, корей, эвенк, тунгус-манчур т. б. тiлдерiнде кеңiнен тараған⁷². Ал атаудың екiншi бөлiмi *-аш* көне түркi-монғол тiлдерiнде көптiктi бiлдiретiн *-ас/с* қосымшасының⁷³ варианты болса керек. Қазақстанда бұл жұрнақ арқылы Баканас, Келес, Талас, Текес т. б. атаулар жасалған⁷⁴.

Жоғарыда әл-Идрисидiң еңбегiнен келтiрiлген тексте этимологиясы туралы жорамал түрiнде ғана пiкiр айтуға болатын атаулар да бар. Мәселен, мұнда Сараус, Ханауш деген қала-қамалдардың аттары бар. Бұлардың *аус* // *ауш* деген компоненттерiнiң тiкелей мағынасы *ауыз* болғанымен, ауыспалы мағынасы қакпа дегендi бiлдiруi ықтимал. Сонда бұл қалалар атының этимологиясы *Сары-аус* // *ауыз* «сары қакпа», *Хан-ауш* // *ауыз* — «хан қакпа», яғни «хан қакпасы» болуы ықтимал.

Бұл еңбекте *Дахлан* — өте биiк қамал делiнген, сөздiң түбiрi *дах* // *дағ* (кейбiр түркi тiлдерiнде *тағ, дағ* қазақ тiлiнде *тау*) болуы ықтимал. Ал *-лан* компонентi түркi-монғол тiлдерiнде жаңа сөз жасайтын *-лан* жұрнағымен⁷⁵ түбiрлес болуы мүмкiн. Мағынасы «таулық», «таудағы», «биiк» (қала) болуы ғажап емес.

Сөйтiп, бұл келтiрiлген зерттеулерден IX—XI ғасырлардағы қимақтар мемлекетi атауларының көпшiлiгi көне түркi тiлдерiнен түсiндiрiлетiнiн байқадық.

Алайда әл-Идрисидiң еңбегiнде жоғарыда келтiрiлген тексте түсiнiксiз, мағынасы мүлде күңгiрт атаулар

⁷¹ *Левшин А.* Описание киргиз-кайсацких... орд и стений. СПб. 1852. Ч. 1. С. 261.

⁷² *Мурзаев Э. М.* Местные географические термины // Транскрипция географических названий. М., 1960. С. 75; *Никонов В. А.* Краткий топонимический словарь. М., 1966. С. 72.

⁷³ *Рамstedт Г. И.* Введение в алтайское языкознание. М., 1957. С. 57.

⁷⁴ *Әбдiрахманов А.* Топонимика және этимология. Алматы, 1975. 69. 102, 165, 175-б.

⁷⁵ *Рамstedт Г.* Көрсетiлген еңбек. 202—203-б.

да баршылық. Мәселен, бұларға Карантия, Дамурия, Банджар, Астур, Сисан сияқты атаулар жатады. Бұларды зерттеу — келешектің ісі.

Ерте орта ғасырлардағы араб-парсы нұсқаларындағы атаулардың қазіргі территориясын анықтау, салыстыру, оларды археологиялық жағынан зерттеу мәселесімен академик Ә. Х. Марғұлан да шұғылданды. Біз іздестіріп отырған тақырыпқа оның бір мақаласының тікелей қатысы бар, сондықтан сол мақаладағы кейбір деректерге қысқаша тоқтала кеткенді мақұл көрдік.

Араб географы әл-Идриси қыпшақ даласында қыпшақ, қаңлы, оғуз тайпаларының өмір сүргенін айта келіп, бұларды гуздар деп атайды. Ол Арал теңізінің шығыс жағында биік таудың басында Хиам деген басты қаласы бар деп көрсетті.

Ә. Марғұлан бұл атау Қиан немесе Хиан-Домбауылмен (VIII ғ.) байланысты болуы мүмкін, оның мавзолейі Кеңгір өзенінің бойында дейді⁷⁶.

Әл-Идриси Торғай және Ұлытау даласының тарихи сипаттамасын береді: «Бұл таулар шығыстан, гуз елінен, Аскарун деп аталатын таулардан ағатын Руза деп аталатын үлкен өзеннің жағасында орналасқан... бұл өзен арқылы көлден Хиам қаласына жүреді, одан Джанджан (Гаган) қаласына қарай жүреді. Хиам мен Джанджанның арасы 7 күн. Хиам қаласы өзеннің солтүстігіне, ал Джанджан оңтүстігіне қарай орналасқан, бұл сбеуі де бекінісі өте мықты кішкене қалалар... Хиам қаласынан төмен өзенге (Руза өзеніне) құятын, бұл өзеннің солтүстігіндегі үлкен таулардан ағып, гуз елін басжирт елінен бөліп тұратын үлкен өзен ағады. Бұл таулар Мургар деп аталады»⁷⁷.

Бұл келтірілген үзіндідегі Аскарун, Джанджан, Басжирт, Мургар сияқты атауларды Ә. Марғұлан Асқар, Чачан, Башқұрт, Мұғажар деп түсіндіреді⁷⁸.

Әл-Идрисидің аталған еңбегінде осы аймақта сол дәуірде болған Нуджах, Бадачак, Даранда, Дарку қалалары сөз етіледі⁷⁹.

⁷⁶ Марғұлан А. Х. Остатки оседлых поселений в Центральном Казахстане // Археологические памятники Казахстана. Алма-Ата, 1978. С. 7.

⁷⁷ Әл-Идриси. Көрсетілген еңбек. 221-б.

⁷⁸ Марғұлан Ә. Х. Көрсетілген еңбек. 7-б.

⁷⁹ Әл-Идриси. Көрсетілген еңбек. 221-б.

X—XII ғасырларда Орталық Қазақстан жері Дешті-Қыпшақ атауғаны белгілі. Осы өлкені мекен еткен қимақ-қыпшақтардың қоныстары туралы Ибн-әл-Варди, Ибн-Сәид, Ибн-Ийаса сияқты араб жазушылары мен географтары жазған болатын⁸⁰.

Олардың бірсыпырасы әл-Идрисидің еңбегіне байланысты жоғарыда сөз етілді. Алайда, осы арада мынадай бір тарихи деректі түсіндіре кеткен жөн. Кейбір зерттеушілердің қимақтар мен қыпшақтар бір деген пікірлері қате екендігі және бұл екі туысқан тайпа екендігі Б. Көмековтың еңбегінде әбден дәлелденген⁸¹. VIII ғасырда — XI ғасырдың бас кезінде қыпшақтар қимақтардың тайпалық одағының, кейінірек, мемлекетінің құрамына кіреді.

Бірақ XI ғасырда қыпшақтар күшейіп, әскери-саяси билікті алды да, қимақтар ұлысы қыпшақтар мемлекетінің қарамағына көшті.

«Қимақтар үстемдігі және одан кейінгі кезеңдерде «жібек жолы» маршруты арқылы Шығыс Түркістан, Алтай және Монғолиямен сауда т. б. қарым-қатынас жасалын жатса, екінші бір керуен жолы арқылы Қазақстанның оңтүстігіндегі елдер солтүстік, солтүстік-батыстағы тайпа одақтарымен, мемлекеттермен қатысып жатты. Исфиджабтан шығатын бұл жол Қаратаудың терістік баурайындағы Құмкент, Баба-Ата, Созақ қалаларына келетін. Бұл жерден Орталық Қазақстан қалаларына, Кеңгір, Жезді және Нұра, сондай-ақ Ырғыз бен Ертіс аңғарларына, қимақ-қыпшақ тайпалары мекендеген аудандарға қарай жолдар тарайтын»⁸².

Қазақстан, оның ішінде Орталық Қазақстан тарихында қыпшақтардың мемлекеттік бірлестігі үлкен роль атқарды. Қыпшақ этнонимі бірінші рет VII ғасырда кездеседі. Қыпшақтар ол кезде Ертістің бас жағында және соған көршілес Шығыс Қазақстан далалары мен Алтай тауының батыс өлкелерінде мекен еткен.

X ғасырда парсы тілінде жазылған авторы жоқ «Худуд ал-алем» деген шығармада қыпшақтардың бір бөлігі «Андараз Хифчақ» деген өлкеде мекен еткен. Мұны зерттеушілер қазіргі Орталық Қазақстан болуы керек дейді. Бұл нұсқа бойынша қыпшақтардың ендігі бір бө-

⁸⁰ Күмеков Б. Е. Государство кимаков IX—XI вв. по арабским источникам. Алма-Ата, 1972. С. 98—108.

⁸¹ Сонда. 35—48-б.

⁸² Қазақ ССР тарихы. 1980. 1-т. 427-б.

леті Батыс Қазақстанға көршілес аймақтарда көшіп жүрді. Қыпшақтар XI ғасырда Сырдарияның орта және төменгі бөлегіндегі оғулардың жерін басып алғаннан кейін Хорезмнің солтүстік аймағына тақап келді. Махмуд Қашқаридың деректеріне қарағанда, XI ғасырдың аяғында қыпшақтар Тараздың оңтүстік өлкесіне жетіп, Қанджак Сангир деген бекініс салған⁸³. XI ғасырда қыпшақтардың шығысындағы шекарасы Ертістің оң жағасы мен Алтай тауларының етегі болды. Олардың солтүстіктегі шекарасы Батыс Сібір ормандарына дейін жетті. Ал батыстағы шекарасы Арал теңізінен асып, Еділ (Волга) өзеніне дейін созылды⁸⁴. М. Қашқарп «Итиль — қыпшақ еліндегі өзен аты» деп көрсетті. XI ғасырдың ортасында қыпшақтардың бір бөлегі оңтүстік орыс далаларына дейін жетті, оларды орыстар половцы, ал европалықтар коман (қуман) деп атады. Бұл территория орыс тіліндегі көне нұсқаларда «половец даласы» (поле половецкое) деп аталды⁸⁵. Ал шығыс нұсқаларында шығыс қыпшақтардың жері «Дашт-и қыпшақ» — делінеді. XIII—XIV ғасырлардағы шығыс нұсқаларында оңтүстік орыс далаларын мекендеген қыпшақтар да «Дашт-и қыпшақ» деп аталды.

Қыпшақтардың тарихы мен осы сөздің этимологиясы жөнінде В. Бартольд, В. Радлов, И. Маркварт, А. Соболевский, А. Зайончковский, Д. Расовский, В. Гордлевский, П. Голубевский, И. Березин, А. Понамарев, А. Кононов, А. Шербак сияқты ғалымдар пікір айтты. Қазақстанда қыпшақтардың тарихы мен тілі жөнінде С. Аманжолов, І. Кенесбаев, Т. Жанұзақов, Н. Сауранбаев, Ғ. Мұсабаев, Ә. Құрышжанов, Б. Көмеков, С. Ақынжанов т. б. ғалымдар зерттеу жүргізді.

Қыпшақтардың аты Қазақстанның жер-су аттарында сақталған. Мәселен, Целиноград облысында Теңіз көліне құятын Қыпшақ деген өзен бар, ал Қазақстанның оңтүстігінде Арысқа құятын Қыпшақ өзені тағы бар.

Қыпшақтардың тарихы жөніндегі деректер көне түркі, грек, парсы, араб нұсқаларында айтылды. Мәселен, 759 жылы ұйғыр қағаны Мойын-Чорға қойылған ескерткіште «түркі—қыпшақтар біздің үстімізден елу жыл үс-

⁸³ Махмуд Қашқарий. Девону лугатит турк. Ташкент, 1960. Т. 1., 444-б.

⁸⁴ Сонда. 108-б.

⁸⁵ Полное собрание русских летописей. М.; Л., 1962. Т. 1. С. 152.

темдік етті» деген сөйлем бар⁸⁶. Міне, осы сөйлем, біздіңше, қыпшақ тобына жататын тілдерде де орхон-енисей жазуларын өз тілдерінің нұскасы ретінде пайдалануға кең жол ашады.

Көне түркі жазуларындағы осы сияқты деректерге сүйеніп, академик-жазушы Ғабит Мүсірепов қыпшақтар туралы мынандай қорытынды жасады:

«Енді өзіміздің түркі тіліне оралсақ, соңғы кездегі ғылыми зерттеулер, әсіресе, Орхон-Енисей, Талас бойларында табылған сын тастарға қашап түсірілген руникалық деп аталатын жазулар біз үшін аса маңызды жаңаларды ашып отыр. Бірінші, бұл жазулар түркі тілінде екен, екінші, сол жазуларда аталатын Құлтегін, Білге, Тоныкөктер қыпшақ қағандары, қыпшақ қолбасылары болып шықты. Үшінші, кашаннан бері түркі қағанаты деп келгеніміз дұрыс ашылғанда қыпшақ мемлекеті екен. Орхон-Енисей жазулары тасқа қыпшақ қолынан түсірілген»⁸⁷.

Қыпшақ сөзінің этимологиясы жөнінде Рашид-ад-дин еңбегінде, «Оғуз-қағанда» және «Түркмен шежірлерінде» айтылған. Бұл нұсқаларда Оғуз қағанның соғыста өлген бір сардарының әйелі шіріген ағаштың қуысында (қабығында) босанып, ол баланы Оғуз асырап алып, қыпшақ деген ат беріпті, бұның өзі түркінің қабұқ (ағаштың қабығы) деген сөзінен алынған делінеді. Бұл этимология ертедегі халық аңызына сүйенген. Атаудың екінші бөлегі *-шақ* компонентін А. Щербак есім жұрнағы, ал В. Банг кішірейту жұрнағы деп қарайды⁸⁸.

Ал бұл сөздің түбірі жөнінде мынадай жорамал айтуға болады. Қыпшақтардың славянша атауы — половцы. Осы сөз ескі славян тілінің «полова» (солома), «половий» (құба, аққұба) деген сөздерінен шыққан деген акад. Куник пен А. Соболевскийдің пікірі ғылымда әбден орнықты. Осы пікірді қуаттап, А. Понамарев былай деп жазды:

«Кубан» формасы түркі тілдерінде кең тараған «қуба» сөзімен түбірлес: ногай тілінде «құба», сағай тілінде «құба», «ақ құба», орыс тіліндегі «половий» сөзіне, әсіресе, қазақ тіліндегі «құба» сөзінің мағынасы жақын.

⁸⁶ Малов С. Е. Памятники древнетюркской письменности Монголии и Киргизии. М.: Л., 1959. С. 38—39.

⁸⁷ Мүсірепов Ғ. Өнер алды — қызыл тіл // Қазақ әдебиеті. 1984. № 51. 21 декабрь. 2-б.

⁸⁸ Щербак А. Огуз-наме. М., 1959. С. 72.

Қазақтар даланы «құба жон» деп атайды (орысша «половец») — жеттеть, вянуть, блескнуть сөзімен салыстырыңыз).

Осы тілдік фактілердің негізінде орыстың «половцы» деген атауы — кубан ~ куман деп аталатын половец халқы атауының аудармасы деуге болады»⁸⁹.

Половцы сөзі полякша, чехше *плавцы*, венгерше *полоч*, немісше *флава* болып өзгерген. Қыпшақтардың аты грек, европа тілдері және орыс нұсқаларында *куман*, *кубан*, половец түрлерінде кездеседі. Ставрополь өлкесіндегі Кубань атауы да осы сөз деген пікірлер бар. Қыпшақтардың аты Европа тілдеріне аударылып алынғанына тағы бір дәлел: қыпшақтардың ескі армян нұсқаларындағы *хардиаш* (светловолосый) деген аты да құба деген мағынаны білдіреді⁹⁰.

Түркі халықтарының атын ескі славян тіліне былайша аударып алу практикасы жиі болған: черные клобуки (қарақалпақ) четевичи (жеті оба — жеті ру), шесть братьев (алты ұл) т. б.

Сөйтіп, осы фактілердің негізінде А. Понамаревтың пікіріне қосыла отырып, біз де *қыпшақ* сөзінің түбірі *құба* деп ойлаймыз. *Құба* этноним ретінде Алтайдан Балқарияға дейін кездеседі⁹¹.

Бұл сөздің этноним ретіндегі ең көне түрі *құбан/құбан* болса керек. Сондықтан да қыпшақтардың ескірек нұсқаларындағы түрі *құбан*—*куман*. Бұндағы *н/ң* жұрнағы *қараң*—*қараң етті*, *қараңғы* дегендегі *қара* сөзінен кейінгі *-ң* жұрнағымен бір болса керек.

Ал сөздің екінші компоненті *-шақ* — есім жұрнағы деген А. Щербактың пікірі, біздіңше, дұрыс.

Сонда *қыпшақ* сөзі осы күнгі түріне былай өзгерген: *құба*—*шақ* > *құб(а)шақ* > *құбшақ* > *қыбшақ* > *қыпшақ*.

Бұл этноним *құбашақ* аталып жүрген кезінде екпін *-шақ* бөліміне түсірілетіндіктен, *а* дыбысы әлсіз естілетін болған, бара-бара бұл дыбыс мүлде жоғалып, *құбшақ* түріне көшкен, онан кейін қатаң *ш* дыбысының алдындағы *б* дыбысы кейінгі ықпал (регрессивная ассимиляция) нәтижесінде қатаң *п* дыбысына айналған да (но-

⁸⁹ Понамарев А. Куманы — половец // ВДИ. 1940. № 3—4. С. 366—367.

⁹⁰ Сонда.

⁹¹ Гусейн-заде. Об этимологии топонима Куба // Советская тюркология. 1971. № 2. С. 122.

тайлар осы күнге дейін *құпшақ* дейді⁹². Ұ дыбысы қысың дыбысына өзгерген. Сөйтіп, осы өзгерістер нәтижесінде бұл этноним *қыпшақ* (кейбір түркі тілдерінде *құпшақ*, *қыпчақ*, *қыпсақ*) түрінде қалыптасқан сияқты.

Қыпшақтар қазақ халқының этногенезінде үлкен орын алады. Өйткені тарихи Дашт-и Қыпшақ аталған өлкеге Қазақстан жері түгелімен енді және сондағы қыпшақ рулары қазақ халқының құрамына енді. Орта жүздің құрамына енетін алты тайпа бірлестігінің бірі — қыпшақтар екендігі кеңінен белгілі.

Шежіреде 92 баулы қыпшақ аталуы тегін емес. Өйткені қалың қыпшақтың шығыс бөлегі қазақ, қырғыз, өзбек, каракалпак, түркмендердің этностық құрамына енген.

Орта ғасырлардағы қыпшақтар дәуірі кезінде Орталық Қазақстанда қалалар салынды. Мәселен, Торғай, Жыланшық, Кеңгір, Жезді, Сарысу өзендерінің бойынан алпыстан астам ескі қаланың орны табылды⁹³. Бірақ бұлардың бәрі монғол шабуылы кезінде қираған, қазір тек орны ғана қалған.

Қазақстан географиялық атауларының тарихында монғол үстемдігі дәуірі, біздіңше, екі түрлі жағдайда өтті. Ең алдымен Шыңғыс хан шабуылы нәтижесінде Қазақстанның оңтүстігіндегі көптеген қалалар қиратылды, ал Орталық Қазақстанда қыпшақтар мекендеген қоныстар мен тұрғын жайлар, өзендер бойындағы қалалар да жермен жексен етілді. Сөйтіп, осындай тарих тауқыметінің нәтижесінде ол қалалардың аты да ұмытылды.

Екінші жағынан, монғолдар үстемдігі нәтижесінде Қазақстан жеріне, соның ішінде Орталық Қазақстанға да монғол атаулары ене бастады.

Біздіңше, монғол атауларының ену тарихындағы екі нәрсені ажырата білу керек. Біріншіден, мұндай топонимдер монғол үстемдігі кезінде еңсе, екіншіден, XVIII ғасырда көршілес болған, кейін Қазақстанға шабуыл жасаған Жонғар хандығының халқы монғол тектес қалмақтар тілінен де кірген.

Шыңғыс хан Қазақстанға шабуылды 1219 жылы Ертіс бойынан бастап, Жетісу арқылы Сырдарияға дейін

⁹² *Жданко Т. А.* Очерки исторической этнографии каракалпаков. М., 1950. С. 107.

⁹³ История Казахской ССР. Алма-Ата. 1979. Т. 2. С. 75.

өтті. 1219—1224 жылдардағы монғол шабуылынан кейін Қазақстан мен Орта Азия Шыңғыстың қол астына көшті.

Шыңғыс хан жаулап алған жерлерін ұлдарына бөліп берді. Үлкен ұлы Жошыға Жетісудың солтүстігі және бүкіл Шығыс Дешт-и Қыпшақ жері тиді. Жошы өлген соң оның ұлы Батый осы жерлерге не болды және ол Алтайдан Дунайға дейінгі жерді жаулап алып Алтын Орда мемлекетін құрды. Бұдан кейін Батыйдың інісі Орда — Ержен XIII ғасырда Ақ-Орда ұлысын құрғанда да, Орталық Қазақстан жері соған қарады. Кейбір зерттеушілер Ақ-Орданы Батый ханның ұрпақтары құрды деп те қарайды⁹⁴.

Қалай болғанда да Ақ-Орда монғол дәуірінен кейін Қазақстан жерінде түркі тайпаларының негізінде құрылған ірі мемлекеттік құрылым болды.

Осы тарихи кезеңге байланысты монғол тілінен енген топонимдер Қазақстанның барлық аудандарында ұшырайды деседі. Алайда Шығыс Қазақстанда мұндай атаулар көбірек кездесетінін ескерте кеткен жөн. Монғол тілінен енген Орталық Қазақстанда кездесетін мынадай атауларды атап өтуге болады:

Баянауыл [Павлодар облысындағы тау, аудан және аудан орталығының аты, монғолдың *баян* (бай) + *ола* (тау) деген сөздерінен жасалған]. *Қызыларай* [Қостанай облысындағы тау аты, қазақтың *қызыл* және монғолдың *орай* (тау басы, шың) деген сөздері], *Толағай* [Қарағанды облысындағы тау, Қорғалжын көлінің батыс жағындағы шоқы, монғолдың *толғой* (бас, тау басы) деген сөзі] т. б. монғол тілінен енген кейбір топонимдердің этимологиясы кейінгі үшінші бөлімде сөз етіледі.

Монғол үстемдігі заманында батыс Европа елдерінің корольдары мен Рим папасы монғолдармен дипломатиялық қатынас орнату үшін және монғолдарды христиандыққа енгізу мақсатымен монғолдарға бірнеше рет елшілер жіберді. Олар әрқашан Қазақстан территориясы арқылы өтті. Мәселен, 1245 жылы IV Иннокентий папа итальяндық Плато Карпиниді, 1253 жылы Франция королі IX Людовик Вильям Рубрукты⁹⁵ монғолдар-

⁹⁴ История Казахской ССР. Алма-Ата, 1979. Т. 2. С. 149—150.

⁹⁵ Путешествие в восточные страны Плато Карпини и В. Рубрука. М., 1957.

ға елшілікке жіберді. Алайда олардың еңбектерінде Орталық Қазақстан атаулары жөнінде мәлімет тым аз.

Монғол үстемдігі тұсында шығыс елдерімен Еуропаны тааныстыруда итальян көпестері мен миссионерлерінің орны ерекше болды. Мәселен, 1291 жылы венециялық ағайынды Николла мен Маффео Поло Қазақстанда Сарай қаласы, Каспий теңізі, Арал теңіз арқылы өтіп, Бұхарды басып, Пекинге жетті де, Шыңғысхан ұрпағы Хұбылай ханнан сол елдерде сауда жасауға ұлықсат алды. Келесі саяхатында Николло Поло өзінің ұлы Марко Полоны алып жүрді. Олар Хұбылайдың мекеніне жетіп, Марко Поло ханға 17 жыл қызмет етті. Сөйтіп ол отанына қайтып келген соң, «Марко Поло кітабы»⁹⁶ атты еңбек жарыққа шықты. Оның XXV тарауында қыпшақтар туралы айтылған.

Итальяндар сауда жасау үшін Индия мен Қытайға апаратын қысқа жолдарды іздестірді. Осының нәтижесінде жаңа карталар жасала бастады.

Батыс және Орталық Қазақстанның елді мекендері туралы XIV—XV ғасырлардағы итальян карталарында мәліметтер бар. Бұған дүниежүзілік Каталон картасы (1375 ж.), ағайынды Пицигани (1367 ж.) және Фра-Маур (1459 ж.) карталары жатады⁹⁷.

Бұл карталар итальян саудагерлері Дешт-и Қыпшақ, Орта Азия және Шығыс Түркістанмен сауда жасау үшін жолнама ретінде жасалған.

Каталон картасында Торғай өзенінің төменгі ағысында Канглы — Кент қаласы көрсетілген. Мұнда Нұра өзенінің төменгі ағысында Ақенкет қаласы белгіленген. Бұл жердегі ескі қаланың орны Ботығай деп аталады⁹⁸. Алайда итальян карталарында сол кезде көрсетілген қалалардың орны болмаса, өзі сақталмаған, өйткені қамыс, тал, ағаш сияқты материалдардан ілдібайлап салынған мұндай үйлерді жел, жаңбыр, т. б. табиғат құбылыстары жойып жіберген. Итальян карталарының мәліметтері Плато Карпини⁹⁹ мен Рубруктың¹⁰⁰ жазбаларымен сәйкес келіп отырады.

Гардизи мен Рашид-ад-диннің еңбектері бойынша

⁹⁶ Книга Марко Поло / Перевод старофранцузского текста И. П. Минаева. М., 1956.

⁹⁷ Марғұлан Ә. Х. Көрсетілген мақаласы. 9-б.

⁹⁸ Сонда. 9—10-б.

⁹⁹ Плато Карпини. История монголов. СПб., 1911.

¹⁰⁰ Рубрук В. Путешествия в восточные страны. СПб., 1911.

Сарыарқадағы ең көне қала аты — Жұбни (Жұбанч, Аибайдж, Инандж). Бұл үш оқ дей аталатын оғуз тайнасының Ортағ, Кертағ деген жайлауларының маңында болған¹⁰¹. Ә. Х. Марғұлан Кертағ (Кертау) тауы — Акадыр станциясының оңтүстігінде 75 км. жерде орналасқан Қызылтаудың ескі аты, ал Ортағ (Ортау) Акадыр станциясының батыс жағында 50 км. қашықтықта жатыр деп көрсетеді¹⁰².

Бұл жерде осы екі атаудың этимологиясы туралы пікірімізді білдіре кетейік. Бұлардың екінші компоненті *тағ* қазіргі қазақ тіліндегі *тау* сөзінің көне фонетикалық түрі. Ал Кертау деген атаудың *кер* деген бөлігі көне замандарда «тау», «қыр», «шың», «жота», «тау басы» деген мағынада қолданылғанына мына деректер дәлел бола алады.

«Кәріш — басына шығуы мүмкін болғын әрбір таудың басы (угуз тілінде)»¹⁰³. Бұл тексте М. Қашқари *кәріш* сөзіне «тау басы» деген түсінік берген. Мұнда сөз *кер* түбіріне сөз тудыратын *-иш* жұрнағы қосылып жасалғанын аңғару қиын емес.

Осы мағынадағы *керүү* сөзі қырғыз тілінде сақталған: «Керүү I. верх горы или склон высокой горы, покрытый травой: керүү тартқан бел длинный и широкий склон горы»¹⁰⁴.

Топонимдердің құрамында кездесетін алтай, үндіевропа, семит-хамит семья тілдеріндегі «тау» мәніндегі *қар* // *кер*, *ғар* // *гер*, *қара* // *гара* / *гора* сөздерін алғаш салыстырған Ә. М. Мурзаев болды: Орта Азия, Қазақстан, Жонғария және Моңғолияда *қара*, *гара*, *хара* — «сепка», «возвышенность», ягнобша *гар* — «гора», афғанша *гар* // *гур* — «гора», санскритше *гири* — «гора», грузинше *гори* — «гора», авестийше *гайри* — «гора», хотанша *гар*, *гари* — «гора» т. б.¹⁰⁵. Автор бұл параллельді келтіргенімен, бірінен екінші тіл алды деп көрсетпейді. Мұнысы дұрыс та.

Семит-хамит, картвель, үндіевропа, урал, дравид және алтай семья тілдері туыстас деп қарайтын В. М. Иллич — Свишчтың еңбегінде *қара* // *кер* / *қр* формадағы

¹⁰¹ Рашид-ад-дин. Көрсетілген еңбек. 1-т. 1-кітап. 80-б.

¹⁰² Марғұлан Ә. Х. Көрсетілген мақаласы. 11-б.

¹⁰³ Қашқари М. Диван лұғат түрк. Ташкент, 1960. 1-т. 350-б.

¹⁰⁴ Юдахин К. К. Киргизско-русский словарь. М., 1965. С. 379.

¹⁰⁵ Мурзаев Ә. М. Природа Синьцзяна и формирование пустынь. Центральной Азии. М., 1966. С. 342–343.

«тау», «гас», «шың» мағынасында осы семья тілдерінде тарағандығы былайша көрсетіледі: семит-хамит семья тілдерінде: арабша қар — «скала, холм», сомали тілінде қар — «край, высокая гора», герка тілінде кіг — «гора» т. б.; үндіевропа, семья тілдерінде: армянша кар (ког) — «камень», «скала», көне ирланд тілінде саггас — «скала», «камень» т. б.; картвель семья тілдерінде: грузинше кар — «высокий утес», алтай семья тілдерінде: көне түркіше қуғуқ — «край», «предел», туваша куг, карагасша куг «грань, горный хребет», көне ұйғырша (Қашқари) қуғ — «гора», көне қыпшақша (булг.) қуған — «край, берег», түркменше, азербайжанша қуғақ — «край», «берег», чувашша хеге, хеггі — «берег, край, кромка», монғолша кіга — «ребень», «возвышенность», тунгуз тілдерінде кіга — «край», «холм», «возвышенность»¹⁰⁶ т. б.

Бұл келтірілген фактілер *кер* сөзінің «тау, қыр, қырат» мағынасындағы алтай тіл бірлестігі заманынан да бұрын бар екенін және оның өзі ностратикалық тілдерде кең тарағанын дәлелдейді. Оның осы «тау, қырат, биік, үлкен» мағынасы көптеген түркі, монғол тілдерінде сақталған. Қазақ тіліндегі *қыр, қырат, қара (тау)* сөздері де осы сөзбен түбірлес.

Сөз түбірі *кер* сөзінен жана сөздер де жасалған. Мәселен қырғыз тіліндегі *кереч* сөзіне К. К. Юдахин мынадай түсінік береді: «*кереч* — название горного лекарственного растения»¹⁰⁷. Қазақ тіліндегі бұл сөздің көне мағынасы «тау» болғанымен бұл сөз қазір «биік» деген мағынада жұмсалады. Мәселен, *кер жайлау* деген тіркестегі *кер* сөзі «биік» деген мағынада қолданылатынын Н. Уәлиев¹⁰⁸ орынды дәлелдеді.

Көне замандарда адамдар мұндай объектілерге жапқы атау бермей, *кер* яғни «тау» деп атай салған. Кейін келе *кер* мағынасы күңгірттен бастағанда, немесе көне түркі тайпалары қоныстанғанда, бұған *тағ* деген термин қосылып, мағынасы *тау+тау* болған. Ал кейін *тағ* формасы қазақша *тау* түріне көшкенде *кер* сөзінің мағынасы мүлде өзгеріп, «биік» дегенді меңзеген. Сөйтіп, *Кертау* оронимі «биік тау» деген мағынаны білдіреді.

¹⁰⁶ Иллич-Свитыч В. М. Опыт сравнения ностриатических языков. М., 1971. С. 340—341.

¹⁰⁷ Юдахин К. К. Көрсетілген сөздік. 378-б.

¹⁰⁸ Уәлиев Н. Сөздің де сарасы бар // Қазақ әдебиеті. 1983. 1 июль.

Орта ғасырларда Ортағ аталған тау қазір Ортау делінеді. Мұндағы *тай > тау* өзгерісі — қазақ тілінің тарихи дамуындағы заңды құбылыс. Атаудың *ор* компоненті «биік» деген мағынада қолданылатын *өр* сөзіне байланысты болса керек. Ал, *ө* дыбысының *о* түріне көшуі *тағ // тау* компонентінің, яғни кейінді ықпал заңының әсерінен болса керек: *Өртағ > Ортағ > Ортау*.

М. Қашқари еңбегінде кездесетін *Бақырлығтағ*¹⁰⁹ атауын Ә. Х. Марғұлан Жезқазған маңындағы *Милықұдық* атауымен теңестіреді¹¹⁰. Ал *Бақырлығтағ* атауының көне формасын қазіргі қазақ тіліне аударсақ, *бақыр (жез) лы+тау*, яғни *Жездітау* деген сөз. Көне түркі тілдерінде *жез-ді бақыр* деп те атаған.

Хафиз Тыныштық 1589 жылы жазып бітірген «Абдулла-наме» деген еңбегінде Бесағаш, Болған-Ана, Талмас-Ата, Жетім-Торанғы, Қырық-Қадақлар, Мыңбұлақ, Үшқоңыр, Белен-Ана, Сарайлы, Тұрайлы, Құрұқ, Бесарық т. б. атаулар келтіріледі¹¹¹. Бұл туралы кейінірек тоқталамыз. Ал 1425 жылы жазылған Шарафуддин Али Яздидің «Зафар-наме» деген еңбегінде осы атаулармен бірге Орда-Базар, Алтычық, Қошқар-Арғын, Сегіз-Ағаш, Ұлығтағ, Ортағ, Кертағ, Ақ-Зират, Бестерек, Далба т. б. атаулар бар¹¹². Бұл атаулардың көбі қазақ тілінде жасалған, кейбірі (Ұлұғтағ, Ортағ, Кертағ) көне формада кездескенімен көпшілігі түсінікті.

Ә. Х. Марғұлан Сарыарқадағы кейбір топонимикалық атаулар мен географиялық терминдерге талдау жасап, оларды қыпшақтардың отырықшы немесе жартылай отырықшы тұрмысымен орынды байланыстырады. Мәселен, Ұлытаудан басталып, Торғай даласында созылып жатқан бір өзен Шығырлы аталады екен, өйткені бұл өзеннің және Торғай, Кеңгір, Сарысу, сондай-ақ Пұра өзендерінің бойында суармалы егістікке арналған су көтеретін шығырлары болған. Яғни бұл өзен бойларындағы ел отырықшылық тұрмыста өмір сүрген. *Қорық* — әуелі хандардың қоршалған жайлауы болған да, кейін қабырғамен қоршалған үлкен алаңды осылай деп атаған.

¹⁰⁹ Қашқари М. Көрсетілген еңбек. 1-т. 456-б.

¹¹⁰ Марғұлан Ә. Х. Көрсетілген мақаласы. 12-б.; Қашқари М. Көрсетілген еңбек. 1-т. 456-б.

¹¹¹ Хафиз Тыныш. Абдулла Наме // Материалы по истории казахских ханств XV—XVI вв. Алма-Ата, 1969. С. 23, 47, 108, 113, 128, 158, 175, 234, 261, 275—276.

¹¹² Марғұлан Ә. Х. Көрсетілген мақаласы. 12—14-б.

Көң — өте көне термин. Бұл әуелде бір ғана қақпасы бар қамалдың аты, кейін белгілі бір тұрғындардың қыстауы болған. Ә. Х. Марғұланның пікірі бойынша, Целиноград облысы Қорғалжын ауданындағы Көң, Жақсы көң, Жаман көң өзендерінің аты осы «қоныс», «жұрт», «қыстау» мағынасындағы көне көң сөзінен қойылған ¹¹³.

Юрт (қазақша *жұрт*) термині «ел», «жер», «отан», «қыстау» т. б. кең мағынада қолданылған.

М. Қашқари еңбегінде отырықшылыққа байланысты *қышлақ, тұрақ, тұрығлығ-йер, очағлығ-йер, ятук* (жатақ), *отрук* (отрак) т. б. терминдер қолданылған.

В. В. Бартольдтың пікіріне сүйене отырып ¹¹⁴, тарихи Отырар қаласы *отырық* сөзімен түбірлес екенін біз дәлелдеген болатынбыз ¹¹⁵.

М. Қашқари еңбегінде тағы да мынадай терминдер қолданылады: *сенгир* — бекініс, *кенд* — қала, *орда* — резиденция ¹¹⁶.

Міне осы келтірілген фактілердің, яғни тарихи жазба нұсқалар мен археологиялық қазбалар негізінде. Ә. Х. Марғұлан Орталық Қазақстанда XIII—XV ғасырларда көптеген елді тұрақтар болған, бұның өзі көшпелі тайпалардың жартылай отырықшы және отырықшы тұрмысқа өтуіне арқау болған деп көрсетеді ¹¹⁷. Орталық Қазақстан топонимдерінің дамуы Қазақ халқының қалыптасуы мен қазақ хандығының құрылуы кезеңдерінде Орталық Қазақстан топонимдерінің дамуы күшейе түсті.

Қазақ халқының этногенездік процесі — ұзақ дәуірлердің нәтижесі. Бұл еңбекте оның бәрін айтып жатуға мүмкіндік жоқ. «Михман-намен Бухара» деген еңбектің (XVI ғасырда жазылған) авторы Фазлаллах ибн Рузбихан Исфханидің жазуына қарағанда, *қазақ* деген сөз жеке халықтың аты ретінде XIV ғасырдың 50—60 жылдарынан бастап кездеседі ¹¹⁸.

Қазақстан тарихшыларының соңғы зерттеулеріне қарағанда, қазақтардың халық (народность) болып қалыптасуы негізінен XIV—XV ғасырларда аяқталды ¹¹⁹.

¹¹³ Сонда. 14—15-б.

¹¹⁴ Бартольд В. В. История культурной жизни Туркестана. Л., 1927. С. 120.

¹¹⁵ Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. 146-б.

¹¹⁶ Қашқари М. Индекс-лугат. Ташкент. 1967. 217, 154, 189-б.

¹¹⁷ Марғұлан Ә. Х. Көрсетілген мақала. 37-б.

¹¹⁸ История Казахской ССР. Алма-Ата, 1979. Т. 2. С. 258.

¹¹⁹ Сонда. 255-б.

Сөйтіп, қазақ халқының қалыптасуы қазақ хандығының жасалуынан бұрын болды.

Ал қазақ хандығының құрылуына келсек, онда дағасы анық. Атап айтқанда, 1465—66 жылдары Әбілхайыр үстемдік етіп тұрған Дешт-и Қыпшақ хандығының Жәнібек пен Керей сұлтан қашып шығып, Шу мен Талас өзендерінің аралығындағы Жетісуда қазақ хандығын құрды.

1480—1511 жылдары Керейдің баласы Бұрындық хан болды. Ал 1511—23 жылдары Жәнібектің баласы Қасым хан болған кезеңде бүкіл Қазақстан жері осы хандыққа қарады, сөйтіп, үш жүздің басы қосылып, қазақ хандығының құрылуы аяқталды.

Қазақ хандығының XV—XVIII ғасырлардағы тарихы жөнінде парсы және түркі тілдерінде сол кезеңдерде жазылған көптеген еңбектер бар. Бұларды Қазақстан тарихшылары аударып, жеке кітап етіп шығарды¹²⁰.

Жинаққа енгізілген алғашқы көлемді шығарма «Таварих-и гузида Нусрат-наме» (Женістің таңдамалы тарихының кітабы) 1502—1504 жылдары жазылған. Авторы Мухаммад Шайбани-хан. Мұнда Әбілхайыр хан өлгеннен кейін Керей мен Жәнібектің Дешт-и Қыпшақ даласында істеген істері жөнінде айтылады. Бұл нұсқада Чимги-Тура, (Тюмень қаласының ескі аты), Қаракөл, Созақ, Қара-көз, Соғунлұғ, Сыгнақ, Көк-Гүмбес, Иилан-Оты, Шыршық (оның ескі аты Парак // Фарак), Тамлығ-Ата, Отырар, Иассы (Түркістан қаласының ескі аты), Сайрам, Ала-Тағ сияқты Қазақстанға қатысты атаулар айтылады¹²¹. Бұлардың көпшілігі Оңтүстік Қазақстанда. Мұндағы Соғунлұғ, Тамлығ-Ата, Ала-Тағ атаулары — көне тілдің көрінісі, ал Иилан-Оты (Жылан оты) деген атаудың да жасалу формасы Қазақстанда көп кездеседі. Сол сияқты Қаракөл, Көккүмбес, Қара-көз сияқты атаулар қазақ тілінде жасалғанын көрсетеді.

Қазақ тарихы жөнінде 1512 жылы жазылған Камал ад-Дин Бинаидің «Шайбани-Наме» атты еңбегінің де¹²² маңызы зор. Мұндағы жер-су аттары Орталық Қазақстанда кездеспегендіктен тоқталмаймыз.

1543—44 жылдары Масуд бен Усман Кухистанидің

¹²⁰ Материалы по истории казахских ханств XV—XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). Алма-Ата, 1969. С. 649.

¹²¹ Сонда. 16—43-б.

¹²² Сонда. 96—127-б.

авторлығымен жазылған «Тарих-и Абулхайр-хани» («Әбілхайыр хан тарихы») атты еңбекте Орда-Базар және Ат-Басар деген атаулар кездеседі. Оның алғашқысында Әбілхайыр хан Махмуд-хан мен Ахмат-ханды жеңгеннен кейін Дешт-и Қыпшақтың астанасы Орда-Базарға келіп той жасайды. Академик Ә. Х. Марғұланның зерттеуі бойынша бұл қала Жезқазған облысындағы Кеңгір өзенінің бойында болған¹²³. Орда-Базар қаласы кезінде Батый ханның негізгі орталығы болған¹²⁴.

Бұл атау екі сөзден жасалған, оның «базар» деген бөлімі, біздіңше, ыран тілінің сөзі де, «орда» — көне түркі сөзі. Профессор Қ. Жұбанов көрсеткендей, көне замандарда мұндай тіркестерде анықтауыш анықтайтын сөздің артынан тұратынын¹²⁵ ескерсек, бұл қазіргі қазақ тілінің заңы бойынша Базарорда болады. Мұндағы «базар» сөзі «үлкен, халқы көп» деген мағынаны білдіреді. Сонда бұл атаудың мағынасы «үлкен орда» болады.

Екінші Ат-Басар атауы таза жаңа қазақ тілінің негізінде жасалған. Әбілхайыр хан өзбектің Мұстафа деген ханын осы өзеннің бойында жеңген. Бұл нұсқада Ат-басар Есіл өзенінің оң саласы делінеді¹²⁶. Атау екі компоненттен құралған: **Ат+басар**. Соңғы сөз *bas* (етістік) *tar* (етістіктен есім жасайтын көне жұрнақ) элементтерінен тұрады. Атаудың мағынасы «ат басатын (жер)», «жылқы жайылатын (жер)». Бұл тарихи нұсқада Оңтүстік Қазақстанның көптеген атаулары бар.

Бұдан кейінгі бір қызықты дерек XVI ғасырдың орта шенінде жазылған Васифидің «Вадан ал-вакан» (Ғажайып оқиғалар) деген еңбегінде кездеседі. Мұнда Убайдаллах хан бастаған өзбектер 1537 жылы қазақтарға қарсы жорық жасағаны, ал бұл елдің аты Қазақстан аталатыны айтылады¹²⁷. Сөйтіп, біздің еліміздің Қазақстан аталу датасы, яғни бірінші рет тарихи нұсқада кездесу датасы — 1537 жыл.

Ендігі қазақ халқының тарихы жөніндегі мол дерек

¹²³ Марғұлан А. Х. Археологические разведки в Центральном Казахстане // Изв. АН КазССР. Серия историческая. 1948. № 49. Вып. 4. С. 129.

¹²⁴ Материалы по истории казахских ханств XV—XVIII вв. Алма-Ата, 1969. С. 515.

¹²⁵ Жұбанов Х. Исследования по казахскому языку. Алма-Ата, 1966. С. 33.

¹²⁶ Материалы по истории казахских ханств. XV—XVIII вв., С. 157, 515.

¹²⁷ Сонда. С. 176, 180-6.

Мырза Мухаммад Хусайн — көреген доғлаттың 1541—46 жылдары жазылған «Тарих-и Рашиди» Рашидтің тарихы атты еңбегінен орын алған. Бұл автордың қысқа аты — Мухаммад Хайдар.

Автор Моғулистанның территориясын былай деп суреттейді: «(Моғулистанның) шығыс аймағы қалмақ жерімен шектеседі және оған Барс-көл, Эмиль және Иртыш сияқты жерлер енеді. Солтүстігінде ол Көкшетенізбен, Буммен, Қараталмен, батысында — Түркістанмен және Ташкентпен, оңтүстігінде — Ферған вилайетімен, Қашқармен, Ақсумен, Чалышпен және Турфанмен шектеседі...

Моғулистанда көлемі жағынан Джейхунға ұқсайтын Іле, Эмиль, Иртыш, Чуйлик және Нарын сияқты көптеген ірі өзендер бар. Бұл өзендер Сырдариядан ешбір кем емес¹²⁸.

Мұндағы Эмиль — Тарбағатайдағы өзен, Көкшетеніз — Балқаш көлі, Қаратал (Балқаш көліне құятын өзен аты), Чуйлик (Шу өзені болуы мүмкін), Іле, Ертіс — қазірде де осылай аталатын өзендер¹²⁹.

Осындағы Көкшетеніз бен Қаратал өзендерінің аттары таза қазақ тілінде жасалған. Ал Эмиль атауы Тарбағатай, Үшқашар тауларынан басталып, Алакөлге құятын Алтынемел өзенінің құрамында кездеседі. Бұл, біздіңше, монғолдың *эмээл* «бел, асу» (тура мағынасы «ертоқым» — «седло, седловина») деген сөзінен¹³⁰ алынған. Ал Ертіс, Іле өзендерінің этимологиясы туралы¹³¹ бұрын жазғандықтан тоқталмаймыз.

Орталық Қазақстанның жер-су аттары туралы келесі мағлұматтар Хафиз Таныш (Тыныш)... бен Мир Мухаммад ал-Бухаридің қысқаша аты — Хафиз Таныш (Тыныш) 1589 жылы жазып бітірген «Шараф-намеи шахи» (Шах даңқының кітабы) атты еңбегінде кездеседі. Бұл кітап «Абдаллах-наме» (Абдаллах туралы кітап) деп те аталады.

Кітаптағы толық айтылатын оқиғалардың бірі — Абдаллах-ханның қазақтардың жеріне шабуыл жасап, Сарысуға дейін баруы баяндалады. Мұндағы атаулар төмендегідей түрде айтылады: Сарық-Су, Улуг-Таг (Қарағанды облысындағы тау аты), Уч-Кунгур (Сарық-Су өзе-

¹²⁸ Сонда. 219-б.

¹²⁹ Сонда. 530-б.

¹³⁰ *Хабишай С., Минис Ә.* Монғолша-қазақша сөздік...

¹³¹ *Әбдірахманов А.* Топонимика және этимология. 202-б.

ніндегі жер аты), Чет-Қара-Ходжа (бұл да сонда), Иланчук (Жыланшық өзенінің ескі аты), Тоқай-Қанудан (Сарық-судағы жер аты), Талмас-Ата (Сарық-Судың сол жағасындағы мавзолей аты), Булған-Ана (Кендір өзенінің сол жағасындағы мавзолей аты), Кендірлік (Торғай және Целиноград облыстарының аралығындағы өзен аты), Сауық (Торғай өзенінің орта ғасырдағы аттарының бірі), Қырық-Қрақлар (Жыланшық өзенінің бір саласы), Қызыл-Қақ (Сарық-Суға жақын жатқан құм аты), Илан-Ана (Сарық-Судағы қала аты), Ә. Марғұлан Белен-Ана деп оқу керек дейді), Бұға-Сокты (Бұғы-Сокты болуы керек — А. Ә.) және Көк-Тал (Қаратаудың солтүстік-батыс жағындағы өзен аты), Ақ-Көл (көл аты, Жыланшық өзені осыған құяды)¹³².

Осы тізімде көрсетілгендей Сарық-Су, Улуғ-Тағ атаулары көне формада қолданылса, Талмас-Ата, Кендірлік, Болған-Ана, Қызыл-Қақ, Көк-Тал, Ақ-Көл сияқты жаңа формада таза қазақ тілінде жасалған және бұлардың этимологиясында да құпия сыр жоқ, бәрі де түсінікті. Бұл келтірілген деректер XV—XVIII ғасырларда жер-су аттары жаңа қазақ тілінде жасалғанын дәлелдейді.

XVI ғасырдағы қазақ топонимдерін Иван IV заманында жасалған «Большой чертеждің» түсіндірме кітабынан табамыз. «Большой Чертеж» кезінде карта түрінде жасалғанымен, бізге сақталып жеткен жоқ, бірақ картаға берілген түсіндірмеде сол кездегі географиялық түсінікке қарай Қазақстан топонимдері де сөз етілген және Қазақстанға, оның шекаралас аудандарына қатысы бар 58 атау берілген. Мұнда Орталық Қазақстанға қатысты Бозын — Гин Чал-Илген деген өзен аты бар. Оны А. Макшеев Торғай өзенінің оң саласы деп таныты. Бұл өзен аты да — Бозінген Шалөлген деген қазақ сөздерінен қойылған. Атау Бозінген деген ел ішіне қадірлі бір қарттың қайтыс болуына байланысты қойылған болуы керек. Осы типтес Кемпірөлген, Шалсүрінген, Тоқайқазған сияқты атаулар қазір көп кездеседі. Көрсетілген фактіден қазіргі бір сөйлем тәрізді болып келетін атаулардың да XVI ғасырда болғандығын көреміз. Кітапта кездесетін Кендірлік, Улутов, Зиланчик, Сарса (Сарысу) атаулары қазірде де бар.

Сөйтіп, «Большой Чертеж» кітабында Орталық Қа-

¹³² Материалы по истории казахских ханств XV—XVIII веков. Алма-Ата, 1969. С. 243—281, 540—543.

зақстанның кейбір атаулары сөз етіледі және олар осы күнге дейін сақталған. Осы жазу нұсқасында көрінісін сақтаған атаулар XVI—XVIII ғасырларда, одан кейін де қазақ тілінің негізінде дами береді.

Ал XVII ғасырдың басынан бастап, орыс халқымен қарым-қатынастың және Қазақстанның Орыс мемлекетінің құрамына өз еркімен енуінің нәтижесінде орыс топонимдері де ене бастады.

Қазақстан жерінде ең ертеден орнаған қалалардың қатарына Гурьев қаласы жатады. Кейбір зерттеушілердің пікіріне қарағанда, қала патшаның бұйрығымен 1640 жылы салынған¹³³. Қаланың аты өзінің ұлдарымен келіп, қаланы салуға тікелей көмегі тиген Гурий деген кісінің атына қойылған.

Орталық Қазақстан территориясында орыс тілінен топонимдер енуі XVIII ғасырда, әсіресе Ертіс өзенінің бойында орыс әскерлерінің бекіністер салуына байланысты көбейе түсті. Мәселен, орыс офицерлері Бухгольц 1716 жылы Омск (қазақша Омбы), Ступин 1718 жылы Семипалатинск (Семей), Лихарев 1720 жылы Усть-Каменогорск (Өскемен) бекіністерін салды. Ал 1752 жылы Қасбетті Петр мен Павел атындағы бекініс салынып, ол 1807 жылдан Петропавловск деп аталды. 1720 жылы Коряковская станица деп аталатын елді пункт салынды, оны 1861 жылдан бері Павлодар қаласы деп атайды¹³⁴. Павлодар қаласын қазақтар Кереку деп атаған. Бұл атау жоғарыда аталған Коряково селосын қазақтар өз тіліне ыңғайластыруынан туған.

Орталық Қазақстанға орыс топонимдерінің енуі XIX ғасырда кеңінен өріс алды. Қазақстанның қазіргі үлкен қалаларының көпшілігі XIX ғасырда салынды және олардың салынуы орыстардың көшіп келіп, қоныстануына тікелей байланысты болды. Орыс топонимдері тек бір қала аттарына ғана емес, деревня, поселке және селолардың аттарына енді.

XIX ғасырда қазіргі Орталық Қазақстанның облыс орталықтарынан мынадай қалалар салынды: Көкшетау (1824), Ақмола (1832), Қостанай (1883). Бұл аталған әрбір қала орыс халқының қоныстануына, орыс мәдениетінің, шаруашылығының және топонимдерінің енуіне ті-

¹³³ Казахская ССР. Административно-территориальное деление. Алма-Ата, 1978. С. 22.

¹³⁴ Сонда. 60-б.

рек болды. Өткен ғасырдағы орыс ғалымдары бұл туралы дұрыс баға беріп кеткен. Мысалы, осыған сай Көкшетау қаласы туралы мынадай пікір бар: «Көкшетаудың тамашалығы сол — ол осы ғасырдың бас кезінде¹³⁵ орыс халқы қазақ даласына қоныстануына және әкімшілік және өндіріс жағынан бағындырылуына тірек болды»¹³⁶.

Мұндай қалалардың тірек болуы арқасында Орталық Қазақстанда көптеген орыс поселкелері, елді пункттері салынған: Қарқаралы (1824), Бұлаево (1892), Мамлютка (1892), Сергеевка (1900). Атбасар (1846) т. б.¹³⁷. Мұндағы Қарқаралы, Атбасар елді пункттердің аттары қазақша аталғанымен, тұрғындарының басым көпшілігі аралас болған.

Орталық Қазақстанда ХІХ ғасырда жасалған осындай орыс тіліндегі елді пункттердің аттары ондап, жүздеп кездеседі, бірақ олардың дәл қай жылдары аталғаны, яғни сол елді пункттердің салыну даталары бізге беймәлім. Бұл мәселе өз алдына ерекше зерттеуді қажет етеді (бұл жөнінде 2-бөлімдегі «Орталық Қазақстандағы орыс топонимдері» атты пунктті қараңыз).

Октябрь революциясынан кейін социалистік құрылыстың орнауы нәтижесінде жаңа объектілер пайда болды. Республика аумағында облыс, аудан, ауылдық Совет, селолық Совет, колхоз, совхоз, жұмысшы поселкелері, кәсіпшіліктер т. б. ұйымдастырылды. Осы объектілердің атауларының біразы сол жердің ескі атымен аталса, олардың басым көпшілігі Ұлы Октябрь революциясы тудырған қоғамдық құрылыстағы құбылыстарға, оқиғаларға, халық сүйген ардагерлер аттары мен фамилияларына, елді коллективтендіруге, тың игеруге, космосқа т. б. сан алуан өзгерістерге тікелей байланысты болды.

Бұл өзгерістерді біз қала, қала типтес поселке және селолық Совет және ауылдық Советтер аттарына көңіл аударсақ, айқын аңғарамыз. Мәселен, революцияға дейін біздегі қалалар саны саусақпен санарлықтай болса, 1978 жылғы мәлімет бойынша, қазір Қазақстанда 82 қала бар екен. Олардың көбі бұрынғы жер атымен атал-

¹³⁵ Автор ХІХ ғасырдың басын айтып отыр.

¹³⁶ *Словцев И.* Путевые записки, введенные во время поездки в Кокчетавский уезд Акмолинской области в 1879. С. 40.

¹³⁷ *Казахская ССР. Административно-территориальное деление...* С. 35, 67, 96.

са, Алға, Жаңатас, Кентау, Красноармейск, Лениногорск, Панфилов, Рудный, Степняк, Теміртау, Хромтау, Целиноград, Чапаев, Шахтинск т. б. қала аттары республика өміріндегі жаңа өзгерістерге сай қойылған. Мұндағы Лениногорск, Панфилов, Чапаев сияқты қала аттары совет халқының көсемі мен әскери қайраткерлерінің атына; Жаңатас, Кентау, Рудный, Степняк, Шахтинск сияқты қала аттары — осы жерде кен орындарының ашылуына, Целиноград — тың игеруге, Алға — ілгері ұмтылуға, социализм құруды тездетуге, Красноармейск — совет әскерлерін құрметтеуге байланысты қойылған.

Сол сияқты Бірлестік, Бірлік, Жаңаарқа, Жезді, Қомсомол, Ленинград, Мұнайлы, Мұнайшы, Сәтбаев т. б. толып жатқан қала типтес поселке аттары да жаңа бағытқа, жаңа идеяға байланысты қойылған.

Советтік қоғам өміріндегі өзгерістерді кенінен қамтитын атаулар — селолық советтер аттары. Мұнда халықтың ең ардақты адамдарының аттары, фамилиялары қамтылған: Ленин, К. Маркс, Энгельс — көсемдердің фамилиялары; Амангельді, Буденный, Володарский, Дзержинский, Жангелдин, Жандосов, Калинин, Киров, Котовский, Куйбышев, Луначарский, Менжинский, Свердлов, Фрунзе, Фурманов, Чапаев — революция ардагерлері мен әскери қолбасшыларының аттары мен фамилиялары; Абай, Алтынсарин, Беллинский, Горький, Жамбыл, Лермонтов, Маяковский, Сейфуллин, Чехов, Шевченко — ақын, жазушылардың аттары, фамилиялары; Ломоносов, Мичурин, Тимирязев, Уәлиханов — ғалымдар фамилиялары; Панфилов, Төлеген Тоқтаров, Толбухин, Мәншүк Маметова — Ұлы Отан соғысы қолбасшыларының, батырларының аттары мен фамилиялары; Алдабергенов, Гагарин, Тельман, Чкалов — аттары дүние жүзіне белгілі қайраткерлердің фамилиялары.

Мұндай атаулардың тағы бір үлкен бөлегі қоғамда болған өзгерістерді көрсетеді, жаңалықтарды атайды: Бірінші Май, Большевик, Гвардия, Жаңажол, Жаңақұрылыс, Жаңатұрмыс, Жеңіс, Жұлдыз, Еңбекші, Еңбекшілер, Кеңес, Коминтерн, Коммунар, Қызылжұлдыз, Қызылтаң, Қызылшаруа, Мәдениет, Ортақ, Орталық, Өндіріс, Рахат, Совхоз(ный), Теңдік, Төңкеріс, Урожайный, Үлгілі малшы, Целинный, ХХІ партсъезд атындағы т. б.

Ендігі бір топ атаулар әр кезеңде партияның халық-

ты шақырған үндеу, ұрандарына, халықтың қойған мақсатына, тілек-талабына байланысты болып келеді: Алғабас, Бірлік, Бірлікүстем, Бірік, Жаңатілек, Жетекші, Енбек, Мереке, Тегішiлдік, Ұйымдас, Ұмтыл, Ынтыалы, Ынтымақ т. б.

Қазақстанда 1954 жылдан бастап тың игеру басталды. Бұл ұлы қозғалысқа бүкіл совет елінің халықтары зор ынтамен ат салысты. Осыған байланысты жаңа атаулар жасалды. Тың игеру кезінде осындай атаулардың қойылуынан біз мынадай екі жағдайды байқадық. «Ленинград», «Волгоград», «Харьков», «Херсон», «Краснодон», «Москва», «Киев»¹³⁸, т. б. совхоздардың атауларына қарап, тың игерушілер сол өлке, қалалардан келгенін біле қоясын. Мұндай совхоздарды ұйымдастырғанда адамдардың бір қаладан, бір аймақтан болуы психологиялық ахуалға жағымды әсер етті, сөйлесер сөз, еске түсірер жағдайлар ондай жерлес адамдар үшін көп болады. Онан соң өз қаласының, өз өлкесінің аты совхозға қойылуы да тың игерушілер үшін үлкен мақтаныш сезімін қозғайды, көңілін көтереді.

Революциядан кейін Орталық Қазақстанда найда болған атаулар жөніндегі қысқаша шолуды біз осымен аяқтаймыз, өйткені бұның өзі терең зерттеуді қажет ететін дербес те, көлемді тақырып.

Біз жоғарыда Орталық Қазақстан топонимдерінің шығуы мен даму тарихын археологиялық деректер мен көне және кейінгі жазу ескерткіштеріне сүйене отырып сөз еттік. Енді мынандай **қорытынды** пікірге келеміз. Осыдан жүз елу жыл бұрын Н. И. Надеждин «Жер дегеніміз — адамзат баласының тарихы географиялық атауларда жазылған кітап»¹³⁹ деп жазған еді. Осы пікірдің дұрыстығы біз жоғарыдағы зерттеулерден байқадық.

Алғашқы қауымдағы адамдар өмір сүру үшін күрес үстінде өзін қоршаған ортамен, табиғатпен, өсімдік, жануарлар дүниесімен тікелей қарым-қатынасқа түсті. Алғашқы адамдар күн көріс, тіршілік жағдайында жер-суға, табиғатқа тәуелді болғандықтан, солардың қыры мен сырын, ұңғылы мен шұңғылын тануға, білуге тырысты. Сөйтіп, ықылым замандағы адамзат өзін қоршаған тау-тасқа, өзен-көлге, орман-тоғайға, тұз-далаға, ой-ойпат-

¹³⁸ Қазақ әдебиеті. 1982. 26 февраль. № 9. 6-б.

¹³⁹ *Надеждин Н. И.* Опыт исторической географии русского мира. Б-ка для чтения. СПб., 1837. Т. 22. Ч. 2. С. 28.

ка т. б. объектілерге ат қоя бастады. Ол кезеңдегі жер-су аттары күрделі болған жоқ, жеке сөздерден, көбіне географиялық жалпы атаулардан (терминдерден) жасалды. Сол кездерде әдетте өзен, көл, тау т. б. объектілердің жалпы атауы болмай бұларды сол сөздердің өзімен атаған. Бұған *Дон* (өзен), *Талғар* (*тал* — иран тілдерінде «тау», *ғар* — ностратикалық тілдерде «тау» яғни *тау+тау*), *Отар* (мал оттайтын жер), *Өзен* (Маңғыстау ауданындағы жер, поселке аты), *Жем* (Ақтөбе, Гурьев облыстарындағы өзен аты, *Жем* // *Гем* көптеген түркі тілдерінде «өзен» деген сөз) т. б. атаулар жатады.

Орталық Қазақстан өлкесінде тас, қола дәуірлерінен бері адам баласы үзбей мекендеп келе жатқанын археологтар дәлелдеп берді. Бұл бағытта, әсіресе, академик Ә. Х. Марғұланның еңбектері жемісті болды.

Адам, ру, тайпа, халық, жалпы қоғам бар жерде атау бар. Ендеше Орталық Қазақстанды адам баласы сонау тас, қола дәуірінен бері мекендесе; мұндағы топонимиялық атаулар да сол замандардан бері жасалып келеді. Мәселен, әзірге біз этимологиясын таба алмай отырған *Кеңгір*, *Бас Қамыр*, *Аяқ Қамыр* сияқты атаулардың *Кеңгір*, *Қамыр* деген бөлімдері көне замандарда жасалған.

Бұл еңбекте біз шартты түрде Орталық Қазақстан деп атап отырған ұланғайыр Сарыарқа аймағындағы сонау көне замандардан осы күнге дейін топонимдердің шығуы (қойылуы) мен дамуы тарихын, стратиграфиясын (қат-қабаттарын) зерттеуде біз үш нұсқаға сүйендік: бірінші, археологиялық қазбалар, екінші, көне және орта ғасырдағы жазу ескерткіштеріндегі деректер, үшінші, ежелден осы күнге дейін қойылып келе жатқан сол топонимдердің өздері.

Бұл саладағы зерттеулерде археологтардың еңбектері қандай орын алатынын жоғарыда айттық. Қазақстан топонимдерінің жасалуындағы негізгі кезеңдерін және стратиграфиясын (қат-қабатын) анықтауда көне және орта ғасырлардағы жазу ескерткіштері деректерінің маңызы ерекше зор. Қазақстанды мекендеген көне тайпа аттарымен сол кездегі бар жер-су аттары біздің эрамызға дейінгі V ғасырда өмір сүрген «Тарих атасы» деп аталатын грек ғалымы Геродоттың еңбектерінде кездеседі. Мұндай атаулардың бірсыпырасы түркі тілдерінен түсіндіріледі.

Орхон-Енисей жазуларында Ертіс өзенінің ғана аты бар. Ал X—XII ғасырлардағы араб-парсы нұсқаларын-

да Орталық Қазақстан туралы недәуір мағлұмат бар. Бұл өлке сол дәуірлерде және одан кейін де Дешті Қыпшақ аталып, кейін бұл түгелімен қазақ хандығының құрамына енген. Осы деректердегі кездесетін көптеген топонимдер (сол кездердегі Орталық Қазақстан атаулары) түркі тілдерінің, оның ішінде қыпшақ тобына жататын түркі тілінің негізінде жасалғанын көрсетті.

XIII ғасырдың басында басталған монғол үстемдігінің және XVIII ғасырдың басындағы жоңғар қалмақтарының шабуылы нәтижесінде монғол тілінен көптеген атаулар енді. Ал XV ғасырда қазақ халқы қалыптасып, XVI ғасырда қазақ хандығы құрылғаннан кейін Орталық Қазақстандағы топонимдер жаңа қазақ тілінің негізінде жасалды.

XVIII ғасырдың 30-жылдары қазақ халқының өз еркімен Россия мемлекетінің құрамына кіруіне байланысты орыс топонимдері қойыла бастады. Ал революциядан кейін, әсіресе 1950 жылдардан соң бұл процесс тіпті күшейе түсті.

Сөйтіп, Орталық Қазақстан топонимдерінің шығуы, дамуы және стратиграфиясы туралы зерттеуімізді аяқтай келіп, бұл салада және жалпы Қазақстан топонимдерін зерттеуде мынадай міндеттер бар деп есептейміз.

Орталық Қазақстан бойынша әлі де жиналмаған, ашылмаған атаулар көп, соларды экспедиция арқылы жинап алу қажет. Жалпы Қазақстан, соның ішінде Орталық Қазақстан облыстары бойынша әртүрлі орфографиялық, транскрипциялық, түсіндірме, этимологиялық т. б. сөздіктер жасау керек. Бұл жерлерде этимологиясы ашылмаған атаулар әлі де жүздеп саналады, соларды зерттеу ләзім.

Жер-су аттары — халық қазынасы, халықтың өткен өмірінің айнасы. Оны қалай болса солай өзгертуге болмайды. Сондықтан жер-су аттары үкімет тарапынан қамқорлыққа алынып, оның зерттелуі, дұрыс жазылуы, транскрипциялану мәселелеріне бағыт-бағдар беріліп отырғаны мақұл.

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН ТОПОНИМДЕРІНІҢ (МАКРО, МИКРОТОПОНИМДІК) ҚҰРАМЫ

Орталық Қазақстан аймағындағы топонимдер ішін-ара екі үлкен топқа бөлінеді. Олардың бір бөлігі — ірі географиялық объектілердің атаулары болса, екінші мол тобы — кіші-гірім объектілер атаулары боп саналады. Бұларды ономастикалық ғылыми терминмен *макротопоним* және *микротопоним* деп атайды. «Макротопоним (гр. *макро* — «үлкен», «ірі») — халыққа кеңінен танылып, ресми тұрғыда белгілі болған ірі физика-географиялық объектілердің аттары. Мәселен, Европа, Азия, Кавказ, Памир, Тынық Мұхит т. б.»¹. Біздің Қазақстан топонимдері құрамындағы *макротопонимдер* — Алматы, Қарағанды, Целиноград, Орал, Ақтөбе, Балқаш, Каспий, Алатау, Қаратау, Ертіс, Сырдария, Іле, Көкшетау т. б. Сондай-ақ оған басқа да қалалар, қала типіндегі поселкелер, аудан орталықтары мен ірі өзен, көлдер т. б. объектілер атаулары жатады.

Ал *микротопоним* (гр. *микро* — «кіші») — белгілі территорияға тән ұсақ физика-географиялық объектілердің, яғни өзендер мен көлдер, көлшіктер, бұлақтар мен бастаулар, құдықтар мен жылғалардың, жыралар мен сай-салалардың, жоталар мен төбе, төбешік, қыр-қыраттардың, шабындықтар мен пішендіктердің қыстаулар мен жайлаулардың аттары². Бұл *макротопоним* және *микротопоним* деген терминдерді советтік тіл

¹ Подольская Н. В. Словарь русской ономастической терминологии. М., 1978. С. 82.

² Сонда. 84-б.

білімінде алғаш рет А. В. Суперанская және Э. М. Мурзаев қолданды³.

Орталық Қазақстан топонимдерінің ішінде сан жағынан молы да көбі — *микротопонимдер*. Олардың мейлінше мол болуының заңды себебі де бар. Өйткені мал бағып, ең далада көшіп-қонып жүрген ел ертеден ұланғайыр, кең-байтақ жердегі бұлақтар мен бастау, қайнарларға, құдықтар мен суаттарға, жыралар мен жылға, сай-сала, қыр-қыраттарға, қыстаулар мен жайлауларға ат қойып келсе, әрбір облыс тұрғындары отырықшы өмірге бой ұрған соң, елді мекендер мен колхоз, совхоздарға, фермалар мен учаскелерге жаңаша ат қойып, айдар тағып отырды. Ондай жаңа топонимдердің басым тобы белгілі бір тәртіп бойынша, жергілікті Советтердің шешімімен аталып, заңдастырылды.

Советтік дәуірде қойылған топонимдер саны Орталық Қазақстан облыстарында жүздеп, мыңдап кездеседі. Олардың көпшілігі облыс, республика карталарынан көрініс тапты.

Ол атаулардың ішінде, біздің сәулетті өміріміздің жарқын бейнесін көрсететін атаулармен қатар еліміздің атақты ұл-қыздарының, Совет мемлекетінің көрнекті қайраткерлерінің есімдері мен фамилияларынан қойылған топонимдер саны да ұланғайыр көбейді.

Микротопонимдер, негізінде, тілдік материалы, өзінің тегі жағынан жалпы есімдерге тым жақын. Өйткені олардың бәрі тілдегі мағынасы айқын, көпшілікке түсінікті сөздерден қойылып отырады. Бұл жөнінде белгілі топонимист В. А. Никонов: «Микротопонимдер жалпы есімдерге тым жақын. Олар табиғаты жағынан жалпы есімдерге ауысуға бейім тұрады: «Үш емен» («У трех сосен»), «Тиірмен жақ» («За мельницей») дегендер өзі топонимдік атау боп қалыптаса қоймағаны байқалды»⁴, — деді.

Мұндай құбылыс Орталық Қазақстан топонимдерінде тән. Микротопонимдер табиғатында өзгөрмелі келеді. Олардың әрбір дәуірде, тіптен белгілі бір заманда-ақ өзгеріске түсіп, бұрынғыларының орнына жаңа атаулардың пайда болып отыруы түрлі тарихи оқиғалармен байланысты. Ондай микротопонимдердің сан жағынан

³ Суперанская А. В. Общая теория имени собственного. М., 1973. С. 167—169; Мурзаев Э. М. Очерки топонимики. М., 1973. С. 22.

⁴ Никонов В. А. Введение в топонимику. М., 1965. С. 47.

басымы да, көбі де ана тіліміздің байырғы сөздерінен жасалған топтар. Бұл ретте зерттеліп отырған аймақтағы өткен ғасырларда халық өмірінде кенінен қолданыс тапқан, бірақ қазіргі кезде басым көпшілігі ұмыт болған микротопонимдер толық дәлел болады. Оларды XVII—XVIII ғасырлардағы тарихи деректер мен кейбір география-статистикалық анықтамалардан анық көреміз. 1898 жылы жарық көрген бір еңбекте Ақмола облысының Атбасар уезіне қарасты жерлердегі жайлау, қыстау, сай, өзен, құдық аттарының тізімі берілген⁵. Мәселен, Жуанадыр, Көңтөбе, Қотыртас, Текежүрген, Боздақ, Қарашық, Қаратұмсық, Бекбаушоқы, Балта, Итауыз, Сирек, Майтөбе сияқты қыстау аттары. Айнакөл болысына қараған. Сол жердегі өзен, көл, бастау аттары: Боздақ, Шақабай, Шағырлы, Ырғайлы, Сарысай, Қайрақты, Бұланты, Балта; бұлақтар: Талдыбұлақ, Қырбұлақ, Сүмбебұлақ, Қуадырбұлақ, Қаратоған, Ташбұлақ, Шұрық, Шілік, Шілікті, Керейбұлақ; көлдер: Сарысу, Қаракөл, Құдайберген, Үшкөл, Сабақтыкөл, Кішкенекөл, Наурызбайкөл, Сулыкөл, Қыпшақсор, Баубек, Айдарлы, Керейсор, Сымтас, Шатырлы, Қоқай, Жалтыркөл; құдықтар: Жаман Есіл, Бөршін, Аққұдық, Қаракұдық, Сәменкұдық, Тасқұдық, Күмкұдық⁶ т. б.

Бұл көрсетілген жер-су аттарының біразы бұл күнде сақталғанмен көпшілігі ұмыт болып, ескі тұрмыспен бірге келмеске кетті. Олардың аталған тізімдегі жалпы саны 3486.

Республикамыздың картасындағы көне түркі тіліне тән топонимдер тарихының тым тереңде жатқаны байқалады. Бұған Жезқазған облысының Ұлытау маңайындағы, сондай-ақ Көкшетау, Қарағанды, Торғай, Целиноград, Павлодар өңірлеріндегі көне топонимдер тобы да толық дәлел бола алады.

Орталық Қазақстан аймағына енетін облыстардың қазіргі карталарындағы топонимдер және географиялық объектілер көптеген шартты белгілер арқылы анық та айқын көрсетілген. Олар:

- 1) гидрографиялық объектілер: көлдер мен көлшіктер, өзендер мен бастаулар, бұлақтар мен құдықтар;
- 2) орографиялық объектілер: таулар мен қыраттар, жо-

⁵ Материалы по киргизскому землепользованию. Акмолинская область. 2. Атбасарский уезд. Воронеж, 1898. Т. 2.

⁶ Материалы по киргизскому землепользованию. Акмолинская область. Атбасарский уезд. Воронеж, 1898, Т. 2. С. 106.

та мен жон, төбелер, сайлар мен шатқалдар; 3) саяси-әлеуметтік және мәдени объектілер; қалалар мен селолар, поселкелер мен елді мекендер, селолық советтер мен ауылдық советтер, колхоздар мен совхоздар, аудан орталықтары т. б. Осы көрсетілген географиялық объектілердің бәрінің де тиісті дәрежеде қойылған ресми атаулары бар.

Оларды лексикалық құрамы мен тілдік қабаттары жағынан бірнеше топқа бөліп қарауға болады. Бұл ретте ерекше ден қоятын жәйттар — тілдік стратиграфия (топонимдердегі лексикалық қабаттар яки топонимдердің тілдік құрамы) — топонимдік топтардың белгілі бір дәуірде немесе белгілі бір тілге тән сөздерден жасалуы (бұл жөнінде кітаптағы А. Әбдірахманов жазған «Орталық Қазақстан топонимдерінің стратиграфиясы — лексикалық қабаттар» деген бөлімді қараңыз). Топонимдердің стратиграфиясы және олардың этимологиясын анықтау барысында бұған дейін кең көлемді еңбек жазылмағанымен белгілі топонимист Ф. Қоңқашбаев «Қазақтың халықтық географиялық терминдері» атты мақаласында Мұқыр, Нұра, Кеңгір, Байқоңыр тәрізді жер-су аттары мен *еспе, қоңыр, шағыл, ола* сияқты географиялық терминдерге талдау жасаған еді⁷.

Орталық Қазақстан топонимдері жайлы материалдар 40-шы жылдары жазылған Г. Ц. Медоев пен Н. О. Баяндин, Е. Қойшыбаев мақалаларында да өте аз кездеседі. Өйткені бұл мақалалар лингвистикалық бағытта жазылмаған⁸. Алайда осы үш мақаланың Қазақстан топонимінің зерттелу тарихы үшін өзіндік орны бар.

Қазақстан жер-су аттарын, олардың жасалу заңдылықтарын, әрбір атаудың қойылу сырын ғылыми тұрғыдан зерттеген, оған толық лингвистикалық анализ жасаған А. Әбдірахманов Орталық Қазақстан топонимдері жайында да қыруар бай деректер келтіреді. Ол Қазақстан топонимдеріне лексикалық классификация жасап, 14 пунктке бөліп қарайды, бәрінде де Орталық Қазақ-

⁷ Қоңқашбаев Г. Казахские народные географические термины // Известия АН КазССР. Серия географическая. 1951. Вып. 3. № 99. С. 7, 24, 29, 35, 41.

⁸ Медоев Г. Ц. Сары-Арка (к топонимии Казахстана) // Вестник АН КазССР. 1948. № 34; Баяндин Н. О. О некоторых географических названиях Восточного и Центрального Казахстана // Вестник АН КазССР. 1949. № 4; Қойшыбаев Е. «Сарыарқа» сөзінің этимологиясына // Вестник АН КазССР. 1974. № 12. С. 70—72.

стан топонимдерінен мысалдар береді. Мәселен, *Абай*, *Абыралы* — Семей облысы, *Айса* — станция, Қарағанды облысы, *Елтай* — станция, Целиноград облысы сияқты топонимдер адам аттарынан жасалған болса, *Айдабол* — жұмысшы поселкесі, Қөкшетау облысы, *Жолымбет* — жұмысшы поселкесі, Целиноград облысы, *Қарабас* — станция, Қарағанды облысы, ру аттарынан қойылған топонимдер деп қарайды. Өсімдіктерге байланысты топонимдер: *Ақтоғай* — аудан орт. Жезқазған облысы, *Қараағаш* — жұмысшы поселкесі, Целиноград облысы, *Теректі* — жұмысшы поселкесі, Қарағанды облысы, жануарларға байланысты топонимдер: *Арқарлы* — станция, Қарағанды облысы, *Қиік* — станция, Жезқазған облысы, *Семізбұғы* — жұмысшы поселкесі, Қарағанды облысы, *Торғай* — жұмысшы поселкесі, *Шортанды* — ауданы Целиноград обл. Сондай-ақ географиялық объектілердің түр-түсіне, бедеріне байланысты: *Ақтасты* — станция, Қарағанды облысы, *Ақадыр* — Жезқазған облысы, *Ақшағыл* — станция, Қарағанды облысы, *Қарадыр* — Целиноград облысы, *Қарабас* — станция, *Қызылжар* — станция, Қарағанды облысы⁹ т. б.

Орталық Қазақстан топонимдері құрамында байырғы төл сөздерімізден жасалған топонимдермен қатар басқа тілдерден жасалған топонимдер саны да біраз. Бұның өзі түрлі дәуірлерге тән лексикалық қабаттарды анықтап, жіктеу барысында құнды дерек болып табылады. Олардың құрамында көне дәуірге тән лексикалық қабаттардың сақталып отырғанын көптеген материалдардан айқын да анық көреміз. Ондай атаулардың біразы қазіргі әдеби тілімізде кездеспейді де мән-мағынасы жағынан көбіне түсініксіз болып келеді. Сондықтан ол атаулардың әуел бастан мән-мағынасын ашу, фонетикалық тұрғыдан өзгеру күйін анықтау, білім-дәрежемізді байытады. Тілдің ерте замандардағы лексикалық қорынан қажетті дәрежеде мағлұматтар береді.

Осы жағдайды ескергенде, Орталық Қазақстан топонимдерін жалпы құрамына қарай, негізінен үлкен екі салаға бөліп қараймыз. Олардың бір бөлегі — Октябрь революциясынан бұрынғы ескі топонимдер болса, екінші басым тобы — Октябрь революциясынан соң Советтік дәуірде жасалған (жаңа) топонимдер. Сан жағынан

⁹ Әбдірахманов А. Қазақстанның жер-су аттары. Алматы, 1959. 42, 43, 45, 46, 54-б.

соңғы топтағылар аса басым да бай. Осымен қатар республиканың географиялық картасында, тіптен ұлан-байтақ қазақ жеріндегі топонимдік атаулар тілдік, лексикалық жүйесі жағынан алып қарағанда да ірі екі топқа бөлінеді. Олардың ішіндегі сан жағынан молы да, басым тобы да тіліміздің байырғы сөздерінен жасалған топонимдер. Ал басқа тілдерден ауысқан немесе тікелей қойылған топонимдер саны бұл өңірде шамамен 20—25 процент қана. Олардың ішіндегі ең мол әрі жиі кездесетін топонимдер — орыс тіліне тән қабаттар.

Орыс топонимдері Орталық Қазақстан өңірінде орыс халқының Қазақстанда қоныстану кезеңімен байланысты, XVIII ғасырдан бастап қойыла бастады (бұл жөнінде жазылған арнайы бөлімді қараңыз).

Топонимдер қандай да бір елді мекендер мен жер атауы ретінде тілдегі ерекше бір сөздер тобы болып саналады да ішінара бірнеше салаға бөлінеді. Әсіресе, елді мекендер мен өзен, көл, тау, т. б. атауларының арасында айтарлықтай айырма бары байқалады. Тарихи себептері тұрғысынан зер салсақ, елді мекендер атауларына қарағанда, су, өзен, көл, тау атаулары көбіне тұрақты келеді. Өйткені елді мекендер түрлі тарихи оқиғаларға байланысты әрбір қоғамдық формацияның ауысу, өзгеруіне орай жойылып отырса, су, өзен, көл атаулары ғасырлар бойы сақталып, кейінгі замандарға жетіп отырады. Бұған дәлел ретінде Орталық Қазақстандағы әйгілі Ертіс, Кенгір, Нұра, Балқаш, Ұлытау тәрізді өзен мен тау аттарын келтіре аламыз.

Ертіс өзені V—VIII ғасырларға тән Орхон—Енисей жазба ескерткіштерінен бері келе жатса, Балқаш көлі (тарихи ареналарда Көкшетеніз, Атырақ көл болып өзгерсе де) қазіргі Балқаш аталу қалпында орта ғасырдан белгілі болып бізге жетіп отыр.

Орталық Қазақстанда ең көп кездесетін топонимдер — су атаулары (гидронимдер). Қазақстандағы 85 мың өзен мен 45 мың көл атауларының 40 проценті осы өңірде екені тарихи географиядан белгілі. Оған Целиноград, Қарағанды, Көкшетау, Торғай, Жезқазған облыстарындағы өзен, көл атаулары жайлы біздің бөлімдегі каталог тізімі толық дәлел бола алады.

Орографиялық атаулар яғни жер бедері (объекты рельефа) тау, қыр, жота, сай, шатқал т. б. атаулары ғылыми терминмен *оронимдер* деп аталады.

Жергілікті географиялық терминдер (ЖГТ) немесе

апеллятивтер табиғи объектілерді белгілеу ретінде пайдаланылады да, жер-су аттарын жасауда негізгі ұйытқы болады.

Соңғы жылдары географиялық терминдер туралы СССР топонимистерінің біраз зерттеулері жарық көрді¹⁰.

Қазақтың халықтық географиялық терминдері Ғ. Қоңқашпаев, А. Әбдірахманов, В. Н. Попова, Е. Қойшыбаев, О. Сұлтаньяев еңбектерінде лингвистикалық тұрғыдан жан-жақты зерттелді¹¹.

Қарағанды, Жезқазған, Целиноград, Павлодар, Көкшетау облыстарына тән микротопонимдер мен гидронимдердің құрамында *географиялық термин* (ЖГТ) мен *апеллятивтердің* кеңінен орын алғанын көреміз. Мысалы, *айрық, арқа, қыр, қоңыр, көн, өзек, сор, еспе, томар, дала, тау, төбе, мұрын, адыр, тұмсық, құдық, көл, өзен, бастау, бұлақ, сай, жал, қағыл, тас, шағыл, қорық, қона, шоқы, жар, ор* т. б.

Жергілікті географиялық терминдерден жасалған атаулар құрылыстарына қарай әртүрлі болады: 1) гидроним және елді мекен атаулары қызметін атқаратын таза географиялық апеллятивтен жасалған атаулар: *Адыр, Қайнар* — Семей облысы, *Айрық* — Қарағанды облысы, *Тау, Қала, Саға* — Торғай облысы, *Мұқыр* — Целиноград облысы, *Қорық* — Семей облысы; 2) бірінші немесе екінші сынарларында географиялық апеллятивтердің қосылуы арқылы жасалған топонимдер: *Ақадыр, Жылантау* — Жезқазған облысы, *Милыбұлақ, Ақтау* — Семей облысы, *Талдысай, Саумалкөл* — Целиноград облысы, *Ащытас, Кішікөл* — Торғай облысы. Бұл дәлелдерге қарағанда, зерттеліп отырған Орталық Қазақстан топонимдері құрамында кездесетін географиялық терминдер, апеллятивтер күллі Қазақстан территориясындағы топонимдер апеллятивтерінен аса көп алшақ емес.

Географиялық атаулар құрамында кеңінен қолданы-

¹⁰ Қараңыз: *Мурзаев Э. М.* Словарь народных географических терминов. М., 1984. С. 16—34.

¹¹ *Қоңқашпаев Г. К.* Казахские народные географические термины // Известия АН КазССР. Серия географическая. 1951. Вып. 3. № 99; *Әбдірахманов А.* Қазақстанның жер-су аттары. Алматы. 1959; *Попова В. Н.* Гидронимы Павлодарской области: Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Томск., 1968; *Қойшыбаев Е.* Основные типы топонимов Семиречья: Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1967; *Сұлтаньяев О. А.* Топонимия Кокчетавской области: Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Томск, 1969.

латын өзен, көл, құдық, бұлақ, бастау, сай, жал, төбе, дөң, арқа, тас, тау т. б. апеллятивтер Қазақстанның басқа да облыстарындағы географиялық атаулар құрамында мольнан кездеседі. Алайда кейбір апеллятивтер жергілікті тіл ерекшелігіне қарай *томар, қағыл, еспе, жар* т. б. Қарағанды, Жезқазған, Қостанай, Целиноград облыстарында ғана кездессе, *қыр, мұрын, тұмсық, көң, шағыл* т. б. басқа мағынада қолданылады. Ондай апеллятивтердің кейбіреулерін талдап көрсетудің өзіндік сыр-сипаты бар. Өйткені қазақ тілі сөздіктерінде олардың мағыналары әрқилы түсіндіріліп жүр. Мәселен. 1961 жылы жарық көрген түсіндірме сөздікте; **Қыр**. 1. *Биік жер, дөңес. Жаз сайға қонба, қыс қырға қонба* (мақал). 2. *Қаладан сырт, далалы жер. Қыр келбеті құлпырды* (Т. Жароков, Шығ.). 3. *Заттардың бүйір не сырт жақ шеті. Хакім сол қырынан жатыр* (Х. Есенжанов, Ақжайық)¹² деп түсіндірілсе, 1982 жылы жарық көрген түсіндірме сөздікте ол сөздің мағыналары былайша берілген: **Қыр**¹ 1. *Созылып жатқан биік жер, жал. Қыр басына көтеріліп, екеуге қызыға қарап қалдық* (Т. Есімжанов, Аяулым), 2. *Ауылдан сырт жер, дала. Мал бағуға сені қырға кеткелі жатыр деп естідім* (Қ. Салғарин, Жанында жүр). 3. *Бір нәрсенің сырт жақ шеті. Алақанның қырымен ұрдым*. 4. *Киімге үтік басқандағы қатпар. Ол шалбарының қырын сындырмайды*¹³.

Бұл аталған сөздіктерде де, диалектологиялық сөздікте де *қыр* сөзінің жергілікті тілдердегі мағынасы көрсетілген. Орталық Қазақстанның кейбір облыстарында ұшы-қиыры жоқ, ұланғайыр жазықтың көз ұшында сымданып көрінген жиегін *қыр* деп атайды екен. Шығында да, кең-байтақ, көз ұшындағы жердің ар жағына көз жетпейді де, бер жағы бізге көлбеу жатқан қыр сияқты көрінеді. Оның *қыр* аталуы осы себептен де болар. Бұл сөз түркі тілдерінің көбінде географиялық апеллятив ретінде кездеседі де әртүрлі мағынада қолданылады. Осы апеллятивтің үнді-европа және финн-угор тілдерімен кеңінен байланысы барына Э. М. Мурзаев ерекше ден қойды¹⁴. Ғалымның бұл пікірін жалғастыра отырып, О. Т. Молчанова көптеген түркі тілдері материалдарын салыстырады да *қыр* апеллятиві Таулы

¹² Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 1961. 2-т. 106-б.

¹³ Сонда. 6-т. 614-б.

¹⁴ Мурзаев Э. М. Очерки топонимики. М., 1974. С. 113—114.

Алтай топонимінде де кеңінен қолданылады деп көрсетеді¹⁵. Автордың келтірген мысалдарынан түркі тілдеріндегі *қыр* апеллативінің айтылу нұсқасы мен мағыналарының бірдей еместігін көреміз. Мысалы: азерб. *ГЫРАГ* — 1) *шет*, 2) *жаға*, **кыр** — 1) *дала*, *қиыр*, *жазық*, 2) *шет*; қырғ. **кыр** — 1) *тау жоны*, *тау жалы*; 2) *қыратты дала*, *төбе*, *биік жер*; карақалп. **кыр** — 1) *тау қырқалары*, *биік жер*, 2) *шет*, *қабырға*; ноғ. **кыр** — *дала*, *жазық*; өзб. **қирра** — 1) *шет*, *үш*. 2) *бір нәрсенің біткен*, *таусылған жері*; хак. **хыр** — *шет*, *біткен жері*, *тау*, *тау жотасы*; түркм. **гыр** — *қырлы*, *таулы дала*, *жалаңаш жер*. Кейбір тұңғыс-маньчжур тілдері мен монғол тілдеріндегі *қыр* сөздерінің мағыналары түркі тілдеріне жақын екенін көреміз. Мысалы: эвенк. **кира** — 1) *бір нәрсенің шеті*, 2) *жазықтық шет*; эвенк. **кыры**, **кырын** — 1) *шет*, *бүйір*, 2) *бір нәрсенің ұшы*, 3) *бұрыш*, 4) *тау жалы*; ороч. **киа/киа** — *бір нәрсенің шеті*; ульч. **кыра** — 1) *заттың шеті*, *жағасы*; монғ. **хяр** — *биік жердің жалы*; бур. **хяра** — *тау жалы* т. б. Сөз боп отырған *қыр* апеллативі Қазақстан топонимдерінің құрамында айтарлықтай жиі ұшырамайды. Бірақ оның туынды формалары: *Қыратты*, *қыраттау*, *қырат-қырқа*, *қырқалы*, *қыраш*, *қырқасын*, *қырқашық*, *қырқалау*, *қырқалану*, *қырқасын* тілде жиі жұмсалады да жеке-жеке лекенкалық мағынаға ие келеді.

Ал көң сөзінің тура және ауыспалы мағынада жұмсалатыны түсіндірме сөздікте орынды көрсетілген. Онда **көң** 1) *қордаланып қалыңданған мал қиы*; 2) *ауыс қалып қойған қоныс*, *мекен*, *жай*, *жұрт*, *қыстау*¹⁶. Бұл түсініктерге қарағанда, Орталық Қазақстанда кездесетін **көң** сөзі арқылы жасалған *Жақсы көң*, *Жаман көң* деген географиялық атаулар «қыстау, қоныс, жай» мағыналарын білдірсе керек.

К. Конкобаев Қырғызстанның Ош облысында *Көңдүк* деген елді мекен, сайы барын айта отырып, оны тұңғыс-маньчжур тіліндегі **контикэ** — «*қыр*, *дөң*, *өзен жағасындағы алаң*», «*жазық жер*», «*өзен жағасы*» және монғол тіліндегі **хөндүй** — «*кең жазық*, *үңгір*» сөздерімен салыстырады¹⁷. Топонимдер құрамындағы **көң** — «ескі

¹⁵ Молчанова О. Т. Топонимический словарь Горного Алтая. Горно-Алтайск, 1979. С. 74—75.

¹⁶ Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 1980. 5-т. 170-б.

¹⁷ Конкобаев К. Топонимия Южной Киргизии. Фрунзе, 1980. С. 78.

қоныс, мекен, жай, жұрт, қыстау» деген мағыналарды білдіретіні айдан анық болып тұр.

Топонимдер компоненті ретінде, әсіресе, Қарағанды, Жезқазған облыстарында жиі ұшырайтын апелляциятивтің бірі — *еспе*. Осы сөз арқылы жасалған топонимдер: Қараеспе, Құмдыеспе — Қарағанды облысы, *Теріскенеспе*, *Шолақеспе* — Жезқазған облысы т. б. Бұл жөнінде Ғ. Қоңқашбаев мынадай анықтама беріп, толық түсіндіреді. «*Еспе* — көктемде су тасығанда арнасынан жырылып ағатын даладағы өзен. Ол соңынан тез құрғап немесе қаққа айналады. Бұндай өзендер, әсіресе, Орталық Қазақстанда болады»¹⁸.

Демек, бұл *еспе* сөзінің түсіндірме сөздікте көрсетілген *еспе* (мағынасы — «*ақпа, сусымалы, бос, борпылдақ құм*») сөзімен еш байланысы жоқ деп білеміз¹⁹.

Шағыл термині Орталық Қазақстан топонимдері құрамында да жиі ұшырайды. Оны туыстас түркі тілдері (қырғыз, башқұрт, түрікмен т. б.) топонимдері құрамынан да кездестіреміз.

Географиялық бұл термин Қазақстанның кең-байтақ өлкесінде түрлі мағынада жұмсалатынын тиісті материалдардан анық байқаймыз. Әсіресе оңтүстік және Батыс Қазақстан өңірлерінде үйіліп қалған құм төбешіктерді *шағыл* дейді. Кейде ондай төмпешікке селдір-селдір шөп те шығады. Осыған орай бархандарды да кей жерлерде *шағыл* деп атайды. Орталық Қазақстан өңірінде *шағыл* деп бетін ақ кварцтар жапқан төбешіктерді атайды²⁰.

Биік жерлерде жатқан ақ кварцтар немесе құм кыршықтары ашық күндері алыстан жалт-жұлт етіп күнге шағылып көрінуімен байланысты *шағыл* — атау сөзі пайда болса керек. Бұл сөз түркі тілдерінде және монғол тілінде де *жарқырау, жалтылдау, жарқ-жүрқ ету* мағынасында кездеседі²¹.

Қазақстанның кейбір облыстарында *еспе* сөзі арқылы жасалған топонимдер жиі ұшырайды. Ондай атауларды Семей, Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан мен Жамбыл облыстарынан кездестіруге болады. *Еспе* атты өзендер: Қалба таулары қыраттарында, Шығыс Қазақстанның Ертіс алқабындағы Қызылқұмға кететін

¹⁸ Қоңқашбаев Ғ. Көрсетілген еңбек. 7-б.

¹⁹ Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 1978. 3-т. 448-б.

²⁰ Қоңқашбаев Ғ. Көрсетілген еңбек. 39-б.

²¹ Пекарский Э. К. Словарь якутского языка. 1927. Т. 3. С. 3550.

өзен, Павлодар облысындағы *Еспетұз* көліне жетпей жоғалып кететін өзен, Оңтүстік Қазақстандағы Арыс өзенінің сол жағындағы *Еспесай* өзені, Жамбыл облысындағы *Еспе* өзендері т. б. Алайда, *еспе* сөзі арқылы жасалған топонимдердің Орталық Қазақстанда басым екенін қолда бар материалдардан анық көреміз.

Оның үстіне, бұл *еспе* сөзі әр жерде әртүрлі мағына білдіреді де, жергілікті тіл ерекшелігіне бейім келеді. Әдеби тілде *еспе* сөзі «ақпа, сусымалы, бос, борпылдақ» (құм, қар) деген мағынаны білдірсе²², Қызылорда облысының Сырдария, Жалаңаш аудандарында *еспе* — «Құмды жерден ашып су шығару»²³ болса, Ақтөбе облысының Ойыл ауданында *еспе* «тайыз құдық»²⁴ десе, Орталық Қазақстанда бұл термин мүлдем басқа мағынаға ие. Белгілі топонимист Ф. Қоңқашбаевтың айтуынша: «Көктемде тасыған кезде арнасын орып кететін дала өзені, бірақ ол кейіннен құрғап қалып какка айналып кетеді»²⁵. Жалпы жер астындағы сумен қоса ағатын бос топырақты да халықтың *еспе* деп атайтыны белгілі. Е. Қойшыбаев сөздігінде: «*еспе* көптеген елді мекендер мен жерлердің атауы ретінде жазық, далалы аудандарда, әсіресе қатты жел соғып, құмдар сусып тұратын жерлердегі мекендерге қойылатын атау», — деп тұжырады²⁶ да, ол сөздің мағыналық ерекшелігіне мән бермейді.

Орталық Қазақстан өңіріндегі жиі ұшырайтын географиялық терминнің бірі — *томар*.

Бұл термин арқылы жасалған топонимдер: *Найзатомар* — көл, Ленин ауданы, Көкшетау облысы, *Бестомар* — көл, Целиноград ауданы, Целиноград облысы, *Томар* — селолық Совет, Талды ауданы, *Томармыскөл* — көл, Тельман ауданы, *Томарша* — жер, Егіндібұлақ ауданы, Қарағанды облысы, т. т. Түсіндірме сөздікте *томар*, «ағаштың құраған түбірі» деп берілген. А. Әбдірахмановтың пікірінше: «*томар* термині грек тілінен алынбаған, бұл — көне түркі сөзі, түбірі *том*, одан *том+тар*, *том+ыл*, *том+па+қ*, *том+ни* т. б. сөздер жасалған»²⁷. Алайда бұл талдауда сөздің лексикалық мәні

²² Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 1978. 3-т.

²³ Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. Алматы, 1969. 101-б.

²⁴ Соңда. 101-б.

²⁵ Қоңқашбаев Ф. Көрсетілген еңбек. 24-б.

²⁶ Қойшыбаев Е. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. Алма-Ата, 1974. С. 87—88.

²⁷ Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. Алматы, 1975. 92-б.

ашылмай, түркі сөзі болғанмен қандай мағыналы сөз екені белгісіз болып қалған. Бұл сөздің Орталық Қазақстанда жергілікті географиялық термин ретінде қолданылғанын дәлелдейтін деректер көп-ақ. Осы ретте Ғ. Қоңқашбаевтың берген түсінігін толық қолдай отырып, оны бірден-бір дұрыс пікір деп санаймыз. «Су мол жайылған, шөптесін келген, төмпешігі көп, сазды жер. Қазақстанның солтүстік аймағындағы қазақтардың жаз жайлау, қыс қыстау кезеңдеріндегі жайлы мекені»²⁸. Біздіңше, бұл *томар* сөзі түркі-монғол тілдеріне ортақ болса керек. Өйткені монғол, бурят тілдерінде *томо* — «үлкен», «ірі», *томуруон чай* — «ірі үлкен ағаш», деген мағынада қолданылатын сөз екенін дәлел ете аламыз²⁹.

Орталық Қазақстан топонимдерін жасауда *мұрын*, *тұмсық* сөздерінің жиі қолданыс табуының өзіндік себебі бары байқалады. Әдеби тілде *мұрын* «айуан мен адамдардың сезім мүшесі» ретіндегі сөз болса, *тұмсық* сөзінің тура мағынасынан басқа ауыспалы мағынасы барын көреміз. Яғни оның екінші ауыспалы мағынасы — «бір заттың айнала берістегі мүйісі немесе сүйірленген жағы». Оған мына мысал толық дәлел бола алады: «Көкшенің батыс жақ *тұмсығында* Ақылбай қыстауы аталатын аз ауыл отыратын» (С. Мұқанов. Менің мектептерім). Осы *тұмсық* сөзі сыңарында келетін жер атаулары: *Ақтұмсық* — ферма, *Қаратұмсық* — жер, Жезқазған облысының Ақтоғай ауданы; *Қызылтұмсық* — елді мекен, Ұлытау, Жезқазған облысының ауданы; *Күстұмсық* — елді мекен, Қаратұмсық — тау, Целиноград облысы Теңіз ауданының аты: Бұл *тұмсық* сөзі басқа түркі тілдерінде де *мұрын* сөзінің синонимі ретінде айтылады да, ауыспалы мағынада мүйіс, таудың біткен жері, таусылған, шығыңқы келген ұш жағы ретінде қолданылады. Оның түркі тілдеріндегі нұсқалары: ұйғырша — *тумишук*, якутша — *тумул*, *тумус*.

Демек, жоғарыда көрсетілген сыңарларында *тұмсық* сөздері бар топонимдер «қыр, жота, таулардың айнала беріс мүйісі немесе сүйірленген жағын» көрсететін атаулар екенін аңғартады. Ал осы өңірлердегі топонимдер сыңарларында *мұрын* сөзі бар топонимдердің омоним ретінде екі түрлі мағынада қойылғаны байқалады. Өйткені

²⁸ Қоңқашбаев Ғ. Көрсетілген еңбек. 35-б.

²⁹ Пекарский Э. К. Словарь якутского языка. Л., 1927. Т. 3. С. 2722.

ні мұрын сөзінің бұл жерде омоним екенін ажырату қажет сияқты. МҰРЫН¹ 1. Айуан мен адамдардың иіс сезетін сезім мүшесі. 2. Ауыс. Таудың айнала беріс мүйісі, шығыңқы келген ұш жағы. МҰРЫН² монғол. мурун — «теңізге құятын суы мол үлкен өзен».

М. Мельхеевтің пікірінше: «Мурэн деп әдетте суы мол үлкен өзендерді айтады»³⁰. Бұл айтылғандарды қолда бар материалдар да толық анықтай түсетін сияқты. Айталық, Қарамұрын — өзен, елді мекен, Молодежный ауд. Целиноград облысы, Қосмұрын — тау, Ерейментау ауд. Целиноград облысы, Құсмұрын — Теңіз ауд. Целиноград облысы. Бірінші мысалдағы Қарамұрын өзен аты екенін басқа топонимдермен салыстыра анықтауға да болады. Өйткені қара сөзімен тіркес келетін Қара Ертіс, Қаратеңіз, Қарасу деген атаулар бары айқын. Ал Құс-тұмсық тау етегінің айналма бұрылысының құстың тұмсығы сияқты нiлiңкi, дөңес келуiне байланысты қойылуы ықтимал.

Жоғарыда айтылған дәлелдерге қарағанда, аймақ топонимдерінің жасалуында жергілікті географиялық терминдер мен апеллятивтердің ерекше орын алатыны байқалады.

§ 1. ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН ТОПОНИМДЕРІНІҢ СТРАТИГРАФИЯСЫ БОЙЫНША ЭТИМОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР (ЛЕКСИКАЛЫҚ ҚАБАТТАР)

Соңғы жылдары топонимикалық зерттеулерде *стратиграфия*, немесе *топонимдер стратиграфиясы*, деген термин пайда болды. Бұл терминнің анықтамасы мынадай:

«Стратиграфия (лат. *stratum* — төсем + *graphō* — жазамын) — тау жыныстарының қат-қабаттану формаларын және жер қабығы қабаттарының тарихи тізбекте жасалуын зерттейтін геологияның бөлімі»³¹.

Бұл анықтамадан біз стратиграфия термині геология саласында қолданылып, бұл ғылым саласының жер қыртысының тарихи даму барысында оның қат-қабаттарының жасалу процесін зерттейтінін аңғарамыз.

Бұл күндері стратиграфия термині бұл мағынасын кеңейтіп, енді топонимикада жер-су аттарының тарихи

³⁰ Мельхеев М. И. Географические названия Восточной Сибири. Вост. сиб. кн. изд-во. Новосибирск, 1969. С. 86—87.

³¹ Словарь иностранных слов. М., 1954. С. 665.

жасалуындағы көне қабаттарын, соның ішінде ең көне субстратты топонимдерді зерттеуге қолданылатын терминге айналып отыр.

Қазақстан территориясындағы, сол сияқты басқа да аймақтардағы жер-су аттарының көне формаларын, басқа тілден енгендерін т. б. тарихи құбылыстарды, топонимдердің этимологиясын комплексті зерттеу арқылы ашуға болады.

Орталық Қазақстан аймағында да мағынасы мүлде түсініксіз топонимдер толып жатыр. Мұндай мағынасы күңгірт тартқан атауларға жергілікті тұрғындар әртүрлі мән-мағына жалғап, неше түрлі аңыз-әңгімелер де айтады. Оның біреулері шындыққа жақын келсе, енді біреулері сөздің сырт формасына ұқсастырылған қиял аңыздарға да айналып кетіп отырады. Мәселен, Целиноград облысындағы Ереймен таулары жөнінде жергілікті қариялардан мынадай аңыз естіген едік: Қазақ батыры мен қалмақ батыры соғысқанда, қазақ жеңіп, қалмақты атынан түсіріпті. Бірақ қалмақ аты тау ішіне ерімен қашып кетіпті де, оны ешкім ұстай алмапты. Содан ерімен аталып, кейін Ереймен делініп кетіпті-мыс. Бұл аңыз — сөздердің сырттай ғана ұқсастығына қаралып жасалған. Шындығында, атау монғолдың *эрэ* (ер адам, еркек) және *эмэ* (әйел) деген сөздерінің қосылуынан қойылған, өйткені бұл таудағы серек тастар адам бейнесіне ұқсайтындықтан осылай аталған ³².

Орталық Қазақстанның осындай атауларына жазушы А. Сейдімбековтің «Күңгір-күңгір күмбездер» деген кітабының «Жердің тілі» деген бөлімінде қызықты жорамалдар жасалған. Мұнда жер-су аттарына байланысты аңыз-әңгімелер көркем сөзбен көрсекті баяндалған. Кітапта келтірілген аңыз-әңгімелер атаулардың мағынасын дұрыс түсінуге жол сілтейді. Автордың баяндауынша, Арқаға сапар шеккен жолаушы Жуантөбенің Бетпақдала жақ бөктерінде *Тізебүккен* атты ботаның көзіндей мөп-мөлдір бұлаққа кезігеді. Бұл бұлаққа керуеншілер талығып жетіп, түйелердің бұйдасын тартып, тізесін бүктіреді. Тізе бүккен мал мен жан бұлақтап қанып ішіп, дамыл алады. Міне, осыдан бұлақ *Тізебүккен* аталған ³³. Бұл аңызда атаудың мағынасы халық өмірі

³² Әбдірахманов А. Топонимика және этимология... 90-б.

³³ Сейдімбеков А. Күңгір-күңгір күмбездер. Алматы, 1981. 74—75-б.

мен географиялық ортаның шындығына сай келіп тұр.

КАСҚАБҰЛАҚ. Болат тауының бауыздау алқымында *Қасқабұлақ* деп аталатын бұлақ бар. «Қасқа десе қасқа-ау», қалың көштің тайлы-тұяғы қалмай бас қойғанда, сынық сүйем ортаймастан қасқия созылып, айналы астаудай жарқырайды да жатады. *Қасқабұлақ* атауының сыры да сонда...

МАЙТӨККЕН. Болат тауынан шыққан көштің екінші қоналқада кездестіретін құдығы *Майтөккен* деп аталады. Өткен ғасырдағы жаугершілік заманда қазақ даласының осы бір тұсында сойылған малдан қан сасып, май сінді болған жұрт қалыпты...

ЕТЕКЖАЙҒАН. Шу өзенін бетке алған көштің мұнан арғы ең бір қиналып өтетін жері *Етекжайған* деп аталады. Өйткені бұл жердің суы тұздай ащы, өсімдігінің дені тырбық қара жусан болады. Мұндайда қой мен түйе түлігі едәуір шыдам көрсеткенімен, қара жусан жеп, ащы су ішкен жылқы, сиырлардың ішіне қорек тұрмай өліп те қалады. Тұщы суын тауысып алып, осы судан ішкен адамдардың асы тоқтамай, дамыл-дамыл көліктен түсіп, етек түре берген. Бұл жердің *Етекжайған* атануында осындай сыр болса керек...

ҚАЗЫҚТЫ ҚАРАҚЫЛ. Бетпақтың даласын белдеулеген көш жолының ең соңғы нүктесі — *Қазықты қарақыл*. Бұл — Шу өзенінің ең бір еңсіз жері. *Қазықты қарақылды* қысы-жазы бірдей жалғыз үйлі кедей мекен етсе керек. Істейтін кәсібі — өзеннің арғы бетінен келген қаратаулықтарды, бергі бетінен келген Арқа елін әрлі-берлі ыспамен өткізіп салады екен. Алатын ақысы — бір үйірді өткізгені үшін бір қой. Өткізетін құралы — тал-терекке қамыс тоқып жасалған жалпақ ыспа дейді. Ыспасалға байланған ұзын қыл арқанның бір ұшы өзеннің арғы бетіндегі берік қазыққа бекітілген. Мал-жанды ыспаға мінгізіп алып, қыл арқанды саумалай тартқанда, әлгі кедей жел қайықша заулаушы еді деп әңгіме шертеді қариялар. Бұл жердің «Қазықты қара қыл» атануы содан қалыпты»³⁴.

Алайда, атаулар жөнінде айтылатын аңыз-әңгімелердің бәрі бірдей шындыққа жанаса бермейді де, осыдан келіп, «жалған этимология», «халықтық этимология» деп аталатын топшылаулар, жорамалдар пайда болады. Мәселен Болат тауы туралы мынадай аңыз айтылады:

³⁴ Сонда. 74—83-б.

«Арқаның күміс бұлақты, мол сулы өзендерінің бойынан шашырай көтерілген қалың ел Болат тауынан өте бере бір ізге түседі. Болат тауы — Арқа мен Бетпақдала арасын бөліп тұрған ең биік тау. Әрі көшкен елге көпке дейін көрініп, «қош-қош» айтысқандай ұзақ уақыт бойы қарауытып барып таса болса, бері келе жатқанда «Сарыарқа» мұнда-мұнда дегендей алдымен көрініп, атой беріп, қажыған көңілге қуаныш ұялататын тау. Көш бастаушы көнекөз қарт іштей шүкірлік етіп, «осыған қанағат, осы болады» деген қанағат сезіммен тауды Болат деп атаған»³⁵.

Бұл аңызда келтірілген этимология — ойға қоныссыз, шындықтан мүлде алшақ дүние. Ал ғылыми ақиқатқа келсек, Ю. Зуевтің зерттеулеріне қарағанда *Болат // булат* атауы *булағ* (смешанный, пестрый) + *ат* (конь) деген сөздерден жасалған. *Булат* этнонимі алғаш рет қарлықтардың үш руының бірі ретінде VII ғасырдан белгілі. Бұл атау бір кезде *арғын* этнонимінің синонимі ретінде қолданылған. Булат тайпасы әуелі Алтайда болса, кейін Жетісу бойында, ал Жошының тұсында Дешт-и Қыпшақ өлкесінде болған³⁶. Олай болса, біздіңше, Болат тауының аты осы Болат тайпасының атынан алынған болуы керек.

А. Сейдімбековтің кітабында Сейфуллин туып өскен Ор, Аба деп аталатын таулардан бастау алатын шағын ғана қыз бұрым өзен Шажағай туралы мынадай аңыз келтіріледі: «...бұл сонау ертедегі ноғайлы деп аталатын заманнан беріде, «Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама» заманынан әріде болса керек. Ұлы жүз, Жетісу бойының Шажы деген өндірдей жас жігіті сүйгеніне қосыла алмай, өз елінің шынжыр балақ, шұбар төстерінен зәбір көрген соң, өкпелеп Арқаға көшіп келіпті ғой... Көп түкірсе көл емес пе, Шажы аз жылда-ақ төбедей үй тігіп, ақ бөкендей қой айдап, Арқаның бір аруымен жарасқан екен... Шажы ұзақ жасап, сексеннен асып дүние салғанда, Орта жүз, Ұлы жүз болып күңіреніп, осы өзеннің бойына арулап қойған екен. Халықтың қалауымен, ел ақсақалдарының пәтуасымен ардақты азаматтың есімін ұрпақтың есінде қалдыру үшін осы өзенді Шажы деп атапты. Алайда қадірлі қарияның есімін бат-

³⁵ Сонда. 78—80-б.

³⁶ Зуев Ю. А. Историческая проекция казахских генеалогических преданий // Казахстан в эпоху феодализма. Алма-Ата, 1981. С. 70--75.

титып атай салудан қымсынған кейінгі ұрпақ Шажыағай деп кетсе керек. Бұл өзеннің Шажыағай аталуы содан...»³⁷.

Аңыз қандай әдемі шығарылып айтылса да, ғылыми тұрғыдан көңілге ұяламайды. Атау, біздіңше, *Шажыағай* сөзінің «кішкентай», «жіңішке» деген мағынасынан қойылса керек.

Арқадағы бір құдықтың аты *Қатынақ* делінеді екен. Көшіп келе жатқанда босанып қалған бір келіншекті құрдастары мақтап, күйеуіне «па шіркін, несін айтасың, қатының қатын-ақ қой» — депті. Содан құдық осылай аталыпты³⁸. Бұл аңыз да қалжың ретінде айтылатын әңгіме дәрежесінде қалып қойған. Шындығында, құдық қазылғанда жердің қатты болуынан осылай қойылуы мүмкін. Сондықтан ел ішінде айтылатын мұндай аңыз-әңгімелерге сын көзбен қарап, оның дұрысы мен бұрысын екшеп ала білу керек.

Тіл ғылымы тұрғысынан топонимдердің этимологиясын зерттеу үшін және оның стратиграфиясын дұрыс ашу үшін, алдымен белгілі территориядағы топонимдерді синхрондық бағытта лексика-семантикалық және лексика-грамматикалық тұрғыдан зерттеу жүргізу қажет. Мұндай зерттеулер жер-су аттарының қойылуында, мағынасында және грамматикалық амалдары жағынан қандай заңдылықтары бар екенін жете түсінуге және этимологиялық зерттеулерге жол ашады.

Өзінің құрамы жағынан топонимдер, біздіңше, екі үлкен бөлімнен тұрады: 1) ана тілінің негізінде (шартты түрде осылай атап отырмыз); 2) басқа тілдер негізінде жасалған топонимдер.

Ана тілінің негізінде жасалған топонимдер деп шартты түрде атап отырған жер-су аттарын стратиграфиялық тұрғыдан біз: а) алтай дәуіріндегі; б) көне түркі дәуіріндегі; в) көне қазақ тіліндегі және г) жаңа қазақ тіліндегі атаулар деген топтарға бөлеміз. Мұның ішінде алтай дәуіріндегі атаулар түркі-моңғол тіл бірлестігі заманын қамтиды. Ал осы топқа жататын кейбір атаулардың құныясы ностратикалық тілдер³⁹ тұрғысынан ашылады.

Осыған байланысты, осы күнге дейін кейбір автор-

³⁷ Сейдімбеков А. Көрсетілген кітабы. 75—76-б.

³⁸ Сонда 81-б.

³⁹ *Иллич-Свитыч В. М.* Опыт сравнения ностратических языков. М., 1971. С. 1.

лардың Қазақстан жер-су аттарына монғол тілінен енген деп қарап жүрген атауларын біз енді екіге бөліп қараймыз: а) түркі-монғол бірлестігі (алтай дәуірінің кейінгі кезеңі) заманында жасалған атаулар; б) XIII ғасырдағы монғол, XVIII ғасырдағы қалмақ (монғол тіліне жататын халық) шапқыншылығы нәтижесінде енген атаулар.

Ал басқа тілдер негізінде жасалды деген атаулар (топонимдер) тобын, біздіңше, екіге бөлуге болады:

а) сол халықтың Қазақстан территориясында тікелей болуы нәтижесінде жасалған атаулар; б) түрлі тарихи және мәдени қарым-қатыстың нәтижесінде енген кірме атаулар.

Қазақстан топонимдерін осындай стратиграфиялық топтарға бөле келіп, біз алтай, көне түркі замандарында жасалған топонимдерді, басқа тілдерден ерте уақыттарда және орта ғасырларда енген топонимдерді субстратты топонимдер деп атаймыз.

Осындай субстратты топонимдер мен жаңа дәуірлерде жасалған топонимдер бір-бірінен мағына жағынан да, фонетикалық және формалық жағынан да ерекшеленеді. Мәселен, алтай дәуіріндегі деп біз бөлген топонимдердің мағынасы мүлде түсініксіз, ал морфологиялық тұлғалары көнелік түрлерін сақтаған. Ал көне түркі дәуіріндегі топонимдерге келсек, олардың мағынасы күнгірттенген, ал тұлғаларында көне түркі тілдерінің морфологиялық формалары сақталған.

Осы сияқты көне қазақ тілінен сақталған топонимдердің мағынасы түсінікті болғанымен, морфологиялық тұлғаларында сөз жасайтын жұрнақтардың көне варианттары сақталған. Міне жоғарыда көрсетілген стратиграфиялық топтастыру осындай критерийлерге негізделіп жасалған.

Енді стратиграфиялық осы топтастыруға сүйене отырып, Орталық Қазақстан және оған көршілес кейбір аймақтардағы топонимиялық қабаттардың сыры мен құпиясын тереңдете ашатын этимологиялық зерттеулерімізді лекенкалық топтарға бөле отырып баяндайық.

Алтай дәуіріндегі топонимдер

Бұларға Арғанаты (Ұлытау жүйелеріндегі таулы шоқылардың аты), Бурхан (Жоңғар Алатауының солтүстік-батыс жағындағы жер аты), Долан (Семей облы-

сы, Бесқарағай ауданындағы жер аты), *Доланқара* (Қазақстанның орта аймағында және оңтүстік шығысында жиі кездесетін тау, жота, қырқа атаулары), *Ереймен* (Целиноград облысындағы тау аты), *Керей* (Целиноград облысындағы өзен аты), *Күйтінқара* (Тарбағатайдағы бір шоқының аты), *Қаракөл* (Шығыс және Солтүстік Қазақстан өлкелерінде жиі кездесетін өзен аттары), *Қорғалжын* (Целиноград облысындағы өзен аты), *Нұра* (бұл да сондағы өзен аты), *Обаған* (Қостанай облысы, Қарасу ауданындағы жер аты), *Сібір* (құрамына Сарыарқаның біраз жері енген РСФСР мен Қазақстандағы тарихи үлкен өлкенің аты т. б.).

Мұндағы кейбір атаулардың этимологиясы бұрынғы еңбектерімізде⁴⁰ сөз етілгендіктен, біз оларға тоқталмаймыз. Бұл жерде соңғы жылдары іздеп тапқан этимологияларды ғана сөз етеміз.

Долан — Семей облысы Бесқарағай ауданындағы жер аты. Бұл атау монғолдың *далан* — «қыр, жал, қырқа, жон» деген сөзімен⁴¹ байланысты болса керек. Арғы түбі монғолша *далан* түрлі тілдеріндегі *дала* (степь) сөздерінің, біздіңше, түбірі бір болуы ықтимал, өйткені монғол тілінде сөз аяғындағы **н** дыбысы тұрақсыз, сол жұрнақ, жалғау қосылғанда түсіп қалады. Мысалы, *тарваган* — «суыр» + *тай* (туынды сын есім жұрнағы) = *Тарбағатай* (тау аты). Сонымен атау түркі-монғол тілдеріне ортақ *далан* ~ *дала* сөздерінен жасалған, бірақ атауда көне форма сақталған.

ДОЛАНҚАРА — Қазақстанның солтүстігінде, оңтүстік-шығысында жиі кездесетін тау, жота, қырқа атаулары. Біздіңше, атау екі бөлімнен құралған: бірінші бөлімі — монғолдың *долоон* — «жеті» деген сөзі⁴². Ал екінші бөлімі берісі түркі-монғол тілдерінде, арысы ностратикалық тілдерде кездесетін *қара* // *гора* // *қар* // *кер* // *қр* / *тау* / формадағы сөздермен түбірлес. Белгілі топонимист Э. М. Мурзаев бұл бағытта славян тілдеріндегі *гора* (тау), ауған тіліндегі *гар* (тау), албан тіліндегі *гур* (тау), армян тіліндегі *қар* (тас), көне үнді тіліндегі *гурис* (тау), авеста тіліндегі *гайру* (тау), хинди тіліндегі

⁴⁰ *Әбдірахманов А.* Топонимика және этимология., 61, 90, 124, 138-б.; *Соныкі:* Қазақстан этнотопонимикасы. Алматы, 1979. 100—106-б.

⁴¹ Монгольско-русский словарь. М., 1957. С. 142.

⁴² *Хабшай С., Мінис Э.* Монғолша-қазақша сөздік. Ұланбатор, 1954. 17-б.

гар (қамал), тибет тіліндегі *гархи* (қамал), грузин тіліндегі *гора* (тау), азербайжан тіліндегі *отгар* (шөңгі тау) сөздерімен салыстыра отырып, солардың өзара байланысын қарастырады. Мәселен, автор тибет тіліне бұл сөз хинди немесе санскрит тілдерінен, ал грузин және азербайжан тілдеріне үнді-европа тілдерінен енуі ықтимал деп болжайды⁴³. Біздіңше, бұл пікір талас туғызады, өйткені *қар // кер // қр* формадағы сөздер «тау, тас, шың» мағынасында семит-хамит, картвель, үнді-европа, урал, дравид және алтай (түркі-монғол тілдері осыған кіреді) семья тілдерінде кездеседі⁴⁴. Сөйтіп, жоғарыда айтылған *қара* (тау) сөзінің төркіні тым тереңде, көне замандарда жатыр. Қорыта айтқанда, атауына жолмен жасалған: монғолша долоон «жеті», + *қара* көптеген тілдерде «тау» -**Доланқара**. Беретін мағынасы «жеті тау», «көп тау». Шынында да осылай аталатын жерлерде аласа таулар, қырқалар көп.

КҮЙТІНҚАРА — Тарбағатайдағы шоқының, Жонғар Алатауының оңтүстік беткейіндегі бір таудың аты. Атау екі компоненттен жасалған: монғолша *хуйтэн* — «суық» + түркі-монғол тілдерінде *қара ~ хара* «тау».

Осылай аталған таулар шынында да суық болады, немесе ол таулардан суық бұлақ ағады⁴⁵. Алайда атаудың екінші компоненті Ғ. Қонқашбаев айтқандай тек түркі-монғол тілдерінде ғана кездеседі деу, біздіңше, дұрыс емес, өйткені оның түбірі ностратикалық тілдер деңгейінен қаралуы керек. Бұл бағытта топонимист Э. М. Мурзаевтың жоғарыдағы пікірін еске сала кеткен жөн⁴⁶. Э. М. Мурзаевтің бұл пікірінің бірінші салыстыру бөлімі әбден дұрыс. Бірақ *гар // гора* үнді-европа тілдерінен басқа тілдерге ауысты деуі талас туғызады, өйткені *қар // кер // қр* формадағы сөздер — «тау, тас шың» мағынасында семит-хамит, картвель, үнді — европа урал, дравид және алтай (түркі тілдері осыған кіреді) семья тілдерінде кездеседі⁴⁷.

⁴³ Мурзаев Э. М. Местные географические термины и их роль в топонимии // Местные географические термины. М., 1970. С. 23.

⁴⁴ Иллич-Свитыч В. М. Опыт сравнения ностратических языков. М., 1971. С. 340—341.

⁴⁵ Конкашбаев Г. Географические названия монгольского происхождения // Известия АН КазССР. Серия филологии и искусствоведения. Вып. 1 (II), 1959. С. 92.

⁴⁶ Мурзаев Э. М. Көрсетілген еңбек. 23-б.

⁴⁷ Иллич-Свитыч В. М. Опыт сравнения ностратических языков... С. 340—341.

Сөйтіп, біздіңше, жоғарыда айтылған *қара* (тау) сөзінің түп төркіні тым тереңде, көне замандарда жатыр. Бұл таулар ертеде *қара* (тау) аталып, алдындағы *хуйтэн* (суық) деген монғол тілінен қосылған анықтауыш кейінгі дәуірлердің көрсеткіші болуға тиіс. Бұл ороним — Суықбел, Салқынбел типінде жасалған атау.

ҚАРАҚОЛ — Шығыс және Солтүстік Қазақстан өлкелерінде жиі кездесетін өзен аттары. Атау екі сөзден құралған: біріншісі — түркі тілдерінде *қара* (черный), бурят-монғол тілдерінде *хара* (черный), монғол тілінде *хар* (черный). Ал гидронимнің екіншісі *гол* монғол және бурят-монғол тілдерінде «өзен» деген сөз⁴⁸. Алматы облысындағы Байынқол, Нарынқол өзендерінің аттары да дәл осындай жолмен жасалған⁴⁹. Монғол тіліндегі *гол* қазақша неге *қол* болып айтылады? Өйткені бұл тілдердегі *г~қ* дыбыстарының алмасуы басқа түбірлес сөздерде де кездеседі. Мысалы:

МОНҒОЛ ТІЛІНДЕ:	ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ:
<i>гадас</i>	<i>қада</i>
<i>гай</i>	<i>қайғы</i>
<i>гангар</i>	<i>ғаңқыл</i>
<i>ганзга</i>	<i>қанжыға</i>
<i>гар</i>	<i>қар(қол)</i>
<i>газуу</i>	<i>қазық</i>
<i>гилэжийк</i>	<i>қылжию</i>
<i>говь</i>	<i>қобы</i>
<i>гөлгөр</i>	<i>көлгір</i>
<i>гунан</i>	<i>құнан</i>
<i>гунж</i>	<i>құнажын</i>
<i>гургуул</i>	<i>қырғауыл т. б.</i>

(Бұл материалдар С. Хабшай мен Ә. Міністің көрсетілген сөздігінен алынды). Бұл дыбыстық алмасулар жоғарыдағы этимологияны растай түссе керек.

ОБАҒАН — Қостанай облысы Қарасу ауданындағы жер аты. Алтай тілінде «*обо // обого* — 1) стог, куча; 2) устар. груда жертвенных камней в честь духа горы»⁵⁰.

⁴⁸ Хабшай С., Мініс Ә. Монғолша-қазақша сөздік. Ұланбатор, 1954. 62-б.; Черемисов К. М. Бурят-монгольско-русский словарь. М., 1951. С. 169.

⁴⁹ Әбдірахманов А. Топонимика және этимология., 69, 137-б.

⁵⁰ Молчанова О. Топонимический словарь Горного Алтая. Горно-Алтайск, 1979. С. 269.

Обого деген атау Таулы Алтай өлкесінде жиі кездеседі. Қазақстанда да Қарабай, Сарыоба деген атаулар көп. Монғол тілінде *овоо* — оба, бурят-монғол тілінде «*обоо(н)* — 1) куча, гряда, насыпь, курган, 2) уст. *обон* (сопка, где совершался религиозный обряд)⁵¹.

Біздіңше, сөздің түбірі — көне түркі-монғол тілдеріндегі *оба* // *обоо* сөзі. Бұдан монғол тілінде *овойх* — үйілу; *овоолох* — үю; *овоолсон* — үйген, үйілген. Бұл сөздердің жасалуы сөз түбірі *ово* екенін дәлелдейді. Сөздің *үю* деген мағынасы монғол тілінде сақталған. Ал *-ған* қосымшасы — түркі тілдерінде етістіктен зат есім жасайтын жұрнақ: «алт. *қапқан* — «ловушка»; от *қап* — «хватать»; тур. *қурган* — «крепость»; от *қур* — «строить, сооружать»; туркм. *дегишгөн* — «шутник»; от *дегиш* — «шутить», кирг. *туган* — «родственник»; от *ту* — «родить»; тув. *тыртқан* — «фарш.» от *тырт* — «тянуть»⁵².

Сөйтіп Обаған деген атау «үйген, үйілген» деген мағынаны береді.

СІБІР — Революцияға дейін Қазақстанның солтүстік аймағы да құрамына кірген Азияның Орал таулары мен Тынық мұхит жағалауының және Солтүстік Мұзды мұхит жағалауы мен Монғолия шекарасы, Сарыарқа етегі аралығындағы бөлігі. Орысша жазылуы — Сибирь.

Көптеген зерттеушілердің пікіріне карағанда, *Сібір* (Сибирь) сөзі бірінші рет 1300—1310 жылдары жазылған Рашид-ад-диннің «Джами ат-таварих»⁵³ деген еңбегінде кездеседі. Біздің байқауымызша, *Сібір* сөзі бұл еңбекте мынадай екі жағдайда айтылады: бірінші рет *Ибир және Сибир* деген тіркесте келіп, қазіргі *Сібір* (Сибирь) аймағының ұғымын береді. Оның үстіне бұл өлкеде түркі халықтары мекендейтіні айтылады. Екінші рет атау *Ибир—Сибир* түрінде жазылып, онда да түркі тайпалары мекендейтіні көрсетіледі⁵⁴. Ал осы еңбектің географиялық атауларға берілген түсініктемесінде *Джами-ат-таварихтан* сәл бұрын монғол тілінде жазылған, оны 1941 жылы орыс тіліне академик С. А. Козин аударып, бастырған «Сокровенное сказание» атты еңбекте *Сибир* сөзі барлық жерде *Шибир*⁵⁵ деп аталады. Ал кар-

⁵¹ Бурят-монгольско-русский словарь. М., 1951. С. 361.

⁵² *Серебренников Б., Гаджиева Н.* Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Баку, 1979. С. 107.

⁵³ Сборник летописей. Т. 1. Кн. 1. М.; Л., 1952. С. 73.

⁵⁴ Сонда. 73, 150-б.

⁵⁵ *Козин С. А.* Сокровенное сказание. М.; Л., 1941. С. 216—217.

тада (Каталон атласында) бірінші рет Seburg⁵⁶ түрінде жазылған.

Сібір атауы бұдан әрі белгілі болуы төмендегідей тарихи жағдайлар мен оқиғаларға байланысты Алтын Орда ыдырағаннан кейін XV ғасырдың ортасында Сібір хандығы құрылды. Мұнда 1430 жылы Хажы Мұхаммедтің баласы Махмуд хан болды. Сібір хандығы Пермь, Қазан хандығы, Ноғай ордасы, Қазақ хандығымен және Ертіс жағалауын мекендеген телеуіттермен шекаралас болды. Солтүстік бөлегі Обь өзенінің төменгі ағысына, шығысы Көк Ордаға дейін жетті. «Сібір тарихы» атты еңбекте берілген картадағы мәліметтерге қарағанда, Сібір хандығына негізінен түркі тайпалары халықтары енген⁵⁷. Ханы және билеуші топтары татарлар болған⁵⁸.

Сібір хандығы XV ғасырдың соңғы ширегінде, Ибак ханның тұсында Тюмень хандығы деп аталды. Ибақты 1495 жылы Махмет (тайбұғы руынан) өлтіріп, өзі хан болды. XVI ғасырдың басында Тюмень хандығы Сібір хандығына қосылды. XVI ғасырдың бірінші жартысында Сібір хандығы ноғайлардың, өзбектер мен қазақтардың шапқыншылығына ұшырады. Тайбұғы руынан шыққан Ядигер (Жәдігер) 1555 жылы Москваға тәуелділігін мойындады⁵⁹. Ал 1563 жылы жергілікті татар (тайбұғы) династиясын құлатып, Шыңғыс әулеті Көшім хан Сібір хандығын басып алды да, өзінің орталығын Ертіс өзенінің жағасындағы (Тобыл өзенінің құйылысы, Тобольск қаласы маңы) Қашлық (Сібір) қаласына көшірді. Бұл қала аты Сібір деп те аталған⁶⁰. Көшім хан Сібір хандығының орыс патшасына вассалитетін жойып, Россияға қарсы шықты. Осы жағдайда 1582 жылы Ермақтың жалдамалы казак отрядтары Сібір хандығының орталығы Қашлықты (Сібір қалашығы) басып алып, оның Россияға қосылуына жол ашты. «Сібір тарихы» атты жоғарыда көрсетілген кітапта берілген екінші картадан Ермақтың жаулап алған жерлерінде де негізінен түркі халықтары мекендегені анық аңғарылады. 1587 жылы Данила Чулков Қашлық қалашығының маңында, Ертіс пен Тобыл өзенінің түйіскен жерінде, Ертістің жағасын-

⁵⁶ Никонов В. А. Краткий топонимический словарь. М., 1966. С. 379.

⁵⁷ История Сибири. Л., 1968. Т. 2.

⁵⁸ Сонда, 26-б.

⁵⁹ КСЭ. 10-т. 499-б.

⁶⁰ История Сибири. Л., 1968. Т. 2. С. 26, 28.

да Тобольск бекінісін салады. Осылайша ұлан байтақ Сібір жерінің Россияға қосылуына жол ашылып сонау Қиыр Шығысқа дейінгі аймақ Сібір (Сибирь) деп аталады.

Сібір сөзінің этимологиясы жөнінде соңғы үш жүз жылдың ішінде талай-талай пікірлер айтылды да, жазылды да, бірақ олардың бәрін бұл жерде айтып шығу мүмкін емес, сондықтан солардың тек бастыларын ғана атап өтейік.

XVIII ғасырдағы кейбір авторлар *сібір* сөзін орыстың *север* деген сөзімен байланыстырды. Алайда бұл этимологияның дәлелсіз жағы XIII ғасырда татарлар өз территориясында орыс сөзін таратуы мүмкін емес еді⁶¹. Белгілі ғалым Г. Потанни мұның өзін монғолдың *субр* (тау қасқыры) сөзіне байланысты болса керек деп жорамалдады⁶².

С. Патканов, К. В. Вяткина, В. И. Огородникова сияқты авторлар бұл атау *сабир* // *себер* // *сыбыр* // *себер* деген этнонимнен қойылуы мүмкін деген пікір айтты⁶³. Аталған авторлар халық атын Сібір атауымен байланыстырғанымен сөз этимологиясын ашып бере алмады. Н. А. Абрамовтың бұл атау түркілердің *сибирмақ* (очищать) сөзінен алынуы мүмкін деген пікірі де қолдау таппады.

Осындай көптеген пікірлерге шолу жасай келіп, белгілі топонимист В. Никонов былай деп жазды: Сібір атауының этимологиясы монғолдың *шибир* (сазды, батпақты, сулы жер) сөзіне жақын болса керек⁶⁴ дейді.

Атаудың этимологиясы туралы өзбек топонимісі С. Қараев арнайы мақала жазды⁶⁵. Автор Шығыс Сібірден Ауғанстанға дейін кездесетін *сибирь*, *шивер*, *шавар*, *савар* сөздері монғолша *шивер* // *шавар* (балшық, батпақ) сөзімен түбірлес деп қарайды. Оның пікірінше, *Шиберту* // *Шабарты* атауларының құрамындағы -ту, -ты

⁶¹ Михайлов Н. К истории появления и распространения названия «Сибирь» // Ученые записки МГУ. 1954. Т. 170. С. 113—119.

⁶² Сибирский сборник. Иркутск, 1890.

⁶³ Патканов С. Происхождение слова «Сибирь» // Сибирский сборник. 1891. Кн.: II. С. 135—136; Вяткина К. В. К вопросу термина «Сибирь» // СЭ. 1935. № 1. С. 91—96; Огородникова В. И. Очерк истории Сибири до начала XIX в. Иркутск, 1920. С. 116.

⁶⁴ Никонов В. А. Көрсетілген сөздік. 380—381-б.

⁶⁵ Караев С. К этимологии топонимов «Шивер» и «Сибирь» // Общественные науки в Узбекистане. 1966. № 7. С. 72—75;

қосымшалары — монғол және көне түркі тілдерінде кездесетін көптік жалғауы⁶⁶.

Бұл этимологияның осал жағы мынада: түркі, иран және монғол тілдеріндегі *шұбар* // *шавар* // *шибир* // *сибирь* сөздері монғол тіліндегі сөзден тарады, соның варианттары деуі дау туғызады. Оның үстіне *-ты*, *-ту* жұрнақтарын С. Маловтың еңбегіне сілтеме жасап, көптік жалғауы деуі мүлде қате. Өйткені, С. Малов *-т* көптік жалғауы мына жағдайда қосылады дейді: *нойон* (князь) ~ *нойод* (князья), *қаан* (хан) ~ *каад* (ханы), *нөкер* (товарищ) — *нөкөд* (товарищи). Ендеше автор түркі-монғол тілдерінде туынды сын есім жасайтын *-ты*, *-ту* жұрнағын көптік жалғауымен шатастырған.

Сібір (Сибирь) сөзінің этимологиясын біз түркі тілдерінен жасалған деп қараймыз. Оған келтіретін мынадай дәлелдер бар:

1. Жоғарыда көрсетілгендей Сібір хандығының орталығы Қашлық жөнінде айтылғанда *Сибирь* сөзі сол қаланың аты ретінде қоса аталып отырады. Сондықтан да В. Никонов Сибирь атауының шығуы туралы былай дейді: XIII ғасырда Ертістің жағасында Сібір деп аталатын татар хандығы жасалды, бірақ бұл алдымен қала ма немесе жер аты ма белгісіз»⁶⁷. Осы Қашлық атауы да, біздіңше, түркі тілдері сөзінен жасалған. Оған В. В. Радловтың сөздігіндегі мына дерек дәлел бола алады:

«ҚАС (Қир. Қойб. Сағ.) -Қаш I (Қойб. Сағ.) возвышенный край, край, предел, берег большой реки или моря, возвышение, вал»⁶⁸.

Қас // **қаш** варианттарында қолданылатын бұл сөздің «үлкен өзеннің жағасы» деген мағынасы да бар екенін байқадық. Ендеше Ертіс өзенінің биік жарына салынған бұл қалашықтың аты — Қашлықты қазіргі тілімізге аударсақ — «жағалық» деген мағынаны білдіреді және оның ескі орны тұрған географиялық жағдайын дәл көрсетеді.

2. Түркі халықтарының аузынан жазылып алынған деректер де, иран нұсқалары да сол жерлерде түркі ха-

⁶⁶ Соныкі: Географиялық номлар мағнасини биласизма. Тошкент, 1970. 109-б.

⁶⁷ Никонов В. А. Краткий топонимический словарь. М., 1966. С. 379—380.

⁶⁸ Радлов В. В. Опыт словаря тюркских наречий. СПб., 1899. Т. 2., ч. 1. С. 345.

лықтары мекендеген деп көрсетеді. Бұған Рашид-аддиннің еңбегі дәлел болады. Ендеше бұл сөзді түркі халықтарының тілінен қойылған деп білеміз.

Біздіңше атау екі компоненттен құрылған: *суб* + *йер* (*йір*) қазіргі қазақ тіліндегі *су* (вода, река) сөзі көне түркі тілдерінде *суб* // *суғ* // *сув* варианттарында кездеседі⁶⁹. Бұлардың ішіндегі түркі ата тіл бірлігі кезіндегі ең көне варианты *-суб*. С. Е. Маловтың зерттеулеріне карағанда, бұл сөз Кюль-Тегин мен Тоньюкук ескерткіштерінде *суб* түрінде кездеседі⁷⁰.

Кюль-Тегинге қойылған ескерткіште *йір* // *йер* және *суб* деген сөздер тұрақты тіркес ретінде үш рет кездеседі де, бұл сөздерді С. Е. Малов «Ел, Отан» деп аударады.

Мәселен, мұндағы «ұза турк тәңрісі ыдук жірі субы анча тіміс: турк будун јок болмазун, тіјін, будун болчун, тіјін» деген сөйлемді автор былай аударады: «(Нә) вверху Небо тюрков и священная Земля и Вода тюрков (т. е. Родина) так сказали: да не погибнет, говоря, народ тюркский, народом пусть будет, — так говорили»⁷¹.

Міне бұл жердегі *йір*, *суб* деген сөздерді С. Малов «Отан» деп мағыналық жағынан дұрыс аударған, өйткені көне түркілердің аспанды, жерді және суды (өзен, теңіз т. б.) қасиет, қадір тұтқанын автор жақсы білген.

Бұл тексте Табгач мемлекеті түркілерді басып алып, түркілер құрып кетуге айналғанда, аспан мен жер-су (Отан) көмекке келіп, түркілер бас көтеріп, Елтеріш қағанның бастауымен құлдықтан құтылып, түркі қағанатын құратыны айтылады.

Осы ескерткіштің екінші бір жеріндегі «жір суб ідісіз болмазун тіјін (жер-су несіз болмасын деймін) деген сөйлемді С. Малов «говоря: пусть не будет без хозяйина страна (букв. земля и вода)» деп аударады. Мұнда *йір* *су* (жер-су) тіркесі *Ел* (страна) деп аударылған (Сонда. 30, 38-б.). Сол сияқты «көгмен жір суб» деген тіркес те «страна Кегменская» делінген⁷². Бұл фактілерге карағанда, тұрақты *йер суб* тіркесі көне түркі тілдерінде Ел, Отан деген мағынада қолданылғанын аңғарамыз. Бірақ бұған карап, бұл екі сөз үнемі осындай тұрақты тіркесте

⁶⁹ Древнетюркский словарь. Л., 1969. С. 512, 513, 515.

⁷⁰ Малов С. Памятники древнетюркской письменности. М.: Л. 1951. С. 29, 30, 62, 63, т. б.

⁷¹ Малов С. Памятники древнетюркской письменности. М.: Л. 1951. С. 29, 37.

⁷² Сонда. 30, 38, 39-б.

қолданылған деген пікірден аулақпыз, өйткені осы көрсетілген екі ескерткіште де бұл сөздер жеке-жеке *йер* (жер) және *суб* (су, өзен) түрлерінде жазылған. Мәселен, Тоньюкук ескерткішінде *өзен* сөзі *угуз* деп те, *суб* деп те кездеседі. С. Малов «Ану суб» дегенді «Река Аны» деп аударады ⁷³.

Ал Ертіс, Сырдария өзендерінің аттары бұл ескерткіште «Ертіс угуз», «Йенчу угуз» формаларында жазылған ⁷⁴.

Жоғарыда айтылғандай *йер* // *йір*, *суб* сөздерінің үш рет болса да тұрақты тіркес түрінде қолданылып, «Ел, Отан» мағынасында айтылуы, біздіңше, кездейсоқ емес, ол көне түркілердің жер, суды қадір тұтуынан болса керек.

Сібір (Сибирь) атауының түбірі болып табылатын *суб-йер* (*йір*) сөздерінің бір атау болып қалыптасуы неліктен болған деген сұраққа екі түрлі жорамал айтуға болады.

Біріншіден, «Ел, Отан» деп түсінілген және қолданылған *йер-суб* тіркесі түркі тілдерінің батыс бөлігінде кейінгі замандарда *суб-йер* (*йір*) түрінде қалыптасуы ықтимал.

Екіншіден, түркі тілдерінің бір кездегі грамматикалық құрылысының өзгешелігіне байланысты болуы да ықтимал. Мәселен, профессор Қ. Жұбановтың зерттеулеріне қарағанда, ертеде анықтауыш сөз анықтайтын сөздің алдында емес, соңында тұратын болған ⁷⁵. Автор осы пікірін дәлелдеу үшін мынадай мысалдар келтіреді: *Күнсұлу*, *Айсұлу*, *Күнжарық*, *Айжарық* т. б. кісі аттары қазіргі тілдің заңы бойынша *Сұлукүн*, *Сұлуай*, *Жарықкүн*, *Жарықай* болуы керек еді, бірақ бірінші айтылғандардай *сұлу*, *жарық* анықтауыштарының ертедегі сөйлем ішіндегі сөз тәртібін көрсетеді, — деп қорытындылайды. Сол сияқты, автордың пікірінше «күн ұзаққа» тіркесінің «ұзақ күнге» деп айтылмауы да осы пікірді дәлелдейді ⁷⁶.

Осы бір теориялық жорамалға сүйенсек, *йер-суб* тіркесі *суб-йер* (яғни «сулы жер») тіркесінің көне формасы болуы да ықтимал. Мұндағы *суб* сөзі анықтауыш болып,

⁷³ Сонда. 62, 67-б.

⁷⁴ Сонда. 63—64-б.

⁷⁵ Жұбанов Х. Исследования по казахскому языку. Алма-Ата, 1966. С. 36.

⁷⁶ Жұбанов Х. Исследования по казахскому языку... С. 36—38.

әлгідей көне грамматикалық құрылысқа сай анықтайтын сөздің соңынан келуі де мүмкін.

Қалай болғанда да, біздіңше, *Сібір* (*Сибирь*) атауы көне түркі тілдеріндегі *суб* сөзі мен *йер* сөзінің қосылуынан жасалуы анық сияқты. Беретін мағынасы «сулы, өзенді жер». Қазақ тілінде «сулы жер» деген тіркестің «су жер» деп қолданылуы да осы этимологияны бекіте түседі.

Суб + йер (йір) > Сибир (Сібір) өзгерісі қалай туған? Біріншіден, Кюль-Тегиннің ескерткішінде *жер* сөзі *йір* (*јір*) формасында, ал Тоныкукте *йір // йер* формалары қатар келеді. Ендеше, *йер* сөзі түркі тілінің көне диалектілерінде *йір* болып та айтылуы ықтимал. Бұның өзі *суб-йір* сөздерінің *сибир* түрінде айтылуына жақындай түседі. Екіншіден, *суб-йер > сибир* түріне көшуіне соңғы *йер* сөзі кейінді ықпал заңымен әсер етіп, бірінші *суб* сөзіндегі *у* дыбысының *и* дыбысына ауысуына әсер еткен. Осылайша, алғашында Тобыл және Ертіс өзендерінің бойын мекендеген татарлардың және басқа да түркі халықтарының тілінде айтылып жүрген *сибир // субйер // субйір* сөзі Сібір хандығының және Тобольск қаласының маңындағы қала атына қойылған да, кейін Орал тауынан бастап, Қиыр Шығысқа дейінгі жерлер Ресияға қосылуына байланысты осы ұланғайыр аймақтың атына көшкен. Алғашқы беретін мағынасы — «су(лы) жер», «өзенді-сулы өлке».

Осы *сибир // сібір* сөзінің Қиыр Шығыстан Ауғанстанға дейін таралған *шибер // шабар* (бұдан да басқа *ш* дыбысынан басталатын варианттарымен) сөзіне қатысы бар ма? Бұл мәселе әлі де тереңірек зерттеуді қажет етеді. Алайда, қолдағы бар кейбір деректерге қарағанда, «батпақ», «саз» мағынасында кездесетін монғол тіліндегі *шабар*, «шалғынды» деген мағынадағы қырғыз тіліндегі *шибер*, «батпақ» мағынасындағы тәжік тіліндегі *шибер* сөздері *сибир* сөзінің фонетикалық варианттары сияқты⁷⁷.

Қазақ тіліндегі *шұбар* сөзінің де екі мағынасы бар: 1) шоқ-шоқ қайыңды, ойдым-ойдым ағашты жерлер; 2) Солтүстік Қазақстан, Көкшетау облыстарының қазақтары Сібір жақты (Омбы, Новосибирь облыстары, Алтай өлкесі) Шұбар деп атайды.

Біздіңше, осы сөздердің бәрі де түркі тілдерінде жа

⁷⁷ Қараев С. Көрсетілген мақаласы. 73—75-б.

салған *сибир* (<*суб-йер*) сөзінің фонетикалық варианттары, екінші сөзбен айтқанда, бұлар түркі тілдерінен ауысқан. Түркі тілдерінің ең көне көрсеткіштерін бойында сақтаған шуваш тілінде *су* сөзі *шыв* түрінде айтылады⁷⁸. Осы шуваш тіліндегі *ш* дыбысының басқа түркі тілдерінде *с* дыбысымен алмасуы жиі кездеседі⁷⁹.

Ендеше басқа тілдердегі Шибер // Шабар атаулары («батпақ», саз» мағынасында) осы түркі тілдерінің бір диалектісінен ауысқан деп қарауға болады.

Көне түркі тіліндегі топонимдер

АЙРЫҚ — Қазақстанда жиі кездесетін атау. Бұл жөнінде топонимист Е. Қойшыбаев былай деп жазды: «Мұғажар, Оңтүстік Алтай және Іле Алатауындағы шың аттары. *Айрық* деп екі тау өзенінің немесе екі шатқалдың қосылатын жерін айтады»⁸⁰.

Айрық сөзінің қазақ тіліндегі мағынасы «айрылатын, бөлінетін жер»⁸¹. Тау, өзен, жол т. б. айрылатын, бөлінетін жері айрық. Географиялық атаулар осы сөзден қойылған. Атаудың түбірі *айыр* етістігі, ал оған қосылған *-ық* жұрнағы түркі тілдерінде етістіктен зат есім жасайтын өнімді қосымша⁸². Ә. Т. Қайдаровтың зерттеуі бойынша сөздің арғы түбірі *-ай*⁸³.

АРШАТЫ — Қарағанды облысы, Теңіз ауданындағы елді пункттің аты. Сөз түбірі *арша* (орысша—можжевелник) — көк жидегі бар, төгілме бұтақты өсімдік аты. Бұл атау көне түркі тілінде *артуч*⁸⁴, монғол тілінде *арц*, бурят тілінде *арса*, алтай тілінде *арчын*. Түркі халықтары түсінігінде бұл — қасиетті ағаш. Сөз сонындағы *-ты* туынды сын есімнің бір нәрсенің көптігін білдіретін көне жұрнағы. Қазақстанда осындай көне жұрнақ арқылы жасалған Алматы, Сілеті, Сөгеті, Бұғыты, Ебейті сияқты атаулар көп. Бұл атаулар қазіргі қазақ тілінің

⁷⁸ Егоров В. Г. Этимологический словарь чувашского языка. Чебоксары, 1964. С. 340.

⁷⁹ Щербак А. М. Сравнительная фонетика тюркских языков. Л., 1970. С. 161.

⁸⁰ Қойшыбаев Е. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. Алма-Ата, 1974. С. 19.

⁸¹ Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 1974. 1-т. 104-б.

⁸² Серебренников Б., Гаджиева Н. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков М., 1979. С. 106—107.

⁸³ Қайдаров Ә. Т. Көрсетілген еңбек. 187-б.

⁸⁴ Древнетюркский словарь. Л., 1969. С. 57.

заңы бойынша Аршалы, Алмалы, Сітелі, Сөгелі, Бұғылы, Ебейлі түрінде болуы керек еді. Бірақ олай болмай жоғарыдағыдай атауларда *-ты // -ті* жұрнақтарының сақталуы, біріншіден, қазақ халқының құрамына енген көне тайпалар тілінде мұндай форманың болғандығын дәлелдесе, екіншіден, топонимдік материалдарда тілдік көне көріністері ұзақ сақталатынын аңғартады, үшіншіден, қазіргі *-лы // -лі, -ды // -ді* формалары осы көне *-ты // -ті* жұрнағынан дамып шыққандығын дәлелдейді.

Бұл жұрнақ жөніндегі Л. Рамстедттің мына пікірі көңіл аударарлық: «Бір нәрсенің барлығын білдіретін түркінің *-lig* қосымшасы өзінің құрылымы жағынан *-tu* қосымшасына сай. Монғол тіліндегі *-tu* әдетте тек атауларда ғана, соның ішінде топонимикада кездеседі»⁸⁵.

Бұл айтылғаннан монғол тіліндегі *-tu* жұрнағы түркі тілдеріндегі *-лық // -лік, -лы // -лі, -ты // -ті, -ды // -ді* т. б. варианттағы жұрнақтарға сай келетінін байқаймыз.

Қорыта келгенде, Аршаты атауы екі компоненттен құрылған: *арша* (ағаш) + *ты* (көне түркі-монғол тілдерінде бір нәрсенің барлығын, көптігін көрсететін туынды сын есім жұрнағы). Ендеше *-ты // -ті* жұрнағы көне түркі заманында жасалған және Қазақстан топонимдерінде өзінің көне формасын сақтаған.

БАЛҚАШ — Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы көлдің аты. Мағынасы көмескіленгенімен «батпақ, саз» дегенді меңзейді. Сөздің бергі түбірі *балық*, біздіңше көне түркі тілдерінде «батпақ, саз, лай» дегенді білдірген. М. Қашқари дәл осылай деп түсіндіреді⁸⁶. Бұл сөзден *балықланды* (батпақтанды), *балықлығ* (сазды, батпақты) деген сөздер жасалған, Алтай тілінде *балқаш* — глина⁸⁷.

Қазақ тілінде *балқаш, балшық*, бурят-монғол тілінде *балшаг* — «грязь, тина лужа», тува тілінде *балар* — «тина». Бұл — сөздердің түбірі *бал* екенін дәлелдейді, бірақ алғашқы мағынасы көмескіленген.

Сөйтіп, Балқаш атауының бергі түбірі *балық* болса, *-аш* не? Ол туралы екі түрлі жорамал айтуға болады. Біріншіден, *с // ч // ш* дыбыстары ертеде көптік жалғау-

⁸⁵ Рамстедт Г. Введение в алтайское языкознание. М., 1957. С. 205.

⁸⁶ Кошгарий М. Индекс—лугат. Тошкент, 1967. 55-6.

⁸⁷ Молчанова О. Топонимический словарь Горного Алтая. Горно-Алтайск, 1979. С. 148.

ды білдірген⁸⁸. Екіншіден кейбір түркі тілдерінде *ч // ач // әч // аш // әш* кішірейту, немесе еркелету жұрнағы: *ата+ч* (батюшка мой), хакас тілінде *хазың+ас* (березка) — түбірі *хазың* (қайың, береза), алтай тілінде *аяғаш* (чашечка) — түбірі *аяқ* (чашка) т. б. Біздіңше, мұндай зат есімнен зат есім жасайтын жұрнақ көне түркі тілдерінде де болған. М. Қашқари еңбегіндегі *қулаш* сөзі *қол* (рука) + *аш* түрінде жасалған⁸⁹. Сөйтіп, атау мынадай жолмен жасалған: *бал* (мағынасы әзірге белгісіз) + *ық* (саз, батпақ) + *аш* (саздар, батпақтар) = *Бал(ы)-қаш* > *Балқаш*. Ә. Т. Қайдаров та осы пікірде⁹⁰. Қазақ тілінде «сазды жер, батпақты жер» дегенді «балқашты жер» деуі де осы этимологияны дәлелдей түседі. Сонымен Балқаш атауы көлдің жағасы сазды, батпақты болып келуін дәл көрсетеді. Осы себептермен біздің пікіріміз Е. Қойшыбаевтың этимологиясынан біраз өзгешеленеді⁹¹.

ӨЛЕНТІ — Қазақстанда осылай аталатын екі өзен бар: бірі — Целиноград, Павлодар облыстарында, екіншісі — Орал облысында. Өзендердің бұлай аталуы — олардың жағасында өлең шөптің (осока поникшая, осока ранняя) көп өсетіндігіне байланысты. Бұл сиыр малына өте жұғымды, сондықтан да қазақта «өлеңді жерде өгіз семіреді» деген мақал бар. Атау қазіргі тіліміздің заңына бағынып, неге *Өлеңді* аталмайды? Себебі, бұл атау сөздің аяғындағы туынды сын есім жасайтын *-ты* жұрнағы қазіргідей *-лы // -лі, -ды // -ді* т. б. варианттарына бөлінбей тұрған көне заманда жасалған. Ол кезеңде түркі тілдерінде сөз аяғында келетін *-лты, -рты, -нты // -нты* дыбыс тіркестері тән болған.

ШЕТ — Жезқазған облысындағы жер, аудан және ауылсовет аты. Алтай тілінде *чет* — молодой хвойный лес (особенно лиственничный)⁹². Тува тілінде шет — молодая лиственница⁹³. Біздіңше атау осы ағаш атынан қойылған болуы керек, өйткені бұл өлкеде мұндай ағаш

⁸⁸ Рамстедт Г. И. Введение в алтайское языкознание. М., 1957. С. 57; Серебренников Б., Гаджиева И. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Баку. 1979. С. 92—93.

⁸⁹ Қашқари М. Көрсетілген еңбек. 408-б.

⁹⁰ Қайдаров Ә. Т. Көрсетілген еңбек. 191-б.

⁹¹ Қойшыбаев Е. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. Алма-Ата, 1974. С. 53—54.

⁹² Молчанова О. Топонимический словарь Горного Алтая. Горно-Алтайск. 1979. С. 171.

⁹³ Тувиноско-русский словарь. М., 1955. С. 544.

сирек кездесетін болғандықтан, соның барлығын білдіру үшін аталған деуге болады. Ұйғыр тіліндегі *четин* (рябина) сөзі де осы сөзбен түбірлес болуы ықтимал. Ә. Қайдаровтың зерттеуі бойынша *шетен* сөзінің түбірі— *шет*⁹⁴.

ШІДЕРТІ деп аталатын Қазақстанда екі өзен бар: бірі — Қарағанды, Павлодар облыстарында, екіншісі — Орал облысының Жымпиты ауданында. Бұлардың екеуі де Өлеңті деген екі өзенге құяды, сондықтан Өлеңті, Шідертті атауларының бір-бірімен тығыз байланысы бар.

Бұл атау, біздіңше, Алтай автономиясы облысындағы Сүдерлү (Седерлү) топониміне ұқсас қойылған. Алтай тілі диалектісіндегі *Сүдерлү* (Седерлү) сөзінің мағынасы: «имеющий покров, защиту, тень»⁹⁵. В. Радлов сөздігінде де *сүдер* сөзіне «покров, тень...» деген түсінік берілген⁹⁶. Сөйтіп, түркі тілдеріндегі көне сөз түбірі *сүдер* // *седер* // *шідер* «жабын, көлеңке» деген мағынаны көрсетсе, осыған бір нәрсенің барлығын білдіріп, туынды сын есім жасайтын көне *-ті* жұрнағы қосылып, «жабынды, көлеңкелі, шөпті, қамысты» деген мағынаға не болған. Бұл этимологияға *Өлеңті* өзенінің аты өлең шөпке байланысты қойылуы да дәлел бола алады. Көне түркі тілдерінде сөз аяғында *-рты*, *-лты*, *-нты* көне дыбыс тіркестері жиі келетіні де бұл этимологияға қосымша дерек.

Көне қазақ тіліндегі топонимдер

БАҒАНАТЫ — Солтүстік Қазақстан облысы, Целинный ауданындағы елді пункт аты. Бұл бағаналы деген ру атының көне түрі болуы керек. Мәселен, Қостанай облысы, Семнозер ауданында Бағаналы деген жер аты бар. Бұл екеуінің де түбірі *бағана*; сол рудың таңбасынан қойылған. Ал Бағанаты атауындағы *-ты* жұрнағы бір нәрсенің барлығын білдіретін, зат есімнен сын есім тұғызатын *-лы* жұрнағының көне варианты.

БҰҚТАРМА — Ертіске құятын өзен аты. Бұл өзен Ертіс бассейніне құятын болғандықтан алын отырмыз. Біздіңше атаудың түбірі *бұқ* — етістік, *-тыр* — етіс жұрнағы, ал *-ма* — етістіктен зат есім тұдыратын жұрнақ.

⁹⁴ Қайдаров Ә. Т. Көрсетілген еңбек. 302-б. Шет. II.

⁹⁵ Молчанова О. Т. Көрсетілген еңбек. 296-б.

⁹⁶ Радлов В. В. Опыт словаря тюркских наречий. СПб., 1911. Т. 4., Ч. 1. С. 938.

Мәселен *сарқырама, маңырама, басқарма* т. б. сөздер осы жолмен жасалған. *Бұқтырма* өзенінің аты *Бұқтарма* болып айтылуына орыс тілі әсер еткен, өйткені оның орысша аталуы Бухтарминская ГЭС. Өзеннің қатты ағысы, бұқтыра, жұлқына ағуы атаудың мағыналық негізі болған. Сөйтіп бұл атау *Бұқ+тыр+ма > Бұқтарма* жолымен жасалған.

ДОҒАЛАҢ — Қарағанды облысының Егіндібұлақ және Талды аудандарындағы жер аты. Бұл *доға* сөзіне (зат есімге) *-лаң* жұрнағы қосылып жасалған, осы жердің доғаға ұқсап жатқанын көрсетеді. *Созалаң, шұбалаң* деген сөздердегі *-лаң* жұрнағы да осы жұрнақпен түбірлес.

ЖАРЫҚҚОПА — Көкшетау облысы, Уәлиханов ауданындағы жер аты, ауылсовет аты. Бұл жақта *Жарық* деген жер атаулары жиі кездеседі және бұлай деп ойлы-қырлы, кішкене төмпешіктері бар ойпаттау келген көгал жерлерді айтады. Сөздің түбірі *жар* — етістік, осыған етістіктен зат есім жасайтын *-ық* жұрнағы қосылып, «жарылған жер» деген мағынаны беретін атау жасалған. *Жарық* («жарылған») деген сөзге *қопа* термині қосылып, *Жарыққопа* деген топоним құрылған.

КӨКТИҢ КӨЛІ — Жезқазған облысы, Ақадыр ауданындағы жер аты. Мұндағы *көк* деген сөз көне қазақ тілінде «аспан» деген мағынадан басқа «тәңірі» деген мағынада да қолданылған. Сондықтан бұл «тәңірінің көлі», «қасиетті көл» дегенді білдірген.

ҚАҒЫЛ — Қарағанды облысында Бас Қағыл, Орта Қағыл, Аяқ Қағыл деген тау аттары бар. Мұндағы *Қағыл* атауы *қағу* (жел қағу, желмен үрлеу) етістігіне зат есім жасайтын *-ыл* жұрнағы қосылу арқылы жасалған. Ойыл (*ой+ыл*), Қиыл (*қи+ыл*), Орал (*ора+л*) атаулары да осы жолмен түзілген.

ҚАЙНАР — Қазақстанда жиі кездесетін атау. Мәселен, Көкшетау, Целиноград облыстарында осындай селолық советтер аттары бар. Атау географиялық терминнің негізінде бір сөзден жасалған. Мағынасы: бұлақ, көз, жер астынан шығатын су. Түбірі *қайна* (етістік), *+р* (етістіктен есім жасайтын жұрнақ). Атбасар, Қойбағар сияқты атаулар да осы үлгімен жасалған. Атау жер астынан шығатын судың табиғи көрінісін дәл көрсетеді.

ҚАРАСУҚ — Павлодар облысының Качыры ауданындағы жер аты. Атау екі сөзден жасалған: *Қара+суқ*.

Қазіргі тіл формасына айналдырсақ, Қарасу болады. Бұл жерде Ертіс өзенінен бөлініп қалатын Қарасудың атынан қойылған.

ҚОРҒАН — Қазақстан топонимдерінің құрамында жиі кездесетін географиялық термин. Мәселен, Қорғанкөл, Қорғантас, Қорғанша т. б. атаулар осы термин арқылы жасалған. Қарағанды облысы, Нұра ауданында Қорғанжар деген жер, Сібірде Қорған деген қала бар. Сөздің түбірі — біздіңше, *қор+ы* етістігі, осыған етістіктен зат есім жасайтын *-ған* жұрнағы қосылып, *қоры+ған* қорған өзгерісіне түскен. Ә. Қайдаров сөз түбірі *қор* деп қарайды⁹⁷. Мұндай жұрнақ арқылы қап+қан, ту+ған, туыс+қан сияқты сөздер жасалған. Етістіктен зат есім тудыратын *-қан* // *-кен*, *-ған* // *-ген*, *-қан* жұрнағы түркі тілдерінде кеңінен тараған⁹⁸.

ҚҰЙҒАН — Іле өзенінің Балқаш көліне құятын жері. Бұл жердің Құйған атану себебі Іле өзенінің Тонар, Жиделі т. б. тармақтары Балқаш көліне жетпейді. Ал Іленің негізгі арнасы ғана Балқашқа құяды. Міне сондықтан бұл жерді Құйған деп атайды. Сөздің түбірі *қуй-* етістігі, оған есімшенің *-ған* жұрнағы қосылып, атау жасалған. Ұлан, Жыланды және Байсерке өзендерінің түйісіп келіп, Ертіске құятын жерін Түгіскен деп атайды. Бұл атау да етістікке *-кен* есімшесі қосылу арқылы жасалған.

ШАҢДАҚ — Қостанай облысы, Федоров ауданындағы жер аты, елді пункт аты (орысша—Чистый Шандақ). Бұл жер жел соққанда шаңды болып жатуына байланысты қойылған. Сөз түбірі *шаң-* (тозаң) + *дақ* (бір нәрсенің барлығын білдіріп, туынды сын есім жасайтын көне жұрнақ, қазіргі *-лы* // *-лі*, *-ты* // *-ті*, *-ды* // *-ді* жұрнақтарының көне түрі). *Тастақ* деген жер аты мен *құмдақ* деген сөз осы үлгімен жасалған.

ШАҚАТ — Көкшетау облысы, Ленин ауданындағы жер аты, Павлодар облысы, Павлодар ауданындағы сельсовет аты. Бұл жақта бетіне соры ақ болып шығып жататын, өсімдігі шамалы жерді осылай атайды, сондықтан бұл атауды географиялық терминнен жасалған деп қарауға болады. Біздіңше, атау екі компоненттен жасалған: *шақа* + *т*. Бірінші бөлімі қазақ тілінде «кызыл шақа

⁹⁷ Қайдаров Ә. Т. Көрсетілген еңбек. 247-б. (Қор III).

⁹⁸ Серебренников Б., Гаджиева Н. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. М., 1979. С. 107.

ет», «қызыл шақа балапан» деген тіркестердің құрамында келіп, «майы жоқ ет», «қауырсын-жүйі шықпаған балапан» деген мағынада қолданылады. Қысқасы *шақа* сөзінің «тақыр» деген де мағынасы бар. Міне осы мағынадағы сөзге *-т* жұрнағы қосылуы арқылы Шақат атауы жасалған.

Қазіргі қазақ тіліндегі топонимдер

Бұған Алатау, Ұлытау, Қаратау, Ақсу, Көксу, Сарысу, Кішкенекөл, Саумалкөл, Түйекеткен, Шалсүрінген, Тоқайқазған, Төрекелді, Қарынсалды, Қайыңды, Қарағайлы, Ұялы, Шортанды, Енбекшілдер, Алғабас т. б. сияқты мағынасы да, жасалу жолы да айқын әрі түсінікті мыңдаған, миллиондаған атаулар жатады. Осы сияқты атаулардың этимологиясы анық болғандықтан, бұл тұрғыдан зерттеуді қажет етпейді. Бұлар Орталық Қазақстан топонимдерінің лексика-семантикалық, лексика-грамматикалық және лексикалық құрамы туралы кейінгі тарауларда толық сөз етіледі.

Басқа тілден енген топонимдер

Орталық Қазақстанда иран, монғол, орыс тілдерінен енген топонимдер орын алған. Мұның ішіндегі ең көбі— орыс тілінен енген атаулар. Жер-су аттарының Қазақстан жерінде орысша қойылуы XVIII ғасырдан басталғандықтан, олардың мағынасы түсінікті, этимологиясы айқын. Басқа тілдерден енген атаулардың ең көнесі— иран тілдерінен енген топонимдер. Бірақ, бұлардың саны өте аз және көбіне топонимдік тіркесте ғана қолданылады. Араб тілінен тікелей енген атау мүлде жоқ деуге болады, тек «пәленшенің мазары» деген сияқты тіркесте келіп, жеке адамдардың зираты орналасқан орынды көрсетеді.

Орталық Қазақстанда монғол-қалмақ тілінен енген атаулар әжептеуір мөлшерде кездеседі, бірақ бұлар да әлі жете зерттелмей жатыр. Енді осыларға жеке-жеке тоқталайық.

Иран тілдерінен енген атаулар

МАҚАНШЫ — Семей облысындағы аудан және аудан орталығының (село) аты. Мақаншы селосы Алақөл-

дің солтүстік жағына қарай осы көлге құятын Қатынеу өзенінің бойында орналасқан. Алакөлден қашықтығы 60 км. Бұл аймақта Алакөлге құятын Қатынеу, Емел, Тасты, Үржар өзендері мен олардың салалары бар. Алакөлмен қатар жатқан Сасықкөлді былай қойғанда, бұл өзендерде де сазан, қарабалық т. б. балықтардың түрлері бар. Ал Алакөлдің өзінде сазан, алабұға, көкбас т. б. балықтар өндірістік дәрежеде ауланады.

Атаудың түбірі *мақан* сөзі біздіңше, иран тілдері негізінде жасалған: *мохи* (тәжікше «балық») + *он* (сол тілде көптік жалғауы) — *мохион* > *мохон* > *мақан*; яғни «балықтар, көп балық» деген сөз⁹⁹. Бұл жерде тәжік тіліндегі *о* дыбысы қазақ тіліндегі *о* дыбысы мен *а* дыбысының арасындағы тіл арты дыбыс екенін ескерген жөн. Тәжік тіліндегі осы дыбыс өзбек тіліне де әсер өтіп, солай айтылатынын да еске сала кетейік¹⁰⁰. Осы заңдылықтың себебінен тәжікше *буқоқ* (айтылуы сәл басқаша), *бурон*, *болға*, *Бозорчи* т. б. сөздер қазақ тілінде *бұғақ*, *боран*, *балға*, *базаршы* түрінде айтылады. Ендіше жоғарыда көрсетілген *мохион* > *мохон* өзгерісіне түскен сөз қазақша *мақан* болып айтылуы әбден заңды. Ал бұған қосылған *-шы* жұрнағы зат есімнен зат есім жасап тұрған кәсіпті білдіретін жұрнақ екені белгілі. Иран тілдерінен енген *мохон* > *мақан* сөзін қазақтар (көне тайпалары) «балықтар» деп түсінбей «балық» деп ұққанда, оған *-шы* қосымшасын қосып, сол жерге *мақаншы* яғни «балықшы» деген ат берген. Шынында да бұл маңда көне замандарда аталған өзендер мен Алакөл, Сасықкөлдерден балық аулайтын тайпалар мекендеуі әбден ықтимал.

ДАРА — Ұлытау мен Арғанаты тауларының шатқалдары мен етегінде Айбас дарасы, Нөгербек дарасы деген ескі қалалардың орны бар¹⁰¹. Бұлар XIV—XV ғасырлардағы қыпшақтардың қаласы. Шығыс Қазақстан облысы, Большенарым ауданында Шолақдара деген атау бар. Осы атаудың этимологиясы туралы Ж. Болатов былай деп жазды: «Бұл жақта *дара* сөзінің тіркесе келуі арқылы жасалған біраз топонимикалық атаулар кездеседі. *Дара* біраз түркі тілді елдерде (Өзбекстан,

⁹⁹ Таджикско-русский словарь. М., 1954. С. 234, 536.

¹⁰⁰ Сонда. 533-б.; Узбекско-русский словарь. М., 1959. С. 681.

¹⁰¹ Маргулан А. Х. Остатки оседлых поселений в Центральном Казахстане // Археологические памятники Казахстана. Алма-Ата, 1978. С. 17.

Азербайжан, Түркменстан, Түркия т. б.), осымен бірге Тәжікстанда, Арменияда, Иранда «шатқал, кезен, асу» мағынасында жер-су аттарының құрамында ұшырайды. Мақита дарасы, Шөңген дарасы, Бапа дарасы, Шолак дарасы деген жерлер бар. Бұл өңірде *дара* сөзі қорған сияқты мал қамайтын бекініс мағынасында да қолданылады. Кейде жергілікті халық тау арасын да *дара* дейді. Мысалы, Бапа дарасының (шатқалының) жан-жағы қорым, ортасы жазық. Жергілікті тұрғындардың *дара* сөзіне үйренгені, бауыр басқаны сонша, оны қазақ сөзі деп дауласады»¹⁰².

Дара термині жайында Э. М. Мурзаев былай деп жазды: «Дара, дере — ущелье, каньон, овраг, горный проход (тадж., узб., турк.). В Азербайджане и Турции — долина, ущелье, овраг... во многих названиях Турции, Кавказа, Средней Азии, Ирана»¹⁰³.

Э. Мурзаев пен Ж. Болатов бұл атаулардың қай жерде кездесетінін және қандай мағынада қолданылатынын айтқандарымен қай тілден таралғанын көрсетпейді.

Біздің ойымызша, *дара* сөзі жоғарыда көрсетілген жерлермен қатар Орталық Қазақстанда иран тілдерінен тараған. Қазіргі тәжік тілінде *дара* — «шатқал, тау өткелі» деген сөз¹⁰⁴. Бұл сөз қолдану барысында мағынасын өзгертіп, белгілі бір адамның «жайы», «ауласы», «мекені» деген мағынада қолданылатын болған.

ҚЫЗЫЛКЕНТ, ТАЛДЫКЕНТ—X—XII ғасырларда Дешт-и Қыпшақ даласында, қазіргі Жезқазған облысында осындай қалалардың аты болған, оның ескі жұрты қазірде бар¹⁰⁵.

КЕНТ сөзі түркі тілдеріне иран тілінен енген¹⁰⁶. Біздің топшылауымызша, бұл сөз шығыс иран халықтарымен қарым-қатынастардың нәтижесінде Қазақстанның оңтүстігіне VI ғасырларда еніп, кейбір қала аттарын жасауға негіз болды. Ал орта ғасырларда бұл геогра-

¹⁰² Болатов Ж. Шығыс Қазақстан облысы... қазақтар тіліндегі ерекшеліктер туралы // Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. Алматы, 1963. 5-шығуы. 183-б.

¹⁰³ Мурзаевы В. и Э. Словарь местных географических терминов М., 1959. С. 70.

¹⁰⁴ Таджикиско-русский словарь. М., 1954. С. 116.

¹⁰⁵ Байпаков К., Ерзакович Л. Древние города Казахстана. Алма-Ата, 1971. С. 199—202.

¹⁰⁶ Бартольд В. В. История культурной жизни Туркестана. Л., 1927. С. 33.

фиялық терминнің Орталық Қазақстанға тарағанын жоғарыдағы Қызылкент, Талдықент атауларының құрамында кездесуінен айқын аңғарамыз.

Монғол тілінен енген топонимдер

Қазақстан жерінде XIII ғасырдың бас кезінен басталған монғолдардың үстемдігіне байланысты монғол тілінен көптеген топонимдер енді. Бұл топонимдердің біразы XVIII ғасырдың басында Қазақстанға шабуыл жасаған жоңғар қалмақтарының жорықтарына да байланысты болды. Сөйтіп Орталық Қазақстанға және оған көршілес кейбір аудандарға монғол тілінен енген атауларға төмендегідей топонимдерді жатқызуға болады.

АБЫЛАЙКЕТКЕН — Басы Қалба тауынан басталатын өзен аты, Ертістің бір саласы. Орысша — Аблакетка» деп аталады. Жергілікті тұрғындар арасында бұл өзенге «Абылай суға кетіпті, содан Абылайкеткен аталыпты» деген аңыз бар. Бұл, біздіңше, халық этимологиясы. Ғ. Қоңқашбаевтың зерттеуі бойынша атау монғолдың Абылайхит (Абылай монастыры) деген сөздерінен қойылған.

Шынында да «Монғолша-қазақша сөздікте» — *хийд* монастырь (шіркеулік, жер қауымы) деген түсінік беріледі¹⁰⁷. Тарихи мәліметтерге қарағанда, бұл монастырь XVII ғ. жоңғар ханы Абылайдың қонысы болған¹⁰⁸. 1654 жылдың қысында орыс елшісі Федор Байков Қытайға бара жатқан жолында Абылай қонысында қыстап шыққан. Петр I патшалық құрып тұрған кезде осы монастырьдың қолжазбалары Петербургке жөнелтілген. Осы қолжазбалар арқылы Батыс Ертіске құяр сағасында Аблакетка поселкесі орналасқан. Мұнда Қазақстандағы Ертіс бойындағы ең күшті су электр станциясы жұмыс істейді¹⁰⁹.

Бұл жерде экспедицияда болған Ж. Болатов жоғарыда айтылған ел аузындағы аңыз бен Ш. Уәлиханов-

¹⁰⁷ *Хабшай С., Минис Ә.* Монғолша-қазақша сөздік. Ұланбатор 1954. 270-б.

¹⁰⁸ Россия. Полное описание нашего Отечества СПб., 1903. Т. 18; 1913. Т. 19.

¹⁰⁹ *Қоңқашбаев Г.* Географические названия монгольского происхождения // Известия АН КазССР. Серия филологии и искусствоведения 1959. Вып. 1, 2. С. 87—88.

тың пікірін келтіріп қана шектелген ¹¹⁰. Ш. Уәлиханов Аблайкеткен (Аблайкитке) өзенінің бойында Аблай атымен аталатын кит (монастырь) бар екенін ол Өскеменнен 70 км. жерде орналасқанын және оның (монастырьдың) XVII ғасырда салынғанын айтады.

Сонымен бұл атау *Аблай* (XVII ғасырда осы жерде қоныстанған қалмақ ханы) — *хийд* (монастырь) деген монғол сөздерінен жасалған. Ал атаудың Аблайкеткен формасына көшуіне, біздіңше, оның орысша Аблакетка аталуы әсер еткен. Өзен аты *Аблайхийд* // *Аблайкет* формаларына орысша *-ка* жұрнағы жалғануы орынды, өйткені бұл орыс тілінде өзен атына қосылып, сол мағынаны білдіретін суффикс. Осы Аблайкетка атауының мағынасын жоғарыдағы «Абылай (суға) кеткен» аңызына байланысты қазақтар өзінше Абылай кеткен» деп бұрмалап қолданатын болған.

АРАСАН—Қазақстанда *Арасан* сөзімен қосылып жасалған атаулар біраз баршылық. Бұл термин Орта Азияда, Монғолияда, Қытайда, Алтай мен Қиыр Шығыста кең тараған. Ол монғол тілінде *аршаан*, тува тілінде *аржаан*, өзбек тілінде *арашан*, алтай тілінде *арасан*, түркмен тілінде *арчман* түрінде қолданылады. Беретін мағынасы: «минералды су», «шипалы бұлақ».

Зерттеушілердің пікіріне қарағанда, бұл сөз Орта Азияға буддизм діні арқылы тараған. Белгілі түрколог К. К. Юдахин аталған термин санскрит тілінен, ал қырғыз тіліне ұйғырлар арқылы тараған деп қарайды ¹¹¹. С. Қарасев бұл термин санскрит тіліндегі *рашиани* (күдайлар асы) сөзінен өрбіген дейді ¹¹². Түркмен топонимісі С. Атаниязов бұл терминді кавказ тілдеріндегі *нарзан*, армян тіліндегі *арзни* (минералды бұлақ) сөздерімен түбірлес деп есептейді ¹¹³. Санскрит және қазіргі үнді тілдерінде *рашаяна*, *рашян* формаларында келетін бұл сөз түркі-монғол тілдерінде *аршан* // *арашан* формаларында келуі — бұл тілдерде сөз басында **р** дыбысының қолданылмауынан болса керек. Ал қазақ тілінде

¹¹⁰ *Болатов Ж.* Шығыс Қазақстан облысы... қазақтар тіліндегі жергілікті ерекшеліктер // Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. 1963. 5-шығуы. 183-б.

¹¹¹ *Юдахин К. К.* Киргизско-русский словарь. М., 1965. С. 65.

¹¹² *Қораев С.* Географик намылар магнотини биласизма? Тошкент. 1970. 15-б.

¹¹³ *Атаниязов С.* Түркменстанның топонимик сөзлүгү. Ашгабат. 1970. 31-б.

терминнің *арасан* түрінде қолданылуы *с ~ ш* дыбыстарының атмасуы әсерінен.

ДАБЫСЫНТҮЗ — Бетпақдаладағы үлкен тұзлы көлдің аты. Орысша Дабсунтузсоль деп аталады. Атау монғолдың *давсон* (түз) деген сөзінен алынған¹¹⁴. Арқа жақта кейбір ащы көлдерді «Жақсытүз», «Жамантүз» деп те атайды. Бұл атаудың орысша вариантымен қосқанда *түз + түз + түз* деп үш тілдегі (монғол, қазақ, орыс) сөздер қайталанып тұр: монғолша *давсын* (түз), қазақша *түз*, орысша *соль* (түз). Ғ. Қоңқашбаевтың пікірі де осы тәрзідес.

ДЕРЕСІН—Балқаш көлінің солтүстік жағасындағы (Жезқазған облысы) жер аты. Жері шіллі, қалың шөпті болып келеді. Біздіңше, бұл монғолдың *дэрс* (үн) — «шиллі», «шөпті»¹¹⁵ деген сөзінен алынған. Ғ. Қоңқашбаев та осы пікірде бола отырып, бұл аймақта Бас — Дересін, Орта — Дересін, Аяқ — Дересін деген жерлер бар екендігін көрсетеді¹¹⁶.

Мұндай атау Монғолияда жиі кездеседі. Атаудың мағынасы «жыңғылды», «шиллі» дегенге келеді және жердің физика — географиялық қасиетін дәл береді.

ДҮРБІЛЖИҢ—Көкшетау облысындағы Бурабай тауларының оңтүстік-шығыс жағындағы тау аты. Бұл, біздіңше, монғолдың *дорвелжин* (төрт бұрыш, шаршы) деген сөзінен қойылған¹¹⁷. Бурят-монғол тіліндегі *дүрбэлжэн* деген сөз де осы мағынада¹¹⁸. Шынында да бұл тау онша биік емес, формасы жалпақ бітімді, сондықтан да оның монғолша «төртбұрышты» аталуы объектінің бейнесін дәл береді.

ҚОЯНДЫ-ТОЛАЙ Қарағанды облысындағы Бұланты өзенінің бір саласының аты. Ғ. Қоңқашбаевтың пікірі бойынша, бұл атаудың екінші бөлімі монғолдың *тулай* (қоян) деген сөзінен қойылған. Бұл атаудағы *қоянды* сөзі де осы өзен бойында қоянның көп екенін білдіріп

¹¹⁴ *Хабшай С., Миніс Ә.* Монғолша-қазақша сөздік. Ұлапбатор. 1954. 71-б.

¹¹⁵ Сонда. 85-б.

¹¹⁶ *Қоңқашбаев Г.* Географические названия монгольского происхождения // Известия АН КазССР. Серия филологии и искусствоведения. Вып. 1 (II). 1959. С. 95.

¹¹⁷ *Хабшай С., Миніс Ә.* Монғолша-қазақша сөздік... 79-б.

¹¹⁸ *Черемисов К.* Бурят-монгольско-русский словарь. М. 1951. С. 226.

түр ¹¹⁹. Монғолша-қазақша сөздікте *туулай* сөзін қоян деп аударған ¹²⁰. Сонымен бұл гидронимнің мағынасы: *қоянды-қоян* (туулай), яғни Қоянды (өзен).

Мұндай екі-үш тілде бір мағынада жасалған атау топонимикада кездесетін құбылыс: Талғар (*тал* иран тілдерінде «тау» (+*ғар*) ностратикалық тілдерде «тау») Дабсынтузсоль); *давсун* — монғолша «тұз», *туз* — қазақша «тұз», *-соль* — қазақша «тұз». Сонда *тұз+тұз+тұз* (бір атау) осының дәлелі.

Орталық Қазақстандағы орыс топонимдері

Тарихи маңызы зор оқиға — Қазақстанның Россияға өз еркімен қосылуы Қазақстанда, соның ішінде Орталық Қазақстанда орыс топонимдерінің пайда болуына да негізгі тиек болды. Орыс Географиялық атауларының бұдан кейінгі кездерде молая беруі Қазақстан мен Россия арасындағы әр алуан тарихи қарым-қатынастарға тікелей байланысты болып отырды ¹²¹.

Алайда орыс-қазақ халықтары арасындағы тілдік, әлеуметтік байланыс процестері әлдеқайда бұрын басталған-ды.

XVI ғ. өзінде Россия қазақ даласына өз назарын аудара бастаған. Орта Азиямен және Шығыс мемлекеттерімен шекаралас жатқан қазақ жерлері арқылы ірі сауда жолдары өткен. Шығыс пен (Қытай, Индия, Ауғанстан т. б.) батысты байланыстыратын саяси және экономикалық маңызы зор қазақ жерлерінің Россияға қосылуы, Россияның шығыстағы сауда, экономикалық және саяси, әскер жағдайын жақсарту түсетіні анық еді. Сонымен қатар, қазақ халқының сол кездегі ауыр жағдайы, Жонғар хандығы төндірген хауіп-қатер орыс және қазақ мемлекеттерінің өз ара жақындық түсуіне себеп болды. Қазақтардың Россияның қол астына өз еркімен енуіне — Россияға барған сол кездегі қазақ елшіліктерінің әсері күшті болды ¹²².

XVI ғасырда Россияға Астрахань және Казан хан-

¹¹⁹ *Конкашпаев Г.* Географические названия монгольского происхождения // Известия АН КазССР. Серия филологии и искусств. 1959. Вып. 1 (II). С. 95.

¹²⁰ *Хабшай С., Миніс Ә.* Монғолша-қазақша сөздік... 80-б.

¹²¹ *Джанузакөв Т.* Очерк казахской ономастики. Алма-Ата, 1982. С. 44.

¹²² История Казахской ССР. Алма-Ата, 1979. Т. 3. С. 25.

дықтары, XVI ғасырдың аяғында Батыс Сібір қарады. Соның нәтижесінде Россия мен қазақ жерлерінің шекаралас болуы екі халық арасында сауда-саттық, саяси-мәдени және тілдік өзара байланысты күшейтуіне мүмкіндік туды. Сол кездерде-ақ қазақ тілі басқа түркі тілдерден ерекшеленіп, қалыптаса түскен еді ¹²³.

Қазақ халқының Россиямен XVII ғасырдың басында басталған экономикалық, сауда-саттық, саяси байланыстары екі ел тілінің лексикасында да өз ізін қалдырмай қоймады. Сол кезде қазақ тіліне енген орыс сөздерінің құрамы алуан түрлі болды ¹²⁴.

XVII ғасырдың басында Батыс Қазақстанда орыс жерлерімен шекаралас аудандарда алғашқы орыс елді мекендері пайда болады.

1748 жылдан бастап, орыс әкімшілігі қазақтарға хутор салуға рұқсат берді. Сонымен қатар «жаңа линиялар» пайда бола бастайды: 1734 жылдан бастап — Верхнеяицкая линиясы, (XVIII ғ.) 30—40 жылдары Уйская линиясы салынып, 1752 жылы Ново-Ишим линиясының құрылысы бітеді, сол жылдары Уйская линиясы Иртыш линиясымен қосылады, Красногор дистанциясы және Орск линиясы жасалады ¹²⁵.

Бұл линиялардың бойында орналасқан әскери бекіністер орыс патша әкімшілігіне отаршылдық саясатын жүргізуге зор мүмкіншілік туғызды. Линия бойынша көптеген елді мекендер (қазақтардың станциялары және шаруалардың слободалары) пайда болды ¹²⁶. Орыс елді мекендеріне орысша атаулар қойылып, қазақ топонимиясы құрамында орыс тілінен енген топонимдер пайда бола бастады.

Қазақстан жерінде ертеде салынған орыс қалаларының біразы әуелде қамал, бекініс ретінде пайда болған-ды. Мысалы, 1752 жылы Петропавловск қаласы Ишим линиясында қамал (крепость) ретінде орнаған.

XVIII ғасырдың бірінші жартысында Орынбор (Оренбург) Троицк, Гурьев т. б. қалалары қазақтармен сауда-саттық жасайтын ірі сауда орталықтарына айналды ¹²⁷. Жоғарыда аталған сауда-экономикалық орындар

¹²³ Современный казахский язык. Алма-Ата, 1962. С. 9.

¹²⁴ Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1982., 44-б.

¹²⁵ История Казахской ССР. Т. 3. С. 48.

¹²⁶ Бұл да сонда.

¹²⁷ *Апполова Н. Г.* Экономические и политические связи Казахстана с Россией в XVIII начале XIX в. М., 1960. С. 233—318.

орыс-қазақ халықтарының жақындасуына үлкен әсерін тигізді.

Көптеген орыс бекіністері (крепости, укрепления, пункты, заимки, станицы) Орынбор (Оренбургская), Сібір (Сибирская) сияқты линиялардың бойында орналасты. Тарихи документтерде келтірілген олардың аттары мынадай: Красногорская, Верхнеозерная, Илвинская, Губернинская, Орская, Тамалыцкая, Уртазынская, Кизильская, Магнитная, Верхнеуральская, Степная, Троицкая, Каракульская, Крутоярская, Устуйская, Звериноголовская, Илецкая защита¹²⁸. Отырықшы елді мекендер осы бекіністердің маңында орналасқандығы жөнінде мынадай дерек бар.

1852 ж. Сібір казактары Шекаралық басқармасының есебінде қазақ даласының Алатау, Қарқаралы, Құсмұрын, Көкбекті, Аягөз, Ақмола, Қапал және Көкшетау, Баянауыл, Атбасар, Ұлытау жерлеріне отырықшы елді мекендер орналасқаны жөнінде мәлімет көрсетілген»¹²⁹. Кейбір ірі елді мекендерге патша әкімшілігі полиция аппаратын орнықтырып, оларды қала дәрежесіне көтерді. 1854 жылы Көкпекті, Аягөз сияқты ірі елді мекендер қала дәрежесіне жетті. Аягөз қаласына 1860 жылы патша бұйрығымен «Сергиополь» деген жаңа ат қойылды¹³⁰.

Сонымен, алғашқы орыс мекендері Шекара аймақтардың (Пограничные линии) бойында, яғни Россия мен қазақ жерлерінің шекараларында орын теуіп, қазіргі Қазақстан картасындағы көптеген орыс топонимдерінің дамуына негіз болды. Октябрь революциясынан бұрын пайда болған Қазақстандағы орыс топонимдерінің көпшілігі Қазақ ССР-інің РСФСР-мен шекаралас облыстарында орналасқан еді. Орыс географиялық атаулары Қазақстан жерінің әрбір өлкесінде кездеседі. Олардың бастылары: 1) Солтүстік аймақта (Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Көкшетау облыстары); 2) Ертіс бойында (Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстарында);

3) Батыс Қазақстан (Орал өңірі¹³¹) деп жазды топонимист В. Жучкевич.

Э. М. Мурзаев славян (орыс және украин) география-

¹²⁸ Казахско-русские отношения в XVI—XVIII веках. Алма-Ата, 1961. С. 189—193.

¹²⁹ Казахско-русские отношения... С. 397.

¹³⁰ Казахско-русские отношения в XVIII—XIX вв. С. 484.

¹³¹ Жучкевич В. А. Общая топонимика. Минск, 1968. С. 233.

лық атауларының Орта Азия және Қазақстан топонимиясының құрамына ену жолдарын былайша көрсетеді: 1) шаршылық саясаттың ықпалымен әкімшілік түрде қойылған атаулар, ондай атаулар темір жол станцияларына, қалаларға берілген; 2) Россия және Украина жерлерінен шаруалардың көшіп келуіне байланысты атаулар; 3) табиғат пен географиялық объектілерді зерттеулер кезінде қойылған атаулар¹³². Орталық Қазақстанда орыс топонимдерінің пайда болу жолдары белгілі совет топонимісі Э. М. Мурзаев жоғарыда көрсеткендей славян топонимдерінің түркі топонимиясына ену жолдарымен толық сәйкес келеді.

Жаңа жерге қоныстану, елді мекендерді салу Россия мемлекетінің саясаты мен экономика мүдделеріне тікелей байланысты болған еді. Атап айтқанда, Россия экономикасын одан әрі дамыту үшін Россия империясының шеткі аймақтарындағы қазба байлықтарды игеру мақсаттары да ойластырылды. Қазба байлықтарды игеру жолдарын көздеген орыс капиталистері әскери бекіністерді «қырғыз даласының» ішіне енгізуді талап етіп, патша әкімшілігіне хаттар жолдаған. Мысалы, Демидовтың император І Александр атына жолдаған «Запискасында» орыс бекіністерін Түндөк, Қарасор, Жарлы өзендерінің бойына, яғни (қазіргі Қарағанды облысының Талды, Егіндібұлақ аудандары) алтып, күміс кендері бар жерлерге орнатуын сұрайды¹³³.

Бұл жерлердегі орысша атаулардың пайда болуы осы өңірге Россиядан және Украина жерлерінен шаруалардың қоныс аударуына және өз бетімен көшіп келуіне байланысты еді. Әсіресе, ХІХ ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап Орталық Россиядан Қазақстанға шаруалар қауырт көше бастайды¹³⁴. 1896 жылы Ақмола және Семей облыстарының біраз уездерінде (Ақмола, Петропавл, Көкшетау, Атбасар, Омбы, Павлодар, Өскеменге көшіп келген шаруалардың 43 болысы құрылды, шаруалардың саны 150 мың адамға жетті¹³⁵. Орталық Қазақстанда Совет өкіметі орнаған соң көптеген жаңа орыс топонимдері пайда бола бастайды. Әсіресе, өнеркәсіпті аудандарында кен, завод, фабрика, ірі құрылыстар бар жерлерде орыс топонимдері көптеп қойыла бастайды.

¹³² Мурзаев Э. М. Очерки топонимии. М., 1971. С. 214.

¹³³ Казахско-русские отношения... С. 219.

¹³⁴ История Казахской ССР. Т. 3. С. 251.

¹³⁵ Сонда. 260-б.

Мысалы, Орталық Қазақстанның ірі өнеркәсіпті, экономикалық орталығы — Қарағанды төңірегінде орыс географиялық атаулары мол шоғырланған (Шахтинск, Новоорлинский, Спасский заводы, Токаревка, Ульяновский, Пролетарское т. б.).

1950 жылдардан соң Қазақстанның тың жерлерін игеру кезеңімен байланысты Целиноград, Павлодар, Қостанай, Қарағанды, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан, Торғай т. б. облыстарда жүздеген жаңа совхоздар, поселке, село, қалалар пайда болды. СССР-дің әр республикасынан келген ондаған ұлт өкілдері жаңа совхоздарға, елді мекендерге совет өмірін, халықтардың мызғымас достығын паш ететін географиялық атаулар қойды.

Тың жерлерді игеру — бүкілодақтық іске айналды. 1954 жылдың өзінде Қазақстан тың жерлеріне РСФСР, Украина ССР-і тағы да басқа республикалардан 19 240 комсомол мен жастар келді¹³⁶. Сол кездерден бастап тың жерлерге тұрақты қонысқа Украина, Белоруссия және басқа республикалардан бүкіл семьяларымен адамдар көшіп келе бастады. 1954—1955 жылдары тың өңіріне 20 мың семья көшіп келді¹³⁷. Осыған байланысты жаңа елді мекендер, жаңа поселкелер құрылды.

Көптеген жаңа совхоздар тұрғындық бұрынғы, ежелгі елді мекендерінің атымен аталды: «Московский», «Астраханский», «Бауманский», «Горьковский», «Днепропетровский», «им. Богдана Хмельницкого», «Киевский», «Краснопресненский», «Кубанский», «Ленинградский», «Львовский», «Одесский», «Ростовский», «Симферопольский», «Тагильский комсомолец», «Украинский»¹³⁸ т. б.

Бұл өңірдегі орысша атаулар түрлі географиялық типтерді қамтиды: а) ойконимдер — қала, село, деревня, поселке, станица атаулары, б) гидронимдер — өзен, көл, бастау атаулары, в) оронимдер — тау, сай, төбе, қырат, жота, адыр атаулары. Осы орыс географиялық атауларының ішінде сан жағынан елді мекендер аттары — ойконимдер басым түседі. Бұл топонимияның басқа бөлімдеріне қарағанда, ойконимияның өзгеріп, жаңаланып тұратын заңдылығының үлкен бір көрінісі¹³⁹.

¹³⁶ История Казахской ССР. Т. 5. С. 267.

¹³⁷ Сонда. 267-б.

¹³⁸ Сонда. 268-б.

¹³⁹ Супранская А. В. Общая теория имени собственного. М., 1973. С. 187.

Орталық Қазақстандағы орыс топонимдерін бірнеше лексика-семантикалық типтерге бөліп қарауға болады. Солардың ішінде адам фамилияларынан және аттарынан қойылған ойконимдер үлкен топ құрайды. Елді мекендердің аттары кісі аттарынан қойылуының себептері мынандай: 1) мұнда бірінші болып мекендеген, қоныстанған, көшіп келген кісі аттарынан елді мекен атаулары қойылған, 2) Октябрь революциясынан бұрын болған селодағы помещик, кулактың есімімен аталған, 3) Совет дәуіріндегі топонимдердің көбі Совет өкіметін орнатушылар қоғам және мәдениет қайраткерлерінің атымен қойылып отырған. Бірінші қоныстанушы немесе помещик, кулактардың есімдерімен аталған ойконимдер: *Тимашевка* — селолық совет орталығы, *Хрящевка* — село, *Есіл өзенінің бойында*, *Атбасар ауданы*, *Акимовка* — село, *Астрахан ауданы*, *Ерофеевка* — село, *Алексеев ауданы*, *Целиноград облысы*, *Ивановка* — село, *Нұра ауданы*, *Морозовка* — село, *Корнеевка* — селолық Совет орталығы *Ульяновск ауданы*, *Николаевка* — селолық совет орталығы *Осакаров ауданы*, *Токаревка* — аудан орталығы *Тельман ауданы* *Қарағанды облысы*, *Алексеевка* — қала, теміржол станциясы, аудан орталығы, *Алексеев ауданы* *Целиноград облысы*. *Гордеевка* — село, *Даниловка* — селолық Совет орталығы *Макин ауданы*, *Целиноград облысы*.

Октябрь революциясынан кейін пайда болған ойконимдердің біразы белгілі революционерлердің, қолбасшылардың, мәдениет қайраткерлерінің есімдерімен аталған: *Щорс* — село, *Еңбекшілдер ауданы* *Қөкшетау облысы*, *Калинин* — село, *Целиноград ауданы*, *Целиноград облысы*, *Кирово* — селолық Совет орталығы, *Целиноград қалалық Советіне* қарайтын елді мекен. *Чапасово* — селолық Совет орталығы, *Осакаров ауданы*, *Қарағанды облысы* т. б.

Октябрь революциясынан бұрын пайда болған сол кездегі саяси және тарихи жағдайлардың күрөсі іспетті орыс ойконимдерінің біразы бүгінгі күнге дейін жеткен. Дінге байланысты атаулар: *Богородка* — селолық совет орталығы, *Богословка* — село, *Преображенка* — село, *Спаское* — селолық совет *Жабай өзенінің бойында*, *Балқашин ауданы*, *Целиноград облысы*, *Рождественка* — селолық совет орталығы, *Целиноград облысы*, *Покровка* — село, *Есіл өзенінің бойында*, *Целиноград обл.*, *Белощерковка* — село, *Макин ауданы*, *Целиноград облысы*.

Патша династиясының фамилиясына байланысты атаулар: Романовка — селолық Совет орталығы, Нұра өзенінің бойында, Целиноград ауданы, Елизаветинка — селолық Совет орталығы Шортанды ауданы, Павлоградка — село, Целиноград ауданы, Целиноград облысы.

Совет өкіметі орнағаннан кейін орыс ойконимиясында көптеген жаңа атаулар пайда болды. Жаңа атаулар — жаңа өмірдің көріністерін паш ететін — совет, бостандық, партия, пролетариат, социалистік құрылыс, индустрия, техника, саясат сияқты ұғымдармен тығыз байланысты болып келеді¹⁴⁰. Олар: Комсомольское — елді мекен, Уәлиханов ауданы Көкшетау облысы, Партизанка — селолық Совет орталығы Макин ауданы, Октябрьское — село, Первомайское — село, Шортанды ауданы, Интернациональное — селолық Совет орталығы Есіл өзенінің бойында, темір жол станциясы, Целиноград ауданы, Краснознаменское — село, аудан орталығы, Профинтерн — село, Балқашин ауданы, Красный Маяк селолық совет орталығы, Атбасар ауданы Целиноград облысы, Энтузиас — село, Нұра ауд., Пионерское — елді мекен, Осокаров ауданы, Трудовое — селолық Совет орталығы, Мирное — селолық Совет орталығы. Молодежный ауданы, Қарағанды облысы, Дружба — селолық Совет орталығы Жаңаарка ауданы, Пионер — елді мекен, Жезді ауданы, Комсомол — село, Шет ауданы, Жезқазған облысы т. б. Совет дәуірінде қойылған осындай топонимдерге (ойконимдерге) «көтеріңкі стиль» және экспрессия тән.

Топонимдерінің біразының ағаш атауларынан қойылғанын кереміз. Мысалы: Осиновка — қыстақ, Ақадыр ауданы, Жезқазған облысы, Березняки — селолық Совет орталығы, Тельман ауданы, Қарағанды облысы, Дубовка — селолық Совет орталығы, Тельман ауданы, Целиноград облысы, Таволжанка — село, Лозовое — село, Астрахан ауданы Целиноград облысы.

Орыс, украин халықтарының қоныстануымен байланысты әкелінбе топонимдер (перенесенные топонимы) ерекше орын алып, өздерінің бұрынғы тұрған елді мекендерінің аттарын жаңа қонысқа қойып отырған. Мысалы, Киевка — қала типтес поселке, Нұра ауданының орталығы, Ростовка — селолық Совет орталығы Тельман ауданы,

¹⁴⁰ Селищев А. М. Из старой и новой топонимики // Селищев А. М. Избранные труды. М., 1968.

Самарка — селолық Совет орталығы Миңурин ауданы, Қарағанды облысы, Ярославка — село, Маринов ауданы, Новокубанка — селолық Совет орталығы Шортанды ауданы, Полтавское — селолық Совет орталығы Краснознаменское ауданы, Донецкое — село, Вишнев ауданы, Полтавка — селолық Совет орталығы, Атбасар ауданы, Целиноград облысы т. б. Сондай «экелінбе топонимдердің» біразы ново — деген префиксті қосу арқылы жасалған: Новочеркасское — селолық Совет орталығы, Астрахан ауданы, Новоромановка — село, Новоникольское — селолық Совет орталығы, Новокронштадка — село, Балкашин ауданы, Новорыбинка — селолық Совет орталығы, Алексеев ауданы, Целиноград облысы. Новосельское селолық Совет орталығы, Атбасар ауданы, Новокаменка — село, Ерейментау ауданы, Новобратское — селолық Совет орталығы, Маринов ауданы, Новокневка — село, Макин ауданы, Новомарковка селолық Совет орталығы, Ерейментау ауданы, Новодонецк — село, Маринов ауданы Целиноград облысы.

Орталық Қазақстандағы орыс топонимиясының бір бөлімі — оронимдер. Ол оронимикалық атауларды төмендегідей лексика-семантикалық топтарға бөліп қарауға болады.

I. Орографиялық терминдер негізінде жасалған, рельефке байланысты оронимдер: Гребень — төбе (гребень — жал), Хребтовая — төбе (хребет — қыр, сілем), Овражный — төбе (овраг — жыра, аңғар, сай), Плато — төбе, биіктігі 168,4 м. (плато — жазық, үстірт), Стень — тау, Жезді ауданы Жезқазған облысы (степь — дала), Остров — тау, Зеренді ауданы, Көкшетау облысы (остров — арал), Горка — төбе, биіктігі 131,6 м. (горка — кішкене тау), Низина — төбе (низина — ойпаң жер, ой). Развилка — төбе, биіктігі 131,6 м. (развилка — айрық). Равнина — төбе (равнина — жазық), Камень — төбе, биіктігі 211,3 м. Жезді ауданы, Жезқазған облысы (камень — тас) т. б.

II. Өсімдіктерге байланысты атаулар: Полюнь — тау, биіктігі 395 м., Жаңаарқа ауданы, Ковыльная — төбе, Ұлытау ауданы, Кустарник — төбе, биіктігі 134,2 м. Жезді ауданы, Жезқазған облысы, (кустарник — бұта):

III. Жануарларға байланысты атаулар: «Волчья — тау, биіктігі 543,6 м. Ақадыр ауданы Жезқазған облысы (волчья — бөрілі), Волчий — төбе, биіктігі 388 м., Амангелді ауданы, Торғай облысы, Верблюжья — тау, Цели-

поград облысы (верблюд — түйе), Сорочьи Колки — шатқал (сорока — сауысқан), Рыбьи колки — шатқал, Зеренді ауданы, Көкшетау облысы (рыба — балық).

IV. Объектілердің геометриялық ерекшеліктеріне байланысты атаулар: Плоская — төбе, биіктігі 413,1 м. Теніз ауданы, Қарағанды облысы (плоская — жалпақ), Фигурная — төбе, Жезді ауданы, Жезқазған облысы. Острая — тау, Шучье ауданы, Көкшетау облысы (острая — сүйір, істік), Овал — төбе, биіктігі 202,7 Ұлытау ауданы, Жезқазған облысы (овал — сопақ) т. б.

V. Минерал, қымбат тастарға байланысты атаулар: Мраморная — төбе, биіктігі 518,3 м. Ақадыр ауданы, Солонец — төбе, биіктігі 129,9 м. Жезді ауданы Жезқазған облысы (солонец, соль — тұз, тұзды жер).

VI. Орографиялық объектілердің түрлі ерекшеліктеріне байланысты атаулар: Поворотная — төбе, биіктігі 169,1 (поворот — бұрылыс), Дальная — төбе, биіктігі 226,7 м. Жезді ауданы (дальная — алыс), Полуденная — төбе, Жаңаарқа ауданы (полуденная — түстік), Трудная — төбе, биіктігі 247,9 м. (трудная — қиын), Голая — төбе, биіктігі 136 м. (голая — жалаңаш), Граничная — төбе (граничная — шекаралы), Базисный — төбе (базис — топографиялық термин), Гнездо — төбе, биіктігі 190,1 м. Жезді ауданы (гнездо — ұя), Грейдертау, биіктігі 500,1 м. Ақадыр ауданы (грейдер — жолдың бір түрі), Бездорожный — тау, Жаңаарқа ауданы (бездорожный — жолсыз), Придорожная — төбе (придорожная — жолға жақын, жол бойындағы), Дорожная — төбе (дорожная — жолды, жол бойында), Сухая — төбе, Жезді ауданы, Жезқазған облысы (сухая — құрғақ), Кудрявая сопка — шоқы, Зеренді ауданы, Көкшетау облысы (кудрявая — бұйра).

VII Жердің түр-түсіне байланысты атаулар: Белая — тау, биіктігі 468,5 м. Ақадыр ауданы, Жезқазған облысы, Синюха — тау, биіктігі 947 м. Шучье ауданы, Көкшетау облысы.

Орталық Қазақстан гидронимдерінің срысша аттары екі топқа бөлінеді: 1) көл аттары, 2) өзен аттары. Көл аттарын мынандай лексика-семантикалық топтарға бөлуге болады:

1. Кісі есімдеріне байланысты: — Иван Васильевич — ұзындығы 1,6 км, ені 0,9 км, ені 0,9 км. Магдаминовское — ұзындығы 1,7 км, ені 1,0 км. Бармашино — Макин ауданы, Целиноград облысы, Арсеньевка (Турекое) —

Зеренді ауданы, Көкшетау облысы, Иваново — Сілеті ауданы, Целиноград облысы.

2. Үлкен-кішілігіне, конфигурациясына байланысты: Большое — ұзындығы 2,3 км, ені 1,5 км, Қарағанды облысы, Малый Баран — Маккин ауданы, Целиноград облысы, Кривое — Есіл ауданы, Торғай облысы (кривое — қисық), Круглое — Зеренді ауданы, Көкшетау облысы (круглое — дөңгелек), Перерезанное — ұзындығы 1,8 км, ені 1,1 км (перерезанное — кесілген).

3. Өсімдіктерге байланысты аттар: Камышное, ұзындығы 2,0 км, ені 1,9 км, Камышатос — ұзындығы 1,5 км, ені 1,0 км, Моховое — Алексеев ауданы, Целиноград облысы, Моховое — Шучье ауданы, Көкшетау облысы.

4. Мал, аң-құсқа байланысты көл аттары: Утиное, Коровье — Зеренді ауданы, Көкшетау облысы, Пшавочное — Алексеев ауданы, Целиноград облысы.

5. Балық аттарына байланысты көл аттары: Большое Чебачье — Шучье ауданы, Көкшетау облысы, Рыбное — ұзындығы 1,5 км, ені 1,4 км, Целиноград облысы.

6. Түске байланысты көл аттары: Красное — ұзындығы 1,9 км, ені 1,3 км, Целиноград облысы. Бірқатар көл аттары «соль» тұз сөзімен байланысты болып келеді: Соленое — Зеренді ауданы, Көкшетау облысы. Солонное — Вишневский ауданы, Целиноград облысы, Солонное — Шет ауданы, Жезқазған облысы, Солонное — ұзындығы 1,8 км, ені 1,2 км, Солонное — ұзындығы 2,1, ені 1,2 км, Целиноград облысы.

7. Басқа ерекшеліктерге байланысты атаулар: Кочковатое — ұзындығы 2,8 км, ені 1,3 км, Сорное — ұзындығы 1,4 км, ені 1,0 км, Целиноград облысы, Рудничное — ұзындығы 4,2 км, ені 2,0 км, Қарағанды облысы.

8. Жасанды гидрографиялық объектілер аттарына байланысты көл аттары: Колодезное — Балқашин ауданы, Целиноград облысы. Прудок — Шучье ауданы, Көкшетау облысы, Плотина — Вишневский ауданы, Целиноград облысы.

Орталық Қазақстандағы өзен, бұлақ аттарына қойылған орыс атаулары төмендегідей лексика-семантикалық топтарға бөлінеді:

1. Орографиялық терминдер арқылы жасалған гидронимдер: Братская Балка — өзен, Шортанды ауданы, Целиноград облысы, Соленая Балка — бұлақ, Целиноград ауданы, Целиноград облысы т. б.

2. Гидрографиялық терминдер арқылы жасалған

гидронимдер: Сухая речка — өзен, Зеренді ауданы, Көкшетау облысы, Старица — өзен, Целиноград ауданы, Целиноград облысы. Екі компонентті гидронимиялық атаулардың бірінші компоненті (сын есім) гидрографиялық объектілердің түрлі физика, географиялық ерекшеліктерін көрсетеді: Сухая речка — сухая (кұрғақ), Солёная Балка (солёная — тұзды), Братская Балка (братская — ағайын, туысқан...)

Орталық Қазақстанның орыс топонимиясында орыс географиялық терминдері жиі кездеседі: *сопка, хребет* (Хребтовое — төбе, Жезді ауданы, Жезқазған облысы), *овраг, плато, степь, низина, равнина, кордон, заимка, старица, развилок, кут, колок, солонец, поляна, щель, балка* т. б.

Бұлардың біразы (сопка, камень, каменка, остров, горка, низина, равнина, плато, солонец) жеке топоним ретінде қолданылса, басқа географиялық терминдер (кут, заимка, кордон, балка, щель, речка т. б.) сөз тіркесу немесе сөз қосылу арқылы жасалған топонимдерде кездеседі. Осындай күрделі топонимдердің бірінші компоненті сын есім болып келеді де, географиялық объектінің түсін, түрін, түрлі ерекшеліктерін сипаттайды: Красная Поляна, Красный Кут, Манжовская Щель, Светогорка, Агродорожок, Сорочьи колки, Рыбьи колки, Кудрявая сопка, Солёная Балка, Сухая речка т. б.

Топонимдердің мағынасын, семантикасын анықтауда жергілікті (халықтық) географиялық терминдердің мәні зор. Сол себептен де топонимиялық зерттеулер халықтық географиялық терминдерді жинау, олардың мағынасын түсініп, талдау негізінде болуы жөн, — деп есептейді Э. М. Мурзаев¹⁴¹.

Терминдердің көпшілігінің мағынасы түсінікті келеді. Алайда, кейбір терминдердің апеллятивтік және географиялық мағыналары сәйкес келе бермейді. Мысалы, Камень — төбе, Жезді ауданы, Жезқазған облысы. «Камень» сөзінің мағынасын «тас» деп түсінген болсақ, географиялық мағынасы өзгеше — «каменистая гора, возвышенность, сложенная коренными отложениями, выходами твердых пород¹⁴²» ...камень — такая высота, у

¹⁴¹ Мурзаев Э. М. Очерки топонимики... С. 99.

¹⁴² Мурзаев Э. М. Словарь местных географических терминов. М., 1959. С. 97.

которой вершина порыта скалами¹⁴³. Бұл терминмен биік дартастарды да, биік тау сілемдерін де, үстірттерді де атайды.

Бұл географиялық термин аласа, биіктіктерді (тасты), төбелерді атайтынын байқап отырмыз. Географиялық терминдердің семантикалық өзгеріске ұшырауы — топонимикада белгілі, заңды нәрсе.

«Камень» сөзінің негізінде жасалған «Каменка» (термин және гидроним) тасты арнасы бар бұлақ немесе шағын өзенді атау үшін қолданылады¹⁴⁴.

Рельеф термині ретінде белгілі болған «балка» деген географиялық термин гидроним функциясын атқарады: Братская Балка — өзен, Шортанды ауданы, Целиноград облысы, Соленая Балка — бұлақ, Целиноград ауданы, Целиноград облысы. Орографиялық термин ретінде балка СССР-дің Европа бөлігінің оңтүстігінде және орталығында қолданылса, Украинада (Херсон облысында) ойконимдердің құрамында көптеп кездеседі¹⁴⁵.

Орталық Қазақстанның орыс топонимиясында кездесетін *кут*, *старица*, *солонец*, *заимка* т. б. географиялық терминдердің семантикалық (географиялық) мағыналарын басқа региондардағы сол терминдердің мағыналарымен салыстырсақ, қызықты деректерге тап болар едік. Мысалы, украин және орыс тілдерінде *кут* деген терминнің бірнеше географиялық мағынасы бар. Біраз жерлерде *кут* сөзі «қолтық» терминіне синоним болып келсе, Псков және Калинин облыстарында *кут* — «үй» деген мағынада қолданылады. Қарағанды облысы, Осакаров ауданындағы Красный кут село аты Луган, Краснодар, Саратов облыстарында да кездеседі¹⁴⁶.

Тіл-тілдегі топонимдердің жасалу жолдары өзгеше болады да сол тілдің өз заңына бағынышты келеді¹⁴⁷. Мәселен, орыс топонимдері: 1) бір ғана сөз, 2) қосымшалар арқылы (аффиксация), 3) екі немесе одан көп сөздердің бірігуі (словосложение), 4) екі немесе одан көп сөздердің тіркесуі (словосочетание) т. б. жолдар арқылы жасалады¹⁴⁸. Орыс географиялық атауларының жасалу

¹⁴³ Гарман Э. Северный Урал и береговой хребет Пай—Хой. СПб., 1856. Т. 2. С. 22.

¹⁴⁴ Мурзаев Э. М. Словарь... С. 96.

¹⁴⁵ Мурзаев Э. М. Словарь... С. 35.

¹⁴⁶ Сонда. 128-б.

¹⁴⁷ Никонов В. А. Славянский топонимический тип // Географические названия. М., 1962. С. 17.

¹⁴⁸ Никонов В. А. Көрсетілген еңбек. 23-б.

жолдарының ең негізгісі және өнімдісі аффиксациялық жол болып табылады.

Орталық Қазақстандағы орыс топонимдері бір не екі сөзден (зат есімнен, сын есімнен) жасалады. Зат есімнен бір сөз арқылы жасалған ойконимдер: Рассвет — селолық Совет орталығы, Жанаарқа ауданы, Жезқазған облысы, Буревестник — селолық Совет орталығы, Краснознамен ауданы, Профинтерн — село, Балқашин ауданы, Искра — селолық Совет орталығы, Алексеев ауданы, Целиноград облысы, Энтузиаст — село, Нұра ауданы, Қарағанды облысы. Сын есімнен жасалған ойконимдер: Лесное — селолық совет орталығы, Балқашин ауданы, Целиноград облысы. Озерный — қала типтес поселке, Приозерный ауданы, Целинный — селолық совет орталығы, Жанаарқа ауданы, Жезқазған облысы, Лозовое — село, Астрахан ауданы, Октябрьское — село, Шортанды ауданы, Целиноград облысы т. б. Ойконим ретінде қолданылатын сын есімдер субстантивтенген сын есімге айналады. Сын есімдердің субстантивтену процесі топонимияда кеңінен тараған процесс.

Аффиксі орыс ойконимдері негізгі сөздерге — *овк (а)*, *евк (а)*, *енк (а)*, — *инк (а)*, — *ин (о)*, — *ов (о)*, — *ск* қосымшаларын (суффикстерін) қосу арқылы жасалған.

Зат есімдерге қосылатын ең өнімді суффикстер — *овк (а)*, *евк (а)*: Константиновка — елді мекен, Арықбалық ауданы, Көкшетау облысы. Даниловка — селолық Совет орталығы, Макин ауданы, Целиноград облысы, Ильичевка — селолық Совет орталығы, Мичурин ауданы Қарағанды облысы, Хрящевка — село, Атбасар ауданы, Капитоновка — селолық Совет орталығы, Макин ауданы Целиноград облысы, Калиновка — селолық Совет орталығы, Шег ауданы, Жезқазған облысы. Орталық Қазақстан ойконимдерінің бір тобы сөздерге *енк (а)*, *инк (а)* суффикстерді қосу арқылы жасалған; Рождественка — селолық Совет орталығы, Целиноград ауданы, Вознесенка — селолық Совет орталығы, Макин ауданы, Новорыбинка — селолық Совет орталығы, Алексеев ауданы Целиноград облысы, Возвышенка — елді мекен, Рузаевка ауданы, Көкшетау облысы, Макинка — селолық Совет орталығы, Шучье ауданы Көкшетау облысы, Ильинка — селолық Совет орталығы, Целиноград ауданы, Целиноград облысы. — *Ин (о)*, — *ов (о)* арқылы жасалған ойконимдер: Мичуринно — селолық Совет орталығы, Вишнев ауданы, Целиноград облысы, Лобанова — елді

мекен, Арықбалық ауданы, Көкшетау облысы, Чапасво—селолық Совет орталығы, Осакаров ауданы, Пушкино—селолық Совет орталығы, Ульяновск ауданы, Қарағанды облысы.

Ал -ское суффиксі арқылы жасалған ойконимдер: Пролетарское — селолық Совет орталығы, Ульяновск ауданы, Шахтерское — селолық Совет орталығы Нұра ауданы, Қарағанды облысы. Октябрьское — село, Первомайское — село, Шортанды ауданы, Советское — селолық Совет орталығы, Шортанды ауданы, Целиноград облысы, Гагаринское—селолық Совет орталығы, Тельман, ауданы, Калининское — селолық Совет орталығы, Ульяновск ауданы, Пржевальское — селолық Совет орталығы, Нұра ауданы, Қарағанды облысы, Бауманское — селолық Совет орталығы, Краснознамен ауданы, Черняховское — селолық Совет орталығы, Сілеті ауданы, Целиноград облысы, Чапасовское — елді мекен, Уәлиханов ауданы, Көкшетау облысы, Спасское — селолық Совет орталығы, Балқашин ауданы, Новосельское — селолық Совет орталығы, Атбасар ауданы, Новобратское — селолық Совет орталығы, Красноводское — селолық Совет орталығы, Маринов ауданы, Целиноград облысы.

Сөз тіркестері арқылы жасалған Орталық Қазақстан орыс топонимдері: Новая Узенка — селолық Совет орталығы, Қарағанды облысы, Красная Занмка — қыстау, Ұлытау ауданы, Красная Поляна елді мекен, Шет ауданы, Манжовская Щель—жер, Ақадыр ауданы, Жезқазған облысы, Зеленая Балка — селолық Совет орталығы, Ульяновск ауданы, Қарағанды облысы, Красная Поляна — селолық Совет орталығы, Балқашин ауданы, Красный Маяк — селолық Совет орталығы, Атбасар ауданы, Целиноград облысы. Красный Қут — елді мекен, Осакаровка ауданы, Қарағанды облысы, Золотая Нива—елді мекен, Уәлиханов ауданы, Көкшетау облысы, Новый Городок — село, Балқашин ауданы, Белое озеро — село, Шортанды ауданы, Красный Кордон — село, Макни ауданы, Целиноград облысы, Рыбы Колки — шатқал, Сорочьи Колки — шатқал, Зеренді ауданы, Көкшегау облысы. Сөз тіркесі арқылы жасалған бұл топонимдер екі сөзден — зат есімнен және сын есімнен құралған.

Сөздердің бірігуі арқылы жасалған Орталық Қазақстан орыс топонимдері: Звенигородка — селолық Совет орталығы, Ерейментау ауданы, Новошнимка — селолық Совет орталығы, Малотимфеевка — село, Целиноград

ауданы, Целиноград облысы, Чернозубовка — елді мекен, Рузаев ауданы Көкшетау облысы, Белоцерковка — село, Макин ауданы, Новомарковка — селолық Совет орталығы, Ерейментау ауданы, Новокневка — село, Макин ауданы, Малоалександровка — село, Алексеев ауданы, Волгодоновка — селолық Совет орталығы, Вишнев ауданы, Новорыбинка — селолық Совет, Алексеев ауданы Целиноград облысы, Новодолинский — елді мекен, Мичурин ауданы, Новостройка — селолық Совет орталығы, Молодежный ауданы, Агродорожок — селолық Совет орталығы, Мичурин ауданы, Қарағанды облысы, Острогорка — селолық Совет орталығы, Маринов ауданы, Павлоградка — село, Целиноград ауданы, Новопетропавловка — селолық Совет орталығы, Атбасар ауданы Целиноград облысы, Святогорка — елді мекен, Молодежный ауданы, Қарағанды облысы, Красноводское — селолық Совет орталығы, Маринов ауданы, Степногорск — селолық Совет орталығы, Сілеті ауданы, Красногвардейское — селолық Совет орталығы, Астрахан ауданы, Краснознаменское — село, аудан орталығы, Краснознамен ауданы, Новодонецк — село, Маринов ауданы, Целиноград облысы.

Орталық Қазақстандағы орыс топонимдері құрамында префикстер арқылы жасалған топонимдер де кездеседі. Префиксті топонимдер *при-*, *под-* префикстері арқылы жасалады: Пришимка — село, Астрахан ауданы, Приозерское — селолық Совет орталығы, Балқашин ауданы, Приречное — селолық Совет орталығы, Целиноград ауданы, Пригородное — селолық Совет орталығы, Шортанды ауданы, Приозерное — селолық Совет орталығы, Целиноград ауданы, Подлесное — село, Алексеев ауданы, Целиноград облысы т. б.

Қазақ сөздерінен орыс топонимдерін жасайтын *-ск*, *-к*, *-инск*, *-инк*, т. б. сияқты суффикстер қосылып та жасалған топонимдер бар. Мысалы, Талдинка Талды+*тинк*+а, Нуринская — темір жол станциялары, Қарағанды облысы (Нұра+*инск*+ая), Тортаульская ложбина — шатқал, Шет ауданы Жезқазған облысы (Төрт+*ауыл*+*ск*+ая), Қарқаралинск — қала, аудан орталығы Қарқаралы ауданы (Қарқаралы+*инск*). Батпақтинское — селолық Совет орталығы, Осакаров ауданы, Қарағанды облысы (Батпақты+*инск*+ое), Босагинский — селолық Совет орталығы, Ақадыр ауданы (Босаға+*инск*+ий), Кеңгирекое — село (Кеңгир+*ск*+ое) т. б.

Бұл көрсетілген топонимдер орыс тілінде осылай қолданылады.

Қорыта келгенде, Орталық Қазақстан топонимдерінің страшиграфиясы бойынша этимологиялық зерттеулер бұл өңір топонимдері құрамында алтай, көне түркі, көне қазақ, жаңа қазақ тіл негіздерінде жасалған атаулар тобының барын, осымен қатар араб, иран, монғол, орыс тілдерінен енген топонимдер санының да аз еместігін айқындап отыр.

§ 2. ГИДРОНИМДЕР

Топонимиканың күрделі де ірі саласының бірі ғылыми тілде гидронимия деп аталады. Ол грек тіліндегі *гидро* — су, *оним* — атау, ат, яғни су атаулары. Демек, гидронимия — өзендер мен көл, көлшіктер, қайнарлар мен бастау, бұлақ, құдықтардың жиынтық аты.

Қазақстан географтарының мағлұматтары бойынша, республика территориясында 85 мың өзен, 48262 көл бары белгілі болып отыр. Оның ішінде аумағы 100 км-ден асатын 21 көл бар¹⁴⁹. Республикадағы көлдердің басым көпшілігі Солтүстік пен Орталық Қазақстан, Арал мен Каспий теңіздерінен, Алтай мен Алатау, Тянь-Шань тауларынан таралса, шағын тобы оңтүстік аймақтарының құмды да шөлейт жерлерінде пайда болған.

Ал Орталық Қазақстан аймағындағы көлдер мен өзендердің жалпы саны бұл күнде ғылымда толық анықталып отыр. Көлдердің әрбір облыстардағы санына келсек: К ө к ш е т а у о б л ы с ы н д а көлемі бір гектардан жүз гектарға дейін, ал бір шаршы километрден жоғары 220 көл бар. Сол көлдердің ең ірілерін атап өтейік: Қарасор, Құмдықөл, Шағалалытеңіз, Кіші Қараой, Үлкен Қараой, Сасықкөл, Алабота, Қалыбек, Үшсай, Теке, Жетікөл, Ақбас, Жолдыбай, Саумалкөл, Амантау, Шалқар, Белое, Қопа, Тасшалқар, Көксеңірсор, Сілетітеңіз, Ұлықөл, Зеренді, Қараүңгір, Шортанды, Жөкей, Қотыркөл, Атансор, Жамбайсор, Жамантүз, Жақсытүз, Қалмақкөл, Жақсы Жалғызтау, Шошқалы, Мамай, Алтайсор, Салқынкөл т. б.

Целиноград облысында көлемі бір гектардан жүз гектарға дейінгі 4879, ал бір шаршы километрден жоғары 327 көл бар. Олардың негізгілері: Итемген.

¹⁴⁹ Қазақ ССР тарихы. Алматы, 1957. 1-т. 13-14-б.

Балықтыкөл, Теңіз, Бөрсен, Алакөл, Әуілдек, Үлкен Сарыоба, Палуанкөл, Қасқакөл, Қобыкөл, Жаманкөл, Қожакөл, Саумалкөл, Шишалқар, Майбалық, Шойындыкөл, Асаубалық, Қоқай, Ақтайлақ, Шолақ, Шалқар, Біртабан, Жәнібек, Шалқар, Тұзашы, Ұялы Шалқар, Жынды Шалқар, Құмдыкөл, Жарлыкөл, Керей, Қпяқты, Қатынкопа, Ақдаласор, Жарсор, Қанжығалы, Қасқакөл, Қожакөл, Шишалқар, Шойындыкөл, Майлыкөл, Асаубалық т. т. деп аталады. Теңіз көлінің ұзындығы 74,4 км, ені 32,2 км. Зерттеушілердің есептеуінше, Теңіз көлі төрттік кезең заманында, яғни бұдан бір миллион жыл бұрын пайда болған. Осындай ірі көлдер қатарына жататындар: Селетітеңіз, Шағалалытеңіз, Қарасор, Теке, Жөкей, Мамай, Шалқар т. б.

Павлодар облысында көлемі бір гектардан жүз гектарға дейін 2741, ал бір шаршы километрден жоғары 423 көл бар. Олардың ішіндегі ең ірілерінің аттары: Жарағаш, Қызылтүз, Қызылқак, Үлкен Ажболат, Жалаулы, Тобылғысор, Қарақасқа, Жалпақсор, Тайқоңыр, Кіші Тобылжан, Үлкен Тобылжан, Шолақсор, Шығанақ, Жарсор, Шолақсор, Шығанақ, Жарсор, Шолақбұлақсор, Барлысор, Шүрексор, Жамантүз, Қалқамантүз, Маралды, Қарасор, Құдайкөл, Борлы, Сейтен, Алтыбайсор, Малыбай, Сұлусор, Алқамерген, Түз, Еспетүз т. т.

Қарағанды, Жезқазған облыстарында көлемі бір гектардан жүз гектарға дейін 1779, ал бір шаршы километрден жоғары 131 көл бары мәлім. Олардың аттары: Дәнсары, Барақкөл, Ащыкөл, Қарақайын, Шошқакөл, Құмкөл, Тассуат, Құлтансор, Сасықкөл, Көктенкөл, Шыбынды, Қарасор, Балықтыкөл, Талассор, Шандық, Жалтыр, Шабакты, Байтан, Жарағаш, Саубайсор, Балқашсор, Есқара т. б.

Қостанай облысында 8604¹⁵⁰ көл атауларының басым тобы байырғы ана тіліміздің сөз байлығынан қойылып отырса, шағын тобы басқа тілдерден алынғандығы байқалады. Бұл облыстардағы көлдердің жалпы саны 20990 болып отыр.

Орталық Қазақстандағы ең ірі көлдердің бірі — Балқаш. Оның ұзындығы 605 километр, ені шығыс бөлігінде 9—19, батыс бөлігінде 74 километр. Ең терең жері 26 метр, аумағы 17—22 мың шаршы километр. Балқаш

¹⁵⁰ Омаров Т. Р. Қазақстанның өзендері мен көлдері. Алматы, 1975. 56-б.

көліне Іле, Қаратал, Ақсу, Лепсі, Аягөз, Бақанаас, Тоқырау өзендері құяды ¹⁵¹.

Республика территориясындағы 48 мың көлдің 40 проценті Орталық Қазақстанда екенін жоғарыдағы цифрлар дәл көрсетеді.

Көл аттары

Республикамыздағы, оның ішінде Орталық Қазақстандағы көлдердің пайда болуын, олардың физикалық әрі химиялық қасиеттерін, тереңдігі мен ұзындығын, алып жатқан аумағы мен көлемін зерттеген еңбектер саны аз емес. Алайда көл аттарының қойылу сырлары мен тілдік заңдылықтарын ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттеудің мәні зор.

1-таблица. Орталық Қазақстандағы көлдердің жалпы саны *

Облыстар	Көл саны			көлдің жалпы көлемі км ² есебімен	аймақтағы көлді жер % есебімен
	1 км ² азы	1 км ² көбі	барлығы		
Көкшетау обл.	1896	220	2116	3434	4,39
Жезқазған обл.	1779	131	1910	926	0,23
Қарағанды обл.	2741	423	3164	2559	2,05
Павлодар обл.	4879	327	5206	3104	2,03
Целиноград обл.	7750	854	8504	5068	2,59
Қостанай обл.					
Барлығы:	19045	1955	20990	15191	1129

Көпшілік атаулар көлдердің өзіндік ерекшеліктеріне, яғни түр-түсіне, суының дәміне, айналасындағы өсімдік пен жан-жануарлар дүниесіне, сан мөлшеріне, географиялық орнына т. б. көптеген белгілеріне байланысты аталады. Жер жайын, көлдер мен өзендердің сыр-сиынын байқағыш халық атты да талғап қойып отырған.

Орталық Қазақстандағы көл аттарының, негізінен

¹⁵¹ Сонда. 64-б.

* Бұл мәлімет пен кестелер П. П. Физонен пен Т. Р. Омаров авторлығымен жарық көрген «Озера Северного, Западного и Востоного Казахстана» (Л., 1972) атты еңбегінен алынды.

2-таблица. Көкшетау облысындағы аумағы 10 км²-ден жоғары ірі көлдердің лингвистикалық және физика-географиялық сипаты

Көл аттары	Көлдің аумағы км ²	ұзындығы, км.	Енділігі км	Айнала төңірегінің ұзындығы км
Сілетігеніз	750,28	64,7	22,15	273,6
Үлкен Қараой	305,53	67,7	11,9	126,2
Шағалалы теңіз	267,36	42,9	12,5	5,8
Теке	256,62	33,3	20,1	155,2
Кіші Қараой	100,81	12,7	12,1	73,4
Қалибек	95,61	17,0	7,1	70,4
Қарасор	75,55	27,03	6,0	73,02
Қалмақкөл	53,14	10,7	8,2	32,5
Имантау	49,35	13,3	4,4	33,5
Алабота	48,25	9,6	7,3	23,3
Көксенгірсор	46,34	12,4	7,2	45,1
Мамай	43,48	8,5	7,6	35,9
Жақсы Жалғызтау	41,28	8,9	7,9	31,7
Шалқар	35,54	15,0	3,7	39,6
Жамантүз	29,58	6,5	6,4	20,8
Құмдықөл	26,37	6,2	5,8	19,6
Жолдыбай	25,17	6,3	6,1	21,0
Үлкен Шабакты	25,18	8,3	5,1	31,0
Кіші Шабакты	21,03	13,6	2,7	29,2
Салқынкөл	20,60	6,05	4,2	16,3
Жөкей	19,26	5,45	4,6	17,3
Ұлықөл	19,09	5,65	4,3	16,8
Щучье (Шортанды)	18,32	7,2	3,7	20,3
Алтайсор	17,82	7,95	3,0	27,2
Айдабол	15,33	5,7	3,9	15,2
Жетікөл	10,6	4,1	3,6	12,2

ана тіліміздің етене байырғы сөздерінен жасалғанын анық көреміз. Сондықтан да олардың мағыналары көпшілікке түсінікті, айқын да анық. Көл аттары құрамында кездесетін *көл, сор, тұз, ащы* сөздері тегінде көлдің үлкен, кішілігін, тереңдігі мен саяздығын, немесе дәмінің ащы-тұщылығын, соры көптігін білдіріп отырса керек. Мәселен, Көкшетау облысындағы Құмдықөл, Ұзынкөл, Сасықкөл, Борлықөл, Тереңкөл, Жалтыркөл, Ащылықөл, Құркөл, Ұзынкөл, Ұлықөл, Тақыркөл; Целиноград облысында: Құркөл, Ортакөл, Кінкенскөл, Жартыкөл, Алакөл, Ұзынкөл, Ащыкөл, Жаманкөл, Шұбаркөл, Тойғанкөл, Майкөл, Шуаккөл, Кемеркөл т. б. Көкшетау облысында: Қарасор, Қонасор, Мезгілсор, Жантайсор, Қызылсор, Көксор, Шолақсор, Алтайсор, сондай-ақ Цели-

ноград облысында: Тамсор, Кішкенесор, Жарсор, Үнсор, Майсор, Бозшасор, Ұзынсор, Балабайсор, Әжібайсор, Ақдаласор, басқа да Жамантұз, Жақсытұз, Көбейтұз, Уштағантұз, Тұз, Тұзащы т. б. көлдердің атаулары осыны толық дәлелдей түседі.

3-таблица. Павлодар облысындағы аумағы 10 км²-ден жоғары ірі көлдердің сипаты

Көл аттары	Көлдің аумағы, км ²	Ұзындығы, км	Енділігі, км	Айнала төңірегіннің ұзындығы, км
Қызылқак	174	18,8	40,0	106,5
Жалаулы	171,02	21,0	15,0	81,0
Шүтексор	80,94	25,0	10,2	157,1
Үлкен Әжболат	80,25	12,4	12,3	37,5
Маралды	54,75	9,5	8,3	27,0
Қарасор	44,30	17,2	5,0	78,7
Тобылғысор	32,25	25,0	3,5	55,0
Шолақсор	28,26	7,9	4,6	21,2
Қызылту	23,85	10,8	5,8	41,6
Жамантұз	19,85	4,8	3,1	20,0
Борлы	15,99	5,6	4,0	18,0
Тайқоңыр	14,93	6,5	3,7	20,2
Шығанак	15,30	8,7	2,3	34,4
Алтыбайсор	13,56	6,2	3,2	16,0
Жарсор	12,81	9,5	2,4	30,4
Үлкен				
Тобылжан	12,50	7,7	2,1	17,4
Сұлусор	12,60	4,9	3,4	19,0
Кіші Тобылжан	10,88	7,2	2,8	18,2
Барлысор	11,49	5,7	3,5	22,6
Қалқамантұз	12,63	5,0	3,6	16,6
Карақасқа	11,65	4,5	4,0	13,0
Жалпақсор	10,01	4,7	3,4	15,6

Қазақстан территориясындағы, тіптен Орталық Қазақстандағы көлдердің тереңдігі мен саяздығы, алып жатқан аумағы, ұзындықтары мен ендері бірдей болмайтыны мәлім. Айталық, Қарағанды және Жезқазған облыстарындағы көлдер мен Целиноград, Павлодар облыстарындағы көлдердің аумақ, көлем, тереңдіктері де бірдей емес, әртүрлі.

Оны мына төмендегі кестеден анық көруге болады. Бұл кестедегі әрбір облыстың көл аттарының лингвистикалық және физика-географиялық сипаттары, ертеде

4-таблица. Целиноград облысындағы аумағы 10 км²-ден жоғары ірі көлдердің сипаты

1	2	3	4	5
Теңіз	1161,54	74,4	32,2	488,9
Итемген	55,22	11,5	7,4	40,3
Алакөл	50,45	12,1	5,8	35,8
Қожакөл	40,69	10,4	6,7	48,4
Қият	38,6	8,9	6,1	33,2
Керей	34,74	7,7	6,0	30,30
Шолақ	31,91	19,7	3,0	68,2
Теңіз	29,45	7,9	4,3	34,3
Шалқар	24,52	6,5	5,5	22,0
Қоқай	24,04	8,1	4,5	22,6
Жаныбекшалқар	21,47	7,5	6,3	23,2
Майбалық	21,06	8,4	3,7	27,4
Шойындыкөл	18,84	6,4	5,0	19,0
Балықтыкөл	17,11	6,3	4,3	20,1
Қарасор	16,43	5,6	3,5	16,5
Жандышалқар	15,79	5,1	4,8	16,6
Шишалқар	15,53	5,8	3,8	18,6
Құмдыкөл	14,27	6,5	3,6	18,7
Саумалкөл	13,20	6,8	2,3	20,7
Жаркөл	12,64	4,8	3,7	13,9
Асаубалық	12,51	4,7	3,7	15,6
Ақтайлақ	12,35	7,9	2,3	22,4
Тұзашы	11,95	5,5	4,0	16,7
Саумалкөл	10,76	4,2	3,2	14,4

жарық көрген еңбектерге сүйене отырып¹⁵², аумағы 10 км²-ден жоғары көлдерді ғана көрсеттік.

Орталық Қазақстан облысындағы 21 мыңдай көл атауларының ішінде 5%-тейі ғана бөгде тілдерге тән. Басқалары тіліміздегі көпшілік қауымға түсінікті ана тіліміздегі белгілі байырғы сөздерден қойылған.

Көл аттарының мағыналары

Орталық Қазақстан аймағына тән көл аттары тіліміздегі қарым-қатынасқа түсіп, күнделікті өмірде кеңінен қолданыс тауып жүрген сөздерден қойылып отырған. Сондықтан да ол атаулардың мән-мағынасы жалпы қауымға түсінікті де ұғымды. Олардың құрамында дара атаулардан гөрі біріккен тұлғалы атаулар саны әлдеқайда басым да көп. Ал орыс, араб, монғол және көне

¹⁵² Озера Северного, Западного и Восточного Казахстана (справочник). Составители: П. П. Филонен, Т. Р. Омаров. М., 1972.

5-таблица. Қостанай, Торғай облыстарындағы аумағы 10 км²-ден жоғары ірі көлдердің лингвистикалық және физика-географиялық сипаты

1	2	3	4	5
Құсмұрын	460,15	60,7	12,5	225,9
Сарыкопа	184,42	27,06	13,2	179,4
Қойбағар	95,95	17,8	9,1	49,2
Сарыкопа	89,10	22,7	4,5	140,2
Ақкөл	62,26	11,4	8,0	43,3
Жарман	56,91	12,8	7,0	112,0
Төнтігер	52,00	9,5	6,9	27,4
Ащытастысор	45,15	13,3	5,3	50,7
Кіндікті	42,22	7,0	10,2	40,8
Сарыкөл	37,68	8,2	6,2	24,6
Алабота	36,39	8,4	5,1	27,9
Құлыкөл	33,65	10,0	4,9	33,65
Киіккөл	30,77	10,4	4,2	31,9
Сарыоба	28,27	10,8	4,0	30,8
Бозшакөл	24,19	6,0	5,0	18,5
Жаман Ақкөл	24,36	15,3	3,1	37,0
Жаркөл	20,87	7,2	4,0	27,7
Ақсуат	20,36	18,1	4,2	57,4
Қарасор	19,11	9,3	3,8	52,8
Алакөл	17,63	8,2	4,1	36,9
Жарқайың	17,27	7,3	4,7	24,4
Шұбаркөл	15,48	4,8	4,1	14,4
Үлкенбөрілі	14,53	6,3	3,3	17,4
Жаксыжаркөл	13,45	4,5	4,0	14,2
Томарлықопа	12,65	5,1	3,3	16,2
Жекекөл	11,09	4,5	3,6	12,3
Адайкөл	10,32	4,2	2,9	17,6

түркі, болмаса орал-алтай тілдеріне қатысты атаулар мүлдем аз. Бұлардың ішінде көне атаулардың шығу төркіні мен мән-мағынасы көбіне көмескі де күнгірт келеді. Сондықтан ондай атауларды тарихи-этимологиялық тұрғыдан талдап зерттеудің мәні аса зор.

Ана тіліміздің сөз байлығынан жасалған көл аттары

а) дара және туынды тұлғалы көл аттары:

Торғай, Қостанай облыстары бойынша: **Теңіз** — көлдің аумағы, тереңдігі мен ұзындығы және еніне байланысты қойылған атау.

Жыланды — жыланы көп деген мағынада, **Ешкі** — ешкі сөзінен қойылған. **Қоғалы** — қоғасы көп болған

6-таблица. Қарағанды облысындағы аумағы 2 км²-ден жоғары ірі көлдердің сипаты

Көл аттары	Жалпы аумақ көлемі, км ²	Ұзындығы, км	Ені, км	Айнала тегісірегіннің ұзындығы, км
Қаракөл	7,15	4	2,3	12,5
Токсымақ	6,2	3,2	2,8	10,7
Талдықөл	2,9	2,8	1,5	7
Батпаккөл	7	3,6	2,5	9,4
Арықты	1,51	2,3	1,3	4,5
Қорғанкөл	2,9	1,8	1,8	6,8
Қайындыкөл	2	1,8	1,4	4,9
Шалқаркөл	3,09	2,1	1,9	10,5
Саумалкөл	6,5	3,6	2,7	13,3
Ағаштыкөл	2,75	2,8	1,4	7,3
Арықтыкөл	1,6	1,7	1,4	4,8
Саумалкөл	4,5	2,8	2,2	10
Қарасор	155	43,5	7,3	103
Қарауқамыс	6,2	4,5	2,5	62,8
Құмкөл	9,1	4,9	2,8	12,3
Сарыала	2,9	2,5	1,9	7
Маржанкөл	2,87	2,2	1,5	6,5
Күреңала	2,2	2,3	1,1	6,2
Жарлықөл	2	2,7	1,6	7,3

7-таблица. Жезқазған облысындағы аумағы 5 км²-ден жоғары көлдердің сипаты

1	2	3	4	5
Балқаш	17,22	605	19	501
Ащыкөл	16	6,2	4	19,6
Көктенкөл	13,2	4,4	3,7	16,2
Бараккөл	12	4,3	3,5	12,5
Бүршіктікөл	5,9	4	2	14,3
Қабыршақты	5	2,8	2,2	8
Қоскөл	5,8	4	2	14,3

дықтан қойылған, **Медет** — кісі аты. **Қоянды** — қояны көп деген мағынада, **Құттық** — бақыттылық, ырыстылық, **Балықты** — балығы мол, көп, **Сүлікті** — сүлігі көп, **Қан** — көне түркіше — өзен, **Сұлу** — көркем, көрікті, әрлі, әдемі.

Көкшетау облысында: **Жалтыр** — жалтыраған, жайнаған, **Жарқын** — жайдары, жайнаған, кісі аты; **Шалқар** — кең-байтақ, ұлан асыр, **Аталық** — кісі аты, **Сор** — соры көп көл, жер.

Целиноград облысында: **Шортанды** — шортаны көп (көл), **Егінді** — жағасында егіні көп, **Қанжығалы** — көне этноним, **Түз** — түз шығатын көл, **Талды** — көл жағасында тал көп өскен, **Шолақ** — қысқа, келте, мүмкін кісі аты, **Обалы** — жағасында оба кездесетін, **Керей** — этнонимдік атау;

Павлодар облысында: **Шабакты** — шабағы көп, **Жайлау** — жазғы соны мал жайылымы, **Мойнақ** — аласа асу, **Жалаулы** — жалау тігілген, жалау қадалған, **Маралды** — маралы көп, **Атығай** — этноним, **Борлы** — боры бар, боры көп, **Таймас** — қайтпас, өзгермес. **Жосалы** — «жоса көп шыққан, жосасы мол».

Қарағанды, Жезқазған облыстарында: **Көрпеш** — көрпелдес қозы, мерзімінен бұрын туған марка қозы, **Шеңгел** — тікенекті бұта;

Тоқсымақ — тоқ боп көріну, **Арықты** — арық суынан жиналған, **Қоғасу** — көл жағасында өсетін балдыр өсімдік, **Обалы** — обасы көп, **Игілік** — жақсылық, **Қабыршақты** — қабыршағы көп деген мағыналарда.

б) біріккен тұлғалы көл аттары:

Торғай облысында: **Қоюқамыс** — қамысы қалың, бітік өскен көлді жер.

Байтоғай — қалың тоғай, **Жарқайың** — жарда өскен қайың, **Алқасор** — айнала төңірек, алқақотан сор. **Құндыкөл** — құмы көп көл, **Шағалалыкөл** — шағаласы бар, мол деген мағыналарда.

Көкшетау облысында: **Жамантүз**, жаман түзді көл деген мағынада, **Шағалалытеңіз** — шағаласы көп теңіз, **Шолаққайың** — қысқа, келте қайың. **Алабұта** — өсімдік аты, **Қараүңгір** — үлкен анап, үңгір, **Биесойған** — жағасында бие сойған мағыналарды білдіреді.

Целиноград облысында: **Үшқамыс** — өскен қамыс санына байланысты, **Шұңқыркөл** — терең көл. **Теректісор** — төңірегінде, болмаса жағасында терең өскен сор жер деген мәндегі, **Балықтыкөл** — балығы көп көл, **Біртабан** — жақын, арасы қашық емес, **Ащысор** — суы ішуге жарамсыз сор, **Қоржынкөл** — қоржынға ұқсас көл, **Батпақтыкөл** — батпақты лайлы көл, **Темірасау** — темір астауға ұқсатып қойған көл, **Байбөта** — кісі атына қойылған көл, т. б.

Павлодар облысында: **Дөңгелексор** — көлемі шеңбер тәрізді көл, **Бұлақтысор** — бұлағы көп, жап-жақтан бұлақтар құйып жатқан сор, **Балтақалған** — жағасында балта ұмыт қалып қойған көл, **Жарқайың** — жағасындағы жарға қайың өскен көл деген мағыналарды білдіреді.

Қарағанды облысында: **Қаракөл** — түсі қара қошқыл, **Талдыкөл** — жағасында тал көп өскен, **Батпақкөл** — көл жағасындағы батпақ, балшыққа байланысты аталған, **Қайыңды** — қайыңы көп, **Шалқаркөл** — алып жатқан аумағы үлкен көл, **Саумалкөл** — саумал сияқты көпіріп жататын көл, **Маржанкөл** — маржандай мөлдір таза көл, **Күреңала** — көл түсінін өзгеріп, құлпырмалы болып тұруына қарай қойылған, **Жарлықөл** — жары биік көл, **Құлан өтпес** — құлан өте алмайтын, **Балықтыкөл** — балығы мол, көп көл т. б., деген мәндегі атаулар.

Жезқазған облысында: **Қоскөл** — қатар жатқан екі көл, **Ащыкөл** — суы ішуге жарамсыз ащы көл, **Барақкөл** — Барақ деген кісі атынан қойылған көл деген мағыналарда, **Шөмішкөл** — кескіні шөмішке ұқсаған көл, **Бисойған** — жағасында бие сойылған көл, **Шағырлықөл** — шағыр бұтаның бір түрі, шағыры көп өсетін көл деген мағынадағылар.

Бұл аймақта орыс тілінен қойылған көл аттары да кездеспей қалмайды. Олар: **Камышное** — қамысты көл, **Суркино** — суырлы, **Попово** — фамилия қойылған көл аты, **Плоское** — плоский — жазық + ое қосымша, **Сладкое** — тәтті, **Соленое** — соленый — тұзды + ое қосымша (Қостанай облысында) **Шучье** — шортанды, **Баран** — қой, **Чебачье** — шабақты, **Красное** — Қызыл көл, **Кочковатое** — төңірегі томарлы, төмпешікті көл, **Васильево** — фам. қойылған көл аты, **Желтуха** — сарғыш, **Утиное** — үйректі, **Пеньки** — көпіршік, **Светлица** — жалтыр, **Стеглянное** — шынылы, **Заводское** — заводтық, **Голубевка** — фам. қойылған атау, **Карась** — табан балық, **Соленое** — тұзды, ащы мағыналарындағы атаулар.

Араб, парсы, монғол сөздерінен қойылған көл аттары бұл өңірде өте сирек кездеседі. Оның да өзіндік тарихи сыры болса керек. Ана тіліміздің байырғы сөздерінен қойылған көл атауларының басым болуы тегінше тарихи құбылыстармен тікелей байланысты. Оның басты себебі — бұл аймақтағы көлдерді мекендеген ру, тайпалар-

дан басқа ол кезде басқа ру, тайпалар болмағанда ұқсайды. Егер де бөтен тайпалар болса, онда ол көл атауларының ең болмағанда 30%-і басқа тілдерден қойылар еді.

Араб, парсы тілдеріне тән деп отырған көл атауларының өзі кісі есімдерінен қойылған. Бұған қарағанда, ол көл аттары XVIII—XIX ғасырларға тән сияқты.

Мақы — пр. мах-ай, яғни айлы, **Зәуре** — ар. Зухра — ар. Зура — Шолпан жұлдызы, **Қалибек** — ар. гали — биік, жоғары + бек; **Имантау** — ар. иман — сенім, **Асанқожа** — ар. Асан-Хасан — сұлу, көркем; қожа — хожа — не, **Жұмай** — ар жұма — бесінші күн, -й — еркелету жұрғы; **Нияз** — ар. өтініш, тілек. Монғол тіліне тән көл атаулары біз қараған материалдарда бірен-саран ғана ұшырайды. Мәселен, **Қалмақкөл, Сарманкөл, Қостанай облысы, Обалыкөл, Баян, Баянтай** т. б.

Көне түркі немесе орал-алтай тілдеріне қатысты көл аттары бұл өңірде де кездесіп отырады. Олардың көбінің мағынасы көмескі, күнгірт, тек этимологиялық талдау барысында ғана анықталады. Ондай көл аттары: Балқаш, Құсақ, Ағанас, Шамғап, Матай, Мамай, Мау, Алтайсор, Домбай, Мойла, Күсет, Қодақ, Ақсан, Кеңқыру, Жемелей, Ұрқап, Ұрымқай, Сырдақ, Шенет, Шурмана т. т.

Топонимикалық зерттеулерде **Балқаш** көлінің атауы, оның шығу тегі мен мән-мағынасы жайлы аз жазылған жоқ.

Бұл күнде Балқаш — көл және қала аты. Ертедегі тарихи деректерде Балқаш *Атрақкөл, Көкшетеңіз* түрлерінде де аталған. Е. Қойшыбаев өзінің бір еңбегінде С. П. Толстов айтқан «Балқаш атауының бірінші сыңарындағы бал // бар көне түбір» деген пікірді қуаттай отырып, балқаш- атауын *балық* (көне түркіше «су» мағынасында) сөзіне гидронимиялық *аш* қосымшасының көмегімен субстантивтенген сын есім түріндегі атау деп жорамалдауға болады. Сонымен **Балқаш** (балықаш) — «су шалқыған өңір» мәніндегі көне түркі сөз тіркесі»¹⁵ деген пікір айтады.

Балқаш көл атауы мен *балқаш* сөзінің этимологиясы жайлы өте орынды да соны пікірді Ә. Қайдаров зерттеуінен көреміз. Ғалым пікірінше: «*бал (ва)* — сулы, балық-

¹⁵³ *Қойшыбаев Е.* Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. Алматы, 1985, 65-б.

ты, батпақты; *балқаш* — *бал+қаш* — балшықты жер, саз, *балшық* < *бал+шық* — сұйық, жабысқақ батпақ, балшық; *балжыр* < *бал+жыр* — сулы, дымқыл + данған, былжыраған; салыст. *мал* // *малшы* ¹⁵⁴. Бұл пікірге қарағанда, *балқаш* сөзінің негізгі мағынасы сулы, балшықты, батпақты деген мағынаны білдіретіні анықталып отыр. Ал **Балқаш** атаулы топонимнің басқа да түркі тілдес республикаларда бары көпке аян. Таулы Алтайда **Балқаш**, **Балқашту** // **Балқасту** / — тау, өзен, сай, елді мекен атауларында кездеседі. Алтай тілінде *балқаш* балшық, батпақ деген мағынаны білдірсе, **Балқаш** — **Тайғазы**, тау, елді мекен атауы, балшықты, батпақты бпiк тау ¹⁵⁵ мәнінде айтылатынын көреміз. Сондай-ақ куманды, теле диалектілерінде **Палқаш** — батпақ, балшық, лай; **Палқаш** — ар. балшық, саз, қойбол, сағай диалектілерінде Палғас — палқаш, Палғаста — палқашта тұлғаларында айтылатынын В. В. Радлов та көрсеткен ¹⁵⁶.

Осы **Балқаш** топонимінің *бал* түбірі мен орыс тіліндегі *валка* сөзінің *вал* түбірі арасында логикалық бірлік әрі мағыналық сәйкес байқалады. Бұл сөздің мағынасын Э. М. Мурзаев былайша түсіндіреді: *валка* — болото, грязь, пруд, небольшой поток, течение, ручей текущий через болото ¹⁵⁷.

Алайда **Балқаш** топонимі немесе *балқаш* сөзінің түбірі *бал* екені анықталғанмен оның екінші компонентіндегі *қаш* формантының сыр-сипаты ашылмай отыр. Біздің байқауымызша, бұл атау сөз **Балқаш** — әуел баста *бал+ық+аш* яғни **Балықаш** болуы ықтимал. Өйткені көне түркі тілдерінде *балық* су, өзен екендігі тарихи деректерден мәлім. Сол *бал* балшық, батпақ су түбірінен өрбіген сөздердің біразы мыналар: *бал+қа*, *бал+дыр*, *бал+быр*, *бал+ық*. Бұл сөздердің түбірлері де «су» деген мағынаны білдіретіні анық көрініп тұр. Демек, **Балықаш** атауындағы дауысты **ы** дыбысының айтыла келе, түсіп қалып, **Балқаш** аталуы — тілдегі заңды құбылыс.

¹⁵⁴ *Кайдаров А. Т.* Структура односложных корней и основ в казахском языке. Алма-Ата, 1985. С. 191.

¹⁵⁵ *Молчанова О. Т.* Топонимический словарь Горного Алтая. Горно-Алтайск., 1979. С. 148.

¹⁵⁶ *Радлов В. Е.* Опыт словаря тюркских наречий. Т. 4. Ч. 2. С. 74.

¹⁵⁷ *Мурзаев Э. М.* Словарь народных географических терминов. М., 1984. С. 111.

Ал атаудың соңғы форманты *аш* Орал-Алтай тілдерінде *аз ~ аш ~ ыс ~ ыш ~ иш* варианттарында келіп, өзен, су атауларының қосымшалары ретінде кеңінен қолданылған гидронимдік формант. Осы форманттары бойында сақталған өзен аттары біздің республикамызда ондай кездеседі: Келес, Текес, Бақанас, Қорғас, Күнгес, Ертіс, Саржаз, Лабас т. б.

Бұл формантты жер-су аттары Тува, Хакас, Алтай өлкесінде, оның Новокузнецк, Кемерово жақтарында да кездеседі. Мәселен, Таулы Алтайда Чугунаш, Шерегеш, Хакасия жерінде Малый Анзас, Уст-Анзас, Учас атты өзен, селолар, Новосибирь облысының Кемерово қаласы маңында Барзас селосы, ал Ставрополь өлкесінің Ипатово селосы жанынан ағып өтетін Калаус өзені, Башкирияда Салават қаласы жанында Белая өзенінің тармағы саналатын Нугуш өзені де осы формалы атауларға жатады.

XI ғ. ғалымы Махмуд Қашқаридің өйгілі еңбегінде де Ертіс өзені және Қашқарияда Artuc деген елді мекен ¹⁵⁸ бары айтылған.

Балқаш көл атын талдай келе мынандай қорытындыға келеміз: Атаудың *бал* [ба] (балшық, батпақ, су) түбірі жайлы Ә. Қайдаров пікірін қолдай отырып, оның *қаш* компонентін ескі қосымша (к+аш) деп саралап, *аш* қосымшасын алтай тіліне тән топонимдік формант (әсіресе гидронимдік) деп қараймыз (бұл формант жөнінде Ертіс атауы туралы талдауда тоқталатындықтан бұл жерде қайталамадық). Жоғарыда айтылған *бал* түбірінің варианттары семит-хамит тілдерінде: в (w) l — дымқыл, су, алтай тілінде bul — лайлау, былғау, монғол тілінде bul — балшық, лас, былғаныш, қалмақ тілінде bula — кір, балшық, тұңғыс тілдер: эвенкі: bu (ca) — батпақ, саз ¹⁵⁹.

Целиноград облысындағы Рождественка селосының солтүстік-батысында 10 км жерде Ағанас көлі, Алматы облысының Кеген ауданындағы Жалаңаш селосынан 20—30 км төмен Торайғыр тауының етегінде Ағанас, Ағанастың жазығы аталатын жер бар. Осы **Ағанас** атауын Е. Қойшыбаев *ағын* — биік кемерлі арна және

¹⁵⁸ Махмуд Қашқари. Лугод-ит-турк, Ташкент, 1968, 1-т. 95-б.

¹⁵⁹ Иллич-Свитыч В. М. Опыт сравнения постратических языков. Сравнительный словарь. М., 1971. С. 186.

ас компоненттерінен қалыптасқан яғни арнасы терең су мағынасындағы атау¹⁶⁰ дейді.

Жоғарыдағы Ағанас жазығы деп аталудың өзіндік сыры болса керек. Сол жазықтың күншығыс жағындағы терең аңғарда ағыны қатты өзен ағады. Бұған қарағанда, ерте кезде сол өзеннің аты Ағанас болуы керек. Шыңдығында да, ол өзеннің арнасы терең, екі жағы тік жарлы, кей жері түйетайлы келеді де, оның төменгі ағысын *Ақтоғай*, ал одан кейінгі тар да терең шатқал жерін *Көртоғай* деп, ал одан 25—30 км төменгі кең алқапты жағасын *Сартоғай* атайды. Ал Целиноград облысындағы құрғап кеткен өзен аты да **Ағанас**, оның жанындағы көл атының **Ағанас** атаулары да мағыналары жағынан сәйкес тұр.

Біздің пікірімізше, **Ағанас** атауы үш компоненттен құралған. Оның *ағ* компоненті түркі тілдеріндегі *ақ* ағу, жылжу, қозғалу, екінші компоненті *ын* немесе *ан*, соңғы үшінші компоненті *ас* — көне топонимдік формант. Бұл атау әуел баста Ақыпас боп аталуы мүмкін, айтыла келе кейінгі дәуірлерде қатаң *q* ұяң *f* дыбысына, тіл арты дауысты *ы* ашық дауысты *a* дыбысына ауысқан.

Осыдан барып көне атау *Ақынас* орнына *Ағанас* пайда болғанға ұқсайды.

Целиноград облысының Жалбаша поселкесінің оңтүстік батысында 27 км жерде *Қусақ* деп аталатын көл бар. Ал *Қусақ* аталатын өзендер республикамыздың басқа да облыстарында ағады. Жамбыл облысының Свердлов ауданындағы Бесжылдық колх. Үлкен Бурыл және Кіші Бурыл деген екі тау ортасынан ағып өтетін, бірақ мезгіл-мезгіл құрап қалатын өзен де *Қусақ* аталады. Жергілікті тұрғындар бұл атаудың мәнін «аңызақ», «құрғақ» деп түсіндіреді. Сондай-ақ, Семей облысының Үржар ауданында, Талдықорған, Қарағанды, Жезқазған облыстарында да **Қусақ** атты көлдер бар. Олар жайлы Қазақ Совет Энциклопедиясында былай деген: **Қусақ, Кемер** — Талдықорған облысының Талдықорған ауданындағы өзен. Ұз. 67 км. Су жинал, алқабы 352 км² Аңғары көбіне тар, арнасы тік жарлы¹⁶¹.

Қусақ, Қаражан, Құрөзек — Жезқазған облысының

¹⁶⁰ *Койшыбаев Е.* Аталған еңбек. 50-б.

¹⁶¹ КСЭ. 1975. 7-т., 15-б.

Ақтоғай ауданындағы өзен¹⁶². Солт. Балқаш алабында. Ұзындығы 184 км, су жиналатын алабы 10 800 км². Тоқырау өзеніне құяды. Аңғары кең, арнасы жарлы. Көлемде 10—16 күндей ағын болып, жазда тартылып қалады»¹⁶³. **Қусақ** атауы Якутияда «Қулар Яна және Омолай өзендерінің тармағы. Оның **Қулар** деп аталуын жергілікті халық бұл жерде ылғи таудан құрғақ, суық жел соғуымен байланыстырып қойыпты. **Қусаған** деген де өзен бар. Оның мағынасы якут тілінде «жаман, нашар, жексұрын» дегенді білдіреді екен»¹⁶⁴.

Бұл атауды тілдік тұрғыдан талдау барысында екі компонентке бөліп қараймыз. Оның бірінші компоненті *қу*, екіншісі *сақ*. *Қу* сөзі көп мағыналы: 1) аққу (күс); 2) ақ, әппак, ағарған; 3) құраған, құрғақ, анызақ. Ал *сақ* сөзі — көне түркі тіліндегі *сағ* сөзінің қазіргі қазақ тіліндегі фонетикалық варианты. *Сағ* кейіннен кейбір түркі тілдерінде *сай*, *чай* боп өзгерген. Оған қосымша қосылу арқылы *саға* формасы пайда болған. Ә. М. Мұрзаевтың айтуынша: *Саға* — ұзын келген ирелең сай; өзеннің ескі арнасы; терең келген шұңқыр; өзеннің қолтығы; қазақ тіліндегі *саға* (бұндағы *ғ* дыбысы *х*, *қ* дыбыстарына жуық айтылады) — тау етегі, тау қойнауы. *Саға* — Көкшетау облысы, Торғай облысы. *Саға* — құрғап бара жатқан өзен, *Сағабүйен* — Талдықорған облысында¹⁶⁵. *Қусақ* атауының мағынасы — құрғаған, анызақ, құр өзек, сай дегенге жуық көрінеді.

Зеренді топонимінің мәні мен шығу тегі жайлы зерттеушілер арасында бүгінге дейін тиянақты пікір жоқ. Бұл топоним — Көкшетау облысында әрі ороним, әрі көл аты. Көкшетау облысының топонимдерін зерттеген О. Султаньяев: «**Зеренді** — көл, тау — «сайғакты»¹⁶⁶ деп түсіндірсе, ал А. Әбдірахманов: «Зеренді топонимінің екі арнасы болуы ықтимал: 1) көне түркіше *зерензе* > *зеренді*; 2) *зерен* (монғ. антилопа) *-ді* (зат есімнен туынды сын есім жасайтын қазақ тіліндегі жұрнақ)». Бұл екі варианттың қайсысы дұрыс екендігі әлі зерттей түсуді қа-

¹⁶² Жезқазған обл. картасы, 1978.

¹⁶³ ҚСЭ. 1975. 7-т. 15-б.

¹⁶⁴ Бағдарын Сялбэ. Топонимика Якутии. Якутское книж. изд-ва, 1985. С. 93.

¹⁶⁵ Мұрзаев Ә. М. Словарь народных географических терминов. М., 1984. С. 490.

¹⁶⁶ Султаньяев О. А. Понятные непонятности. Алма-Ата, 1973. С. 56.

жет етеді ¹⁶⁷, — деп түйеді. Ал Е. Қойшыбаев осы көл аты мен тау аты *Зеренді* екі бөлек сөз деп танып, *Зеренді* көл атының *Зеренді* оронимімен байланысы жоқ. Көлдің олай аталу себебі иран тілі негізіндегі *зерен* (қайқы кылыш) мәндес сөзімен ұштасқандай ¹⁶⁸ дейді. Бұл авторлардың пікірлері әлі де анықтай түсуді қажет етеді.

Өйткені ол типтес топонимдер Таулы Алтайда: Жерен — жирен, сарала, жеерен көл — ала көл немесе кірпіш түстес көл түрлерінде аталады.

Жергілікті тұрғындардың *зерен* — бояу жасалатын шөп ¹⁶⁹ деуі шындыққа саяды. Өйткені Қостанай облысы, Жангелдин ауданының тұрғындары тілінде *зерендік* — бояу шөп. Сондай-ақ көне түркі тілінде *Zävanzä* бот. бояқ шөп сафлар десе, Махмұт Қашқари *Zägānzä* иғуі — сафлар дәні ¹⁷⁰ деп берген. Бұған қарағанда, тау атының өсімдік атауынан қойылуы да заңды құбылыс. Өйткені, өсімдік атауларынан қойылған топонимдер республикамызда жүздеп кездеседі. Ал көл атының *Зеренді* қойылуы сол өсімдік түсіне байланысты, көлдің бояу түсіне ұқсас мөлдір көк немесе қара көк, ала-құла боп, құлпырып тұруына байланысты қойылуы ықтимал. Бұл ретте ол Алакөлге синоним болады. Көл аттарының көбіне көлдің түр-түсіне байланысты қойылып отыруы ежелден бар дағдылы дәстүр.

Бұл өңірдегі түсінігі қиын басқа да көл аттарының кейбіреулері антропонимдерден болса, екінші бір тобы ру, тайпа аттарынан қойылып отырған. Мәселен, Сарман, Матай, Наурызым, Айсары көлдері — антропонимдерден қойылған.

Көл аттарын этимологиялық тұрғыдан зерттегенде, олардың құрамында алтай дәуіріне тән, көне түркі, монғол тілдеріне ортақ атаулар бар екені анықталды.

Орталық Қазақстандағы көлдердің халық шаруашылығына тигізер пайдасы зор. Өйткені кейбір көлден тұз, емдік қасиеті бар балшық алынса, мыңдаған көлдерден балық ауланады. Олар мыңғырған құстардың мекені, құс базары. Жазда көл жағасы салқын жайлау, жанға сая жайлы қоныс. Айналасын тау көмкерген көгілдір

¹⁶⁷ *Әбдірахманов А.* Топонимика және этимология. Алматы, 1975. 100-б.

¹⁶⁸ *Қойшыбаев Е.* Қазақстанның жер-су аттары. Алматы, 1985. 123-б.

¹⁶⁹ Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. Алматы, 1969. 138-б.

¹⁷⁰ Қараны: ДТС., М., 1969. С. 639.

Жасыбай, айнадай жарқыраған Сабындыкөл, мөңдіреген тұнық Торайғыр көлдері, сондай-ақ, Көкшетау баурайындағы Біржан сал жырлайтын *Сексен көл Бұрабайдың аясындағы* Шортанды, Кіші Шабакты, Үлкен Шабакты, Айнакөл, Аққулы, Бұрабай, Зеренді, Шалқар, Имантау басқа да тұщы көлдер тізбегі Кавказдағы Ринца, Алтайдағы аты әйгілі кербез Байкалдан артық болмаса кем емес.

Ірілі-ұсақты көлдер физика-географиялық, химиялық және басқа да қасиеттері жағынан әрқилы. Әрбір көлге ат беруде, халық олардың көзге түскен белгілеріне назар аударып отырған. Адамдардың есімімен, болмаса белгілі бір оқиғаға байланысты қойылған ескерткіш атаулар да бар. Атаулардың басым көпшілігінің айналыны қоршаған табиғат құбылысына байланысты қойылып отырғанын аңғару қиынға соқпайды. Олардың кейбіреулері көлдің түсі мен түріне, дәмінің ащы-тұщылығына, суының исіне, көл жағасында өскен өсімдіктің түрлеріне немесе балықтың аз-көптігіне, көлдің үлкен-кішілігіне, басқа бір затқа ұқсастығына байланысты да қойылып отырған. Біріккен тұлғалы көл аттары құрамында да апеллятивтер жиі қолданылып, сол көлдердің сипаты, қасиеті жайлы толық мағлұмат білдіріп тұрады. Ондай апеллятивтерді бірнеше топқа бөліп қарауға болады.

1. Көлдердің көлемі жағынан үлкен, аумағының кеңдігін білдіретін апеллятивтер: *теңіз, шалқар, жалтыр, жалпақ*.

2. Түбі тартпа көлдер: *сор, батпақ, балқаш, ми*.

3. Көл төңірегі шалшықты, батпақты, былқылдақ болуымен байланысты айтылатын апеллятивтер: *томар, қоппа, былқылдақ*.

4. Тұзды, ащы көлдерді білдіретін апеллятивтер: *тұз, тұзды, ащы*.

5. Жазда суы тартылып, төңірегіндегі өсімдігі қурап қалған көлдерді білдіретін апеллятивтер: *тақыр, татыр*.

Өзен аттары

Зерттеушілердің мәліметтері бойынша, Қазақстан территориясында көлемі әртүрлі 85 мыңнан астам өзен бары белгілі болып отыр. Алайда, олардың ішінде Орталық Қазақстан өңіріндегі өзендердің жалпы саны жайлы нақтылы дерек жоқ. Өйткені Орталық Қазақстанның өзен атаулары жайлы бұдан бұрын арнайы зерттеулер болған

емес. Олай болса, бұл өңірдегі өзен атауларын тарихи-лингвистикалық тұрғыдан зерттеудің маңызы аса зор. Себебі «Мағынасы көмескі атаулар, әсіресе гидронимдер, көне дәуірлерден бері ірі өзгеріске түспей, көп ретте бәз қалпында бізге жетіп, тілдік мәліметтердің маңызын күшейте түседі»¹⁷¹. Бұл өңірдегі ондай көне гидронимдер (өзендер) санатына жататындар: Ертіс, Есіл, Нұра, Тобыл, Торғай, Тоқырау, Бақанас, Қусақ т. б.

Орталық Қазақстандағы өзен аттары туралы әр кезде жарық көрген ғылыми еңбектер мен облыстық, аудандық топографиялық карталардан және ономастика бөлімі ұйымдастырған экспедиция арқылы жиналған материалдардан гидронимдер бойынша бай картотекалық қор ұйымдастырылды. Ол материалдарға ден қойғанда, бұл өңірдің өзендер мен бастау, бұлақ, қайнарларға бай екенін және ол атаулардан мол лингвистикалық мәліметтер алуға болатынын көреміз.

Өткен замандарда Қазақстанның сұлу табиғаты мен тамаша климаты қазірге қарағанда, әлдеқайда өзгеше, жері дымқыл, өзендерінің суы мол болған. Бертін келе мұздардың кетуі дымқыл климаттың орнына неғұрлым құрғақ климатпен ауысуына себепкер болып, өзендерде су тартыла түседі. Бірсыпыра өзендер ағынсыз көлдердің тізбегіне айналды. Ал Орталық Қазақстанда бұлармен қатар көптеген тұйық ойпаңдарда жер бетінің суы үлкенді-кішілі көлдер құрайды, олардан жазда құрғап қалатын бірді-екілі өзендер шығып жатады¹⁷². Көне замандарда бұл өңірдің көбірек ел қоныстанған жерлері— Нұра, Шерубай-Нұра, Атасу, Талды-Нұра, Балқаш алабы, Есіл, Ертіс бойлары, Торғай, Сілегі, Шідерті, Тоқырау, Тобыл өзендерінің және олардың сан тарамдарының аңғарлары болған. Бұл аймақта ұзындығы 1000 километрден асатын Есіл мен Ертіс өзендері ғана. Ал ұзындығы 500 километрден 1000 километрге дейін жететін өзендер қатарына Торғай, Сарысу, Нұра, Тобыл, Ырғыз, Ұлыжыланшық, Шідерті т. б. жатады. Сондай-ақ ұзындығы 100 километрден 500 километрге дейін жететін өзендер де аз емес. Мысалы: Көктал, Қарғалы, Қауылжар, Талдық, Сарыөзен, Сарыторғай, Көң т. б. өзендер.

¹⁷¹ *Топоров В. Н., Трубацев О. Н.* Лингвистический анализ гидронимов верхнего Поднепровья. М., 1962. С. 3.

¹⁷² Қазақ ССР тарихы. 1-т. 1957, 13—19-б.

Рет-саны	Өзен аттары	Өзендердің құятын жері	Қайсы жағынан құятыны	Үлкен өзеннен бергі қашықт. км.	Өзеннің ұзындығы км.
1	2	3	4	5	6
1.	Қарасу	жоғалып кет.	—	—	110
2.	Тұндық	Қарасор көліне	—	—	303
3.	Ащысу	Алқамерген көліне	—	—	—
4.	Шідерті	Шығанақ көліне	—	—	427
5.	Өлеңті	Әулікөл көліне	—	—	236
6.	Сілеті	Теңізсілеті көліне	—	—	381
7.	Шағалалы	Шағалалы-теңіз көліне	—	—	217
8.	Есіл	—	—	—	1607
9.	Колутон	Есілге	О*	1179	199
10.	Жабай	Есілге	О	1099	166
11.	Терісаққан	Есілге	С	935	298
12.	Аққанбұрлық	Есілге	О	552	206
13.	Тобыл (Звернаго-лов тау — дейін)	—	—	—	668
14.	Аят (Қазақстан шекарасынан)	Тобыл өзеніне	С	318	198
15.	Ұй (Қазақстан шекарасынан)	Тобылға	С	80	226
16.	Обаған	Тобылға	О	10	341
17.	Сарысу-Жаман Сарысу, Жаксы Сарысу өзені қосылған жерінен бастал.	Телекөк көліне	—	—	681
18.	Жаксы Сарысу	Сарысуға	О	681	126
19.	Жаман Сарысу	Сарысуға	С	681	184
20.	Талдыманака	Сарысуға	С	628	144
21.	Атасу	Сарысуға жетпей құрып кетеді	—	—	184
22.	Сыртысу	Сарысуға жетпей жоғалып кетеді	О	530	115
23.	Көктас	жоғалып кетеді	—	—	113
24.	Қаракөңгір	Сарысуға	О	326	284
25.	Сарыкөңгір	Қаракөңгір	С	133	13

1	2	3	4	5	6
26.	Жезді	Қаракенгірге	О	26	191
27.	Сарыбұлақ	жоғалып кетеді	—	—	126
28.	Мойынты	»	—	—	162
29.	Тоқырау	»	—	—	324
30.	Қараменді	Тоқырауға	С	211	72
31.	Қосыбай	Тоқырауға	С	182	50
32.	Қаратал	Тоқырауға	С	181	45
33.	Жінішке	Тоқырауға	С	155	65
34.	Қусак (Қарамола, Қаражан)	жоғалып кетеді	—	—	187
35.	Қаршығалы (Сарыөлен)	»	—	—	113
36.	Жарлы (Көктал, Ащыөзек)	»	—	—	143
37.	Талды	Қарасор көліне	—	—	129
38.	Нұра	Теңіз көліне	—	—	895
39.	Байғожа (Керегетас, Қарашоқы)	Нұра көліне	С	841	99
40.	Шерубай-Нұра	Нұраға	С	616	268
41.	Талды	Шерубай-Нұраға	О	142	101
42.	Соқыр	»	О	4	103
43.	Есен	Нұраға	С	544	102
44.	Үлкенқұндызды	Нұраға	О	452	108
45.	Құланөтпес	Теңіз өзеніне	—	—	354
46.	Соналы	Құланөтпес	С	137	105
47.	Көң (Жаксы Көң)	Құланөтпеске	С	44	210
48.	Жаман Көң	Көң өзеніне	О	57	102
49.	Ащылы	Жаман Көңге	О	7	92
50.	Керей	Керей көліне	—	—	99
51.	Қыпшак	Қыпшак көліне	—	—	111
52.	Торғай (Қараторғай, Аралбай)	Шалқантеңіз теңізіне	—	—	930
53.	Сарыторғай (Жанғабыл)	Қараторғайға	С	782	180
54.	Тамды	Сарыторғай	О	78	109
55.	Жалдама (Ащытасты, Ақжар)	Қараторғайға	О	647	216

1	2	3	4	5	6
56.	Сарыөзен	Сарыкопа көліне	—	—	137
57.	Үлкендамды (Дамды)	Сарыөзенге	O*	68	121
58.	Теке	Сарыкопа көліне	—	—	103
59.	Өлкіаяқ	Қызылкөл көліне	—	—	294
60.	Қабырға (Ащы- бұлақ)	Өлкіаяққа	C*	174	107
61.	Қарақай	Күйіккөл көліне	—	—	135
62.	Ырғыз	Торғайға	O	97	535
63.	Өзенқайрақты (Ақпансай, Қайрақты)	Ырғызға	O	298	106
64.	Талдық (Борлы, Өліталдық)	Ырғызға	O	235	142
65.	Шетырғыз (Шуылдақ)	Ырғызға	O	208	149
66.	Қауылжар (Қарабұлақсай)	жоғалып кетеді	—	—	120
67.	Ұлыжыланшық (Жыланшық, Үлкен Жыланшық)	Жаксы Ақкөл көліне	—	—	426
68.	Дулығалы-Жыланшық (Жиделі өзен)	Ұлыжыланшыққа	C	263	140
69.	Қарғалы (Ақши, Жоса)	жоғалып кетеді	—	—	114
70.	Байқоңыр (Ақтас)	Шұбартеңіз көліне	—	—	207
71.	Көктал	жоғалып кетеді	—	—	108
72.	Білеуітті	»	—	—	255
73.	Дүйсембай	Білеуітті өзеніне	O	122	109

* O — оңтүстік, * C — солтүстік.

Ондай өзендердің жалпы саны мен сипаттамаларына мына төмендегі кестеден анық көруге болады*.

Орталық Қазақстан гидронимдерін талдау барысын-

* Бұл кесте Н. С. Калачев, Л. Д. Лаврентьеваның («Водноэнергетический кадастр рек Казахской ССР». Алма-Ата, 1965. С. 647 (52) кітабы бойынша берілді.

да көл, өзен аттарымен қатар бастаулар мен бұлақтар, қайнарлар мен құдық аттары да барынша жиналып, карточкаға түсірілді.

Ондай ұсақ гидронимдер зерттеліп отырған өлкеде мыңдап кездеседі. Сондықтан оларды өз алдына шығатын облыстық сөздіктерде камтуды жөн көрдік. Өйткені, сөздікте олардың гидрографиялық сипаттары, шығу төркіні, мән-мағыналары мен өзгеріс күйлері толық беріледі.

Бұл өлкедегі бұлақтар мен бастау, өткелдер көбіне екі сөзден жасалады да *бұлақ, бастау* деген сөздер арқылы аталып отырады. Мәселен, *Дарқанбұлақ, Данабұлақ, Әулиебұлақ, Бетбұлақ, Сарыбұлақ, Қожанбұлағы, Мәліқсайдың бұлағы, Тасбұлақ, Талдыбұлақ, Қайнарбұлақ, Ақпабұлақ* т. б.

Өзен аттарының мағынасы

Орталық Қазақстандағы өзен аттары, негізінен ана тіліміздің мағынасы айқын, жалпы қауымға түсінікті байырғы сөздерден қойылып отырған. Мәселен, *Ащысу*— суының дәмі ащы, тұщы емес деген мағынада, *Өлеңті*— өлең шөбі көп, шүйгін жайылымы мол. Мұндағы *-ті* молдық, көптік мағынасын білдіретін көне қосымша. *Терісаққан* — кері аққан, әдеттегі ағысынан бұрыс, *Сарысу* — үлкен, мол су, *Жіңішке* — үлкен емес, кішкене өзеннің кішілігіне байланысты қойылған, *Талды* — талы көп, талы мол, *Құланөтпес* — жағасы тік жарлы, терең өзен, *Жарлы* — жағасындағы жары биік (өзен), *Қарғалы* — қарғасы көп т. б.

Алайда қоғамның өзгеру, өсу, даму барысында, уақыт, мерзім талабына орай өңірдегі кейбір өзен аттарының өз бастағы мағыналары ескіріп, күнгірттеніп, бара-бара түсініксіз боп кеткен.

Ондай атаулардың кейбіреулері — көне тілдік қабаттарға тән болса, мәселен, Ертіс, Есіл, Бақанас, Тобыл, Аят, Көң, Тоқырау, Құрманәке, Қусақ, Қунақ, Кеңгір; екінші бір топтары — мәселен, Обаған, Нұра, Ырғыз, Ұй, Колутон, Сілеті т. б. басқа тілдерге қатысты. Бұл өзен аттарының мағыналары қазіргі кезде көмескіленіп, көпке түсініксіз болып отыр.

Түрлі тарихи себептермен географиялық объектінің аты фонетикалық, графикалық т. б. өзгерістерге түсіп, мағынасы мен байланысын жоғалттып алуы жиі кезде-

есі. Атаулардың өздерінің тұлға бастағы лексикалық мағыналарынан бірте-бірте алмақтан, айрыла бастауы ономастикалық заңдылыққа тән құбылыс. Сонымен бірге сол атауды қоюшы тайпаның болмаса ескі рулардың тарих аренасында бірін-бірі алмастырып, ауыстырып отыруымен де тікелей байланысты. Бұл жөнінде В. И. Абаев былай дейді: «Халықтар мен тайпалар белгілі бір территорияда алмасып, ауысып жатқанымен ізісіз жоғалып кетпейді. Әрбір жаңа тайпа өзінен бұрынғылардан азды-көпті болса да қажеттілерін қабылдап әрі сақтап отырады. Ол азды-көптілер белгілі бір дәрежедегі топонимдер болуы да мүмкін»¹⁷³.

Орталық Қазақстан жерін тарихи кезеңдерде наным-сенімі мен діни көзқарасы, тіздері әртүрлі тайпалар мен рулар, елдер мекендеп, өзара саяси-әлеуметтік, экономикалық қарым-қатынас жасады. Бұл жайт, әрине, өзен, су атауларында да белгілі дәрежеде із-таңбасын қалдырды. Осы өңірде ана тіліміздің сөздік қорынан қойылған өзен, бұлақ пен бастау, қайнарлардың көп болуы, ерте кезден-ақ қазіргі қазақ халқын құраған тайпалардың бұл аймақта да сан жағынан көп те мол өмір сүргенін көрсетеді.

Өзен аттарының көне де көмескі мағыналарын анықтаудың ғылыми тұрғыдан құндылық жағымен қатар, көпшіліктің білім дәрежесін молайту үшін пайдасы зор. Айталық, Кеңгір өзені — Жезқазған облысындағы ірі өзендердің бірі. Оның Қаракеңгір, Сарыкеңгір атты тармақтары бар. Бұл атаулар алтай, көне түркі дәуірлерінен белгілі этнонимнен жасалған¹⁷⁴.

Кеңгір өзенінің шығу тарихы мен лингвистикалық сыры ғалымдар назарынан тыс қалған емес. Бұл атау Жезқазған жерін мекендеген көне тайпалардың біріне тән болса керек. Ол атаудың ерте замандарда *Кангар* аталып, кейінгі кезеңдерде біздің тіліміздің фонетикалық жүйесіне сай өзгеріп, жіңішке тұлғада *Кеңгір* болып қалыптасып кетуінде тіл заңына сай заңдылық жатса керек. Өйткені оның бірінші сыңары *канг* үнді-европа тілдерінде *кан—канг—Ганга* тұлғаларында сақталса, Алтай, Сібірдегі эвенгі, түркі тілдері мен корей тілдерінде *кан // кен // кем // хем* формаларында сақталған.

¹⁷³ Абаев В. И. О происхождении фонемы в славянском // Проблемы индоевропейского языковедения. М., 1964. С. 115.

¹⁷⁴ Джанизаков Т. Очерк казахской ономастики. Алма-Ата. 1982. С. 89.

Демек, бір тілде атау соңындағы дауыссыз *г* түсіп қалып отырса, екінші бір тілдерде сақталып, біздің дәуірімізге өзгерген қалпында болса да жетіп отыр. Ал атаудың екінші компоненті *ар // ер // ир* аталмыш тілдер тобында лексикалық единица ретінде дербес семантикаға ие екені белгілі. Демек, *канг // кан // кен // кем // хем* және *ар // ер // ир* компоненттеріне лингвистикалық талдау жасау нәтижесінде ғана олардың сырын аша аламыз. Осы *кан // кен* компонентті топонимдер әвенкі (тұңғыстар) мекендеген Енисейден бастап Охотск теңізіне дейінгі тайга мен орманды-тундралы аймақта және Алтай, Сібірден Орта Азияға дейін одан әрмен Индияға тараған. Бұл *ганг // кан // кен* формантын ғалымдардың кейбірі жұрнақ¹⁷⁵ деп таныса, екінші біреулері ағыс, өзен¹⁷⁶ деген мағыналы сөз деп санайды. Бұл топоним форманттың корей тіліндегі *кан* — өзен сөзіне тікелей қатысы барын Ким Чер Лен орынды атаған¹⁷⁷. Аталған сөз Алтай, Сібір өлкесіндегі тұрғындар (тұңғыстар) тілдерінде *кан // ган // кен* формаларында келіп өзен, су деген мәнді білдірсе, иран, тәжік тілдерінде *-кан* — канал деген мағынаға ие. Ал атаудың екінші компоненті *ар* (варианттары *-ар, -ер*) көптеген Орал және кейбір түркі тілдеріне ортақ. Мәселен, башқұрт жеріндегі *Танып* өзенінің оң жақ ағысындағы *Ар, Буй* өзенінің тарамы *Әри, Усеннің* оң жақ тарамы *Әриылға*, мансий тіліндегі *әри* өзен, башқұрт тілі диалектісіндегі *әр* өзеннің құрғақ арнасы деген сөздердің *әр* түбірі венгер тіліндегі *ар* — өзен, ағын, таскын сөздеріне барып саяды.

Белгілі совет жазушысы әрі ғалым Лев Успенский Франция топонимінен келтірген бір мысалында: Франция картасында (әлбетте французша) *Аронна* өзені көрсетілген. Бұл өзек емес Өзен, ал өзеннің өзі **Өзен—Өзен** дегенді білдірген. Қөне лигурлар өзен дегенді *ар* деген сөзбен атаған. Олардың тілінде бұл сөз — шындығында өзен деген сөз. Ар өзені бойын мекендеген лигурлардап соң ол жерді кельттер мен гилдтар иемденген. Олар *Ар* деген атаудың өзен мағынасындағы сөз екендігін білмеген. Ол өзенге олар өздерінше ат беріп *Аронна* деп ата-

¹⁷⁵ Мурзав Э. М. Природы Цивилизация. М., 1966. С. 348.

¹⁷⁶ Хабшай С., Минис Д. Монголия-казакша сөздік. Ұланбатор, 1954. 123—124-б.

¹⁷⁷ Ким Чер Лен. Гидронимический ареал *-кан* в Средней Сибири // Топонимика Востока. Новые исследования. М., Наука, 1964. С. 146—149.

ған. Кельт тілінде *онна* сөзі де өзен дегенді білдіреді. Сонымен, Өзен Өзен деген атау боп шыққан. Ал француздар болса лигур тілінен де, галлтар тілінен де хабары болмай, ол өзенді өздерінше *Аронна — флев* немесе *Аронна — ривьер* деп, яғни Өзен-Өзен өзен деп атап кеткен¹⁷⁸. Бұл дәлелге қарағанда, бір өзенге қойылған атау әр дәуірдің өзінде, әр тілде *өзен* деп аталып, «қабатты» топонимге айналып отырғанын көреміз. Олай болса, *Кангар (Кеңгір)* туралы да осыны айтуға болады.

Ертіс атауының шығу тарихы мен мән-мағынасы жайлы бұрыннан айтылып келе жатқан ғалымдар пікірлерін ескере отырып, кейінгі кездерде айтылып жүрген соны деректерге де назар аударудың жөні бар. Бұл атаудың этимологиясы жайлы әлі күнге нақты ой-пікірі жоқ. Ол әлі де зерттеле бермек. Ол атаудың орал-алтай, түркі-монғол, көне түркі тіл бірлестігі кезіндегі атау болуы ықтимал. Өйткені оның мән-мағынасы мен түп төркіні бір ғана тілге тән еместігі анық байқалады. Тарихына зер салсақ, бұл атау VIII ғасырларға тән түркі жазба ескерткіштеріндегі көрсетілуінен бері он бес ғасыр бойы аталып, бізге жетіп отыр екен. Егерде ол атаудың сол жазба ескерткіште көрсетілген мерзімінен әрмен, яғни б. э. д. IV—III ғасырларда болған шығар деп жобаласақ, онда *Ертіс* атауының тарихы кем дегенде екі мың жылдан асары сөзсіз. Осы атаудың желісін үзбей, XI ғасырда Махмұд Қашқари еңбегінде ERTIS тұлғасында аталуы да тарихи шындық.

Бұл *Ертіс* өзені өз басын Монғол Халық Республикасының Хара-Улус-Нор көлінен алады. Одан шығып, Қобдо өзеніне құяды да, Қытай Халық Республикасындағы Алтай арқылы ағып өткен жерде *Қара Ертіс* (картада Черный Иртыш) аталады да, Зайсан көліне кеп құяды. Одан шығып, Семей, Павлодар, Омбы қалаларын жанай өтіп Тобыл өзеніне қосылады. Тобылдан әрмен Ханты-Мансийск жағынан өтетін үлкен өзен — Обқа барып қосылады. Міне, осыған дейінгі арада ағатын өзен аты Советтер Одағының саяси-экономикалық картасында орысша *Иртыш* деп аталады. Ертіс атауының шығу төркіні жайлы айтылған пікірлер аз емес.

Белгілі саяхатшы П. П. Семенов Иртыш (*ир* — қырғи тілінде жер, *тыш* — қазу деп жазса¹⁷⁹, В. Бартольд

¹⁷⁸ Успенский Лев. Слово о словах. Имя дома твоего. М., 1971. С. 697.

¹⁷⁹ Россия. СПб., 1903. Т. 18. т. 1. С. 19.

Артуш (Эртюш) Гардизи айтуындағы *халы* этимологиясы бойынша «адам төмен түс»¹⁸⁰ деп жазды. Ал, А. П. Дульзон, «бұл атау кет тілінің *Ир-сес* > (өзен) > Ирчис сөзінен өзгерген» деген пікір айтты. Э. М. Мурзаевтың: «Бұл гидронимнің түбірі түрікше — *ир* болуы мүмкін. Қазақша *иірім*, түркіше *ирмак* (өзен), өзбекше *ирмок* (өзеннің сағасы) бір түбірден шығып, Ертіс гидрониміне қатысты болуы мүмкін. Батыс Сібірде тараған *сес*, *шеш* (өзен) деген кет тілінің сөзі түркіше *тиш*, *цис* болып өзгереді. Сондықтан *ир* деген түркі сөзімен кеттің *цис* (өзен) деген екі сөзі қосылып, Ертіс гидронимінің атына айналуы мүмкін¹⁸¹ дегені белгілі. Бірақта Р. Рамстедтің айтуынша *Ертіс* — қатал, ашулы, тасқынды¹⁸². В. Н. Попова Ертіс атауы *ир* және *тыш* компонентінен құралған деп қарайды да, оның екінші құрамы *тыш* туралы А. П. Дульзон мен Э. М. Мурзаев пікірін қолдайды. Ал атаудың бірінші құрамындағы *Ир* көне үнді тіліндегі *ar*, *arṇa* сарқыраған, күркіреген, көпіршік атқан тасқын¹⁸³ дейді. Бұл пікірді ғылыми шындыққа жанаспайды дей келіп, А. Әбдірахманов былай дейді: «Атаудың бірінші компоненті *ир* // *иір* түркі сөзі: мағынасы бұрылған, ирелендеген деген сөзге келеді. Қазақша *ир+рек*, *иір+іл+ген*, *иір+ім* сияқты сөздер осы түбірден өрбіген. Ал *ир* // *иір* түбірінің өзі біздіңше, екі компоненттен тұрады.

Сөйтіп, бұл гидроним, екі компоненттен құралған. *Иир. // иір > Ер* (түркіше извилистый) + *сес // шеш // тес // тыш* (кетше өзен, су) > *Ертіс // Иртыш*. Атаудың *иір* бөлегі өзеннің ирендеп, ирек-ирек болып ағатын көрінісін дәл береді. Сонда гидронимнің мағынасы иір өзен, иір су дегенге келеді¹⁸⁴.

Ең алдымен Ертіс гидронимдік атауының қазақ тілі лексикасынан қойылмағанын, оның көне орал-алтай, түркі-монғол немесе жалпы түркі тіл бірлестігі заманына тәндігін, ескі атау екендігін ұмытпауымыз керек. Осы ретте сол тілдерде кездесетін осы атаудың нұсқаларын келтірудің орны бар сияқты. Мысалы: Монғ. *Ирчис*, анығында *Хар Эрчис гол* (қытайша таңбалануында *Эрц-*

¹⁸⁰ Бартольд В. Собр. соч. Т. 3. С. 435—436.

¹⁸¹ Мурзаев Э. М. Очерки топонимики. М., 1974. С. 288.

¹⁸² Рамстедт Р. Этимология имени ойрот // Сборник в честь столетия Г. Н. Потанина. СПб. 1909. С. 547.

¹⁸³ Попова В. Н. К этимологии гидронима «Иртыш» // Языки и топонимия Сибири. Кн. 3. Томск. 1970. С. 12—20.

¹⁸⁴ Әбдірахманов А. Атадан еңбек. 93-б.

эне)¹⁸⁷, көне түркі тілінде *Ertis*¹⁸⁶, каз. *Ertis* (орысша жазылуында Иртыш).

Бұл атаудың бірінші сыңарын арал немесе көне алтай тілдеріне тәп деп қарау басымырақ. А. К. Матвеев венгер тілінде *ar // er* — су тасқыны, ағыны дегенді айтса¹⁸⁷, Е. И. Рамбандеева манси тілінде *ari* — өзен¹⁸⁸ деген мағынаны білдіреді деп жазды. Ал В. Н. Попованың мәліметі бойынша иран тілдерінде *ir ≈ ar* «ағынды, тасқын су»¹⁸⁹ болса, башқұрт тіліндегі гидроним *Ar* (Таныл өзенінің сол жақ тармағы), *Эри* (Буй өзенінің тармағы), *Эрйылғы* (Өзен өзенінің сол жақ тармағы), сондай-ақ башқұрт диалектісіндегі *эр* — өзеннің құрғақ арнасы¹⁹⁰, якут тілінде арыы — арал (Үли-Арын—үлкен арал), *Уон-Арыы* — он арал¹⁹¹. Қазақ тіліндегі *Арал*, *Арыс* және апеллятивтер: *арық* — су ағатын тоған, канал, *арын* — су тасқыны, арыны, *арна* — өзеннің су ағатын терең өзегі тәрізді топонимдер мен географиялық терминдер өзара түбірлес, мәндес екендігі айқын көрініп тұр. Демек, бұл *-ар // -ер* одан туындаған *арық*, *арна* сөздерінің ортақ мағынасы да су, өзен. Сол *-ар // -ер* су, өзен сөзімен қатар атаудың екінші сыңарындағы *-тыс*, *-тіс*, *-сес* жайлы да пікір таласы аз емес. Гидронимдік атаулардың екінші құрамында кездесетін *-тес*, *-тіс*, *-сес*, *-шети* кельт тіліндегі өзен мағынасындағы сөз деген пікірді айтушылар А. П. Дульзон, Э. М. Мурзаевтар болса, оны В. Н. Попова мен Э. Әбдірахманов қызу қолдады. Құрамында *-ас // -аш // -ес // -өс* қосымшасы бар топонимдер Қазақстан территориясында да азда болса кездеседі. Олар: *Ағанас*, *Арыс*, *Асы*, *Балқаш*, *Талас*, *Келес*, *Текес*, *Қорғас* т. б.

Бұл тектес топонимдердің басқа да түркі халықтары

¹⁸⁵ *Мурзаев Э. М.* Аталған еңбек. 283-б.

¹⁸⁶ Древнетюркский словарь. Л., 1969. С. 182.

¹⁸⁷ *Матвеев А. К.* Финно-угорские заимствования в русских говорах Северного Урала // Ученые записки государственного университета им. А. М. Горького. Свердловск, 1959. Вып. 32. С. 185.

¹⁸⁸ *Рамбандеева Е. И.* Основные типы мансийских географических названий // Всесоюзная конференция по топонимике СССР. Л., 1965. С. 205.

¹⁸⁹ *Попова В. Н.* Аталған еңбек. 19-б.

¹⁹⁰ *Камалов А. А.* Урало-Алтайская гидронимия на территории Башкирии // Некоторые вопросы урало-алтайского языковедения Уфа, 1970. С. 41.

¹⁹¹ *Багдарын Сялба.* Топонимика Якутии. Якутск, Якутское книжное изд-во, 1985. С. 54—56.

жер-су аттары тобында болуында белгілі бір тарихи байланыстың ізін аңғартады.

Бұндай топонимдердің, әсіресе, Балтық жағалауындағы елдер мен финдерде, РСФСР-дің солтүстік аймағында көбірек кездесуі де ғалымдардың назарынан тыс қалған емес.

Белгілі топонимист А. К. Матвеев *ас* және *ус* формантты топонимдердің Балтық жағалауы елдері мен фин тілдеріне тән деуші өзінен бұрынғы ғалымдар пікіріне қосылмайтынын айта келіп, оның орыс тіліне де тән еместігін анық та, айқын дәлелдер арқылы көрсетіп берді. Алайда *ас* және *ус* формантты топонимдердің көбіне «кішкене өзен аты боп келетінін жіті байқаған еді. Оған Двина алабындағы *Ерга* өзенінің тармағы *Ергус* аталатынын дәлел ретінде келтірді. Көптеген деректерге сүйеніп отырып, *ас* және *ус* ерте замандарда кішкене өзен, су деген мағынаны білдірген, ол шігу тегі жағынан индоевропа тілдеріне қатысты деп санады¹⁹². Ғалымның бұл ойын қуаттайтын пікірді Е. М. Поспелов еңбегінен де байқауға болады. Ол: *-ос*, *-ус*, *-ас* форманттарын белгілі терминдермен *окса*, *укса*, *акса* — «өзен қолтығы, тармағымен байланыстыруға болады¹⁹³, — деп жазды.

Топонимдік формант *-ас* // *-ус* // *-ос* // туралы пікір айтқан ғалымдардың қай-қайсысы болмасын (Я. Қалима, С. В. Григорьев, А. П. Дульзон, А. К. Матвеев) оның орал-алтай (түркі-монғол) тілдеріне де қатысы бар екенін айта алмады.

Түркі-монғол топонимдері мен географиялық терминдері құрамындағы *-ас* // *-ес* // *-аш* // *-өс* форманттарының да өзен, өзен тармағы, су, бұлақ деген мағыналарда қолданылғанын анық көреміз. Оны мына төмендегі мысалдар анықтай түседі, қазақша: *Өсек* — өзен, башқұрша: *Өсен* — өзен, Ики өзенінің оң жақ тармағы¹⁹⁴. Географиялық терминдер; қазақша: *өзен*, *өзек*; башқұрша: *үзән* — өзен, алқап¹⁹⁵. Якутша: *ерюс* — өзен¹⁹⁶. Монғол-

¹⁹² Матвеев А. К. О происхождении Севернорусской топонимии на *-ас*, *-ус* // Вопросы топонимстики. Свердловск, 1962. Вып. 1. С. 10—38.

¹⁹³ Поспелов Е. М. Географическая терминология в анализе субстратной топонимии // Местные географические термины в топонимии. М., 1966. С. 15.

¹⁹⁴ Камалов А. А. Гидронимия Башкирии: Автореф. дис. ...канд. филол. наук. Уфа, 1969. С. 12.

¹⁹⁵ Сонда.

¹⁹⁶ Багдарын Сюлбэ. Аталған еңбек. 46-б.

на: *усан* — су, өзен¹⁹⁷. Сондай-ақ *Есік, Есіл, Есіне, Асы* өзендері атауларының *-ес / -ас* компоненттері де жоғарыда айтылған *-ас / -ес* форманттарымен түбірлес әрі мәндес болса керек. Демек, бұл *-ас / -аш / -ес / -өс / -өз* форманттарының үнді-европа, орал-алтай (түркі-монғол) тілдеріндегі мағынасы үндес, бәріне ортақ су, өзен екенін көреміз.

Сонымен, қазақ тіліндегі *Ертіс* гидронимінің атауы көне орал-алтай, түркі-монғол тіл бірлестігі кезіне тән *Арцис* деген атаудың біздің тіліміздің дыбыстық заңына сәйкес, бейімделген түрі деп білеміз. Оның көне түлғасы *Арцис* немесе *Аршес* болуы ықтимал, мағынасы өзен-өзен немесе арынды, тасқынды өзен болуы керек.

Қостанай облысындағы Чапаев совхозынан солтүстік-батысқа қарай бір шақырым жерде *Өгізбалық* деген көл орналасқан. Көл үлкен емес, ұзындығы — 2,5 км, ені — 1,2 км. Көл атауының мағынасы қазіргі тіл тұрғысынан қарағанда, түсінікті сияқты, өгіздей балықтары бар көл деп ұғуға болады. Алайда бұл жаңсақтық болар еді.

Тарихи деректерде IX ғасырда Сырдарияның орта саласы мен төменгі саласында, оған жалғас Батыс Қазақстанның Үстірттен солтүстікке қарай, Жайық пен Жем (Эмба) өзендері аралығындағы аудандарда *оғуз* (*өгіз*) тайпаларының ерте феодалдық мемлекеті қалыптасқаны айтылады. Оғуз бірлестігіне көпшелі және егіншілікпен айналысқан түркі тілдес тайпалар кірді. Бұл түркі тілдес тайпалар *оғуздар* (оғыздар), немесе *уыздар* (уздар) деген жалпы атқа ие болды.

Араб, парсы тілдерінде оларды *гуз*, ежелгі түркі тілдерінде — *оғуз*, қазақша — *оғыз* деп атады. *Оғыз* атауы бастапқыда тайпалар, тайпалар бірлестігі деген ұғымды білдірсе, ал кейін жинақтап айтылған этикалық атауға айналған.

Оғыз тайпалары жөніндегі алғашқы деректер VII ғасырдан бастап кездеседі. VII ғасырдың басында Түрік қағандығы құрамында тоғыз оғыз одағы қалыптасты.

Орхон көне жазбаларында Шығыс Түрік қағандығы (VI—VIII ғ.) құрамына кірген оғыз тайпалары Шығыс Монғолия жерлерін мекендегені айтылған. Олар, сондай-ақ батыс Жетісу мен Ыстықкөл жағалауындағы жерлерді де иемденген.

¹⁹⁷ *Ринчинэ*. Краткий монгольско-русский словарь. М., 1917. С. 188.

Оғыздар VIII ғасырдың ортасында Жетісудан Қаратау бөктеріне, Сырдарияның төменгі ағысындағы алқаптарға жылжыған. IX ғасырда қырғыздардың ығыстыруының салдарынан оғыздар Қытайдың Шыңжан, Ганьсу провинцияларына барып қоныстанады. Осы кезден бастап олардың тоғыз оғыз атауын бірте-бірте ұйғыр этнонимі ығыстырып шығарады. Ал IX—X ғасырларда Оңтүстік және Батыс Қазақстан территориясында біртіндеп оғыз этносы қалыптаса бастады¹⁹⁸. Олар жөнінде X ғасырдағы географ Эль-Идриси: «Гуздердің қаласы өте көп, олар солтүстікке және шығысқа қарай бірінен соң бірі созылып жатыр», — деп жазды.

Екінші бір автор «олардың үйлерінің бәрі тастан, ағаштан, қамыстан тұрғызылған» деп көрсетеді: Янгикент (Жаңакент), Жент, Сауран, Узкент (Өгізкент) т. б. қалалардың халықтарының едәуірі оғыздар еді. Олардың көпшілігі бұрынғы көшпелілер еді. Оғыз қағандығының астанасы Сырдарияның төменгі саласында орналасқан Янгикент қаласы болды. Оғыздардың билеушісі (ябгу) қыста осы қалада тұрып, жаз айларында қырда көшіп жүрді.

IX ғасыр мен X ғасыр аралығында оғыздар бірлестігі тез дамып, нығая түседі де, X ғасырдың аяғына қарай оның шекарасы оңтүстік пен оңтүстік шығыста Тараз (Талас) пен Шаш (Ташкент) қалаларына дейін жетіп, бұған Қуаңдария және Жаңадария өзендерінің алабы да кірген. Ал солтүстікте Сарысу, Торғай, Ырғыз өзендерінің алқабына дейін, солтүстік батыста Орал тауының етегіне дейін барған.

Батысында оғыздардың жері хазарлардың жерімен шектесіп жатқан. Оғыздардың Мавераннахрмен жан-жақты сауда және мәдени байланыстары болған. «Дешті-қыпшақтың» көшпелі тайпаларымен де қарым-қатынас жасап, оларға қолөнер бұйымдарын шығарып, ал олардан мал шаруашылығы өнімдерін алып отырған. Оғыз мемлекеті жерінен Орта Азия, Иран, Қытай, Кавказ, Поволжье елдеріне сауда жолдары өтіп жатты.

Оғыздардың Русьпен де байланысы болған. Шежірге қарағанда, түріктер (оғыздар) князь Владимирдің Кама булгарларына қарсы жорығына қатынасқан.

Оғыздар 965 жылы Киев Русімен одақтасып, Қаспий теңізінің солтүстік шығыс жағалауларындағы Хазар

¹⁹⁸ ҚСЭ. 1976. 8-т. 433-б.

қағандығына, 986 жылы Волга-Қама бұлғарларын күн-ресте талқандады.

Ал, XI ғасырдың орта шенінде шығыстан келген қыпшақ тайпалары оғыздарға соққы берді. Осыдан кейін оғыздардың бір бөлегі батысқа кетіп, оңтүстік орыс даласына қоныс тепті. Селжуктар басқарған басқа бір бөлігі Алдыңғы Азия елдерін жаулап алды.

Оғыздардың солтүстік-батысындағы бөліктері бертін келе Еділдің төменгі бойындағы татарлармен, оңтүстік Оралдағы башқұрттармен сінісіп кетті. Сырдария, Арал алқаптары мен Солтүстік Каспий жағалауын мекендеген оғыз тайпалары қазақ тарихында айтарлықтай із қалдырды. Тарихи аңыз-деректерде оғыздар — қазақтың арғы тегінің бірі ретінде аталады. Оғыздар сондай-ақ түрікмен, өзбек, қарақалпақ халықтары аталарының бірі болып саналады.

Оғыздар жайлы мол дерек XIV ғасырда жазылған «Қорқыт кітабы» мен көне дәуір туындысы «Оғыз-намеде» келтіріледі.

Зерттеушілердің айтуынша, «Оғыз-наменің» алғашқы нұсқасы IV ғасырда Үйсін мемлекетінің жерінде оғыз-қыпшақ тілінде генеалогиялық және аңызға негізделіп жазылған эпикалық көркем туынды. Ол ерлікті, бірлікті жырлайды. Ал, бізге жеткені кейін XV ғасырларда қайта жаңғыртылып, хатқа түсірілген көшірме нұсқалар ғана.

Академик В. В. Бартольдтың айтуынша, «аңыздар авторы ұйғыр емес, қазақ даласының тұрғындары». «Оғыз-наме» бізге оғыз-қыпшақ дәуірінен жеткен мәдени ескерткіш¹⁹⁹. «Қорқыт кітабы» да оғыз дәуірінен жеткен. Қазақстанда қазірге дейін сақталған мынандай тарихи жер-су аттары бар: «Қорқыткөл» Торғай облысында, «Өгіз тау» — Атасу өзенінің бойында, «Өгізсу», «Өгіз» жылғасы, «Өгізсай», «Тас өгіз» (Сыртқы-Өгіз) — Сыр бойында т. б. Сондай-ақ, Ыстықкөлдің оңтүстік жағында Жетіөгіз деген өзен, Іле алқабында, қазіргі Талдықорған облысының жерінде Екіөгіз атты қала. Сыр бойындағы Оғызкент қаласы оғыздардың билік құрған кезінен белгілі көне атаулар.

Сонымен көлдің Өгізбалық атауындағы *өгіз* (оғыз) сөзі — көне оғыз-қыпшақ түркі дәуірінен белгілі тайпа бірлестігінің, қағандығының аты. Ал *балық* сөзі көне

¹⁹⁹ Сонда. 439-б.

түркі заманында «қала», «мекен» деген мағынада жұмсалған.

Ол сөз Орхон-Енисей (ескі түркі) жазуларында осы мағынада кездеседі, VI—XV ғасырлар арасында қалаларға қойылатын атау ретінде қолданылған. Мысалы, Шу бойындағы көне Баласағұн қаласының бір аты Қубабалық (құбалық) болған. Ол атау «Әдемі қала» дегенді білдірген, («акқұбаша, әдемі» деген сияқты). Ал, монғолдар бұл қаланы өздерінше «Го балық» деп атаған. Бұл атау да «жақсы қала», «әсем қала» деген мағына береді. Осыған қарағанда, Баласағұн қаласы ерекше сәулетті, сәнді қалалардың бірі болса керек.

Ертеде осы күнгі Іле өзенінің аяқ шеңінде Ілебалық, Хан Тәңірі тауының солтүстік жағында Бесбалық деген қалалар болған. Монғол дәуірінде Пекин қаласының аты — Ханбалық аталған. Кейбір зерттеушілер Солтүстік Ауғанстандағы Балх қаласының атын да осы *балық* сөзімен байланысты деп қарайды. Бұл сөздің түбірі «бал», «балшық» дегендерден шығуы ықтимал деген пікір бар.

Сөйтіп, *Өгізбалық* атауы оғыздардың қаласы, оғыздардың мекені дегенді білдіреді.

Целиноград облысында Теңіз ауданының жерінен ағатын *Көң* деген өзен бар. Оның тармақтары *Жақсы Көң*, *Жаман Көң* деп аталады. Бұл өзеннің аты жөнінде зерттеушілер арасында түрлі жорамалдар бар. Біреулер оны тунгус-маньчжур (корей) тілдеріндегі, «өзен, су» дегенді білдіретін *кан* (көн) сөзімен байланыстырса, екіншілері оны қазақтың төл сөзі «мал қыстаған жердегі жиһалған қи — көңге, қордаға айналады, бұл «көң» деген сөз деп түсіндіреді. Ал, қазақтың этникалық құрамында *көң* деп аталатын ру аты да бар. Өзен аты осы ру атымен байланысты болуы да мүмкін. Дегенмен, ол әлі жан-жақты зерттеп, анықтай түсуді қажет етеді.

Жезқазған облысындағы Ұлытау ауданының жерінен *Есілбай* атты өзен ағады. *Есілбай* — кісі есімінен қойылған атау. Целиноград, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан облыстарының жерлерін басып ағатын *Есіл* деген өзен бар. Орыс тілінде бұл өзен *Ишим* деп аталады, ол Қазақстанның орталық, солтүстік облыстарын басып өтіп, Ертіс өзеніне қосылады да әрі қарай *Обь* өзеніне барып құяды. Сөйтіп, бастапқы *Есіл* өзенінің атына *бай* сөзі қосылып, кісі есімі жасалған да ол атау өзенге қойылған.

Жер-су атауларының бұлайша кісі есімдерімен атмасын, бірінің біріне өтуі өмірде болып тұрады. Мысалы, Ырғызбай, Ертісбай деген өзен атаулары да осыны көрсетеді.

Ал енді *Есіл* өзенінің аты нені білдіреді, қандай мағына береді, соған тоқталайық. Белгілі топонимист Ф. Қ. Қоңқашбаевтың пікірінше: «*Исил* — «скрученно-волнистое течение» дегенді білдіреді. Яғни өзен суының бұралып, арқан сияқты есіліп ағатынын байқатады²⁰⁰».

Ескі түркі заманындағы «Күлтегін» ескерткішінде *Иашыл уғуз* деген өзеннің аты кездеседі. Ечим қаған бірле ілгеру — Иашыл үгүз Шантуң йазыққа тегі сүледіміз. Құрығару — Темір қапығқа тегі сүледіміз.

Аудармасы: Ағам қағанмен бірге ілгері — Жасыл өзеніне, Шантуң жазығына дейін аттандық, Кері — Темір қақпаға дейін аттандық. Бұндағы *йашыл* түсті білдіретін *жасыл* сөзінің сол кездегі фонетикалық варианты болса, уғуз — өзен сөзінің орнына жұмсалған. Сонда *Иашыл уғуз* атауы жасыл өзен деген мағына береді. А. Әбдірахмановтың топшылауына жоғарыдағы *Есіл* өзенінің аты *йашыл* > *йасыл* > *йешіл* > *йесіл* > *есіл* түрінде біртіндеп өзгеріске түсе отырып қалыптасқан²⁰¹. Атаулардың бұлайша түр-түсті білдіретін сөздерден қойылуы және әртүрлі дыбыстың тұлғалық өзгерістерге ұшырап отыруы өмірде жиі кездеседі.

«Есіл өзенінің түпкі аты Есір болған екен» деген халықта аңыз бар. Бұл жөнінде Ілияс Есенберлиннің «Алтын Орда» атты тарихи трилогиясының екінші кітабында айтылған. Содан үзінді келтірейік.

«...Асанқайғы кесесінен қымызын бір ұрттап алып қайта сөйлейді.

— Теріскейінде алты күнде ат семіртеп мінетіп, көкпегінен қой көрінбей өретін Нұра барып құятын, жағасына мың сан жылқы сиятын, суы менен жары тең, жарлысы менен бары тең, кең даласы көз жетпес боп көсілген, мал, адамы тойынып-тойып өсірген, көрікті өзен Есірді көрдім. Бірақ бұ да бізге, сірә, жер болмас. Орда тігіп қазақ онда ел болмас. Орманы жоқ, тауы жоқ, тек қызығар жауы көп. Айрылғандай күші бұрын шіркіннен, артыма қарап, жаңылдым ойын-күлкімнен. Шыға алмадым шеңберінен жат ойдың, есіл, Есір, сенің атың Есір

²⁰⁰ Қоңқашбаев Ф. Аталған сөзбек. 75-б.

²⁰¹ Әбдірахманов А. Аталған сөзбек. 94- 95-б.

емес, енді — Есіл... Есіл деген өкінішті саған ат қойдым».

Сөйтіп, жазушы Есіл өзенінің атып шығармасында Асанқайғыға қойдырады. Бұл да халықтық этимологияның бір түрі.

Бұл Есіл атауының да тарихы көне замандарға барып тірелетіні байқалады. Оның бірінші сыңарындағы *es* орал-алтай тілдеріне тән *ac // es* форманттарымен тәркіндес сияқты. Бұл форманттар көбіне өзен аттарында кездесетінін ескерсек, Қазақстан территориясындағы *ac // es* формантты өзен аттарын осы типке жатқызуға болар еді. Олар: Есіл, Есік (өзен, көл аты), Еспе-өзен (бұл *-ac // -es* жайлы Ертiс атауы туралы жазылған тақырыпты қараңыз).

Орталық Қазақстандағы қазақтың қатпарлы өлкесінің (бұл өлке «қазақтың ұсақ шоқылары» деп те аталады) батысындағы қоңырқай тартқан құмды дала Байқоңыр деп аталады.

Кең алқапты алып жатқан Байқоңыр даласы мал шаруашылығы үшін қолайлы жер. Осы өңірде Шұбартеңіз көліне құятын *Байқоңыр* деген өзен ағады, ұзындығы — 207 м, Байқоңыр аталатын село да бар. Байқоңыр деген атау адамның алғаш рет космосқа ұшуымен байланысты жер жүзіне белгілі болды. Алайда, бұл жердің Байқоңыр аталуына не себеп? Бұл жөнінде ғалымдар арасында әлі нақтылы тұжырым жоқ. Бұл өлкенің Байқоңыр аталуына біздің ойымызша, жер бедерінің топырағы мен өсімдігінің қоңырқай, сұрқай болып келуі, яғни жерінің түсі себеп болса керек. Қоңыр түске бай өлке, немесе қоңыр түсті бай өлке деген ұғым негізінде қалыптасқан деп есептейміз. Бұлай деп топшылауға бірнеше негіз бар сияқты. Біріншіден, бұл өлкенің жерінің топырағы мен өсімдік дүниесінің қоңырқай түсті болып келуі, екіншіден, Байқоңыр өңірінде қоңыр көмір кенінің болуы біздің ойымызды қуаттай түседі.

Целиноград облысының — Қорғалжын, Қарағанды облысының Нұра аудандарын басып ағатын өзен — Құланөтнес деп аталады. Ол Аймысық, Айғыржал тауларының солтүстік-шығыс етегіндегі бұлақтардан басталып, Теңіз көліне құяды. Ұзындығы—364 км (ҚСЭ, 1975, 7-т., 26).

Өзеннің аңғары кең, жағасы тік жарлы болып келеді. Осы өзеннің Құланөтнес аталуы жайлы ертеден келе жатқан аңыз бар.

Ертеде Шыңгысханның үлкен ұлы — Жошы Дешті Қыпшақты түгел жаулап алып, билігін жүргізіп тұрған кезінде бір күні оның ұлы нөкерлерімен серуен құрып, аң аулауға шығады. Келе жатып, алдарынан топ құланға кездеседі де қуып кеп береді. Қуғынның қызығына түскен Жошыұлы қасындағы нөкерлерінің ілесе алмай алыста қалып қойғанын байқамайды. Хан баласы шауып келе жатып садағын бұра тартып қалып, топ құланның ішінен олардың көсемін аяғынан жаралайды. Ашынған ақсақ құлан айналып келіп, оны шайнап, таптап өлтіреді. Соңынан қуып жеткен нөкерлері өліп жатқан хан баласын көріп қатты сасады, Жошыханға қалай хабарлады білмейді. Қайтып оралған нөкерлердің ешқайсысы ханға қаралы хабарды жеткізуге батылы бармайды. Бір жамандықты сезген Жошы «Кімде-кім жамандық хабар жеткізсе, басы шабылады» деп қаһарланады. Сонда ел ішінен қарт күйші шығып, қаралы хабарды «Ақсақ құлан» күйі арқылы домбырамен тартып естірткен екен.

Басқа деректерде Жошыхан баласының өлімін ханға найманнан шыққан Кетбұға жыршы жеткізеді. Сонда хан қарттың тартқан күйінен бәрін түсінеді де, күйшінің басын алуға әмір етеді. Сонда қарт: «таксыр, мен саған ештеңе айтқам жоқ, сөйлеген менің мына домбырам», — дейді. Қатулы хан домбыраның көмейіне корғасын құйып, үнін өшіруге әмір етіпті және сарбаздарына сол жерден ұзыннан-ұзақ терең ор қаздырып, қазақтың сары даласындағы құлан біткенді қазылған орға айдап құлатуға жарлық беріпті. Сол қазылған ор кейін өзенге айналып, Құланөтпес аталып кеткен екен деседі жұрт.

СІЛЕТІ — Целноград, Көкшетау облыстарының жерінен ағатын өзен, Ұзындығы — 236 км. Сілеті теңіз — Көкшетау облысындағы көл. Көлемі — 960 км². Өзен жайлы «Россия. Полное описание нашего Отечества» деген белгілі жинақтың 18-томында (Киргизский край) Сілеті өзені ағысының жоғарғы жағалауындағы ежелгі жыныстардан пайда болған, биік жартастардың бұл жапан даладағы ерекше бір табиғи құбылысы екені айтылған.

Міне, өзен жайлы айтылған осы сөздерге қарап, оның жағалауының жартасты болып келуіне байланысты **Ғ. Қ. Қоңқашбаев** гидроним монғолдың Чулуты / Чулуты тасты деген сөзінен қойылған болу керек деп топшылайды²⁰². Алайда ол өзінің кейінгі зерттеу еңбегінде

²⁰² Қоңқашбаев Ғ. Қ. Атыған еңбек, 92 б.

Сілеті сөзіне байланысты «мағынасы белгісіз» деп жазады. А. Әбдірахманов бұл сөздің *тасты* деген мағынасын қуаттай отырып, атау түркі-монғол тіл ортақтығы заманында жасалған болу керек деп жорамалдайды²⁰³.

Көкшетау облысының топонимдерімен айналысып жүрген О. А. Султаньяев Сілеті атауын өзгеріске түскен монғолдың *сөгеті* — маралды сөзі деп қарайды да, Сілеті—Бұғылы топонимі — маралды—бұғылы мағынасын береді деп есептейді²⁰⁴. *Сілеті* — атауындағы соңғы *-ті* сын есім жасайтын жұрнақ. Алғашқы тарауда *-ті, -ты* қосымшасы түркі-монғол тіл бірлестігіне ортақ екендігі айтылған-ды. Ал, чуваш, монғол тілдерінде *чул*—тас деген сөз екені анық. Сондай-ақ Талдықорған облысының Алакөл ауданында *Сілті* деп аталатын таудан құлап ағатын өзен атының да ұқсас болуында, тегінде, өзіндік бір сыр болса керек. Өйткені *сел* сөзінің су, су тасқыны деген мағынасында күні бүгінге дейін қолданылуы *Сілеті* атауындағы *сіл ≈ сі* түбірлерінің де су, өзен мағынасын білдіретінін дәлелдей түседі.

ҚОРҒАЛЖЫН — Целиноград облысындағы ірі көлдердің бірі. Аудан мен аудан орталығы да осы көл атымен аталған. Зерттеуші мамандардың топшылауынша, Теңіз—Қорғалжын ойпатындағы Қорғалжын көлі бұдан шамамен миллион жыл бұрын, яғни ортатөрттік (средне-четвертичное время) заманында пайда болған.

Монғол тілінде *кургалжин* — қорғасын деген мағынадағы сөз. Ғ. Қ. Қоңқашбаевтың пікірінше, бұл атау көл суының түсіне не басқа бір белгісіне байланысты берілген. А. Әбдірахманов бұл пікірге қосыла отырып, атау түркі, монғол тіл туыстығы негізінде жасалған деп қарайды. Оған *кургалджин* мен *қорғасын* сөздерінің дыбыстық жақындықтарын және бұл сөздің М. Қашқари еңбегінде *қоругжун* түрінде кездесетінін дәлел етеді.

Бұл тәрізді топонимдер саны аз емес. Олардың бәрін талдау жұмысын бұл еңбек көлемі көтере алмайды. Сондықтан ондай атаулардың мән-мағынасы жеке сөздіктерде ғана беріледі.

Басқа тілден енген сөздердің мәнін жете түсінбеуден халық арасында жер, су атаулары жайлы әртүрлі болжам, аңыз бар.

²⁰³ Әбдірахманов А. Аталған еңбек. 164-б.

²⁰⁴ Султаньяев О. А. О методе ономастических исследований // Валиханова // Ономастика Средней Азии. Фрунзе, 1980. С. 265.

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӨЗЕН АТТАРЫНЫҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ТОПТАРЫ

Бұл өңірдегі айдын шалқар көлдер мен сұау да сырлы өзендерді, малға жайлы жайлаулар мен шуақты қыстауларды тарихи кезеңдерде түрлі тайпалар мен рулар, аралуан ұлт өкілдері мекен етті. Сөйтіп, олар өзара саяси-әлеуметтік, экономикалық қарым-қатынасқа түсті. Бұл жайт, әрине, гидронимдік атауларда да өз таңба-ірін қалдырып отырды. Қазіргі өзен, су аттарында түрлі субстрат атаулар мен этнонимдердің кездесу себебі де осыдан. Бұл жөнінде Т. Жанұзақов былай дейді: «Қазақ тілі ономастикасының лексикалық құрамы азды-көпті болса да көне заманнан бастап, бүгінгі күнге дейінгі халқымыздың тарихи-мәдени өрісінің ізін толық көрсете алады. Олардың құрамында төл сөзімізден²⁰⁵ қойылған атаулармен қатар басқа тілдерден енген атаулар да бар.

Картотекалық қорда жиналған гидронимдер мен жыл сайын ұйымдастырылған экспедициялық материалдарды пайдалана отырып, бұл аймақтың өзен, су аттарына лексика-семантикалық тұрғыдан талдау жасаудың ерекше мәні бар. Олай болса, бұл алқаптағы белгілі бір өзендермен қатар ұсақ өзендердің де, бұлақ, бастау қайнарлардың да (жалпы гидронимдер) аттарын жан-жақты талдау қарастырылды. Бұл ретте ана тіліміздің төл сөздерінен қойылған гидронимдер ғана талданып қоймай, басқа тілдерден енген гидронимдер де қамтылды.

Өзен аттары жайлы жиналған бай материалды сұрыптай, жіктеп лексика-семантикалық (мағыналық) топқа бөліп қарағанда, олардың үш топқа бөлінетіндігі байқалады: 1) түрлі семантикалық мағынасына байланысты қойылған өзен аттары; 2) ру аттарынан қойылған өзен аттары; 3) кісі аттарынан қойылған өзен аттары.

Түрлі атаулардан қойылған өзен аттары

Орталық Қазақстан бойынша жинақталған өзен, су аттарын мағыналық топтарға жіктегенде өсімдіктерге, белгілі бір оқиғаға, әлем кеңістігіндегі денелерге, тұртүске, судың дәміне, формасы мен көлеміне, географиялық орналасу ерекшелігіне, санға, адамның өмір тірші-

²⁰⁵ *Джанұзақов Т.* Очерк казахской ономастики. Алма-Ата. 1982. С. 88.

лігі мен көзқарасына, өзеннің ағысына, қазба байлыққа т. б. байланысты қойылған атаулар орын алатыны байқалады. Осындай семантикалық ерекшеліктеріне қарай, Орталық Қазақстандағы өзен аттары төмендегідей мағыналық топтарға бөлінеді: 1) жан-жануарлар атынан қойылған өзен аттары; 2) өсімдік атауларынан қойылған өзен аттары; 3) белгілі оқиғаға байланысты қойылған өзен аттары; 4) түр-түске байланысты өзен аттары; 5) әлем кеңістігіндегі денелерге байланысты қойылған өзен аттары; 6) судың дәміне байланысты өзен аттары; 7) өзеннің формасы мен көлеміне байланысты қойылған аттар; 8) географиялық орналасу ерекшелігіне байланысты қойылған өзен аттары; 9) санға байланысты қойылған өзен аттары; 10) адамның өмір тіршілігіне байланысты өзен аттары; 11) өзеннің ағысына байланысты атаулар; 12) модальды атаулар; 13) қазба байлыққа байланысты өзен аттары.

Енді осылардың әрқайсысына қысқаша талдау жасап, мысалдар келтірейік.

1. Жан-жануарлар атынан қойылған өзен аттары қарастырылып отырған регионда жиі кездеседі. Оған біз барлық тірі жан-жануарлар, құс-жәндіктердің атауларынан қойылған өзен аттарын жатқызамыз. Мысалы, *Қоянды* — Целиноград облысы, Вишнево ауданындағы өзен, *Құланөтпес*, *Соғалы* — осы облыстың Теңіз ауданындағы өзендер, Шортанды ауданында *Көкбие* атты батпақ, *Макин* ауданында *Торбие* деген өзен бар. Жезқазған облысындағы Ұлытау ауданында *Қояндысай*, Қиқсай өзендері, Жанаарқа ауданында *Сарыбие*, *Майбалық*, Жезді ауданында *Қарғалы*, *Күзенді*, *Қарасу* өзендері ағады. Торғай облысының Жангелдин ауданындағы өзен *Теке* аталады. Торғай облысы мен Жезқазған облысының жерлерінен ағатын бір топ өзендердің аты жыланға байланысты қойылған: *Жыланды* — Жезқазған облысы, Ұлытау ауданында, *Күлебай* — *Басқыжыланшық*, *Дулығалы Жыланышқы*, *Шоғырлы Жыланышқы*, *Үлкен Жыланышқы* — осы облыстың Жезді ауданындағы өзендер, *Оржылансай* — Торғай облысының Аманкөлдi ауданындағы, *Ұлы Жыланышқы* — Жангелдин ауданындағы өзендер. Осы облыстың Жақсы ауданында *Құмай* атты өзен бар. Қарағанды облысының Талды ауданынан *Ақтайлақ* өзені, Жезқазған облысының Жезді ауданы жерінен *Бозінген*, Ұлытау ауданы жерінен *Қарсақпай* өзендері ағады.

Бұл атаулар негізінен қазақ халқының әлеуметтік жағдайына, тұрмыс тіршілігіне, өмір салтына байланысты туған, сондықтан да олар халықтың тарихи, мәдени өмірінің белгісі іспеттес.

Кейбір өзен аттары құстарға байланысты қойылған. Мысалы, Жезқазған облысының Ақадыр ауданындағы өзен *Қаршығалы*, Целиноград облысының Балқашин ауданындағы өзен *Балапан* аталады. Қостанай, Жезқазған облыстарындағы бір топ өзендер Торғай атауымен байланысты: *Торғай* — Қостанай облысының Жангелдин ауданындағы өзен, *Қараторғай* — осы облыстың Амангелді ауданындағы өзен, *Сарыторғай* — Жезқазған облысы Ұлытау ауданы жерінен ағатын өзен. Қостанай обл. Амангелді ауданында *Үлкен Сабасалды Торғай* деп аталатын күрделі өзен аты да бар. Торғай гидронимінің этимологиясы жайлы айтылған пікірлерге қарасақ, бұл атау *торық* және *ай* аталатын V ғасырдан белгілі тайпалардың атынан құралғаны айтылады. *Ай*, *Айқыз*, *Аягөз*, *Айрық*, *Айтағы* деген гидронимдер мен *Адай*, *Қызай*, *Керей*, *Өтей* деген этнонимдердің құрамындағы *-ай*, *-ей* компоненті осы Ай тайпасы деген топшылаулар бар. Ал А. Әбдірахманов Торғай гидронимінің құрамындағы *торық* \approx *торы* \approx *торы* түске байланысты болу керек деп есептейді²⁰⁶.

2. Өсімдік атауларынан қойылған өзен аттары. Орталық Қазақстандағы өзендердің ішінде ең көп, жиі кездесетіндері өсімдік атауларынан қойылған өзен аттары. Ол өзендер негізінен сол өңірде өсетін өсімдік түрлерімен аталады. Сондықтан да өзен аттарының өзінен-ақ бұл алқапта қандай өсімдіктер өсетінін байқауға болады. Бұндай өзен аттарын өсімдік түрлеріне қарай топтап көрсетуге де болады. Мысалы: а) талға байланысты өзен аттары: *Талқара* — Целиноград облысы, Макин ауданында, *Жалғызағаш талдық*, *Талдыманақа* — Торғай облысы Амантоғай ауданында, *Шолақталдық* — Целиноград облысы, Целиноград ауданында, *Талдыеспесай* — Жезқазған облысы, Жезді ауданында, *Талсай* — Қостанай облысы, Арқалық ауданындағы бұлақ т. б., б) Шиге байланысты өзен аттары: *Шилісай* — Торғай облысы, Амангелді ауданындағы өзен, *Ақши* — Жезқазған облысы, Жезді ауданындағы өзен, *Шилі*, *Жаманшилі* — Торғай облысы, Амантоғай ауданындағы өзендер, *Тас*

²⁰⁶ Әбдірахманов А. Аталған еңбек. 177 -178 б.

ши — Қарағанды облысы, Нұра ауданындағы өзен, *Жақсылыңді* — Торғай облысы, Аркалық ауданындағы өзен; в) қияққа байланысты өзен аттары: *Қияқты* — Целиноград облысы, Теңіз ауданындағы жылға. *Қияқтысай* — Жезқазған обл., Жезді ауданындағы, *Жусалысай*, *Жусалы*, *Аришалы* — Торғай облысы, Аркалық ауданында, *Қайыңды*, *Жаманқайыңды*, *Жақсықайыңды* Амангелді ауданында, *Бидайық* — Жангелдин ауданында, *Көкпекті* — Целиноград облысы, Қорғалжын ауданында, *Қарағансай* — Қарағанды облысы, Осакаров ауданында, *Жыңғылдыөзек* — Жезқазған облысы, Жезді ауданында т. с. с. өсімдік атауларынан қойылған өзен аттары бұл регионда өте мол.

3. Белгілі оқиғаға байланысты қойылған өзен аттары күнделікті тұрмыс-тіршілікке, кейде халық басынан кешкен тарихи оқиғаларға т. б. байланысты туған. Мысалы: *Нарөлген* — Целиноград облысы, Теңіз ауданы, бұлақ, *Қатынқазған* — Торғай облысы, Жангелдин ауданы, бұлақ, *Қарынсалды* — осы облыстың Амантоғай ауданы, өзен. Жезқазған облысындағы Жезді ауданының жерінен ағатын *Қалмаққырған* атты өзен бар. Бұл атау бізге XVIII ғасырдан, қазақ сарбаздарының жоңғар шапқыншыларына ойсырата берген соққысының белгісі ретінде жеткен.

4. Түр-түске байланысты өзен аттары. Өзен аттарына байланысты көбінесе *қара*, *сары* сөздері жиі қолданылады. Одан басқа қызыл, көк түстер де Орталық Қазақстан өзен атауларында кездеседі: *Сарыөзен (Сарыторғай)* — Жезқазған обл., Ақтоғай ауданы, *Көксай* — Торғай облысы Аркалық ауданы, *Сарыбұлақ* — Жезқазған облысы, Ақадыр ауданы, *Сарысу* — Жезқазған облысы Жезді ауданы, *Қараөспе*, *Қара кеңгір*, *Сарыкеңгір* — Жезқазған облысы, Ұлытау ауданы; *Қарасу* — Жезқазған облысы, Жаңаарқа ауданы; Торғай облысы, Амангелді ауданы, *Көктас*, *Көксала* — Жезқазған облысы, Ұлытау ауданы, *Қарамыс* — Жезқазған облысы, Шет ауданы, *Ақши* — Жезқазған облысы, Шет ауданы т. б. Бұдан басқа боз, қоңыр, ала түстерге байланысты да бірен-саран өзен аттары кездеседі: *Алабас* — Жезқазған облысы, Жаңаарқа ауданы, *Байқоңыр*, *Бозінген* — Жезқазған облысы, Жезді ауданы т. б.

5. Әлем кеңістігіндегі денелерге байланысты қойылған өзен аттары Орталық Қазақстанда көп емес. Олар Ай планетасымен байланысты туған атаулар. Мысалы:

Бозай Торғай облысы, Амангелді ауданындағы өзен, *Теріскей* — Целиноград облысы, Теңіз ауданындағы бұлақтың аты, *Айбас* — Жезқазған облысы, Ұлытау ауданындағы өзен, *Айқыз* — Семей облысы, Шұбартау ауданындағы өзен, Аягөздің оң саласы, *Ай* — Семей облысы, Аягөз ауданындағы өзен аты т. б. *Ай*, *Айқыз*, *Аягөз* сияқты гидронимдер мен *Адай*, *Қызай*, *Керей*, *Өтей* сияқты этнонимдердің құрамындағы *-ай* компонентін кейбір зерттеушілердің *ай* таппасымен байланыстыратын Торғай гидронимінің этимологиясына тоқталғанда айтқанбыз. Осыған байланысты тағы мынадай дерек келтіріп, болжам айтуға болатын сияқты. *Ай* — ханты тілінде «кішкентай, таяз өзен» дегенді білдіреді²⁰⁷. Көне түркі тілінде *оқуз—оғуз*, «су, өзен» деген сөз екені белгілі. Егер *Аягөз* гидронимін осы жолмен екі сөздің бірігуі арқылы *Ай+оғуз* болып қалыптасқан деп карасак, оның берер мағынасы *өзен-өзен* болып, немесе «кішкентай, таяз» болып шығады.

Аягөз гидронимін де, «өзен» мағынасындағы көне дәуірлерден келе жатқан субстрат атау деп карауға болатын сияқты. *Ай* мағынасынан «су» деген ұғыммен байланысты аша түсерліктей тағы мынадай мысалдар келтірейік. Жамбыл облысының Сарысу ауданында *Айгене* деп аталатын шұратты құм бар. Ондағы жер астының суы жер бетіне жақын. *Айгене* жыл бойы мал жайылымы ретінде пайдаланылады²⁰⁸.

Осыған қарағанда, *Айгене* атауындағы *Ай* компоненті «сулы, суы мол» деген ұғым берсе керек. Қазақта *айбалдырған* дейтін өсімдік бар. Ол тау өзендері мен жылғалардың бойында өседі²⁰⁹. Балдырғанның су бойында өсетін бұл түрінің *айбалдырған* аталуы да «су балдырғаны», «суда өсетін балдырған» дегенді білдіруі мүмкін.

Шу ауданының солтүстік-шығысында, Шу-Іле өзендерінің аралығында, солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай созылып жатқан *Айтау* аталатын су айырық жота бар. Оның ұзындығы 100 шақырымдай. Бұл жотаның *Айтау* аталуын да жоғарыдағыдай, «сулы тау», «суы мол тау», «су айырық тау» деген мағыналармен байланысты қарауға болатын сияқты.

²⁰⁷ Молчанова О. Т. Структурные типы тюркских топонимов Горного Алтая. Саратов. изд-во Саратовского ун-та. 1982. С. 85.

²⁰⁸ ҚСЭ. 1972. 1-т. 162-б.

²⁰⁹ Сонда.

Әрине, бұл топшылаулар әлі де жан-жақты, терең зерттеуді қажет етеді. Сондықтан да біз *Ай, Айқыз* сөздерінің этимологиясын тек болжам ретінде ұсынып отырмыз.

6. Судың дәміне байланысты өзен атаулары. Олардың аттары негізінен *ащы* сөзімен тіркесіп айтылады да екінші компоненттері, көбінесе, географиялық терминдер болып келеді: *Ащыөзен* — Жезқазған облысы, Приозерный ауданы, *Ащытасты*, *Ащысай* — Торғай облысы, Аркалық ауданы. *Ащыбұтақ* — Торғай облысы, Жангелдин ауданы, *Ащысай* — Целиноград ауданы, *Ащылы* — Целиноград облысы, Атбасар ауданы. *Ащылай-рық* — Целиноград облысы, Ерейментау ауданы, *Ащысу* — Қарағанды облысы, Ульянов ауданы, *Ащышиөзек* — Қарағанды облысы, Егіндібұлақ ауданы.

7. Өзеннің формасы мен көлеміне байланысты қойылған аттары көбіне бала, үлкен, кіші, жіңішке, шолақ сияқты анықтауыштармен тіркесе айтылады. Мысалы, *Шолақсандық* — өзен, Целиноград облысы, Целиноград ауданы, *Үлкен Қаражылға* — өзен, *Шолаққұдық* — затон, Торғай облысы, Жангелдин ауданы, Жезқазған облысының Жанаарқа ауданында *Қылыш* деген бөген, Ақтоғай ауданында *Жіңішке* деген өзен аттары бар. Қостанай облысының Амангелді ауданындағы *Мұқыр* өзені де «қысқа, шолақ» деген ұғым береді. Қарағанды облысының Талды ауданында *Түндік* аталатын өзен бар. Бұдан басқа осы облыстың Егіндібұлақ ауданында *Түндік*, *Бала Түндік* атты өзендер бар. Бұл атаулар географиялық объектінің яғни аталған өзендердің түр-тұлғасына, көлеміне қарай, соған лайық қойылған.

8. Географиялық орналасу ерекшелігіне байланысты қойылған өзен аттары. Кейбір өзен аттарына географиялық орнына қарай, *бас*, *орта*, *ауыз* сияқты анықтауыштық қызмет атқаратын сөздер қосарланып айтылады. Мысалы Қостанай облысының Жангелдин ауданы жерінен ағатын *Жалаулы* өзенінің осы облыстың Амангелді ауданында *Бас Жалаулы*, *Орта Жалаулы* деп аталатын гүрлері бар. *Орта Жалаулы* атты бастау да бар. Қарағанды облысының Теңіз ауданындағы *Ауызсай*, *Бассай* жылғаларының аттары да олардың орналасу ерекшелігін танытады.

9. Санға байланысты қойылған өзен аттарындағы сандар реттік, есептік сан есімдер түрінде кездеседі. Мысалы, *Үшқарасу* — Целиноград облысы, Целиноград ау-

данындағы өзен, *Бірайырық* — осы облыстың Теңіз ауданындағы өзеннің құрғақ арнасы, *Біріншісу* — Торғай облысы, Амангелді ауданындағы бұлақ, *Төртінші атау* — Қөкшетау облысы, Зеренді ауданындағы бастау, *Жалғызғағашталдық* — Торғай облысы, Амантоғай ауданындағы өзен аты, *Жетіқыз* — Жезқазған облысы, Ұлытау ауданындағы өзен. Бұл атауға байланысты жергілікті халық арасында «суға түсіп жүріп, жеті қыз суға кетіпті» деген аңыз бар.

Осы облыстың Жаңаарқа ауданында *Қырықсай*, *Көптамсай* атты өзен, *Қырыққұдық*, *Қосбұлақ*, *Екібұлақ* сияқты бұлақ, бастаулар, Жезді ауданында *Жалғызкөз*, Ұлытау ауданында *Жалғызқұдық* деген бұлақтар бар, Целиноград облысының Теңіз ауданындағы жылға — *Бірсауыт* деп аталады.

Орталық Қазақстан өзен аттарында *бір* (жалғыз), *екі* (қос), *үш*, *төрт*, *жеті*, *қырық*, *көп* сияқты сандар мен сандық мағынадағы сөздер жиі қолданылатыны байқалады.

10. Адамның өмір тіршілігіне байланысты өзен аттары. Орталық Қазақстандағы біраз өзен аттары адамның күнделікті тіршілігіне орай түрлі құрал-саймандардың, қару-жарақтардың атауларымен байланысты қойылған. Жезқазған облысында *Балта* атты өзеннің құрғақ арнасы, *Айнабұлақ* деген бастау (Жаңаарқа ауданы) бар, Ұлытау ауданынан *Дулығалы* — *Жыланышық* өзені, *Дулығалы* аталатын жылға ағады. Қостанай облысының Амангелді ауданында *Саба* (Сабасалды Торғай) өзені, Қима ауданында *Қайрақты*, *Өзенқайрақты* (Ақпансай) атты өзендер бар. Қарағанды облысындағы Нұра ауданының жерінен *Көбекел*, *Пайзақамыр* өзендері ағады.

Бұл сияқты атаулар, географиялық объектінің, яғни өзен, сулардың түр-тұлғасын, формасын да байқатады.

11. Өзеннің ағысына байланысты атаулар. Бұл регионда өзен суларының ағысына байланысты қойылған атаулар да кездеседі. Ондай атаулар судың ағынының жылдамдығын, дауысын, бағытын т. б. білдіреді. Мысалы, Целиноград облысы, Вишнево ауданындағы *Тентек-Қарасу*, Сілеті ауданындағы *Шайтанқарасу*, Балқашин ауданындағы *Сарқырама* өзендерінің, Жезқазған облысы, Ұлытау ауданындағы *Терісаққан* өзенінің аттары осындай мағыналарды байқатады.

12. Модальды атаулар. Бұл топқа жинақталған атау-

лардан адамның өзенге, суға деген көзқарасы байқалады. Ондай өзен аттары әдетте «жақсы», «жаман» сөздерімен тіркесін айтылады. Мысалы: *Жақсы Сарысу*, *Жаман Сарысу* — Жезқазған облысы, Шет ауданындағы өзендер, *Жақсысай* — Ұлытау ауданындағы өзен, *Жаманқыстау* — Жанаарқа ауданындағы бұлақ, *Жаманжол* — Целиноград облысындағы, *Жақсы Қайрақты* — Қостанай облысының Жақсы ауданындағы өзендер. Осы топтағы біраз өзен аттары эвфемизмге құрылған. Мысалы: *Атасу* — Жезқазған облысы, Жанаарқа ауданындағы өзен, *Данабұлақ* — Жезқазған облысы, Ақтоғай ауданындағы өзен, *Дарқанбұлақ* — Целиноград облысы, Ерейментау ауданындағы бұлақ, *Әулие* — Жезқазған облысы, Шет ауданындағы бұлақтың аты. Мағлұматшы Сырымбетов Қасымның айтуынша, бұлақ басындағы тақтай таста екі тізе, екі алақан және маңдайдың орны бар. Содан «әулие» деп аталған болуы керек.

13. Қазба байлыққа байланысты атаулар Орталық Қазақстан өзендерінің аттарында көп емес, бірен-саран ғана. Мысалы, Жезқазған облысының Жезді ауданында *Жезді* аталатын өзен, осы облыстың Ақадыр ауданында *Алтынбұлақ* дейтін бұлақ ағады. Шет ауданында *Известковый* деп аталатын бұлақ бар.

Қазақстан гидронимдеріне байланысты жинақталған лексикалық материалдар әртүрлі тарихи кезеңдерді қамтиды. Олардың ішінде көне түркі дәуірінен белгілі субстрат атаулар, орта ғасырлардан бергі қазақ тіліндегі атаулар және әр замандарда араб, иран, мәнғол, орыс тілдерінен енген атаулар бар. Басқа тілдерден енген мұндай атаулардың қазақ топонимдерінен алатын орны әрқалай. Гидронимдерге байланысты материалдарға қарағанда, ең көбі орыс тілінен енген атаулар. Олар республиканың барлық аудандарында кездеседі.

Антропонимдерге байланысты су атаулары, негізінен, қазақ тіліндегі кісі есімдерінен тұрады. Басқа тілдегі кісі есімдерінен өзен, көл атаулары қазақ тіліндегіге қарағанда аз болғанмен, жалпы гидронимдер құрамынан олар да әжептәуір орын алады. Әсіресе, орыс тілі мен араб, парсы тілдеріндегі кісі есімдерінен жасалған өзен, көл атаулары Қазақстанның бірталай территориясына таралған. Ал мәнғол тілінен енген мұндай атаулар сирек кездеседі. Егер басқа тілдердегі су атаулары кісінің тек өз атынан ғана жасалатын болса, орыс тіліндегі өзен,

көл атауларында кіеінің өз аты, фамилиясы және әкесінің аты да (отчествосы) қолданылады.

Сан-алуан атаулардан жасалған гидронимдердің лексикалық құрамы ұлан-байтақ өлкеміздің ұшан-теңіз табиғат байлығын танытады. Бұндай атаулардың қай-қайсысы болмасын халық өмірімен, оның тарихымен тығыз байланысты.

§ 3. ОРОНИМДЕР ЖӘНЕ ОРОГРАФИЯЛЫҚ ТЕРМИНДЕР

Орталық Қазақстан өңіріне тән облыстардың жер аумағы, негізінен шексіз жатқан кең-байтақ, сар дала болғанымен оның таулы, ойлы-қырлы, жоталы аймақтары өте мол. Сондықтан ғылыми әдебиеттерде оны қазақтың ұсақ шоқылығы деп те атайды. Ал тұрғын халық ежелден Арқа немесе Сарыарқа атаған бұл аймақ туралы Құрбанғали Хамиди «Таурих-и Хамса-и Ширхи» (Шығыстың бес қаласының тарихы. Қазан, 1910 ж.) атты еңбегінде былай жазды: «Алтай мен Оралға дейін созылып жатқан Арқаның ұзындығы 2500 шақырымнан артық келеді де екі салаға бөлініп, Оңтүстік Арқа, Солтүстік Арқа деп аталады. Осы аймақтағы көшіп жүрген елдің бәрі Арқа елі деген атқа ие. Осымен қатар олар өзара тау елі және ой елі деп те аталады»²¹⁰.

Бұл өлкедегі тау аттары (оронимдер) көйылу, пайда болуы және тілдік тегі жағынан аса құнды да бағалы материал боп табылады. Өйткені ол атаулардың ішінде көне замандар мен орта ғасырлық және қазіргі дәуірге тән сөздер, лексикалық топтар бар.

Сарыарқаның шығыс және солтүстік жағындағы таулардың ең биік саналатындары — Қарқаралы, Ұлытау, Баянауыл, Көкшетау, Оқжетпес, Ереймен, Қу, Қызылтас, Қызыларай таулары. Кей жерлері ұсақ шоқылы, төбелі, қырат, қырқалы, бел-белесті келеді.

Павлодар облысында атақты Баянауыл тауының сілеміндегі ең биік саналатын Ақбеттаудың өзі 1026 м. ал оның жан-жағындағы Жасыбай, Жанбақы, Торайғыр, Жақсы Аула, Жаман Аула, Ақбел тауларының биіктігі де әр қалай. Баянауыл атауының төркінін зерттеушілердің бірі Ғ. Қоңқашбаевтың пікірі бойынша ол монғолдың

²¹⁰ Кармышева Б. Х., Кармышева Дж. Х. Что такое Арка—юрт (к истории исторической географии Казахстана): Ономастика Восточной Азии. М., 1980. С. 111.

байн—байын—бай және *ола—тау* деген сөздері көрінеді.

Табиғатының сұлулығымен атағы кеңінен таралып, Арка еліне паш болған, баурайындағы 80 көлдің, қарағайлы қалың орманының жұпар иі аңқыған таулары кербез Көкше биіктігі 947 м, Бүркітті — 238, Болытөбе — 201, Жақсы Жаңғызтау — 730, Жыланды — 640,9, Имантау—661 м. Көкше Жергілікті орыс тілінде Синуха деп те аталады. Демек, оның лексикалық мағынасы «нағыз көк, ашық көк, көкпенбек аспан» дегенге барып саятын тәрізді. Топонимист Е. Қойшыбаевтың пікірінше, топонимдер құрамындағы *көк* сөзі (мысалы, *Көктас*, *Көктума*) «аспан, аспандағы, аспанды» мағыналарында қолданылуы мүмкін, ол Көкбұлақ, Көкқия, Көксеңгір сияқты топонимдердегі *көк* — «таза» мағынасында қолданылады» дейді. Ал геологтардың байқауынша, *көк* компонентті тау аттары, сол тауларда мыс рудалары бар екендігін көрсетеді. Мысалы, *Көксай*, *Көктас* атты орографиялық объектілер соның айғағы. Біздің пікірімізше, *Көкшетау* оронимінің мағынасы, біріншіден, таудың алыстан қарағанда көкшіл тартып көрінуінен болса, екіншіден, таудың көкпен, аспанмен таласқан биіктігімен байланысты болу керек.

Сарыарқаның оңтүстік батысындағы аласа таулы массивтің бірі — Ұлытау, Оның ең биік таулары 1100 метрге ғана жетеді. Олардың ішінде: Абылжол — биіктігі 908,9 м. Ақтоғай ауданы, Айғыршыққан — биіктігі — 874 м. Ақадыр ауданы, Айдаһарлы — биіктігі 1023 м. Шет ауданы, Айдарлы — биіктігі 966,3 м. Жанаарқа ауданы, Айыртас — биіктігі 963,7 м. Приозерный ауданы, Ақдоңғал — биіктігі 957,2 м. Ұлытау ауданы, Ақсарлы — биіктігі 995,1 м. Ақадыр ауданы, Ақсоран — биіктігі 1098 м. Ақадыр ауданы, Ақсұңқар — биіктігі 1110,1 м, Ақтоғай ауданы, Байелші — биіктігі 1091 м. Ақадыр ауданы, Бесшоқы — биіктігі 1109 м. Доңғал — биіктігі 1011,2 м. Ақтоғай ауданы, Елшін — биіктігі 1067 м. Приозерный ауданы т. б.

Осындай ірілі-ұсақты таулар мен қыр, қырат, жоталар Қарқаралы таулары сілемдерінде де көптеп кездеседі. Оның ең биік саналатын тауы Жиренсақал — 1338 м, қалған жерлері тау деп аталғанымен, аласа жоталар мен төбелер. Мәселен, Ақшоқы — биіктігі 579 м. Нұра ауданы, Жыланды — биіктігі 1195 м, Нұра ауданы, Дос — 1064 м. Егіндібұлақ ауданы, Қарасоран — 1369 м.

Галды ауданы, Қарғалы — 1127 м, Осакаровка ауданы, Қараоба — 929 м, Нұра ауданы, Қаратоғанбай — 1089 м, Галды ауданы.

Ал Ерейментау өңіріндегі ең биік саналатын Ақды тауының биіктігі 893 м ғана. Ондағы ұсақ таулар мен жоталар легі де көп емес. Мұндағы аласа жота, дөңдер мен төбелер тау атына не болуы жергілікті халық ұғымымен, оның ерекшелігімен тікелей байланысты.

Ерейментау ауданындағы Айғыржал — 361,2 м, Айдарлы — 489,7 м, Ақшоқы — 590 м, Алтынтау — 750 м болса, Теңіз ауданындағы Айтбіке — 319, Ақсай — 506, Ақтасты — 445 м, Ақтұматау — 593,8, Байқуат — 513,9, Бегалы — 578,1, Беладыр — 511,2, Макін ауданындағы Ақмола — 257,5.

Тау аттары (оронимдер) бір немесе екі-үш сөзден де қойылып отырған. Орталық Қазақстандағы тау аттары негізінен ана тіліміздегі сөздерден алынған. Сондықтан да олар жалпы қауымға түсінікті, мағынасы айқын. Тау атаулары құрамында жергілікті географиялық терминдердің де саны басым.

Бұл ретте орографиялық терминдердің кеңінен орын алып отырғаны анық көзге түседі.

Бұл өңір оронимдеріндегі орографиялық терминдердің кейбіреулері ғана жергілікті халық тілінің өзіндік ерекшелігіне ие. Ал оның басым көпшілігі әдеби тілге тән орографиялық терминдер. Олар мыналар: *қолат, қорым, құз, қуыс, қия, мүйіс, өзек, ой, ойпаң, ойпат, өлке, ор, өр, сала, сарыдала, сахара, сеңгір, доңғал, дөң, дөңес, дала, далашық, жазық, жапан, жартас, жыра, жыраша, жырашық, заңғар, қапшығай, қапсағай, қатпар, кезек, кемер, қобы, бұлтақ, бұдыр, даба, дабан, індер, ола, рай, толағай, хамар, хамур, аңғар, алқан, адыр, айыр, айрық, сырт, тақыр, тарам, тарау, арт, асу, байтақдала, байыр, атанақ, ая, ылди, ық, шытырман, шырым, шың, шым, шұрат, шүйгін, шұқыр, шұңқыр, шұқанақ, сораң, суағар, көтерме, құлама, құлау, қыспақ, жайылма, жар, жарық, жартас, жырық, қағыл, бүгілме, бөктер, боз, көгал, қоңыр, қоңырқай, көк, қара, борбас, борбастық, борпық, тас, төмпей, төмнешік, томар, төбе, теріскей, тепсең, тебін, шибарты, айдала, алаң, алап, алатамыр, алқан, аңыл, былқылдақ, шөл, шөлейт, шоқат, шоқы, шиір, шет, шаңырақтас, шалғын, шақат, шабын (ды), үстірт, үрме, үңгір, үйік, тұрме, тұмық, бидайық, бұтақ, арқа, тастақ, биік, ашық, тап, сандықтас, сандықтан, балақта*

төс, төскей, өртең, қорған, қорық, көкорйі, жайлау, отар, өріс, қожыр, бүйрат, жалақаш т. б.

Орталық Қазақстан оронимиясында кеңінен тараған, түркі тілдерінде түрліше вариантта айтылатын тау термині көбіне биіктік мағынасын білдіреді. Ал гагауз, қырым-татар, караим, якут тілдерінде және түрік тілінің диалектісінде сол тау сөзі «орман» мағынасында да қолданылады²¹¹. Оның кейбір түркі тілдерінде «солтүстік» деген мағынаға ие екенін академик А. Н. Кононов ашып берді²¹².

Қазақ орографиялық терминологиясында таудың түр-түрін көрсететін арнайы атау-терминдер бар: *алатау, қаратау, қотыртау, мұзтау, өркештау, сандықтау, балақтау, асқартау, құзтау*. Бұндай көрініс қазақ орография терминологиясы жүйесінің бай және күрделі екенін дәлелдей түседі.

Қазақтар «Алатау» деп басында мәңгі мұз бен қар жататын, алыстан ала болып көрінетін биік тауды атайды. *Қаратау* болса ол *Алатаудан* аласа келеді, қары жоқ, тасты, алыстан қара түсті көрінетін «құрғақ» таулар. *Алатау* және *Қаратау* терминдерінің типологиялық мәні бары байқалады, бұл терминдер бір ғана жеке тауды атамай, таулардың типологиялық бір түрін атау үшін қолданылады.

Орталық Қазақстан оронимиясында «Қаратау» атты оронимдер көп болғанымен, «Алатау» атты оронимдер кездеспейді, себебі Жонғар Алатауындай, Іле Алатауындай, Күнгеі, Теріскей Алатауларындай биік, қарлы таулар Орталық Қазақстан орографиялық жүйесінде жоқ. Тау және тауға байланысты орографиялық терминдер Орталық Қазақстан топонимдері құрамындағы мына төмендегі оронимдерде кездеседі: *Ақбастау* — Шыңғыстау тауларының солтүстік-батысында, Семей облысы; *Ақшатау* — Шыңғыстаудың оңтүстік-шығысында, Семей облысы; *Белтеректау* — Қалба тауларының солтүстік-батысында; *Жамантау* — Кент тауларында және Жеті-қоңыр құмдарының солтүстік-шығысында; *Жаман Айыртау* — Қазақ ұсақ шоқылығының батысында; *Жақсы Жаңғызтау* — Көкшетау биіктігінің оңтүстік-шығысын-

²¹¹ Севортян Э. В. Этимологический словарь тюркских языков. М., 1980. С. 118.

²¹² Кононов А. И. Способы и термины определения стран света у тюркских народов // Тюркологический сборник. М., 1978. С. 41.

да, Көкшетау облысы; *Жақсы Сырытау* — Қызылтау тауларының солтүстік-батысында, Павлодар облысы; *Жылнақтау* — Бала тауларының солтүстігінде, Қарағанды облысы; *Жауыртау* — Шыңғыстау сілемінің батысында, Семей облысы; *Жантау* — Қызылтас тауларының шығысында, Қарағанды облысы; *Жаңғызтау* — Ақирек тауларының оңтүстік-шығысында, Семей облысы; *Жетімтау* — Тасбұлақ тауларында, Қарағанды облысы, *Желтау*, атты үш тау бар: Қызылтау тауларының оңтүстік-батысында және Баянауыл тауларының солтүстік-батысында, Павлодар облысы; Қызылтас тауының оңтүстік-шығыс маңында, Қарағанды облысы; *Желдітау* — Шұнақ тауларының солтүстік-батысындағы тау, Қарағанды облысы; *Жұқатау* — сілем, қырат, Ұлытау тауларының шығысында, Қарағанды облысы; *Жылантау* — Ұлытау тауларында, Жезқазған облысы; *Имантау* — Көкшетау биіктігінің солтүстік-батысында; *Кожатау* — Көнек тауларының солтүстік-батысында, Қарағанды облысы; *Қасқатау* — Теңіз-Қорғалжын ойпатының оңтүстігінде, Целиноград облысы т. б. Орталық Қазақстан оронимдерінің бір тобы *адыр* сөзімен байланысты келеді, Қазақстанның көптеген аймақтарында *адыр* деп онша биік емес, бөлектеніп келетін тасты қыраттарды немесе аласа тасты тау, шоқыларды атайды²¹³. Ғ. К. Қоңқашбаевтың байқауынша, *адыр* терминінің мағынасы Қазақстан территориясының аумағында өзгеріп тұрады. Қазақстанның оңтүстігінде «*адыр* деп биік тау сілемдерінің етегіндегі қырқаларды, ойлы-қырлы жерлерді» атайды.

Адыр басқа да көптеген түркі тілдердің құрамында бар. Түркі тілдес регионда адырдың географиялық мағынасы қалай өзгеріп отыратынын, сонымен қатар *адыр*-дың *айыр* сөзімен этимологиялық гомогендік байланысы барын, көне түркі тілінде — «айыр», «аша» екендігін Э. М. Мурзаев дәл көрсеткен²¹⁴.

Орыс тіліндегі географиялық еңбектерінде, атап айтқанда, географиялық терминдердің энциклопедиялық сөздігінде *адыр* жөнінде: «адыр Тянь—Шань сілемдерін (Фергана мен Жетісуда) айнала безен тұрған төбелі, жыра-сайлары бар, тау қырқалары. Адырларға жансарлас орналасқан жазықтардың биіктігі 100—400 м.

²¹³ Қоңқашбаев Ғ. К. Сонда. 92-б.

²¹⁴ Мурзаев Э. М. Апельятивы в топонимах Средней Азии // Ономастика Средней Азии. Фрунзе, 1980. С. 199—200.

Орталық Қазақстан оронимиясында *адыр* термині арқылы жасалған екі компонентті атаулардан мысал ретінде келтірейік: *Қандыадыр* — тау, Нияз тауларының солтүстік-шығысында, Қарағанды облысы; *Қаптаадыр* — таулар, Арғанаты тауларының солтүстігінде, *Қараадыр* — тау аттары, Ұлытау тауларында, Арғанаты тауларының оңтүстік-шығысында, Қарағанды облысы; Баянауыл тауларының солтүстік-батысында, Павлодар облысы. Құрамында *адыр* термині бар кейбір оронимдердің бірінші компоненті сын есім болып келетіндер: *Жаманадыр* — тау, Қазақұсақ шоқылығының батыс маңында; *Жаманадыр* — тау, Ерейментаудың шығысында; *Жуанадыр* — тау, Желдіадыр биіктігінде, Целиноград облысы; *Желдіадыр* — биіктік, Арғанаты тауларының шығысында, Қарағанды және Целиноград облысы; *Жаладыр* — Желдіадыр тауларында, Целиноград облысы, *Бақалыадыр* — тау, Арғанаты тауларының солтүстік-шығысында, Қостанай облысы т. б.

Жезқазған облысындағы ауданның және аудан орталығының аты — *Ақадыр*. *Адыр* орографиялық термині тек қана оронимдердің найда болуына негіз болмай, топонимияның басқа салаларына да ауысып отырады.

Түркі-монғол топонимиясында кеңінен таралған *сай* орографиялық апелляция Целиноград облысында да өзіндік орнын тапқан. Мысалы, *Ақсай* атты көптеген микрооронимдер Орталық Қазақстанның барлық аймақтарында ұшырасады.

Көне түркі тілінде *сај* — «ойпаңдау шатқалдағы тасты жер» *сај жазі* — «жазықтар», «тастақтау, жазық», — *сајған* «таяз су».

Түркия, Азербайжан, Түркменияда *сай* — *чай* фонетикалық вариантында кездеседі. Бұл региондарда терминнің фонетикалық тұлғасы өзгеруімен бірге семантикасы да өзгерген. Түрік және азербайжан тілдерінде *чай* — «өзен», Түрікмен тілінде *чай* — «шатқалдағы өзен», «шатқал, терең сай», «құрғақ арна», «жыра, ор» кейде «құдық» мағынасында да кездеседі. Түркі-сібір тілдерінде *сай* // *зай* // *чай* — «өзен-су» атауларымен байланысты. Сай // зай // чай // шай терминді топонимдер көп жерлерде тараған (Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Азербайжан, Алтай, Армения, Грузия, Дағыстан, Чечено-Ингушетия, Тува, Якутия, РСФСР (Чита облысы), Түркия, Иран, Ауғанстан, Синьцзян, Монғолия).

Орталық Қазақстанда *сай* терминіне байланысты

төмендетідей оронимдер кездеседі. *Көлсай* — тау, биіктігі 6 м, *Кентексай* — сай, Ұлытау тауларында: *Ақсайлақсай* — жылға, *Бұлансай* — тау, биіктігі 287,4 м, Ұлытау ауданы, *Сарысай* — тау, биіктігі 240,2 м, Ұлытау ауданы, *Бұлақсай* — тау, биіктігі 122,1, *Аққиқсай* — жылға, *Еспесай* — сай, *Ебелектісай* — жыра, *Қарағандысай* — жыра, *Теріскендісай* — жыра, *Тымырзасай* — сай, *Сарысай* — тау, *Жырабұлақсай* — тау, Жезді ауданы, *Шималсай* — төбе, Жезқазған ауданы, Жезқазған облысы т. б.

Қазақ орографиялық терминологиясында кездесетін *қыр* термині басқа да көптеген тілдердің қорында бар. Э. М. Мурзаев *қыр* апеллятивінің негізгі мағынасы және фонетикалық тұлғасымен түркі-монғол, фин-угор, үнді-европа тілдерінде сақталып, олардың орографиялық терминологиясында өз қызметін атқаратынын атап көрсетті²¹⁵.

Қыр термині көптеген тілдер топонимдерінің құрамында орасан зор аймаққа — Солтүстік Мұзды мұхиттан Жерорта теңізіне дейінгі аралыққа тараған.

Е. Қойшыбаевтың пікірінше, түркі-монғол географиялық атауларында *қыр* сөзінің дублеттік формалары *қыз, ғыз, ғыс, қыс, ғыр, гор, гуз*, — *киз, хыз, хир, хира* түрлерінде кездеседі²¹⁶. *Қыр, қыз* сөздеріндегі *p // z* дыбыстарының алмасуы түркі тілдеріндегі белгілі фонетикалық заңдылыққа (ротацизмге) жатады. *Қыр* орографиялық апеллятиві Орталық Қазақстан территориясындағы кейбір оронимдердің пайда болуына негіз болды. Осыған сай біз жоғарыда қазақ орографиялық терминологиясының кейбір негізгі (родовой) терминдерінің мағынасы және Орталық Қазақстан оронимиясының құрамындағы көрінісі жайында әңгіме еттік.

Ал қазақ орографиялық терминологиясының қоры бастапқы кезде түрлі лексикалық мағынасы бар сөздерден жасалған. Қазақ орографиялық терминология жүйесі ұзақ уақыт түрлі тілдерден ауысқан сөздерден де құралып, дамып, қалыптасып келген.

Қазақ орографиялық терминологиясының осындай байланыстарын анықтау, осы географиялық апеллятивтік лексикалық тобының семантикалық ерекшеліктерін

²¹⁵ Мурзаев Э. М. Очерки топонимики. М., 1974. С. 113—116.

²¹⁶ Койшыбаев Е. О термине «қыр» в тюркской топонимии. Вестник АН КазССР, 1978. № 1. С. 75.

айқындау болып табылады. Аталмыш лексика-семантикалық ерекшеліктер халықтың ұлттық өмірінің шаруашылық, этнографиялық ерекшеліктерінен туындайды. Қазақ географиялық номенклатурасының бір тобы анатомиялық лексикаға байланысты болуы топонимикалық заңдылықтардың айқын көрінісі.

Н. Толстойдың байқауынша, географиялық терминология лексикалық және мағыналық аспектерде, басқа да терминологияның салаларымен адам және жан-жануар дене мүшелерінің атауларымен ыдыс, тоқу құралдары, үй, ауа-райы т. б. аттарымен²¹⁷ байланысты болады.

Қазақ орография терминологиясында адам және жануар дене мүшелеріне қатысы бар сөздердің саны 20-дан асады; *айдарлы, арқа, ауыз, аяқ, бел, белес, белең, белеуіт, беткей, бет, бұғаз, ернеу, жал, жамбас, жон, жота, иық, қабақ, қарабауыр, қойын, қойтас, қолтық, ми, мойын, мұрын, тамақ, сауыр, төскей тұмсық* т. б.

Орталық Қазақстан оронимиясында анатомиялық лексика сөздерінен жасалған оронимдер саны біраз. Жоғарыда көрсетілген сөздер түгелімен Орталық Қазақстан оронимдері құрамында бар десек артық болмас.

Жануарлардың және адам дене мүшелерінің аттары топонимдерге ертеден заңды түрде ауысатынын және *арқа* сөзінің (*арқа, арх, архаа* формаларында) өзге түрлі түркі-монғол тілдерінде кездесетінін ескерсек, Арқа, Сарыарқа топонимдері түркі-монғол тіл бірлестігі заманында пайда болуы мүмкін деп болжаймыз.

Орталық Қазақстан оронимдерінің құрамында анатомиялық сөздер көп екенін төмендегі мысалдар растайды: *Жақсы Қаражалтау* — Қызылтас тауларының солтүстік-шығысында, *Жіңішкежал — тау*, Желдіадыр биіктігінің батысында, *Ақжал* — тау, Қарағанды облысы; *Айғыржал* — тау, Арғанаты тауларының солтүстік-батысында, Торғай облысы; *Қаратұмсық* — тау, биіктігі 609,3 м. Жаңаарқа ауданы, *Құсмұрын* — дөңес, Жезді ауданы, *Маймұрын* — тау, Жаңаарқа ауданы, Жезқазған облысы; *Арықтыжон* — таулар, Теңіз — Қорғалжын ойпатының солтүстік-батысында, Целиноград облысы; *Ақбел* — тау, Қызылтаудың батысында, Павлодар облысы; *Итауыз* — тау, Ұлытау тауларының шығысында, Қарағанды облысы; *Итарқа* — таулар, Қызылтау тауларының

²¹⁷ Толстой Н. Н. Славянская географическая терминология. М., 1969. С. 39.

солтүстігінде, Павлодар облысы, *Жонды* — тау, Қызылтас тауының оңтүстік-батысында, Қарағанды облысы: *Кіші Арқалы* — тау, Арқалы тауларында, Семей облысы: *Қызауызтау* — Ұлытау тауларының солтүстік-шығысында, Қарағанды облысы, Қазақ орографиялық терминологиясы үй құрылысына, үй мүлкіне қатысты сөздерден де жасалған. Әрине, мұндай орографиялық терминдер ұқсату, теңеу ретінде пайда болған. Мысалы, *қақпа* — 1) дарбаза, 2) шатқалдың, терең сайдың кірер ауызы; *Керегетас* — оқшау біткен екі жалпақ биік, тік тас; *қақпа* — 1) қақпа, 2) терең сай, екі биіктіктің ортасындағы өткел; *арқалық* — 1) арқа, ұстын, 2) аласалау қырка, қырат; *босаға* — 1) есіктің табалдырығы, екі жағы, 2) көң, жалпақ ой жерге тік түсетін шоқы немесе биіктік; *есік* — 1) есік, 2) терең тау сайы, түбінде әдетте су (өзен) ағады; *қора* — 1) мал қамайтын тас, қыш, қамыс, шымнан жасалатын құрылыс, 2) құз беткейлермен қоршалған таулы өзен аяқабы; *үйдене* — 1) есік, 2) жартастың етегінде өзен ағатын терең құз, сай; *үкек* — 1) ұзынша келетін қобдиша, 2) үсті жалпақ болып келетін, сандыққа ұқсас тау немесе биіктік; *емел* — 1) ер, 2) бел, асу; *өңір* — 1) көйлектің, киімнің етегі, 2) сілемнің немесе үлкен өзеннің қасындағы аймақты жер; *етек* — 1) етек, 2) тау бөктеріндегі жазық; *балақтау* — 1) балақ, 2) тау басталатын биіктік; *сандықтау, сандықтас* — 1) сандық, 2) жеке тұрған үсті жалпақ тау; *кебежетас* — 1) кебеже, 2) бөлек тұрған кебежеге ұқсайтын тау, биіктік; *шаңырақтас* — 1) шаңырақ, 2) төбесі домалақ, томпақ келетін тау.

Құрамында үй, үй мүлкіне, киім-кешекке қатысты сөздері бар оронимдер Орталық Қазақстан территориясында да кездеседі. Мысалы *Қалмақемел* — таулар, Семей және Қарағанды облысы; *Арқалық* — тау, Шығыстау қыратының солтүстік-шығысында, Семей облысы; *Арқалық* — таулар, Қу тауларының оңтүстік шығысында, Қарағанды облысы; *Қотанемел* — Сарыарқадағы тау т. б.

Сандық, кебеже, кереге, шаңырақ т. б. сөздермен орографиялық объектілерге ат қою (номинациялау) қазақ орография терминологиясының ұлттық ерекшелігі.

Мысалдар (материалдар) Е. Қойқанбаевтың «Қазақские народные географические термины» деген мақаласынан алынған 1 (бірінші) номермен сөздің бастапқы лексикалық мағынасы берілген, 2 (екінші) номермен орографиялық мағынасы берілген.

рін көрсетеді. Мұндай этнографиялық реалиті басқа, мысалы, славян халықтарында жоқ болғандықтан, басқа ұлттық орографиялық терминология құрамында бұл тәрізді сөздер кездеспейді. Осындай типологиялық айырмашылықты және ұқсастықты түрлі орографиялық терминология жүйелері арасында байқасақ, ұлттық орографиялық терминологиясының өзіне тән ерекшелігі айқындала түсері анық.

Кейбір орографиялық объектілердің аттары геометриялық ұғымдардың негізінде қойылған. Мысалы, *қайқы, ирек, домбақ (томпақ)* т. б. Географиялық ұғымдардың негізінде пайда болған орографиялық жалпы есімдер оронимиялық жалқы есімге ауысады.

Қазақ орографиялық терминологиясының құрамында этнографиялық ұғымдармен байланысты терминдер де бар. Соның бірі — *төр*. *Төр* сөзінің ауыспалы орографиялық мағынасы — «тау асуының ең жоғарғы бөлігі, биік таудағы жоғарғы жайлау». Ал *төр* сөзінің бастапқы лексикалық мағынасы — «есіктің қарсысындағы сыйлы жер». Осындай мағынамен *төр* сөзі көне түркі тілінде белгілі болған. *Төр* сөзінің орографиялық мағынасы бертіңгі заманда пайда болған сияқты. Соған дәлел ретінде мынандай мысал келтіруімізге болады. В. В. Радлов сөздігінде *төр* көптеген түркі тілдерінде тек қана «передний угол», «почетное место» деген мағыналары берілген де оның «таудың бас жағындағы, биіктегі жайлау» деген мағынасы кездеспейді. Басқа ұлттардың (мысалы, славяндардың) халықтық географиялық терминологиясында осындай мағыналармен байланысты терминдер жоқ. Қазақ және де басқа түркі тілдерінде *күңгей, теріскей* сияқты терминдердің болуын мал шаруашылығымен байланыстыруға әбден болады. Өйткені теріскейде *қар жататын болса, күңгейде көктемде* (немесе қыстың өзінде де) *мал бағуға болады*.

Түс атауларымен байланысты қазақ орографиялық терминологиясында бірнеше терминдер бар: *қоңыр, қара, көк, көгал, боз*. *Қоңыр* деп Орталық Қазақстанда үстінде өсімдігі бар құм төбелерді атайды²¹⁸. *Қоңырлар қыста малға жақсы жайылым бола алады*.

Ғ. Қоңқашбаевтың пікірінше, *қара* географиялық термин ретінде қазір жеке қолданылмайды. Бірақ та

²¹⁸ *Қоңқашбаев Ғ. Қ.* Казахские народные географические термины // Изв. АН КазССР. Серия географическая. 1951. № 99. Вып. 3. С. 24.

гонимдердің құрамында өзінің байырғы орографиялық тау, төбе мағынасында жиі ұшырасады: Үшқара, Берікқара, Иманқара, Жетіқара, т. б.²¹⁹.

Ғ. Қоңқашбаев көк терминнің екі мағынада қолданылатынын көрсетті: 1) зеленое пастбище в начале весны; 2) пониженная местность с зеленой луговой растительностью. Екінші мағынада *көгал* сөзі де қолданылады²²⁰. *Боз* термині жайлы Ғ. Қоңқашбаев былай деп жазды: ...боз, ақшыл, шанқан ашық түс — көделі жер, шөптің бір түрі. *Боз* ұғымы шалғын немесе сортаңды жерге карама-қарсы. Жылқы жаңбырда бозды жақсы жейді²²¹.

Жайылым атаулары қазақ орографиялық терминологиясында елеулі орын алады. Жайылым аттары (жалпы есімдер) сол жайылым ерекшеліктерін көрсетеді, кейбір атаулар жеке региондарда ғана қолданылады. Атап айтқанда, *алатамыр* деп Қазақстанның шығысында шөбі бірыңғай емес, ойдым-ойдым жерлерде көкпек және жусан аралас өсетін жайылымдарды атайды²²².

Жыртылмайтын, қалып кеткен жерлерді, жайылымдарды *аңыз* деп атайды. Аңыз термині *қодран* терминіне мағынасы жағынан өте жақын болып келеді²²³.

Ащылар жазықта ағатын өзендердің алаптарында, көл және сорлардың ойықты жағаларында орналасады. *Ащылардың* топырағы тұзды, шөбі шүйгін келеді, малға жақсы жайылым. *Ащы* термині көптеген гидрографиялық объектілердің құрамында кездеседі: Ащы, Ащысай, Ащы бұлақ, т. б. Ащы терминінің синонимдері — *ащылуыт, сортаң, татыр, шақат*²²⁴.

Беделік деп Қазақстанның оңтүстігінде дуалмен қоршалған қыстаудың қасындағы жоңышқа егілген жерді атайды. Беделіктер оңтүстік Қазақстанның ежелгі шаруашылығына тән нәрсе.

Қазақстанда, Орта Азияда кеңінен таралған термин — *жайлау*. *Жайлау* деп суы мол, шөбі шүйгін жазғы жайылымдарды айтады. Әдетте қазақтар мал-жаныммен жай-

²¹⁹ Сонда, 79-б.

²²⁰ Сонда, 22-б.

²²¹ Сонда, 11-б.

²²² Сонда, 6-б.

²²³ Сонда.

²²⁴ *Жайылым* атауларының мән-мағынасы Ғ. Қ. Қоңқашбаевтың жоғарыда көрсетілген еңбегінен берілді. Жайылым атауларының тілімі алфавит ретімен көрсетілген.

лаудан жайлауға көшіп-қонып жүрген. Қазақстанның, Орта Азияның, Қырым және Кавказдың таулы аймақтарында жайылымдарды *жайлау* (*яйла, яйлаг*) деп түсінеді.

Көкорай — суы мол, көк мәйекті жерді айтады. Ұйғырлардың «орайы» да сол мағынада.

Өртең — *өрт* сөзінен жасалған жайылым аты. Күзде немесе ерте көктемде далаға өрт қойып ескі шөпті күйдіріп құртқаннан кейін жаңа, балғын көк шығады. *Өртеңдер* әдетте көш жолында, көктемде қоныс ететін жерлерде жасалады. *Көктемде, жаздың бірінші жартысында өртеңде мал тез оңалады.*

Отар — жылдың барлық уақыттарында пайдаланылатын, ауылдан алыс орналасқан жайылым атауы. Орыстардың *хутор, заимка, отгонный участок* деген терминдерімен мағыналас.

Өріс деп ауыл маңынан шалғайлау, оты мол, мал жайылымдық жерді айтады. Алыстағы кең өрісте ірі қаралар жайылса, ауыл маңайындағы жақын өрісте қозылар мен бұзаулар жайылады. Өрістер кейде өлшем ретінде де қолданылған.

Соны деп әлі мал тісі тимеген жайылымды атайды.

Мындаған жыл бойы мал шаруанылығымен айналысқан қазақ халқы мал жаятын жайылымдардың түр-түрін ажыратып, әр қайсысына жеке атау берген.

Сонымен қазақ орографиялық терминологиясының құрамында лексиканың басқа салаларынан енген топтардың да белгілі дәрежеде қатысатынын байқадық. Атап айтқанда, қазақ орографиялық терминологиясы жүйесінде үй, үй мүлкі, киім-кешек атауларына байланысты лексикалық топтардан енген сөздер орографиялық терминдер қызметін атқарса, түске байланысты атаулардың да орографиялық мағынаға ие болғанын көріп отырмыз.

Этиографиялық реалийлерге байланысты кейбір орографиялық терминдер қазақ терминологиясының ерекшеліктерін көрсетеді. Жайылым және топырақ түрлерін атайтын терминдер қазақ орографиялық терминологиясында ерекше, дербес топтар құрайды.

Қазақ орографиялық терминдерінің басым көпшілігі ана тіліміздің қорында бар сөздер. Монғол тілінен енген *хүдзир, эмель* (семел) *үйденен*, тәжік тілінен енген *дарбаза, сеңгір* сияқты ғана сөздері бар. Осы сөздер кейбір көптеген түркі тілдерінде кездесетін жалпы түркілік

терминдер ретінде белгілі болып отыр. Ондай терминдердің аралы өте кең, көптеген түркі тілдес региондарда гараған. Қазақ орографиялық терминдерінің оронимдік модельдерді жасауда қатысы әртүрлі. Кейбір терминдер, мысалы, *тау, сай, адыр, төбе* т. б. қазақ оронимдерінің құрамында жиі кездесетін болса, кейбір терминдер бірен-саран ғана, немесе оронимдерді жасауда мүлдем қатыспайды.

Қазақстан территориясының жеке региондарында қазақ тілінің диалект, говорларында мынандай орографиялық терминдер кездеседі: **атжал** — жыртылмай не шабылмай қалған жер, мұны *жал* деп те атайды, **жарықбас** — ойлы, шұңқыр жер, шұбарлы жер — ағашты, бұтақты жер. *Шұбарлы жерге қар кеп тоқтайды* ²²⁵.

Қобы — екі белдің арасы, ойпаң жер. *Мал Сарқобыда* (кейде сарғау деп те айтады) *жатыр*. Қордай ауданында сайлы жерді *қобаң-қобаң жер* деп те атайды. **Қау** // **әңгі** — сел, су тасқыны орын кеткен жар, су арнасы; **Кер** — төс, бөктер. *Сол күннен бастап, меркеліктерді кер ботпайы деп кеткен*. **Төс** — төскей, төс ел (төскейдегі ел). *Мал таудың төс жағында*. *Қымыз төс елде үй сайын боп тұрады*. **Аң** — шұңқыр, ор (аққан судың күшімен ойылған жыралы жер, апан)²²⁶. **Түлейлік** — құмның арасындағы сексеуілді, бұталы жер. *Сексеуілмен жүзген түлейлікте өседі*. **Еңіреу** — терек, шұңқыр, үңгір. **Кез** — екі таудың түйіскен жері, аша; **жалас** — жота, белес; **белдепая** — белес, қыр; **тұран** — таудың үстіндегі су жиналатын ойпаң жер, *Айрақтының үстінде үлкен тұраны бар*; **үрпек** — бұталы, шөбі қалың өскен жер; **белдеме** — бел. *Белдемеден атып арқарды түсірдім*; **маң** — елсіз, мидай дала; **күдір** — ойлы, қырлы жер. *Біз күдір жермен жүріп шаршап қалдық*; **сілен** (шілем) // **сілем** — жалғас, сала. *Барлық Арасан сілемдері Қытайға созылып жатыр*. *Тарбағатай шілемі Арасанда да жетеді* ²²⁷.

²²⁵ *Сарыбаев Ш.* Көкшетау облысы Шүчинек, Еңбекшілер аудандарында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір лексикалық ерекшеліктер // Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. Алматы, 1960. 3-шығуы. 54—71-б.

²²⁶ *Нақысбеков О.* Шу говорының кейбір лексикалық ерекшеліктері // Қазақ тілі мен диалектологиясының мәселелері. Алматы, 1969. 3-шығуы. 125—160-б.

²²⁷ *Досқараев Ж.* Арыс говорының лексикалық ерекшеліктері // Қазақ тілі мен диалектологиясының мәселелері. Алматы, 1969. 3-шығуы. 23—53-б.

Орталық Қазақстан оронимиясы құрамында жиі кездесетін оронимдік терминдер: *тау, төбе, шоқы, қыр, адыр, сай* т. б. Ал биік тауларға тән терминдік атаулар— *асқиртау, шың, мұзтау* Орталық Қазақстан топонимиясында кездеспейді.

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН ТОПОНИМДЕРІН ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ТҰРҒЫДАН ТОПТАСТЫРУ

Қандай да бір ел яки аймақ болсын, ондағы жер-су аттарының өзіне тән сыр-сипаты оның пайда болу, жасалу заңдылықтарында аз да болса өзіндік ерекшеліктер байқалып отырады. Ондай атаулардың қыры мен сырын ғылыми тұрғыдан талдап, сипаттан көрсету барысында белгілі бір дәрежеде қиындықтар да кездеспей қоймайды. Мұндай жайттар Орталық Қазақстан топонимдеріне де тән құбылыс.

Орталық Қазақстан республикамыздағы ең ірі аймақ. Осыған орай ондағы топонимдер құрамы да ар алуан, мейлінше бай.

Бұл өлкедегі жер-су аттары да республикамыздағы басқа жер-су аттары сияқты қоғамдық дамудың сипатына қарай өзгеріп отырған. Жергілікті халық өздері мекендеген, көшіп-қонып жүрген жердің бет-бедеріне, суының ащы-тұщылығына, көлемі мен ағысына, жалпы олардың алуан түрлі қасиеттері мен белгілеріне орай ат қойып, айдар тағып отырған. Сондықтан да ондай атаулар белгілі бір мән-мағынаға ие. Осындай атаулардың басым тобы елдің шаруашылық, тіршілік кәсібіне сәт қойылып отырғанын көреміз. Олай болса, топонимдерді семантикалық тұрғыдан зерттеудің мәні де айрықша.

Советтік тіл білімінде бұл күнде топонимдерді семантикалық тұрғыдан талдап, зерттейтін әдіс әртүрлі қолданыс тауып жүр.

Топонимдердің семантикасы аталып отырған белгілі бір объект жайында тиісті дәрежеде мағлұмат беріп қана қоймай, сол жер-суға адамның қатыстығын да көрсетіп, білдіріп отырады. Сондықтан топонимдер семан-

тикасының қыры мен сырының егжей-тегжейін жан-жақты, терең де мазмұнды етіп айқындап, анықтай түсуде кеңінен қолданылатын аталмыш методтың ең басты жолы — лексика-семантикалық классификация болып табылады. Ол арқылы топонимдерді алуан түрлі семантикалық топқа бөліп саралауға болады.

Соңғы жиырма жыл ішінде топонимдерді лексика-семантикалық тұрғыдан талдау жөнінде біраз еңбектер жарық көрді. Ол еңбектерді толықтырған, жаңадан ой-пікір айтқан тың зерттеулер саны да соңғы 5—10 жыл ішінде көбейіп отыр.

В. Н. Топоров және О. Н. Трубачев *Днепр* гидронимдерін этимологиялық тұрғыдан талдаған еңбектерінде оларды бірнеше семантикалық топқа бөліп қарайды. Ғалымдардың көрсетуінше, аталмыш аймақ гидронимдері мына төмендегідей басты-басты семантикалық топтарға бөлінген: а) *жапырақ, қамыс, қалақай, қырықбуын* атауларынан қойылған гидронимдер; б) ағаштың барлық түрінен қойылған гидронимдер; в) жер асты қабаттары мен топырақ ерекшеліктеріне байланысты гидронимдер; г) судың түсімен байланысты гидронимдер; д) өзеннің ағысы мен судың ерекшелік сипатына байланысты гидронимдер; е) қоршаған ландшафт ерекшелігіне байланысты гидронимдер; ж) өткелдер мен бөгендер т. б. су құрылыстары аттарымен байланысты гидронимдер; з) облыс аймағы яки шекарасымен байланысты гидронимдер; с) хайуандар аттарымен байланысты гидронимдер¹ т. т.

Ал кейбір топонимдердің зерттеу жұмыстарында географиялық атауларды топқа бөлу олардың аталу тұрғысынан қаралады. Бұл жөнінде В. А. Никонов топонимдерді зерттеуде үш түрлі семантикалық типке бөлуді орынды санайды. Ғалымның пікірінше, олар: а) географиялық объектілердің белгісіне қарай; б) объектінің қай аймаққа тәндігіне қарай; в) арнай қойылған атаулар².

Көрнекті топонимист А. В. Суперанскаяның пікірі бойынша, топонимдер классификациясы есімдердің лингвистикалық және экстралингвистикалық сипатына қарай

¹ Топоров В. Н., Трубачев О. Н. Лингвистический анализ гидронимов Верхнего Поднепровья. М., 1962. С. 214.

² Никонов В. А. Славянский топонимический тип // Вопросы географии. № 58. Географические названия. М., 1962. С. 37.

ғана жасалу керек³. Славян топонимдері А. И. Рудных, Э. Г. Беккер, А. И. Яценко өздерінің еңбектеріндегі классификацияны В. В. Топоров, О. И. Трубачев классификациясы негізіне сүйене отырып жасаған. Алтайда А. И. Рудных өзінің «гидронимикадағы семантикалық модельдер» атты мақаласында В. А. Николовтың семантикалық классификациясына сын көзбен қарай отырып, қосылмайтын жақтарын да ашық айтады. Оның пікірінше: «Топонимдерді семантикалық белгілеріне қарай топтау — қандай да бір атаудың қашан пайда болғанын, белгілі бір тарихи мезгілін анықтауға жәрдем етеді»⁴ дейді.

Семантикалық классификацияның белгілі түрколог-ономастар еңбектерінен де орын алғаны мәлім. Оны Г. Ф. Саттаров, А. Әбдірахманов, С. Атанязов, О. Т. Молчанова, О. А. Султаньяев, А. А. Камалов, К. Қонқобаев т. б. зерттеулерінен көреміз.

Бұл ғалымдардың ішінде О. Т. Молчанова, О. А. Султаньяев, К. Қонқобаев ұсынған семантикалық классификациялардың негізі бір, өзара сабақтас та, мазмұндас. Аталмыш ғалымдардың айтуынша, қазақ, алтай, қырғыз тілдеріндегі географиялық атаулар лексика-семантикалық тұрғыдан таптастырғанда, екі топқа бөлінеді: 1) объектінің физика-географиялық сипатын көрсететін атаулар; 2) адамдардың шаруашылық, тұрмыстық іс-әрекеттері мен қоғамдық қатыстарын көрсететін атаулар⁵.

Біз бұл арада жалпы тіл біліміндегі топонимдер классификациясы тарихына арнайы тоқталмай отырмыз. Өйткені Ф. Миклошич (1865, 1872), П. Ваши (1907), Т. Войцеховский (1873), Ф. Шварц (1931), В. Ташницкий (1958), С. Роспонд (1957) еңбектерінде жалпы семантикалық классификацияға баса назар аудармай, тек топонимдер классификациясына бой ұрған.

Ал лексика-семантикалық классификацияға назар аударудың ең басты мәні топонимдерді лексикалық тұрғыдан топқа бөле отырып, мән-мағынасын ашу, олардың

³ *Суперанская А. В.* Общая теория имени собственного. М., 1973. С. 159.

⁴ *Рудных А. И.* Семантические модели в гидронимике // Вопросы топонимики. Свердловск, 1972. № 6. С. 42.

⁵ *Молчанова О. Т.* О семантической классификации в топонимастике. У. З. Горно-Алтайского научно-исследовательского института истории, литературы и языка. Горно-Алтайск, 1978. Вып. 10. С. 130. *Қонқобаев К.* Топонимия Южной Киргизии. Фрунзе, 1980.

адамның іс-әрекеті, тұрмысы, қоғамдық өмірмен байланысын анықтап білу болып табылады.

Міне, осы тұрғыдан келгенде, зерттеліп отырған Орталық Қазақстан топонимдерін екі үлкен топқа бөліп қараймыз: 1) қоршаған ортаның физика-географиялық қасиетін көрсететін атаулар; 2) адамдардың іс-әрекеті, тұрмысы, қоғамдық өмірін көрсететін географиялық атаулар.

Біз жоғарыда аттары аталған еліміздегі көрнекті топонимдердің теориялық еңбектеріне сүйене отырып, Орталық Қазақстан топонимдеріне лексика-семантикалық топтастыру жасаудың қажеттігін байқадық. Топтастыру барысында көне замандарда Орталық Қазақстанда отырықшылыққа байланысты атаулардың аз болғандығын көрдік. Ерте замандарда Сарыарқаны мекендеген көне тайпалар тұрмысы көпшілі және жартылай көшпелілікке байланысты болғандықтан, мұнда қоршаған ортаның физика-географиялық қасиетін көрсететін топонимдер молынан қойылып отырған. Соған байланысты осындай атаулардың мән-мағынасына төменде толығырақ тоқталуды жөн көрдік.

1. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫҢ ФИЗИКА-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ҚАСИЕТІН КӨРСЕТЕТІН ТОПОНИМДЕР

Орталық Қазақстан топонимдері құрамындағы сан жағынан молы да, лексикалық құрамы жағынан алуан салалысы да қоршаған ортаның физика-географиялық қасиетін көрсететін географиялық атаулар болып саналады. Бұл саладағы топонимдерді ішінара жіктегенімізде: қазба байлық, кен, кеніш атаулары мен жер бетінің бет-бедеріне, табиғат көрінісі мен ауа райының құбылысына, өзен-сулардың үлкен-кішілігі, дәмінің ащы-тұщылығына, өсімдіктер мен жан-жануарлар атауларына байланысты және де түр-түс пен сан есім сөздерден қойылған топонимдер деп білеміз.

1. Қазба байлықтар атаулары мен жер бедеріне, ауа райының құбылысына байланысты топонимдер

Қазақ даласының басқа жерлеріндегідей Орталық Қазақстан өңірінде де кен орындарының көне замандардан белгілі екендігі, олардың кеңінен өрістегені бұл күнде ғылымда толық анықталып отыр. Бұл жөнінде Ә. Марғұлан: «Біздің заманымызға дейінгі ХІІІ—ХІІ

ғасырларда-ақ темірдің молынан өндіріле бастағанына спектральды талдау анықтан берін отыр⁶»,—деп жазды. Ал С. В. Киселев пен Э. Марғұланштың Жезқазған-Ұлытау өңіріндегі металл өндірісі туралы деректерін келтіре отырып, айтқан пікірінде А. Сейдімбеков былайша түйіндейді: «Тіптен, X—XII, XIII—XIV ғасырларда оғыздардың, қыпшақтар мен қаңлылардың арасында атадан балаға мирас болып жалғасқан кеншілердің, теміршілердің болғаны да белгілі». Оған сол өңірдегі Қалайы қазған, Алтын тапқан, Жезқазған, Мыңшұңқыр, Жосалы, Саяк, Ақшатау, Мплықұдық, Сорқұдық тәрізді географиялық атаулар толық дәлел бола алады. Міне, осы өлкедегі қазба байлық атауларымен байланысты топонимдерді геология деректерімен де салыстырып қараудың негізі бар. Өйткені көптеген топонимдік атаулар қазба байлықтардың тау-кен жыныстарының тектуралық ерекшеліктері жөнінде бай мағлұмат береді⁷.

Бұған Жезқазған атырабында қазба байлықтарды игеру жұмысы сонау неолиттен басталатыны толық айғақ болады⁸. Тағы да Э. Х. Марғұлан деректеріне сүйенгенімізде, *жез*, *қалайы* терминдері б. э. д. VII—X ғасырларда пайда болғанын көреміз⁹. Сондай-ақ ортағасырлық араб географтары ибн-эль Варди, ибн-эль Факих, ибн-эль Ийас қимақтардың алтын мен күміс, темір тағы да басқа қазба байлықтарды тауып, пайдаға асырғанын жазды¹⁰. Ал Әл—Идрисидің айтуынша, қимақ зергерлері темірден әшекейлі бұйымдар жасаған.

XIX ғасырда А. Сборовский Орталық Қазақстанда қазба байлықтар атауларына байланысты топонимдер бар екенін айтқанды. Олар: Жезді, Жезқазған, Кентай, Кенқорытқан, Қорғасынтау, Теміршітау, Қазансынған¹¹ т. б. Бұл атаулар тобын қазіргі Теміртау, Көміртау, Шахтинск, Гүлшат кені, Соколов-Сарыбай кені, Рудный сияқты атаулар толықтыра түседі.

⁶ Геология и металлогения Джунгарского Алатау... 1966.

⁷ Сейдімбеков А. Күңгір-күңгір... 1981.

⁸ Марғұлан А. Х. Дезказған — древний металлургический центр (Городище Мплықудук) // Археологические исследования в Казахстане. Алма-Ата, 1973. С. 7.

⁹ Сонда, 7-б.

¹⁰ Қумеков Б. Е. Государство кимаков по арабским источникам IX—XI веков. Алма-Ата, 1972. С. 96.

¹¹ Сборовский А. Материалы к изучению горного дела в степных областях Западной Сибири // Записки Западно-Сибирского отдела РГО. Омск, 1986. Кн. 20. С. 35.

Бұл өлкеде алтын сөзімен байланысты топонимдер санатына жататындар: *Алтынтау* — тау, *Алтынтау* — көл, *Золотой лог* — шатқал, *Алтыншоқы* — тау, *Алтынқарасу* — төбе т. б. *Бор* сөзіне байланысты топонимдер: *Борлытау*, *Борсеңгір*, *Бортастаулар*, *Борлықөзек* — өзен, *Борлысор* — жер аты, *Борлытау* — тау, *Борсеңгір* — тау, *Борлықөл*, *Борлы*, *Айрыесік* — өзен, *Борлықөл* — көл, *Борлықөл* — шоқы, Целиноград облысында, *Борлықөл*, *Борлысор* — көл, Павлодар облысында т. т. Күнделікті тұрмыс қажетіне керекті *қайрақ*, *шарық* тәрізді сөздерден қойылған топонимдер де жиі кездеседі. Олар: *Қайрақты бастау* — қала типтес поселке, өзен, елді мекен — Жезқазған облысында; *Жаман Қайрақты* — өзен, Қостанай облысында т. б.

Қазақстанның басқа облыстарындағыдай *жоса* сөзі арқылы жасалған топонимдер бұл өңірде де аз емес. Мәселен, *Жоса* — өзен, *Жосасай* — көл, елді мекен, төбе Целиноград облысында, *Жосалысай* — өзен, тау, *Жосалы* — бұлақ, жер, Торғай облысында т. б.

Жоса көне заманнан ақ бояу ретінде, сондай-ақ ритуалдық косметикаға байланысты кеңінен қолданылып, халыққа ертеден белгілі болған-ды. Әсіресе сақ заманында жерленген «Алтын адамның» қасына *жоса* және айна салынған кішкене қалташа қойылғаны¹² оның сәндік мәнінің зор болғанын білдіреді. Қазақстан мен Сібір көшпенділері өнерінде *жосаның* бояу ретінде көп қолданылғаны тарихи еңбектерден мәлім¹³.

Орталық Қазақстанда байырғы кен орындары болғанын *кен* сөзінің қатысуы арқылы жасалған топонимдер дәлелдей түседі. Мәселен, *Кенжар* — дөң, *Кеншоқы* — шоқы, *Кентөбе* — тау, *Көктас*, *Мыс көлі* т. т. Жезқазған облысы Ақтоғай ауданындағы *Кеншоқы* деген жерде информатор Тәкішев Жұматайдың (68 жаста, 1982 ж. экспедицияда кездестік) айтуынша, бұл жерде ХІХ ғасырда ағылшындар кен қазып, қорғасын өндіріпті.

Топонимдерде қазба байлықтар, тау-кен пародаларының текстуралық ерекшеліктері жөнінде информациялар бар. Академик К. И. Сәтбаевтың пайымдауынша: «Мыңшұңқыр. Демек, бұл жерде байырғы кен қазба орындары болған. Анықтау керек. Қаратас халық ұғы-

¹² Акишев А. К. Искусство и мифология саков. Алма-Ата, 1984. С. 127.

¹³ Артомонов М. И. Сокровища саков. М., 1973. С. 77.

мында бұлай деп темірді емеурін егеді». «Көктае. Бұл аталған жерде мыс бар деп топшылауға болады». «Алтыншанқан атауы — алтынның бар екенін аңғартады. Өрше, тегін емес», «Жезқазған. Демек, жез өндірілген жер деген сөз. Дәл аталған». «Жыланды. Түсті металл рудасы бар өңір болу керек». Ғалымның қойын дәптерінде жазылған осы пікірлерді жариялай отырып, А. Сейдімбеков көреген ғалымның топонимиядан халықтың өмір тәжірибесімен сабақтас сыр іздеп, оны ғылыми шындықпен ұштастыра білгенін баяндайды¹⁴.

Сонымен кен, қазба байлықтарға байланысты топонимдер геологтарға қажетті дәрежеде мағлұмат береді алады. Біз әңгіме еткен топонимдердің информациялық мәнін байқаған кеншілер (геологтар) ол атауларды өздерінің геологиялық жұмыстарында, кен көздерін ашу кездерінде кеңінен пайдаланып отырғаны аян¹⁵.

а). Жер бетінің бедер сипатына орай қойылған топонимдер саны да біраз. Олардың көпшілігі мына сөздердің қосылуы арқылы жасалады: *құм, қайрақ, тас, тақыр, сор, қоңыр, мойнақ, боз, қара, жал, томар, өткел, бұлақ* т. б. Бұл сөздердің қатысы арқылы көптеген топонимдер жасалған. Олар: *Қайрақты* — өзен, *Аққайрақты* — өзен, Қима ауданы, *Тастақ* — темір жол ст-сы, Целиноград облысы, *Қаратақыр* — көл, Жангелдин ауданы, *Тасөткел* — елді мекен, Дзержинский ауданы, *Тасты* — өзен, с/с., Амантоғай ауданы, Қостанай облысы; *Құмдықөл* — көл, елді мекен, Павлодар облысы, *Құмөткел* — елді мекен, Амангелді ауданы, *Милысай* — батпақты жер, Жангелдин ауданы, Қостанай облысы, *Былқылдақ* — батпақты жер, Целиноград облысы, *Борлысор* — көл, Павлодар облысы, *Түйемойнақ* — елді мекен, Жангелдин ауданы, Қостанай облысы, *Бозайғыр* — тау, *Қарайғыр* — тау, Екібастұз ауданы, Павлодар облысы, *Көрпешөлгентамар* — шатқал, *Асаубұлақ* — бұлақ, Целиноград облысы т. б.

б) Ауа райының құбылысына (жайлы, жайсыздығына) байланысты топонимдер тобы мал баққан көшпелі елдің тұрмысымен тығыз байланысты жайттарды анық көрсетіп отырған. Әсіресе, ауа райының ыстық-суықты-

¹⁴ Сейдімбеков А. Күңгір-күңгір күмбездер. Алматы, 1981. 57-б.

¹⁵ Бакенов М. М. Топонимика — на службу геологии // Вестник АН КазССР, 1968. № 3; Медоев Г. Ц. О топонимической нагрузке топографических карт // Вестник АН КазССР, 1948. № 1.

ғын немесе мал жайылатын жердің жайлы-жайсыз, қолайлы-қолайсыздығын да жер-су атаулары арқылы білдіріп отырған. Ауа райының суықтығын, боранды я желді немесе қары қалың жерлері туралы мынандай топонимдер толық мағлұмат бере алады. *Боран* — жер, Молодежный ауданы, Қарағанды облысы; *Желдіадыр* — тау, Екібастұз ауданы, Павлодар облысы, Теңіз ауданы, Целиноград облысы, *Желтау* — тау, Павлодар облысы, Зеренді ауданы, Көкшетау облысы, *Желескен* — тау, *Желтимес* — қырат, Теңіз ауданы, Целиноград облысы, *Желдітау* — Қарағанды облысы, *Қарбасқан* — көл, Амангелді ауданы, Қостанай облысы, Қарлықөл — көл, Көкшетау облысы, *Сырқырған* — көл, Амангелді ауданы, Қостанай облысы, *Желағаш* — шатқал, Алексеевский ауданы, *Суық* — қыстау, *Суықбас* — тау, Теңіз ауданы, Целиноград облысы. Жердің малға қолайлы, суының жағымдылығын, немесе жағымсыздығын бейнелген топонимдер саны да аз емес. Олардан біраз мысал келтірейік: *Айнабұлақ* — елді мекен, Егіндібұлақ ауданы, Қарағанды облысы, *Аққұдық* — елді мекен, Чкалов ауданы, Көкшетау облысы, *Ақтау* — Қарағанды облысы, *Ақкөл* — көл, Павлодар облысы, *Жақсыкөң* — қыстау, Қостанай облысы, *Жақсы Арғанаты* — тау, *Жаман Айыртау* — тау, Қарағанды облысы, *Жамантау* — Павлодар, Көкшетау, Қарағанды облыстарында, т. б.

в) Қайнар бұлақтың ыстық-суықтығы, түр-түсі, су, бастау дәмінің ащы-тұщылығын білдіретін топонимдер: *Ақбұлақ* — бұлақ, елді мекен, Павлодар, Целиноград облыстары, *Жаманбұлақ* — көл, Павлодар облысы, *Сасықбастау* — бұлақ, Целиноград облысы, *Ащыкөл* — көл, Қостанай облысы, Нұра ауданы, *Былқылдақ* — сай, Егіндібұлақ ауданы, *Миқұдық* — құдық, шатқал, Осакаровка ауданы, *Милыбұлақ* — бұлақ, Талды ауданы, *Қайнарбұлақ* — село, Қарабұлақ — елді мекен, *Қарасу* — бұлақ, Егіндібұлақ ауданы, *Ащылыайрық* — өзен, Нұра ауданы, *Ащысу* — темір жол ст-сы, Ульянов ауданы Қарағанды облысы, *Жамансоркөл*, Павлодар облысы, *Ащылыалакөл*, *Батпақты* — елді мекен, Жангелдин ауданы, *Батпақ* — көл, төбе, *Жаксы* ауданы, Қостанай облысы, *Қараащы* — село, елді мекен, Баянауыл ауданы, Павлодар облысы, *Қызылсуат* — өзен, Нұра ауданы, Қарағанды облысы т. б.

2. ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН ТОПОНИМДЕРІНДЕГІ ӨСІМДІК АТАУЛАРЫ

Қазақстан территориясында өсімдіктердің 5000-ға жуық түрі бар екен¹⁶. Сол өсімдік аттарының біразы Орталық Қазақстан топонимиясында кездеседі: *қияқ, көкпек, тал, қамыс, қарағай, қоға, қарағаш, қараған, өлең, өрік, жиде, жусан, жыңғыл, итмұрын, кендір, бидайық, терек, сасыр, ши, ағаш, ариша, береза, бидай, ереймен, ковыль, қайың, құрай, тікенек, шеңгел, алма, арпа, осина, шөп, сарымсақ, тобылғы, теріскен, лес, лоза, мойыл, мох, шілік, ырғай* т. б.

Шет ел топонимиясындағы (Чехословакия, Польша, Румыния) өсімдіктер және жануарлар аттары арқылы сол өсімдіктер мен аңдар түрлерін өткен тарихи кезеңдерде белгілі территорияда тарағандығын ғалымдар дәлелдеген. Отандық топонимикада Э. М. Мурзаев және Е. Л. Любимова топонимикалық метод арқылы емен, қайың т. б. ағаштардың түрлерінің Орыс жазығындағы тараған аймақтарын анықтап отыр¹⁷.

Орталық Қазақстан топонимиясындағы *арша, қарағай, қайың, қарағаш, тал* атаулары бір кездерде Солтүстік және Орталық Қазақстанда осы ағаштар өскен ормандардың кең тарағандығының дәлелі бола алады. Жоғарыда аталған региондарда ормандардың қазірге қарағанда, әлдеқайда көп болғандығын қосымша деректер растайды. Мысалы, орман табиғатына сай аңдардың түрлері көп болады.

Мысалы, географ А. В. Афанасьевтың деректері Солтүстік және Орталық Қазақстанда кезінде орманның көп болғанын және сол ормандарда жануарлардың көп мекендегенін көрсетеді¹⁸.

Орыс тілінен енген атауларда, кей жерлерде орман болғандығын немесе бар екендігін тікелей көрсетеді. *Лесное* — ауыл совет орталығы, Балқашин ауданы, Целиноград облысы; *Лесное* — с/с орт. Железин ауданы, Павлодар облысы, *Березняки* — елді мекен. Макин ауданы, Целиноград облысы. Орталық Қазақстанда өсімдіктерге байланысты мынадай топонимдер бар:

¹⁶ Очерки физической географии Казахстана. Алма-Ата, 1952 С. 389.

¹⁷ Мурзаев Э. М. Очерки топонимики. С. 144—154.

¹⁸ Афанасьев А. В. К истории фауны млекопитающих Казахстана // Вестник АН КазССР. 1949. № 4(49). С. 72.

Қайың: *Қайыңды* — көл, *Майқайың* — елді мекен, Баянауыл ауданы, Павлодар облысы, *Жақсықайыңды* — көл, *Қайыңдышоқы* — тау, биіктігі 569 м Амангелді ауданы, Қостанай облысы, *Березняк* селолық Совет орталығы, Тельман ауданы, Қарағанды облысы.

Алма: *Алмалы* — тау, биіктігі 943,8 м және елді мекен, Ақтоғай ауданы, Жезқазған облысы, информатор Төкішев Жұматайдың (78 жаста, 1982 ж.) деректері бойынша *Жал Алмалыда* бүгінгі күнде алма жоқ, өспейді.

Жиде: *Жиде* — өзен, *Жиделіқұм*, Жаңаарқа және Жезді аудандарында, *Жиделі* — қыстак, Жезді ауданы, *Жиделі* құрғақ — арна, Жаңаарқа ауданы, *Жиделісай* — өзен, Шет ауданы, *Жиделісай* — құрып бара жатқан өзен, Жезді ауданы, Жезқазған облысы, *Жиделі* — бұлақ, Теңіз ауданы, Целиноград облысы.

Тал: *Талдыбұлақ* — Атбасар ауданы, *Талдыбатпақ* — Вишнеф ауданы, *Талды* — дөң, Теңіз ауданы, *Талдыкөл* — көл, Макин ауданы, *Талдысай* — жыра, Астрахан ауданы, Целиноград облысы, *Талдыөзек* — құрғақ өзек, Павлодар облысы, *Талдыкөл* — көл, Молодежный ауданы, *Талды* — село, Қарқаралы ауданы, *Талды* — өзен, Егіндібұлақ ауданы, Қарағанды облысы, *Талды* — өзен, Шет ауданы, *Талдысай* — құрғақ арна, Жаңаарқа, Жезді ауданы, *Талдыеспесай* — құрғақ арна, Жезді ауданы, *Талдыеспе* — құрғақ арна, Ақадыр ауданы, Жезқазған облысында.

Терек: *Теректі* — тау, биіктігі 517,5 м. Егіндібұлақ ауданы, Қарағанды облысы, *Теректі* — биіктік, Жангелдин ауданы, *Теректіадыр* — шоқылар, Қима ауданы, Қостанай облысы, *Белтерек* — елді мекен, Ақтоғай ауданы, Жезқазған облысы, *Теректі* — құрғап бара жатқан өзен, Қарағанды облысы, *Терек* елді мекен, Ақтоғай ауданы, Жезқазған облысы, *Теректі* — тау, биіктігі 642 м, Қарағанды облысы.

Ағаш: *Ұзынағаш* — өзен, Шет ауданы, *Ағаш* — тау, биіктігі 534,4 м. *Ағашжайлау* — тау, Ақадыр ауданы, *Ағашлық* — тау, Жаңаарқа ауданы, Жезқазған облысы, *Ағаш* атты топонимдерді көне топонимдердің қатарына жатқызуға болады. К. Мусаев *ағаш* сөзінің көптеген түркі тілдерінде кездесетінін атап көрсетті¹⁹.

¹⁹ Мусаев К. М. Лексика тюркских языков в сравнительном освещении. М., 1975. С. 167.

3. ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН ТОПОНИМИЯСЫНДАҒЫ ЖАНУАРЛАРМЕН БАЙЛАНЫСТЫ АТАУЛАР

Қазақстан топонимиясының негізгі ерекшеліктерінің бірі — географиялық атауларда ландшафтың, өсімдік және аң, жануарлардың көрінісі сипаттама алатындығы. Топонимдер құрамындағы аң, жануар, құс атаулары Қазақстанда аңдардың кейбір түрлері кең тарағандығын және солардың аңшылық маңызы болғандығын аңғартады. Белгілі совет зоологы А. Н. Формозов Қазақстан картасында аңдарға байланысты атаулар бар екенін айта отырып, аңдардың және аңшылықтың халық өмірінде атқарған үлкен мән-мағынасын атап өтеді²⁰. Ғ. Қ. Қоңқашбаевтың пікірінше, көшпелілердің күн көрісіне жер бедері (рельеф), ауа райы (климат), су (гидрография), өсімдіктер және аңдар үлкен септігін тигізген²¹.

Қазақстандық ғалым Р. С. Сәтімбеков топонимикалық методтармен кейбір жануарлардың (құлан, бұлан, марал, құндыз т. б.) Қазақстан жерінде кезінде кенінен тарағандығын анықтап отыр.

Ал Орталық Қазақстан географиялық атауларының құрамында төмендегідей аң, құс, насекомдардың аттары кездеседі: *теке, арқар, қошқар, серке, борсық, ешкі, қарсақ, жылқы, айғыр, байтал, тайлақ, қой, арыстан, аю, бұзау, айдаһар, шыбын, сона, инелік, кене, құ, бұркіт, қаршыға, шағала, балық, шортан, сазан, бақи, жылан, шыбын* т. б.

Орталық Қазақстан жерінде бұланмен байланысты атаулар бар. Мысалы, *Бұланты* — жер және төбе аты, Жезқазған облысы Жезді ауд., Ұлытау ауд. Р. С. Сәтімбековтың зерттеулерін қарасақ, Қазақстан территориясында *бұлан* атымен байланысты 40-тан астам топоним кездеседі екен, оның 35-і қазақ тіліндегі, ал алтауы монғол тілінен енген атаулар²². *Бұлан* атымен байланысты топонимдер Орал, Торғай өзендерінің бойында, Көкшетау, Қарқаралы, Шыңғыстау, Оңтүстік Алтай

²⁰ Формозов А. Н. Животный мир // Казахстан. Общая физико-географическая характеристика. М.: Л., 1950. С. 146.

²¹ Қоңқашбаев Ғ. Қ. Географические названия монгольского происхождения на территории Казахстана. Изв. АН КазССР. Серия филология и искусствоведения. 1959. Вып. I(II). С. 85.

²² Сатымбеков Р. С. Топонимические свидетельства изменения ареалов некоторых млекопитающих Казахстана // Известия АН СССР. Серия географическая. 1982. № 3. С. 83.

тауларында тараған екен²³. Бұл атты топонимдер аралы кезінде орман басқан жерді қамтыған, себебі бұл тек орманды өлкелерде ғана өмір сүрген. Бұлның Қазақстан жерінде ежелден тарағандығын археологиялық деректер де дәлелдейді. Сақ заманына жататын қорғандардан бұл суреті бар қанжар табылған. Бұл жөнінде археолог К. А. Ақышев былай жазады: «Есік қорғанынан табылған бұл Қазақстан мен Орта Азия территориясындағы тұңғыш табыс, бұл орман тағысының сақ тайпаларына жақсы таныс екендігін дәлелдейтін материал»²⁴.

Монғол тілінде «хандгай» — бұл мағынасында. *Қандағатай* атты тау Қалба тауының бір бөлегі. Ғ. Қонқашбаев Қандағатай тау аты монғолдың *қандаға* (бұғы) сөзінен қойылған дейді²⁵. А. Әбдірахманов *Қандағатай* орониміндегі *-тай* қандағайдың (бұғының) бар екендігін білдіретін монғол тіліндегі көне жұрнақ деп қарайды²⁶.

Құлан. Құландар, әдетте, суы мен суаты бар, кешулері бар өзендерді, қақтарды, құдықтарды т. б. аласа тау, шоқылардың маңын, немесе далаңқай жерлерді²⁷ мекендейді.

Ертеде құландар Қазақстанның көптеген региондарында таралған. Құланмен байланысты атаулар Маңғыстауда, Талас Алатауында, Бетпақдала, Ұлытау, Балқаш маңында, Іле, Жоңғар Алатауында, Тарбағатайда, Оңтүстік Алтайда, Зайсан ойпатында кездеседі²⁸. Орталық Қазақстан жерінде құланға қатысты географиялық атаулар аз да болса ұшырасып тұрады. Мысалы, *Құлансу* — тау, *Құланөтпес* — өзен, Теңіз ауданы Целиноград облысында, *Құланөтпес* — көл, Нұра ауданы, Қарағанды облысында.

Арқар. *Арқар* атымен байланысты Орталық Қазақстанда (Жезқазған обл.) *Арқарды* (Ақтоғай ауданы), *Арқарқамалған* (Шет ауданы) деген тау аттары бар. Арқар таулы аймақтарды мекен етеді, сол себептен

²³ Сонда. 83-б.

²⁴ Ақишев К. А. Құрған Иссык. М.: Искусство, 1978. С. 131.

²⁵ Қонқашбаев Г. К. Географические названия монгольского происхождения. С. 92.

²⁶ Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. Алматы, 1975. 119-б.

²⁷ Сәтімбеков Р. С. Көрсетілген еңбек... 80-б.

²⁸ Сонда.

жазықтарда орналасқан объектілердің (өзендер, қақтар, көлдер т. б.) атауларында *арқар* компоненті кездеспейді.

Таудағы жартастарда арқардың бейнесі көптеп кездеседі. Зерттеушілер арқардың ежелгі замандардағы культтік (тотемдік) маңызын көрсеткен²⁹.

Топонимистер (Қоңқашбаев Ф. Қ., Әбдірахманов А.) *Арқарлы* атты топонимдер қатарына *Арғанаты* атауын да жатқызады. *Арғанаты* атты таулар Тарбағатай, Ұлытау, Талдықорған облыстарында орналасқан.

Жылан. Орталық Қазақстан топонимиясының құрамында *жылан* сөзі бар географиялық атаулар көптеп саналады. *Жылан* компонентті атаулар өзен, тау, төбе, шоқы, сай, бұлақ, көл аттарына тән. Бірақта, көбінесе *жылан* сөзі тау аттарында (оронимдерде) кездеседі. Мысалы, Жезқазған облысында: *Жылан* — тау, биіктігі 845 м. Ақадыр ауданы, *Жыланбұлақ* — бұлақ, Жезді ауданы, *Жыланды* — өзек, Ұлытау ауданы, *Жыландышоқы* — Ақадыр ауданы, *Жыланды* — өзен, Ақтоғай ауданы, *Жыланды* — тау, биіктігі 869 м. Ақадыр ауданы, *Жыланды* — құрғап бара жатқан өзен, *Жыланды* — тау, биіктігі 544,2 м, Ұлытау ауданы, *Жыланды* — тау, биіктігі 519 м, Жаңаарқа ауданы, *Жыланды* — тау, биіктігі 958 м. Шет ауданы, *Жыланды* — тау, биіктігі 363 м, Приозерный ауданы, *Жыланқыр* — қыр, биіктігі 157 м, Жезді ауданы, *Жылантау* — тау, биіктігі 611,8 м. Ұлытау ауданында т. б.

Целиноград облысындағы жылан атына байланысты атаулар: *Жыланды* — өзен, Балқаш ауданы, *Змейная* — шоқы, Астрахан ауданы, *Жыланды* — көл және тау, Теніз ауданы, *Жыланды* — қыстау, Алексеев ауданы, *Жыландыкөл* — көл, Есіл ауданы, *Жыланды* — өзен, Атбасар ауданында т. б.

Қостанай облысында: *Жыланды* — сай, Қима ауданы, *Жыландыадыр* — Жақсы ауданы, *Жыланды* — көл, Есіл ауданы, *Жыландытау* — тау, Жангелдин ауданы т. б.

Жылан сөзінің қатысуы арқылы жасалған топонимдер аталған географиялық объектілерде жыланның бар екендігін аңғартады. Кейбір тауларда, немесе терен

²⁹ Литвинский Б. А. О семантике двух изобразительных мотивов памирского «звериного стиля» // Тезисы докладов III Всесоюзной конференции по вопросам скифо-сарматской археологии. М., 1972. С. 144—148. Кадырбаев М., Марьяшев А. И. Наскальные изображения хребта Каратау. Алма-Ата, 1977. С. 159.

сайларда жылан­дардың ордасы да кездеседі. Жергілікті тұрғындар ордалы жерлерді қас­нет тұтып, жыландарға тимейді. Осы ескі нанымдар көне замандағы жылан куль­тімен байланысты көрінеді. Жылан куль­ті ежелгі дәуірлерде көптеген елдерде мәлім болған.

Ал енді *Жыланды* атты орографиялық объектілердің ерекшеліктерін байқап қарасақ, қызық жәйттерді бай­қар едік. Жазушы Ақселеу Сейдімбеков «Күңгір-күңгір күмбездер» атты кітабында *Жыланды* атты объектілер жөнінде төмендегідей деректер келтірген. Жезқазған шахталарында мыс рудасының ішінде ордалы жыланды автор өз көзімен көрген.

Сөйтсек, жыландар, көбінесе, түсті металл рудасы бар жерде шоғырланып, сол жердегі жылаулықты саға­лайды екен³⁰.

Орталық Қазақстан топонимиясында бұғы атына байланысты географиялық атаулар кездеседі. *Семізбұғы* — тау, Ульянов ауданы, Қарағанды облысы, *Бұғылы* — тау, Шет ауданы, Жезқазған облысы, *Бұғылы* — тау, Қызылтас тауларының солтүстік батысында, Жез­қазған облысы. Информаторлардың айтуынша, *Бұғылы* тауында бұрын бұғы болған көрінеді*. *Бұғылы*, *Тағылы* — қатар орналасқан тау аттары, Жезқазған облысы, Шет ауданы.

Орталық Қазақстан топонимиясында *киік* атты гео­графиялық атаулар сол жерлерді киік мекен еткендігін көрсетеді. Мысалы, Жезқазған облысында: *Киіктау* — биіктігі 612,3 м. Приозер ауданы, *Киік* — станция, Ақадыр ауданы, *Киікбай* — тау, биіктігі 554,8 м. Приозер ауданы, *Киікбай* — тау, биіктігі 897,2 м. Ақадыр ауданы, *Киікбай* — тау, биіктігі 410,9 м, *Киікбай* (тоғаны) — мекен аты, Қаракеңгір бойы, *Киікбай* — сай, Ұлытау ауданы, *Киік­субұлақ* — Ақадыр ауданы, *Киіктау* — тау, биіктігі 658,8 м. Жаңаарқа ауданында т. б. атаулар.

Орталық Қазақстан территориясында кездесетін үй жануарларына байланысты топонимдерді бір бөлек семантикалық топқа жатқызуға болады. Осы топқа Айғырұшқан, Бұзаутөбе, Ешкіөлмес, Ешкіқырылған, Қаратүйе, Түйетас, Түйешөккен, Итауыз сияқты географиялық атаулар кіреді.

³⁰ Сейдімбеков А. Күңгір-күңгір күмбездер. Алматы, 1981: 57-б.

* ҒА Тіл білімі институты. Комплексті экспедицияның матери­алдары (1982 ж.).

Орталық Қазақстан топонимиясында құс атауларына байланысты жер аттары да бар. Мысалы, Жезқазған облысында: *Қаршығалы* — өзен, Ақтоғай ауд., *Қулы* — тау, биіктігі 537,5 м, Жаңаарқа ауд., *Бүркітті* — тау, Бұғылы тауларында, *Бүркітті* — селолық Совет орталығы, *Бүркіт* — тау, биіктігі 1187 м, Шет ауданы, *Бүркітті* — өзен, Ақадыр ауданы, *Бүркітті* — тау, биіктігі 710,7 м, Жаңаарқа ауданы, *Бүркіт* — тау, биіктігі 487,2 м. Ақадыр ауданы, *Журавлиное* — көл, Мақни ауданы, Целиноград облысы, *Қаршығалы* — селолық Совет орталығы, Қарқаралы ауданы, Қарағанды облысы, *Бүркітті* — тау, биіктігі 506 м. Павлодар облысында: *Лебяжье* — село, аудан орталығы, *Утиное* — көл.

Жоғарыдағы мысалдарға зер салып қарасақ, көптеген атаулардың *бүркіт* атымен байланысты екенін көреміз. Бұл әрине, кездейсоқ емес, ондай географиялық атаулар қазақ халқының саятшылық өнерімен тікелей байланысты.

Қазақтың ғұлама ғалымы, академик Ә. Х. Марғұлан саятшылық жөнінде былай жазған: «Саятшылықтың, әсіресе, қазақ халқының тарихында, мәдени дамуында маңызы зор болғаны белгілі. Қазақ тілінде осы саятшылыққа байланысты туған мың жарымдай сөз бар, олар қазір де небір тарихи жазбаларда, көркем әдебиетте кеңінен қолданылады³¹. Қазақ халқының өмірінде саятшылық өнері ХХ ғасырдың басына дейін лайықты өз орнын алып келген³².

Қазақ топонимиясында қырандар тобына жататын құс атауларының сақталуы сол үлкен өнердің (саятшылықтың, құсбегіліктің) айнымас ізі деп есептеуге болады. Сол себептен болу керек, Қазақстанның барлық жерлерінде Бүркітті, Қаршығалы сияқты географиялық атаулар кездесіп тұрады.

Орталық Қазақстан топонимиясында *қу* (акқу) атауымен байланысты топонимдер көп. Павлодар облысының аудан орталығы *Лебяжье* — қазақтың «Аққудың тұрағы» деген көл атының аудармасы (калькасы) көрінеді. Бұл өңірде насекомдар (ұсақ жәндіктер) аттары-

³¹ *Бабалықов Ж., Тұрдыбаев А.* Қырандар. Алматы, 1983. 3-б.

³² Қараңыз: *Чорманов М.* Заметки о киргизах Павлодарского уезда // Зап. Сиб. отдела Российского географического общества. Кн. XXXII, 1906; *Руденко С. И.* Очерки быта северо-восточных казахов // Казаки. Материалы комиссии экспедиционных исследований. Кн. III, Л., 1930. Вып. 16. С. 253.

пан қойылған топонимдер де кездесіп отырады. Жезқазған облысының Ақтоғай ауданында Сұлу Кенелі, Қотыр Кенелі атты таулар бар. Жергілікті адамдардың айтуына қарағанда, бұрынғы кездерде осы тауларда кененің көп болғаны сонша, тауға шыққан адам киім-кешегіне жабысқан кенелерден киімдерін қағып-сілкіп тазартуға мәжбүр болып отырған.

4. ТҮСКЕ БАЙЛАНЫСТЫ АТАУЛАР

Орталық Қазақстан топонимиясында түске байланысты географиялық атаулар өте көп. Бұлардың құрамында *қара, ақ, қызыл, көк, сары, ала, шұбар, қоңыр, боз, жирен, шаған, ұлан, қу, құба, белый, черный, красный, синий* т. б. сын есімдер кездеседі. Мысалы, бір ғана Жезқазған облысында *ақ* түсіне байланысты көптеген топонимдер бар: *Ақтума* — елді мекен, *Ақшоқы* — тау, *Ақтөбе* — төбе, *Ақтас* — қала типтес поселке (қтп), жыра, *Ақсеңгір* — төбе, *Ақайдар* — бейіт, *Ақбұлақ бастау*, тау, *Ақжал* — жота, *Ақжар* — тау, *Ақмола* — бейіт, барлығы Жезді ауданында; *Ақтөбе* — шоқы, *Ақтас* — таулар, *Ақсеңгір* — тау, *Ақсоран* — тау, *Ақсортаң* — жер аты, *Ақадыр* — тау аты, *Ақбастау* — тау, *Ақбейіт* — мола, *Ақдала* — жер аты, *Ақдоңғал* — тау, *Ақжал* — тау, елді мекен — Ақадыр ауданында; *Ақтөбе* шоқы, *Ақтау* — тау, *Ақсор* — дөң, *Ақбалшық* — жер аты, *Ақбастау* — шоқы және тау, *Ақемшектау*, *Ақжал* атты үш тау Жаңаарқа ауданында; *Ақтау* — тау, *Ақтас* — сай, *Ақадыр* — тау, биіктігі 500 м, *Ақжал* — тау, биіктігі 367 м, *Ақмола* — тау — Ұлытау ауданында; *Ақбалшық* — жер аты, *Ақдала* — жер аты, *Ақбұлақ* — бұлақ, *Ақоба* — тау, Приозер ауданында, *Ақбиік* — елді мекен, *Ақбұлақ* — елді мекен, бұлақ — Ақтоғай ауданында. Топонимдердің құрамындағы түске байланысты атаулардың түстен басқа мағыналарға не бола алатындығын өз еңбектерінде академик А. Н. Кононов, проф. Э. М. Мурзаев, ғалымдар Ғ. К. Қоңқашбаев, Е. Қойшыбаев, Д. Исаев³³ көрсеткен болатын.

³³ Кононов А. Н. О семантике слова *кара* и *ак* в тюркской географической терминологии // Изв. Ак. общ. наук Таджикской ССР. 1954. Вып. 5. С. 83—85; Мурзаев Э. М. Очерки топонимики. М., 1974; Конкашбаев Г. К. Цветовые слова в тюркских топонимах // Географические науки (Тематический сборник научных трудов Казахского государственного университета им. Абая). Алма-Ата, 1969; Койчубаев Е. Нецветовая сущность топонимических компонен-

Біз Орталық Қазақстан топонимиясындағы кейбір түске байланысты атауларға мағыналық жағынан талдау жасап, саралап көрсетеміз.

Қара. Түркі географиялық терминологиясында *ақ* пен *қара* сөздері өзінің негізгі мағынасынан басқа қосымша мағыналарға да ие бола алады. А. Н. Кононовтың байқауынша, *ақ* ұйғыр тілінде «сұйық», *қара* кейбір түркі тілдерінде «жер», «кұрлық», «тонырақ» деген мағыналарды береді. Құрамында *қара* сын есімі анықтауыш қызметін атқарады және зат есімнің алдында тұрады. Бірақ та *қара* түрлі топонимдерде (зат есімге байланысты) әртүрлі мағынаға ие бола алады. Мысалы, *Қаратөбе* және *Қаратас* оронимдерін салыстыра қарайық. *Қара* сөзі алыстан қарағанда, *Қаратөбе* сияқты төбелердегі шөптің, жердің (тонырақтың) *қара* — түсін көрсетсе, *Қаратас*тардағы *қара* — тастардың түрін көрсетеді. Ал енді дербес қолданылатын *қара* мен екінің позицияда (постпозицияда) кездесетін *қараның* мағынасы мүлдем басқаша. Мысалы, *Найзақара*, *Қылышқара*, *Қараты* сияқты оронимдерде *қара* қазіргі қазақ тілінде ұмытылған «бнiк, шоқы, төбе, тау» мағыналарында қолданылған. Осы мағыналардағы *қара* термині өте көне термин. Сөз етіп отырған орографиялық терминнің көпелігіне оның көптеген тілдерде түрлі фонетикалық варианттарда кездесетіні, толық дәлел бола алады. Мысалы, *қара* славян тілдерінде — *тау* (гора) ауған тілінде *гар*, грузин тілінде — *гора*, албан тілінде — *гур*, армян тілінде — *қар*, авестада — *гаури*, хинди тілінде — *гар*, тибет тілінде — *гархи*, сахарада — *гара* формаларында кездеседі³⁴.

Орталық Қазақстан топонимиясындағы *Қарасу* гидронимдері — ағынсыз, көлшік болып қалған сулардың немесе жазда суы тартылып, бөлшек-бөлшек болып қалған өзендердің аттары. Қарасулардың түсі алыстан қарағанда *қара* болып көрінеді, осы гидронимдердегі *қара* «ағынсыз» деген мағынаны білдіре алады.

тов *ак, кара, кок, сары*. Всесоюзная конференция по топонимике СССР (Тез. докл. сообщ.). Л., 1965; *Соныкі*. Основные типы топонимов Семиречья: Автореф. дис ... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1969; *Исаев Д.* О слове «сары» в киргизских топонимах. // Известия АН Киргизской ССР. 1970. № 3; *Соныкі*. Эмне учуын ак карды сары кар дейбиз // Кыргызстан маданияты. 1970. 20 май; *Кононов А. И.* Сонда.

³⁴ *Мурзаев Э. М.* Көрсетілген еңбек. 109-б.

Экспедиция материалдарынан топонимдерде қара атты сын есім орнына эвфемизм ретінде *баран* сөзі қолданылатынын байқадық. Мысалы, Жезқазған облысы Ақтоғай ауданында қарабас руының есімі аталып қалмасын деп әйелдер *Қарабас* атты төбені *Баранишке* деп атайды екен.

Ақ. Бұл сөз түркі тілдерінде төмендегідей мағыналарда белгілі: 1) *ақ* (түс); 2) таза, кінәсіз, кіршіксіз, пәк; 3) *ақбоз* (түс); 4) ақтық; ақ нәрсе, зат; 5) көзге түсетін ақ; 6) сүт, айран т. б.³⁵

Е. Қойшыбаевтың пікірінше, *Ақтөбе*, *Ақдөң* сияқты топонимдердегі *ақ* — «шөп», «шөпті» мағыналарын білдіреді³⁶. Ал геологтардың зерттеулеріне қарасақ, *Ақтас*, *Ақтасты*, *Ақтау* сияқты тау аттарындағы *ақ* сол объектілерде гипс, мәрмәр, әктас, құмтас бар екендігін көрсетеді. Мысалы, Ш. Бәйкенов былай деп жазады: «*Ақтау* — баялау тауы. *Ақтасты* — Белокаменный. Бұл ақ мәрмәр, әктас және құмтастар қоспасы бар тау»³⁷.

Қызыл. Бұл сөз Орталық Қазақстанның көптеген жер-су аттарында кездеседі. Мысалы, Жезқазған облысында: *Қызылжар* — шатқал, Приозер ауданы, *Қызылдөң* — дөң, *Қызылүй* — село, Жезді ауданы, *Қызылтүрме* — қыстау, Ұлытау ауданы, *Қызылбеке* — бейіт, Жаңаарқа ауданы, *Қызыл* — тау, биіктігі 755 м, Ақтоғай ауданы, *Қызылтас* — тау аттары, Ақадыр, Ақтоғай, Жаңаарқа аудандарында; *Қызылбұлақ* — бұлақ, *Қызылтау* — тау, *Қызылтас* — тау, биіктігі 1086 м, *Қызылмола* — бейіт, Мичурин ауданы, *Красный кут* — село, Осакаров ауданы, *Красная сопка* — қыстау, *Қызылжар* — село типтес елді мекен, Нұра ауданы, *Қызыладыр* — тау, биіктігі 1114 м.

Біз *қызыл* сөзіне байланысты топонимдерді екі (Жезқазған, Қарағанды) облыстың көлемінде ғана беріп отырмыз. Орталық Қазақстанның басқа облыстарында да *Қызыл* географиялық атаулары көптеп кездеседі.

Көк. *Көк* сын есіміне байланысты Орталық Қазақстан топонимиясының көптеген географиялық атаулары ұшырасады. *Көк* сын есімді атаулар оронимдерге және

³⁵ *Будагов Л. З.* Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. М., 1960. Т. 1. С. 66.

³⁶ *Койшубаев Е.* Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. Алма-Ата, 1974. С. 26—27.

³⁷ *Бәйкенов Ш. А.* Топонимы Джунгарского Алатау // Известия АН КазССР. Серия геологическая, 1972. С. 56.

гидронимдерге тән. Мысалы, Жезказган облысының өзінде *Көктас* атты таулар Приозер, Жаңаарка, Ақадыр аудандарында, *Көктау* — Ақадыр, Жезді, Жаңаарка аудандарында, *Көктөбе* — Жезді, Ақадыр, Жаңаарка аудандарында кездеседі. Ал енді гидронимдерді алып қарайтын болсақ, *Көкдомбақ* атты көл Приозер ауданында, сондай атты өзен — Жезді ауданында, *Көкбұлақ* — бұлақ, Жезді ауданында, *Көкөлең* — бұлақ, Ақадыр ауданында бар.

Сары. *Сары* сөзі құрамында бар топонимдер бұл өңірдегі географиялық атаулардың жүйесінде көптеп кездеседі. Мысалы, Қарағанды облысында: *Сарыоба* — төбе, Осакаров ауданы, *Сарытау* селолық Совет, Егіндібұлақ ауданы, *Сарыоба* — жота, *Сарыкөл* — тұзды көл, Нұра ауданы, *Сарыөзен* — өзен, Қарағанды облысының Егіндібұлақ және Семей облысының Абай аудандарында, *Сарыбұлақ* — өзен, Қарқаралы ауданы, *Сарықасқа* — көл, Егіндібұлақ ауданында. Жезказган облысында, *Сарыөзен* — құрғаған өзен, Жаңаарка ауданы, *Сарыкеңгір* — құрғаған өзен. Ұлытау ауданы, *Сарыбұлақ* — құрғаған өзен, Ақадыр ауданы, *Сарыбұлақ* — жыра және құдық, Жезді ауданы, *Сарыбұлақ* — көл, Ұлытау ауданы, *Сарыжон* — жон, *Сарытау* — тау, биіктігі 785,4 м, *Сарыоба* — тау, биіктігі 606,5 м. Жаңаарка ауданы, *Сарыоба* — тау, биіктігі 996,3 м. Шет ауданы, *Сарысу* — өзен, Жезді ауданы, *Сарысай* — сай, *Сарыжылан* — тау, биіктігі 591 м, *Сарытөбе*, *Сарыкеңгір* — өзен, Ұлытау ауданы, *Сарышаған* — қала типтес поселке, Приозер ауданы, *Сарытоғанбай* — тау, *Саржал* — тау, *Сарыөзек* — өзек, Ақтоғай ауданы, *Сарыдала* — төбе, биіктігі 350,5 м, *Сарыжол* — тау, биіктігі 424 м, *Сарықұм* — құм, *Сарытұмсық* — тау, биіктігі 1024,3 м. Приозер ауданы, *Сарытау*, биіктігі 486,7 м, Ақадыр ауданында.

Түркі топонимдерінде *сары* түрлі мағынада қолданылады. Мысалы, Оңтүстік Қырғызстан топонимиясында *сары* — «үлкен», «көп», «кең» мағыналарында да белгілі екенін Қ. Қонқобаев та көрсетті³⁸.

Қазақ географиялық атауларындағы *сары*, *сар* сөздерінің түп-төркіні кейде иран (тәжік) тіліндегі басты (главный, головной) түбірінен болмаса, түркі тілдерін-

³⁸ Қонқобаев К. Топонимия Южной Киргизии. Фрунзе, 1980. С. 101.

дегі сара (ясный, ясноочерченный және сар) просторный, широкий, сплошной сөздерінен екенін Е. Қойшыбаев өз еңбегінде атап көрсеткен³⁹.

Орталық Қазақстан топонимиясында *шұбар* сөзі де кездеседі. Мысалы, Жезқазған облысында: *Шұбарсай*— сай, Ұлытау ауданы, *Шұбартеңіз* — жер аты, *Шұбартөбе*, биіктігі 130,9 м. Жезді ауд.; *Шұбартөбе* — таулар, биіктігі 642,2 м, Приозер ауданы, *Шұбар* — дөл, *Шұбароба* — тау, биіктігі 692,2 м, *Шұбарайғыр* — таулар, Ақалды ауданында. Қарағанды облысында: *Шұбароба* — жер аты, *Шұбаркөл*, Мичурин ауд.; *Шұбартөбе* — төбе, Нұра ауд. т. б.

Шұбар қазақ әдеби тілінде өз мағынасында (пестрый, рябой) қолданылса, топонимияда мағынасы өзгеруі мүмкін. Ондай өзгеріс диалектілік ерекшеліктерге байланысты. Мысалы, диалектолог Ж. Болатовтың деректеріне қарасақ, Семей облысында *шұбар* сөзі мал жайылымына қолайлы, шөбі шүйгін жер деген мағынада қолданылады екен⁴⁰.

5. ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН ТОПОНИМИЯСЫНДАҒЫ САН ЕСІМДЕР

Қазақ тіліндегі фразеологизмдер, жалқы есімдер құрамындағы сан есімдер лексика-семантикалық тұрғыдан біршама зерттелген. Қазақ тіліндегі сан есімдер жөнінде Н. И. Ильминский⁴¹, П. М. Мелиоранский⁴² жазған. «Жеті», «үш», «тоғыз», «қырық»-пен байланысты ұғымдар жөнінде академик І. Кеңесбаевтың еңбегі белгілі⁴³.

Ономаст-ғалымдар Т. Жанұзақовтың, Е. Қойшыбаевтың зерттеулеріне зер салсақ, жалқы есімдердің (топоним, этноним, антропоним т. б.) және идиомалық тір-

³⁹ Қойшыбаев Е. Көрсетілген еңбек. 8-б.

⁴⁰ Болатов Ж. К вопросу о казахской топонимике // Вопросы диалектологии тюркских языков. Материалы IV регионального совещания по диалектологии тюркских языков, состоявшегося 27—30 мая 1963 года в г. Фрунзе. Фрунзе: Илим, 1968.

⁴¹ Ильминский Н. И. Материалы к изучению киргизского наречия. Казань, 1860.

⁴² Мелиоранский П. М. Краткая грамматика казах-киргизского языка. СПб., 1894. Ч. I.

⁴³ Кеңесбаев І. «Жеті», «үш», «тоғыз», «қырық»-пен байланысты ұғымдар // Известия АН КазССР. Серия филологическая. 1946. Вып. 4(29), және сол автордың: О некоторых особенностях фразеологических единиц в казахском языке // Известия АН КазССР. Серия филологическая и искусствоведения. 1954. Вып. 1—2. С. 6—27.

кестердің құрамында кейбір сан есімдер өзінің бастапқы мағынасынан ауытқып, басқа мағынаға не болатындығын да көреміз⁴⁴.

Орталық Қазақстан топонимиясындағы «екі», «үш» кейде «бес» сөздері өзінің негізгі мағынасында қолданылатынын көреміз. «Бір» мағынасын білдіретін *жаңғыз*, әдеби тілде *жалғыз* сөзі қолданылады. *Жаңғызқұдық* — елді мекен. *Жаңғызтас* — шатқал, *Жаңғызағашталдық* — өзен, *Жаңғызқұдық* — село, Целиноград обл. *Жаңғызқарағай* — жер, *Жаңғызқұдық* — село, Целиноград облысында. *Бір* сөзі өте сирек қолданылады: *Бірайрық* — өзен, Теңіз ауданы, *Бірсуат* — құрғ. өзен, Теңіз ауданы, Целиноград облысы.

Бұл өңірдің географиялық атаулар құрамында *жарты* сөзі де кездеседі. *Жартытөбе* — елді мекен, Қорғалжын ауданы, *Жартыкөл* — көл, Алексеев ауданы, *Жартышеке* — төбе, Сілеті ауданы, Целиноград облысында.

Қатар орналасқан географиялық объектілерді атау үшін *қос* сөзі қолданылады да «екі» деген сандық мағынаны білдіреді: *Қосбидайық* — көл, Екібастұз ауданы, *Қоскөл* — Ертіс ауданы, *Қоссор* — көл, *Қостақыр* — көл, Павлодар облысында т. б. *Екі* сөзіне (сандық мағынадағы) байланысты қойылған топонимдер Жезқазған облысында төмендегідей: *Екіаша* — қыстау, Ұлытау ауданы, *Екікөр* — бейіт, *Екібұлақ* — бастау, Жезді ауданы, *Екіжолқұдық* — құдық, *Екіқора* — дөң, Ақадыр ауданы, *Екіошақ* — қыстау, *Екітөбе* — тау, биіктігі 655,8 м Жезді ауданы т. б.

Үш деген сан есімге келетін болсақ, топонимдердегі бұл сөз Т. Жанұзақовтың пікірі бойынша, өзінің сандық мағынасында қолданылады⁴⁵. Ал Е. Қойшыбаевтың пікірінше, кейбір топонимдердегі *үш* сөзі *оғуз* (су) формасынан өрбіген туынды форма. Уғуздың «үш» формасына айналуын Е. Қойшыбаев былай түсіндіреді: $-оғуз \approx \approx уүс \approx \approx үс \approx \approx уш \approx \approx уч$ ⁴⁶.

Біздің байқауымызша, Орталық Қазақстанда *үш* сөзі көбінесе тау аттарында (оронимдерде) кездеседі, сол себептен ол топонимдердегі *үш* сөзі *уғуз су* сөзіне

⁴⁴ *Жанұзақов Т.* Сан есімнен жасалған жалқы есімдер // Исследование по тюркологии. Алма-Ата, 1969. С. 226—236; *Койшыбаев Е.* О семантике ведущих имен числительных в фразеологических оборотах этнических и топонимических образованиях казахского языка // Исследования по тюркологии. Алма-Ата, 1969. С. 253—263.

⁴⁵ *Жанұзақов Т.* Көрсетілген еңбек. 223-б.

⁴⁶ *Койшыбаев Е.* Көрсетілген мақала. 255-б.

қатысты емес ден қарауға болады. *Үш* сөзімен байланысты қойылған географиялық атаулар көптеп кездеседі. *Үшқара* — өзен, Нұра ауданы, *Үштаған* — тау, биіктігі 1015 м, *Үшарал* — құрғ. өзен. *Үштарау* — құр. өзен, *Үштөбе* — селолық Совет, Ульянов ауданы, Қарағанды облысында; *Үштөбе* — селолық Совет, Аркалық ауданы, Қостанай облысы, Жезқазған облысында, *Үшқұдық* — құдық, Жаңаарқа және Жезді ауданында, *Үшқызыл* — тау, биіктігі 805 м. Ақадыр ауданы, *Үшкөл* — көл, Жаңаарқа ауданы, *Үшжол* — тау, Ұлытау ауданы, *Үштөбе* — төбелер, Жезді және Ақадыр аудандарында, *Үштағантөбе* — төбе, биіктігі 118,5 м, Жезді ауданы, *Үшқарасу* — жер аты, Жаңаарқа ауданы, *Үшсары* — тау, Ұлытау ауданы, *Үшқаратау* — биіктігі 580,8 м, Приозер және Ақадыр ауданы, *Үшторғай* — тау, биіктігі 140,1, Жезді ауданы, *Үштаған* — тау, Шет ауданы, *Үшқағыл* — тау, биіктігі 586,7 м, Жаңаарқа ауданында. Целиноград облысында; *Үшқайқы* — бұлақ, Атбасар ауданы, *Үшсоркөл* — Сілеті ауданы, *Үштаған* — көл, Астрахан ауданы, *Үштоған* — тау, Сілеті ауданы, *Үштөбе* — төбе, биіктігі 330 м, Теңіз ауданында, Қостанай облысында; *Үшқамыс* — шоқы, Жангелдин ауданы, *Үшоба* — төбе, биіктігі 176,2 м. Амангелді ауданында, т. б.

Орталық Қазақстан топонимдерінде кездесетін *бес* өзіндік сан мағынасында да және көне түркі тіліндегі «көп» мағынасында да қолданылуы ықтимал. *Бес* сөзімен байланысты географиялық атаулар өте көп. Мысал ретінде, тек Жезқазған облысында кездесетін *бес* сан есіміне қатысты топонимдерді атап өтейік: *Бесбидайық* — жер аты, Ұлытау ауданы, *Бесбала* — елді мекен, Ақадыр ауданы, *Бесбұлақ* — құрғаған өзен, Приозер ауданы. *Бескесік* — тау, биіктігі 332,6 м, Жезді ауданы, *Бесқатын* — тау, биіктігі 270,3 м, Ақадыр ауданы, *Бесқауға* — құдық. Жезді ауданы, *Бесқонақтау*, Ақадыр ауданы, *Бесқора* — елді мекен, Ақтоғай ауданы, *Бесқұдық* — құдық, *Бестау* — тау, Жезді ауданы, *Бестөбе* — тау, биіктігі 639 м, Ақадыр ауданы, *Бестөбе* — мекен (ірі кен орны), Жаңаарқа ауданы, *Бесшоқы* — тау, Приозер ауданы, *Бесшоқы* — тау, биіктігі 1109,7 м, Ақадыр ауданы т. б. К. Қонқобаевтың байқауынша, қырғыз топонимиясында *беш* екі мағынада қолданылады 1) сан есім (*бес*) мағынасында, 2) «көп» мағынасында⁴⁷.

⁴⁷ Қонқобаев К. Топонимия Южной Киргизии. Фрунзе, 1980. С. 105.

Топонимдердің құрамында *алты* сөзі сирек кездеседі: *Алты айғыр* — тау, биіктігі 377 м, Астрахан ауданы *Алтыбас* — елді мекен, Ерейментау ауданы, Целиноград облысы т. б.

Жеті сан есіміне байланысты топонимдер Орталық Қазақстанда көп ұшырайды. *Жеті* сөзінің «матастырғыш, киелілік» функциялары жөнінде және сол санның қазақ халқының этнографиясындағы маңызы жөнінде І. Қесесбаевтың жоғарыда көрсетілген мақаласында айтылған.

Орталық Қазақстанның біраз топонимдері *тоғыз* сөзімен байланысты келеді: *Тоғыз*—көл, Сілеті ауданы, *Тоғызкүн* — тау, биіктігі 436 м, Теңіз ауданы, Целиноград облысы, *Тоғызқұдық* — құдық, тереңдігі 3 метр, Жезді ауданы, Жезқазған облысы, *Тоғызқұдық*—селолық Совет орталығы, Ульянов ауданы, *Тоғызой* — қыстау, Қарағанды облысы т. б.

Төрт сан есіміне байланысты топонимдер сирек ұшырасады. Мысалы, Целиноград облысында *төрт* сөзімен байланысты мынандай географиялық атаулар кездеседі. *Төртқара* — ескі елді мекен, *Төртқұдық* — бекет, Ерейментау ауданы, *Төртқұлақ* — шатқал, Целиноград ауданы, *Төртсарт* — көл, Қорғалжын ауданы т. б.

Сан есімнен жасалған топонимдердің құрамында *қырық* және *мың* сандарымен байланысты географиялық атаулар: *Қырықбас* — шоқы, Шет ауданы, *Қырыққұдық* — бастау, Жаңаарқа ауданы, Жезқазған облысы, *Қырықкүй* — көл, *Қырыққарақшы* — тау, биіктігі 512 м, Павлодар облысы. *Қырықсай* — құрғ. өзен, Жезді ауданы, Жезқазған облысы. *Мыңшұңқыр* — тау, биіктігі 555,8 м, Ерейментау ауданы, Целиноград облысы, *Мыңқауға* — бұлақ, Ақтоғай ауданы, *Мыңадыр* — таулар, *Мыңшоқы* — шоқылар. Жезді ауданы, Жезқазған облысы т. б.

Қырық және *мың* сөздерінен құралған топонимдер географиялық объектілердің саны көп екенін аңғартады және сол объектілердің саны қырыққа, мыңға не жетпейді, не асып түседі.

Ал кейбір топонимдер географиялық объектілердің дәл санын атамай, әлденеше екенін тікелей *көп* сөзі арқылы да білдіреді. Мысалы, Жезқазған облысында: *Көпбұлақ* — бұлақ, *Көпжол* — бұлақ, Приозер ауданы, *Көпқұдық* — бұлақ, *Көпқұдықсай* — құрғ. өзен, *Көптақыр* — тақыр, Жезді ауданы, *Көптөбе* — тау, биіктігі 588,6 м, Ақадыр ауданы т. б.

2. АДАМДАРДЫҢ ІС-ӘРЕКЕТ, ТҮРМЫСЫ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ӨМІРІН КӨРСЕТЕТІН АТАУЛАР

Орталық Қазақстан топонимдерінің құрамында жергілікті халықтың іс-әрекет, тұрмыс-күйі, мал және жер шаруашылығын, аң аулап, құс салу кәсібін жан-жақты көрсететін топонимдер саны көп-ақ. Осымен қатар мал жайылымының құнарлы-құнарсыздығын немесе сонылығын, бұлақ я өзеннің ащы-тұщылығын, табиғат құбылысының жайлы-жайсыздығын көрсететін топонимдер де осы топқа жатады.

Адамдардың іс-әрекеті, тұрмыс-халі, күй-жайы және қоғамдық өмірімен тікелей байланысты топонимдер тобын жеке-жеке талдап көрсетудің ғылыми мәні бар.

ШАРУАШЫЛЫҚ САЛАЛАРЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ТОПОНИМДЕР

1. Көшпелі өмір бейнелерін көрсететін топонимдер. Қазақ халқының жеке тайпалары мен рулары ерте заманнан-ақ көшпелі тұрмыс жағдайында өмір сүріп, негізінен мал шаруашылығымен кәсіп еткені көпке мәлім. Малға құнарлы да соны жайылым, мол су, жайлы қоныс іздеп, көшіп-қонып жүрген жұрт сол жерлерге ат қойып, айдар тағып отырған. Ондай жер-су аттарының көбінің қойылу сыры халқымыздың өткендегі өмір белестерін көрсетіп отырады. Оларды өзара саралап, жіктегенімізде бірнеше топқа бөлінетінін көреміз.

а) Көшіп-қону, жол қатысы, өзен, су өткелдері туралы мына төмендегі географиялық атаулар толық мағлұмат бере алады: *Қостіккен* — шатқал, Амангелді ауданы, Қостанай обл., *Қозыкөш* — өзен, *Өткелсіз* — өзен, Қорғалжын ауданы, Целиноград облысы, *Мүзбелдің жолы* — жол, Нұра ауданы, Қарағанды облысы, *Атақан жол* — жол, *Атсуытқан жер*, *Балайтүбек* — жер, Жезқазған облысы, *Кертінді өткелі* — өткел, Нұра ауданы, Қарағанды облысы, *Күмөткел* — өткел, Жезқазған облысы, *Тасөткел* — Целиноград облысы, *Сужарған* — елді мекен, Торғай ауданы, Қостанай облысы, *Тұяққонған* — жер, өзен, *Қоныс* — жота, Теңіз ауданы, Целиноград облысы т. б.

ә) Таулар мен қыр-қырат, жота, дөң-дөңес, жайлау мен қыстау, асулар мен бел-белестерде көшіп-қонуды білдіретін топонимдер. *Баянбайдың биігі* — жота, Тал-

ды ауданы, Қарағанды облысы, *Белгілітау* — тау, Теңіз ауданы, Целиноград облысы, *Қарауылтөбе* — жота, Екібастұз ауданы, Павлодар облысы. *Ақбұйрат* — тау, *Алатас* — дөңес, Жезқазған облысы, *Сүйінбек* — қыстау, Жангелдин ауданы, Қостанай облысы, *Алпыс асуы* — асу, Баянауыл ауданы, *Олжабай асуы* — Павлодар облысы, *Нұрлыбайқыстау*, *Қанапияқыстау* — Жангелдин ауданы, Қостанай облысы, *Қарауылшоқы* — тау, Павлодар облысы т. б.

2. Жер шаруашылығына байланысты топонимдер. Жер шаруашылығымен шұғылдану Орталық Қазақстанды мекендеген тайпалар өмірінде орта ғасырда болғаны тарихи деректен белгілі. Олардың Сарысу, Ұлытау, Торғай, Есіл атыраптарында егін салып, көбіне арпа мейтары еккендігін, сол жерлерден табылған археологтар арыштан көне арықтар толық дәлелден отыр⁴⁸. Сөйтіп, жер шаруашылығы мал бағып, ең далала көшіп-қонып жүрген елдің қосалқы тіршілігіне айналған. Осы кәсіп кейінгі кезеңдерде де кеңінен етек алып, бүгінгі күндері ерекше дамып, ең жоғары сатыға жетіп отыр. Жер шаруашылығының өркендеуі, онымен шұғылданушы жатақтардың көбеюі, әсіресе XIX ғ. екінші жартысында Россиядан келген орыс шаруаларының қоныстануымен тікелей байланысты болды. Тарихи деректер бойынша, 1860 ж. Көкшетау округінде — 560, Баянауылда — 132, Ақмолада — 560, Атбасар округінде — 57 жермен шұғылданушы шаруа орналасқан⁴⁹.

Ал XIX ғ. аяғында жатақтар саны Қостанай, Атбасар, Ақмола, Көкшетау облыстарында көбейе бастайды. Қазақ шаруаларының отырықшылыққа үйреніп, жер шаруашылығымен шұғылдана бастауы Қазақстанның Россияға өз еркімен қосылуының игі ықпал, әсері еді. Мысалы: *Егінбұлақ* — елді мекен, Нұра ауданы, Қарағанды облысы. *Бесқауға* — селолық Совет, Екібастұз ауданы, Павлодар облысы, *Қызылегіс* — Зеренді ауданы, Көкшетау облысы, *Арықты* — елді мекен, селолық Совет, *Қараегін* — елді мекен, Қорғалжын ауданы, Целиноград облысы, *Байқоныс* — селолық Совет, Качир

⁴⁸ *Маргулан А. Х.* Третий сезон археологической работы в Центральном Казахстане // Изв. АН КазССР. Сер. археол. 1951. Вып. 3. С. 38.

⁴⁹ *Красовский М.* Область сибирских киргизов // Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами Генерального штаба. СПб., 1868. С. 79.

ауданы, Павлодар облысы; *Мейізек* — жер, Егінді ауданы, Қарағанды облысы.

Жер шаруашылығымен байланысты топонимдер Орталық Қазақстанда тың жерді игеруге орай көптеп қойылып отыр. Ондай топонимдердің басым тобы орыс, украин т. б. тілдерден қойылған. Орталық Қазақстанның астықты өңірлерінде «Урожайный» — с/х, с/с. Урнцк ауданы, «Колос» — с/х, Тарап ауданы, Қостанай облысы, Щучинск ауданы, *Золотая Нива* — елді мекен, Уәлиханов ауданы, Көкшетау облысы, *Раздольное* — селолық Совет, Наур. ауданы, Қостанай облысы және «Целинный» совхозы, сондай-ақ бұрынғы Ақмола қаласының Целиноград аталуы да мұның толық айғағы.

Осымен қатар аңшылық, балық аулау кәсіптерімен байланысты, үй бұйымдары мен күнделікті тіршілікке қатысты тұрмыстық лексикадан қойылған топонимдер де баршылық. Алайда бұл топтағы топонимдер саны өте аз, тым сирек ұшырайды. Сондықтан оларды өз алдына жіктеп, саралаудың реті келмейді.

3. Елдің қоғамдық өмірі мен тұрмысы жайынан мағлұмат беретін топонимдер. Бұл өңірдегі топонимдердің ішінде ел тұрмысы, оның қоғамдық өмір құбылысы жайлы да мол мағлұмат беретін атаулар аз емес.

Сондықтан ондай топонимдерді бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады:

а) тұрмыс, хал-жағдай жайында мағлұмат беретін жер-су аттары: *Қойсоғым* — бұлақ, *Жандорба* — көл, *Ошақ* — елді мекен, *Балта* — елді мекен, Целиноград облысы, *Биебайлаған* — қыстау, Қостанай облысы, *Табакқырған* — тоған, Целиноград облысы, *Астаужарық* — жер, Қарағанды облысы, *Ошақ* — көл, Шортанды ауданы, Целиноград облысы, *Қазан* — елді мекен, Павлодар облысы, *Шотқалған* — жер, Қарағанды облысы т. т.

ә) Әдет-ғұрып, ойын-сауықпен байланысты: *Бәйгетөбе* — сай, *Бәйгетам* — жер, Жезді ауданы, *Бөрісоққан* — Ақадыр ауданы, *Көкатсойған* — бұлақ, Шет ауданы, *Күлтөбе* — жер, Жанаарқа ауданы, Жезқазған облысында; *Тайтөбежота* — Целиноград облысы, *Биебайлаған* — қыстау, Амангелді ауданы, Қостанай облысы, *Ағашорын* селолық Совет орталығы, Ертіс ауданы, Павлодар облысы, *Мереке* — елді мекен, Шортанды ауданы, *Өрнек* — село, Ерейментау ауданы, Целиноград облысы, *Жетімтау* — Жезді ауданы, *Жетімтөбе* — тау, Ұлытау ауданы, Жезқазған облысында т. б.

а) туыстық, ағайын-жекжаттық қатысты білдіретін атаулар: *Әже* — село, елді мекен, Ерейментау ауданы, *Бәйбіше* — жер, Целиноград ауданы, *Бескемпір* — көл, Ерейментау ауданы, *Қатынқона* — қыстау, Теңіз ауданы, Целиноград облысында. *Балаарқалық* — Қостанай облысы, *Балаертис* — өзен, Павлодар обл.; *Баланұра* — тау, Нұра ауданы, Қарағанды облысы, *Балашідерті* — өзен, Ерейментау ауданы, Целиноград облысы, *Бәйешіе* — тау, *Ұлықыз* — сай, Қарағанды облысы, *Қызқарасу* — өзен, Алексеев ауданы, *Қызшоқы* — тау, Теңіз ауданы, Целиноград облысы, *Қызкеніш* — тау, Талды ауданы, Қарағанды облысы т. т.;

в) жергілікті халықтың діни көзқарасын білдіретін топонимдер. Қарағанды облысында: *Әулие* — тау, Егіндібұлақ ауданында, *Әулиешоқы* — тау, *Қоңырәулие* — үңгір, *Қызәулие* — жер, Талды ауданы, *Молдаөлген* — бұлақ, *Қажыауыл* — елді мекен, Егіндібұлақ ауданы, *Мәдине* — өзен; Баталы орталығы Лисаков ауданы, Қостанай облысы, Мазарлар: *Мазар* — тау, Жезді, Жаңарқа аудандарында; *Мазарқұдық* — Жезді ауданы, *Жұбан ана* — мазар, *Талмас ата* — мазар, Сарысу өзені бойында, Жезқазған облысы., *Шешенқара* — тау, Қарағанды облысы., *Нарбас* — мазар, *Иманқұт* — мазар. Нұра ауданы, Қарағанды облысында.

Бұл көрсетілген топонимдердің бәрінде халықтың діни сенімдері мен нанымдары, дүниеге көзқарасы жан-жақты бейнеленіп отырғанын көреміз. Осымен қатар салт-сананың кейбір көріністері кейде тотемдік ұғымдарға байланысты қойылған топонимдерде де кездесіп қалады.

Ертеде халық тағы хайуандардан, әсіресе, қасқыр, бөрі, аю; табиғат құбылыстарынан: көл, тау, төбе, үңгір т. б. қастерлеп қадір тұтып, оған табынып та сыйынып отырған. Бұл жайттың көрінісі кейбір топонимдерден анық байқалады. Мәселен, *Бөрілі* — жер, Макин ауданы, Целиноград облысы, Қостанай облысы, *Бөрітескен* — жер, *Бөріойнақ* — тау, Қарағанды облысы, *Қараүңгір* — көл, Зеренді ауданы, Көкшетау облысы. *Кішіқоскөл* — көл, Қостанай облысы, *Ақтөбе* — тау, Нұра ауданы, Қарағанды облысы т. б.;

г) әртүрлі ырымдар мен наным-сенімге, басқа да оқиғалармен байланысты мағлұматтарды білдіретін топонимдер: *Қалмаққырған* — тау, өзен, Баянауыл ауданы, Павлодар облысы, Теңіз ауданы, Целиноград облы-

сы, *Құланкетпес* — өзен, Нұра ауданы, *Құлашөзген* — ойпат, Егіндібұлақ ауданы, Қарағанды облысы, *Ешкіөлмес* — сай, Ұлытау ауданы, Жезқазған облысы, *Қырғынтас* — шатқал, Целиноград облысы, *Қарынсалды* — өзен, елді мекен, *Балакескен* — тау, Екібастұз ауданы, Павлодар облысы, *Астаужарық* — жер, *Жауқашар* — елді мекен, Егіндібұлақ ауданы, *Қызкеткен* — өткел, Нұра ауданы, Қарағанды облысы т. б.

4. Мал шаруашылығымен байланысты топонимдер. Адамдардың Қазақстан жерін тас дәуірінен бері мекендегені ғылымда дәлелденді. Оны Қаратау сілемдері мен Есіл жағалауларынан, Сарысудың орта ағысы мен Балқаш жағалауынан және Маңғышлақтан, Жетісу өңірінен табылған ежелгі тас құралдары толық анықтап отыр.

Адамдардың алғашқы аңшылық кәсіптен біртіндеп, жер, мал шаруашылығына көше бастауы көне дәуірде пайда болған еді. Сөйтіп көшпенді және жартылай көшпенді, мал шаруашылығына ауысу нәтижесінде көшіп-қонуға лайықты үй, сондай-ақ малды ұстауға қажетті жабдықтар, мәселен, жылқыны үйретіп, міну үшін жүген, әбзел жабдықтарын жасады. Сөйтіп, мал басының өсуімен байланысты мол жайылым, құнарлы да сулы жер, шүйгін шөп қажет болды. Соған байланысты таулы аймақтар мен жапан тұз, кен жазықтардағы жайылымдарды игеріп, оларды меншікті қонысқа айналдыру шаралары тарихи дәстүрлерге айналған еді.

Қазақ ССР тарихында: «Қазақ жерінде дәстүрлі шаруашылық саласы — әкстенсивті көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығымен шұғылдану берік сақталып, көшудің маусымды кезеңдері мен ежелден қалыптасқан бағыт-бағдарлары бекітіліп отырғаны айтылады»⁵⁰. Сол мал бағып күн көрген көшпенді және жартылай көшпенді елдің өмір-тірлігі және олардың көшіп-қонып жүрген жерлері мен табиғат құбылыстары жайлы көзқарастары жер-су аттарының да қойылуына әсер етпей қоймағаны айқын. Мал шаруашылығы жайында молынан мағлұмат беретін ондай жер-су аттарын ішінара жіктеп, бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады.

а) үй хайуандары аттарынан қойылған және олармен байланысты әрекеттерді білдіретін топонимдер: Ақ-

⁵⁰ Қазақ ССР тарихы. Алматы, 1977. I-т. 18-б.

қошқар — көл, Қорғалжын ауданы, *Алтайғыр* — тау, Астрахан ауданы, *Қарабұқа* — шатқал, *Қозылық* — тау, *Қошқар* — шатқал, жыра, *Құлаайғыр* өзен, *Бота* — елді мекен, Балқашин ауданы, Целиноград облысы, *Ақтайлақ* — көл, Ақтоғай ауданы, Жезқазған облысы, *Бозатан* — қыст. шатқал, *Жиренайғыр* — құрг. өзен, *Теке* — өзен, *Түйемойнақ* — елді мекен, Жангелдин ауданы, *Бозатан* — қыст. шатқал, Қостанай облысы, *Қашыр* — жер, *Тай* — селолық Совет орталығы, Екібастұз ауданы, Павлодар облысы, *Бұзау* — елді мекен. Егіндібұлақ ауданы, *Қошқарлы* — көл, *Қызылқой* — өзен, *Тай* (Үлкен тай, Кіші тай) — тау, Талды ауданы, Қарағанды облысы, *Айғыржал* — тау, Ереймен ауданы, *Қойсоғымбұлақ*, *Ешкіөлмес* — тау, Целиноград облысы. *Биебайлаған* — қыстау, (қысты күні де бие байлап, қымыз ашытатын. Сол себепті қыстау аты осылай аталуы мүмкін), *Бұзаужеген* — көл, Қостанай облысы (сол көздің жағасында қасқыр бұзауды жеп қойғандықтан да осылай аталған болу керек), *Лақбайлаған* — жер, Егіндібұлақ ауданы, *Лақсалған* — көл, Нұра ауданы, *Тайбағар* — жер, Қарағанды облысы, *Қойкелді* — елді мекен, Целиноград облысы (айдап келе жатқан қойдың келін жеткен жері осы деген мәнде қойылуы немесе Қойкелді деген адам атынан қойылуы ықтимал).

ә) Елдің тұрағы (қоныс, қыстау, жұрт) мен малдың жатын орын қора-қопсы, қотаны атауларын білдіретін топонимдер: *Қатынқопа* — қыстау, Целиноград облысы, *Күздік* — қыстау, Амангелді ауданы, *Қарақалпақ* — қыстау, *Кемпірқосы* — шатқал, Жангелдин ауданы, Қостанай облысы, *Жаманқора* — тау, елді мекен, *Жаңақоныс* — елді мекен, *Қырғызжұрты* — шатқал, *Бесқора* — бөген, Теңіз ауданы, *Көшіқонған* — шатқал, Целиноград облысы, *Қараоба* — қорған, Арқалық ауданы, *Қостіккен* — шат., Амангелді ауданы, *Шамайқұлақ* — малқора, Жангелдин ауданы, Қостанай облысы, *Аққора* — с/х б. Талды ауданы, Ахметауыл — с/х б., *Баймағамбет ауылы* — ауыл, Нұра ауданы, Қарағанды облысы т. б.

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН ТОПОНИМДЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ТИПТЕРІ

Топонимдердің, жалпы ономастикалық категориялардың құрылысы, оның лексикалық қоры, морфологиялық құрылымы тіл-тілде алуан түрлі. Тіптен, қазақ ономастологиясының материалдары мен олардың құрылымдары да регионалдық сипаты жағынан әр алуан боп келеді.

Тілдік материалы жағынан алып қарағанда да, тіркесе қолдануы мен орналасу тәртібінен біршама өзгешеліктер байқалып отырады. Кейде олардың құрамындағы жалғау-жұрнақтардың да өзіндік ерекшеліктерге ие екенін байқаймыз. Ол жалғау-жұрнақтардың бір тобы байырғы тілдік заңға тән болса, екінші бір саласы басқа бір топқа тән тілдерден ауысқаны көрінеді.

Алайда, топонимдер мен антропонимдер, этноним, космонимдерде байырғы тіліміздің сөздік құрамы мен грамматикалық құрылысының сөз жасау, өзгерту тәсілінің ізі берік сақталған.

Өзінің құрылысы жағынан топонимдік тіркестердің көбі бағыныңқы типтегі тіркестер боп келеді.

Н. А. Баскаков бағыныңқылы тіркестердің өзара топтық құрамы, моделі, түрлері жағынан бірнеше топтық классификацияға бөлінетінін көрсетті. Ғалым өз классификациясын үш конструктивтік принципке негіздеген. Олар: 1) семантикалық; 2) морфологиялық; 3) синтетика-функциональдық. Бұлардың ішіндегі ерекше назар қойғаны — синтетикалы-функциональдық критерий¹.

Түркі тілдерінің құрылысы жайлы айтқан ой-пікірле-

¹ Баскаков Н. А. Историко-типологическая характеристика структуры тюркских языков. М.: Наука, 1975. С. 287.

рінде атрибутивті тіркеске назар аударған. Әсіресе, изафет деп дұрыс аталмай келген дәстүрлі атаудың құрылымдық табиғатына терең тоқталады да оған жаңа атау: детерминативті (дәстүрлі изафет) тәуелді жалғаулы сөз тіркестерін (дәстүрлі изафет II және III) берген. Түркі тілдеріндегі бұл конструкциялар жалқы есімдерде, оның ішінде, географиялық атауларда кеңінен қолданыс тапқан. Зерттеушілердің пайымдауынша, *таудың басы* деген тіркес *тау басы* деген тіркестен көне. Соған қарағанда, тәуелдік жалғауларының екеуі бірдей кездесетін географиялық атауларды ең көне, бір ғана тәуелдік жалғаумен келген немесе жалғаусыз конструкциядағы топонимдерді соңғы дәуірлерге тән деп түюге болады. Тәуелдік жалғауының топонимдердің көбінде түсіп қалуы, яғни элизиялық жайттар тілдік заңдылықтарға тән құбылыс.

Топонимдердің құрылымдық сипаттарын баяндаған ғылыми еңбектер жер-жерде баршылық. Олардың баса назар аударған мәселелері — синтаксистік құрылыстағы топонимдердің компоненттері, олардың орын тәртіптері.

Қазақстанның басқа территорияларындағы топонимдер сияқты зерттеу объектісі болып отырған Орталық Қазақстан топонимдері де құрылымдық типтеріне қарай: **дара, біріккен тұлғалы және көп құрамды** бөп үшке бөлінеді. Алайда, бұларды құрамына қарай кейде екі топқа бөліп: толық құрамды атаулар — дара тұлғалы және күрделі тұлғалы топонимдер деп атаймыз. Дара тұлғалылар негізінен апеллятивтерден (жалпы есім сөздер) жасалып, көбіне жұрнақ-жалғаусыз келеді. Мәселен, *Адыр* — разъезд, Целиноград облысы, *Булақ* — жер, Көкшетау облысы, *Дария* — жер, Қарағанды облысы. *Дәуіт* — ст., Көкшетау облысы, *Жалтыр* — ст., Целиноград облысы, *Қақ* — көл, Солтүстік Қазақстан облысы, *Қотыр* — жер, Қарағанды облысы, т. т. Бұл топтағы топонимдер жасалуы жағынан тілдік заңдылыққа, оның нормасына тікелей бағынышты. Дара тұлғалы атаулар ежелден белгілі, дәстүрлі қалыптасқан жолмен жасалып отырады. Оларға қосымшалар жалғау нәтижесінде жаңа тұлғалы атаулар пайда болады. Оны туынды тұлғалы топонимдер дейміз. Мәселен, *Айрық* — жер, Қарағанды облысы, *Бәйті* — жер, *Беген* — жер, Павлодар облысы, *Береке* — жер, *Бертис* — ст. Қарағанды облысы, *Булақ* — жер, су, Көкшетау облысы, *Жарық* — с. Қарағанды об-

лысы. *Жезді* — ст., Жезқазған облысы т. б. Бұл топонимдердің құрамдарындағы қосымшалар: *-ық, -ті, -ен, -еке, -тіс, -ақ, -ық* т. б.

Топонимдердің, жалпы ономастикалық категориялардың түрленіп, тұлғаларының өзгеріп отыруында қосымшалардың ролі зор. Қолдағы картотекалық материалдарды жіктеп, сұрыптау, талдау барысында Орталық Қазақстан топонимдерінің басым көпшілігінің (шамамен 35%-тейі) қосымшалар арқылы жасалатынын байқадық.

Туынды тұлғалы топонимдер жасауға қатысатын ең өнімді қосымшалар: *-лық* (-лік, -дық, -дік, -тық, -тік): *Құлық* — сай, *Туыстық* — тау, *Шұнтық* — дала, *Бірлестік* — елді мекен, Жезқазған облысы, Бірлік — с/х., Қостанай облысы, *Түндік* — өзен, Қарағанды облысы т. б.

ТОПОНИМДЕРДІҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Орталық Қазақстан топонимдерін морфологиялық құрылымына қарай саралап жіктеу барысында атауыштық қызметі жағынан, әсіресе есім сөздердің басым екендігі байқалады. Ең көп кездесетін атаулар зат есім, сын есім, сан есім сөздерден жасалып отырған. Осындай есім сөздермен қатар топонимдік атаулар жасауға басқа да сөз топтары — етістік тұлғалар, есімдік, үстеу және басқалар қатысып отырғаны анық көріледі. Солардың ішінде ең көбі — **зат есімдерден жасалған топонимдер**.

Ономастологиялық категорияда да зат есім көп кездеседі. Олар белгілі бір сөздің атауыштық қасиетін, атаулық мәнін айқын, дәл көрсетеді, жеке бір заттың аты екенін білдіріп тұрады. Осымен қатар тіркесе айтылған немесе екі сөзден бірігіп жасалған топонимдер компоненттері түрлі сөз таптарынан болғанымен географиялық атауға айналғанда заттанып, зат есім категориясына ауысып отырады. Бұл құбылыс — топонимдерде, жалпы ономастологияға тән ортақ қасиет.

Зат есім сөздерден жасалған топонимдер дара тұлғада және күрделі тұлғада кездесіп отырады. Дара тұлғалы топонимдерді жасауға қатысатын зат есімдерді өзара жіктегенде, олардың бірнеше лексика-семантикалық топқа бөлінетінін көреміз.

1. Кісі аттарынан қойылған топонимдер: *Өтеген* — елді мекен, Жезқ. обл.; *Шоқай* — темір жол ст., *Шақан* — қала типтес поселке, Қар. обл.; *Бауылбай* — колхоз,

Дуанбай — елді мекен, *Елтай* — темір жол ст., *Ермек* — елді мекен.

2. Жер бедерін білдіретін сөздерден жасалған топонимдер: (асу, жота, қыр, жазық, сай, тау, тұрақ, елді мекен): *Ескентау* — тау, *Жаңаарқа* — село, *Бам* — тау, *Жал* — елді мекен, *Жуантөбе* — тау, *Қоңыртөбе* — шоқы, *Көккүдықтөбе* — бұлақ.

3. Су, өзендердің аттарынан қойылған топонимдер: *Қайнар* — елді мекен, *Бұлақ* — сай, *Көрпеш* — көл, *Күшік* — өзен, *Кент* — тау, *Түзкөл* — көл, *Тассуат* — көл, *Жалтыркөл* — көл, *Жансуат* — елді мекен, *Қызылсу* — жер.

4. Ормандар мен тоғайлардың, ағаштардың атауларынан қойылған топонимдер: *Қарағай* — елді мекен, *Қараағаш* — елді мекен, *Ағаш* — елді мекен, *Қарауқамыс* — көл, *Қоға* — көл, *Тіктоғай* — жер.

5. Этнонимдерден қойылған топонимдер: *Қыпшақ* — өзен, *Керей* — өзен, *Қоңырат* — қыр, *Ноғайкөл* — жер, *Қалмақкөл* — көл, *Қырғыз* — елді мекен, *Қытай* — елді мекен, *Қалмаққара* — жер, *Қалмаққырған* — жер, *Қанжығалы* — көл, *Қарабас* — тау, *Қарақалпақ* — сай, *Тарақты* — жер, *Қараман Қарамырза* — жер, *Қаратай* — жер, *Қыпшақ* — құр. өзен.

6. Өсімдік атауларынан қойылған топонимдер: *Сексеуілмола* — бет, *Талды* — аудан, *Шоқтал* — жер, *Шили* — жер, *Шөптікөл* — көл, *Шеңгелкөл*, *Кеңбидай* — селолық Совет, *Қаратерек* — жер, *Қарағанды* — қала, *Қорғантас* — жер, *Құрқамыс* — разъезд, *Майқайың* — пос., *Майқарағай* — жер, *Мойылды* — өзен.

7. Адамдардың жасы, қызметі мен кәсібін, қоғамдық жағдайларын т. б. әрекеттерін көрсететін сөздерден қойылған топоним. *Темірші* — жер, *Теңдік* — жер, *Төңкеріс* — ст. *Шалсүрінген* — көл, *Балуанкөл* — көл, *Жаңақоныс* — жер.

8. Жәндіктер атына байланысты қойылған топонимдер. *Жыланды* — жер, *Инелікті* — көл, *Соналы* — өзен, *Шортанды* — көл, *Шыбынды* — көл.

9. Хайуандар мен құс аттарына байланысты топонимдер: *Тайтөбе* — жер, *Тайынша* — ст. *Танакөл* — жер, *Тарғылбұқа* — жер, *Құсмұрын* — к. ст. *Сұқсыр* — көл, *Түйекеткен* — көл, *Шабдарайғыр* — жер, *Бурабай* — көл, *Ақтүйесай* — жер, *Ақтайлақ* — жер, *Ақінген* — жер, *Арқарлы* — ст. т. б.

Дара тұлғалы топонимдер тарихи атауларға айналып кетсе де бастапқы жалпы есімдік мән-мағынасын берік сақтап, бәз қалпында қалып отырады. Мәселен, Көл, Өзек, Шоқы, Ақтау, Қайың т. б.

Сын есімдерден жасалған топонимдер

Топонимдердің тегінде сын есімдерден жасалуында өзіндік бір сыр-сипат бар. Өйткені жердің ой-шұқыр, бет-бедерін, түр-түсін, тар-кеңдігін, үлкен-кішілігін, судың ащы-тұщы дәмін, исін білдіретін сөздер, негізінен, сын есімдер. Сондықтан да жер, су, көл, тау т. б. объектілерді сын есім категориясындағы сөздердің қатысуынсыз атау мүмкін болмаған. Ондай сын есімнен жасалған топонимдер дара тұлғалы, біріккен тұлғалы болып келеді. Біріккен тұлғалы топонимдердің анықтауыш компоненттері ұдайына сын есімдерден жасалып отырады.

Сын есімнен жасалған топонимдерді мынадай лексикалық топтарға бөліп қарауға болады:

1) түр-түске байланысты топонимдер: *Ақбастау* — бұлақ, Қарағанды облысы, *Ақбейіт* — жер, Целиноград облысы., *Аққарға* — жер, Қостанай облысы; *Ақтайлақ* — жер, Қарағанды облысы., *Ақшасор* — жер, Көкшетау облысы; *Бозадыр* — жер, Павлодар облысы; *Бозарал* — жер, Көкшетау облысы, *Көкалаат* — жер, Қостанай облысы; *Көкдомбақ* — жер, Павлодар облысы; *Көктөбе* — жер, Қарағанды облысы; *Қараадыр* — ст., *Қаражар* — жер, Целиноград облысы. *Қарақамыс* — жер, Қостанай облысы, *Қызыларал* — жер, Қарағанды облысы, *Қарақасқа* — көл, Павлодар облысы, *Қызылтал* — өзен, Целиноград облысы; *Қарақұла* — жер, Қарағанды облысы; *Қарамойыл* — жер, Көкшетау облысы; *Қараоба* — ст. Қарағанды облысы, *Сарыжал* — жер, Павлодар облысы т. б.

2) ащы-тұщылығына, дәміне, құнарлығына байланысты топонимдер: *Ащы Алакөл* — көл, Қостанай облысы; *Ащылы* — өзен, Целиноград облысы, *Ащылыкөл* — көл, Көкшетау облысы; *Ащысор* — көл, Қарағанды облысы, *Ащытасты Торғай* — өзен, Қостанай облысы; *Майбазар* — жер, Қарағанды облысы; *Майкөбен* — жер, *Майқарағай* — жер, Павлодар облысы, *Майлыкөл* — көл, Целиноград облысы. *Майлысор* — көл, Көкшетау облысы.,

Майөзек — жер, Қарағанды облысы; *Садықащы* — жер, *Сасықсор* — көл, Павлодар облысы; *Семізбұғы* — поселке, Қарағанды облысы.

3) заттың ұзын-қысқа, терең-таяздығы, жақсы-жамандығына байланысты топонимдер: *Биіктесін* — жер, Көкшетау облысы, *Жақсы Алакөл* — көл, Қостанай облысы, *Жақсы Көң* — өзен, *Жақсышат* — өзен, *Жаманкұлақ* — жер, Целиноград облысы, *Жалпақсор* — көл, Павлодар облысы, *Жамантүз* — ст., *Кішкенекөл* — жер, *Кішкенесай* — сай, Көкшетау облысы, *Тіктоғай* — жер, Павлодар облысы. *Ұзынкөл* — жер, Қостанай облысы, *Ұлытау* — тау, Жезказған облысы; *Шолақсай*, жер, Қостанай облысы, *Шолақсандық* — жер, Целиноград облысы, *Шолақбұлақсор* — көл, Павлодар облысы, *Шұқыртанап* — жер, *Шұқыркөл* — жер, Қостанай облысы, *Шыңырау* — жер, Павлодар облысы т. б.

5) Жердің, тау-шыңның т. б. үлкен-кішілігіне, аумағы мен көлеміне байланысты топонимдер: *Жуантөбе*, *Кеңасу* — жер, Қарағанды облысы, *Серектас* — жер, Семей облысы, *Сопақсор* — көл; Павлодар облысы, *Ұлытау* — тау, Жезказған облысы, *Ұйтас* — жер, Көкшетау облысы, *Шолақсай* — сай, *Қазанбасы* — сай, Қостанай облысы.

6) Жер-судың ыстық-суықтығына байланысты топонимдер: *Күншалған* — жер, Целиноград облысы, *Желтау* — жер, Көкшетау облысы, *Желдіадыр* — жер, Қарағанды облысы т. б.

7) Өзен-көлдің, су мен бұлақтардың тереңдігі мен таяздығына байланысты топонимдер: *Боскөл* — жер, *Бірсуат* — жер, Қостанай облысы, *Жаркөл* — көл, Целиноград облысы, *Жіңішке* — өзен, Қарағанды облысы, *Кеңбұлақ* — бастау, Жезказған облысы, *Кеңөткөл* — жер, Целиноград облысы, *Кішкенекөл* — жер, *Кішкенесай* — сай, Көкшетау облысы, *Кайранкөл* — жер, *Қари Торғай* — өзен, Қостанай облысы, *Тереңкөл* — көл, Павлодар облысы, *Ұзынкөл* — жер, Қостанай облысы, *Шолақбұлақ* — көл, Павлодар облысы т. б.

Сын есімнен жасалған топонимдер, негізінен қатыстық және сапалық сындар арқылы жасалады да құрылысына қарай біріккен тұлғалы болады. Қатыстық сын есімдер негізіндегі топонимдер үнемі туынды тұлғалы болады. Ондай туынды тұлғалы топонимдер жасауда басым қолданылатын қосымша — *л* (варианттары: *-т*.

-ты, -ті, -ды, -ді). Бұл қосымшалар арқылы жасалған дара тұлғалы топонимдер мен екі және үш, төрт құрамды топонимдер саны біркелкі емес. Түркі тілдері топонимдерінде, олардың ішінде, әсіресе, дара тұлғалы туынды формалардың басым да көп кездесетіні анықталып отыр. Сол дара тұлғалы топонимдердің ішінде қосымшалы немесе қосымшасыз (жұрнақпен немесе жұрнақсыз) жасалғандардың ара қатысы да ерекше бір назар аударатын мәселе. Мәселен, *Бесқарағай, Қарағайлы*.

Бұл мысалдардың өзінен-ақ, -л (-лы, -ды, -ді, -ты, -ті) қосымшасының, негізінде, жалқы ұғыммен байланысты емес, сол топонимдік объектідегі заттың сан жағынан көп екендігін, молдығын аңғартатынын байқаймыз.

Екі компонентті топонимдерде -л (-лы, -ды, -ты, -ті) қосымшасы арқылы келетін сыңарлар көп кездесіп отырса, оның есесіне қосымшасыз тұлғалар аз ұшырайды. Мәселен, *Қорым — Қорымды, Ақайдар — Айдарлы, Ақбас көлі — Ақбасты, Аршалы — Аршаты, Керей — Керейті, Тас — Тасты (Тастыбай шыңы), Ши — Шилі* т. б.

Орталық Қазақстан топонимдері құрамында қатыстық және сапалық сын есімдер арқылы жасалған топонимдер құрылыстары жағынан республиканың басқа облыстарындағы топонимдік жүйеге толығынан сәйкес келіп отырады. Бұның өзі жер-суға ат қойып, айдар тағу принципіндегі халық творчествосының жалпы халықтық ой-өрісімен, оның мәдени дәрежесімен бірлікте екенін анық көрсетеді.

Сан есімдер арқылы жасалған топонимдер

Сан есімдердің философиялық және социологиялық проблемалары, ғылымның басқа салаларымен байланысы ғалымдар назарын үнемі аударып келеді. Сан категориясының жалпы және жалқы есімдермен байланысының өзі-ақ, ерекше көңіл қоярлық лингвистикалық та, этнографиялық та мәні зор проблема. Тілімізде сан есімдердің қатысы арқылы жасалған мол да бай сала — кісі, ру, тайпа және жер-су аттары жайлы зерттеулер түркологияда бұрыннан-ақ жазылып та айтылып та жүр².

² *Койчубаев Е.* Основные типы топонимов Семиречья. Автореф. дисс. канд. филологических наук. Алма-Ата, 1967. С. 5—8; *Жанұза-*

Қазақстанның кең-байтақ өлкесіндегі жер-су аттарының біразы сол сан есімдер мен жұп сөздердің қатысы арқылы жасалғанын облыстық, республикалық карталардан да анық көреміз. Ондай атаулар біздің зерттеу объектіміз боп отырған Орталық Қазақстан аймағында да баршылық. Олардың ішінде «үш», «жеті», «тоғыз» сандары бірде топонимдердің құрамында тұрып, сандық мәнде қолданылса, бірде «кнелі», «қаснетті» функция атқарып, этнографиялық ұғым білдіреді. Осылардың ішінде ерекше бір көзге түсетіндері реттік сан есім мен жұптық мағыналы сөздер арқылы жасалғандар. Олар дара және біріккен тұлғалы есімдердің компоненттерінде кездесіп отырады. Бұл тәрізді топонимдердің жасалуында немесе дербес атауыштық функцияға не болуында белгілі бір себеп бары байқалады. Егерде кісі аттарын жасауда бір сан есімінен бастап мыңға дейін қатысатын болса, топонимдердің жасалуында бұл байқалмайды. Айталық, 50, 60, 70, 80, 90, 100 сандарымен байланысты топонимдер сирек кездеседі, бірақ олар көбіне антропонимдер ретінде ғана кездеседі.

Орталық Қазақстандағы есептік сан есім арқылы жасалған топонимдер құрамы төмендегідей:

бір сан есімімен байланысты топонимдер: *Бірінші*— айр. *Біройнақ*—тау, *Бірұйық*—жер, Жезқ. обл.; *Бірсуат*—елді мекен, Қост. обл., *Бірайрық*—өзен, Цел. обл.;

екі сан есімімен байланысты топонимдер: *Екіаша*—қыст., *Екібұлақ*—бұл., *Екіжол*—құдық., *Екікөр*—бұлақ, *Екісор*—көл, Жезқ. обл.; *Екіқора*—дөң, *Екітөбе*, *Екішоқ*—қыст., Жезқ. обл.; *Екібастұз*—көл, *Екіқұлын*—жер, *Екішек*—жер, Павл. обл.;

үш сан есімімен байланысты топонимдер: *Үшқамыс*—жер, Қост. обл.; *Үшсарт*—көл, *Үштөбе*—тау, *Үшкөл*—көл, *Үштағантұз*, *Үшқарасу*, *Үшқайқы*—өзен, Цел. обл.; *Үшсор*—көл, Қост. обл.; *Үшбидайық*—жер, Цел. обл. т. б.;

төрт сан есімімен байланысты топонимдер: *Төртсарт*—өзен, Цел. обл.; *Төртқұлақ*—қыст., *Төртқұдық*—көл, *Төртқат*—қыст. Жезқ. обл.;

қов Т. Сан есімінен жасалған жалқы есімдер // Исследования по тюркологии. Алма-Ата, 1969. С. 226—236; Молчанова О. Т. Числительные и счетные слова в алтайских топонимах // Происхождение аборигенов Сибири и их языков. Материалы Всесоюзной конференции. Томск, 1976. С. 151—155; Кудайбергенов С. Числительные в составе киргизских топонимов // Ономастика Средней Азии. 2. Фрунзе, 1980. С. 164—170.

бес сан есімімен байланысты топонимдер, әсіресе Жезқазған облысында көп кездеседі. *Бесбақыр* — бел, *Бесбақсы* — қыст., *Бесбала* — сай, *Бесбатыр* — биік, *Бесбидайық* — қыст., *Бескепе* — құд., *Бескүшік* — тау, *Бесқатын* — тау, *Бесқонақ* — тау, *Бесқора* — елді мекен, *Бесоба* — көл, *Бестақыр* — шат., *Бестама* — сай, *Бестамақ* — шат. *Бестау* — тау, *Бестөбе* — елді мекен, Жезк. обл.; *Бесоба* — жер, Қост. обл.; *Бестерек* — жер, *Бесүй* — жер, Көкш. обл.; *Бестоғай* — өзен, *Бестөбе* — жер, Цел. обл., *Бесбай* — мазар., *Бесшоқы* — тау, Жезк. обл.;

алты сан есімімен байланысты топонимдер некен-саяқ қана: *Алтайығыр* — тау, *Алтыбас* — елді мекен, Цел. обл., *Алтыбай* — қыст., *Алтыбайсай* — шат. Жезк. обл.

Елубай, Жетпіс, Жетпісбай, Сексенбай тәрізді топонимдер кісі аттарынан қойылып отырған.

Жеті санымен байланысты картотекада *Жетікөл* — көл, Көкш. обл.; *Жетіқара* — село, Қост. обл. тәрізді ғана топонимдерді кездестірдік.

Тоғыз санымен байланысты *Тоғызкен* — сай, *Тоғызметр* — шатк., Жезк. обл.; *Тоғызкүн* — тау, Цел. обл. тәрізді ғана топонимдер кездесті. Сол сияқты жүз, мың сандарымен байланысты топонимдер де саусақпен санарлықтай. Олар: *Жүзағаш* — ст. Сем. обл.; *Жүзшапқан* — жер, Көкш. обл.; *Мыңқазған, Мыңтөбе, Мыңшұқыр* — жер, Цел. обл.; *Мыңадыр* — ст. Қар. обл.

Бұл өңірлердегі топонимдердің шағын тобы жұптық мағынадағы сөздер арқылы жасалған. Мысалы: *Егізкөл* — көл, Көкш. обл.; *Егізен* — тау, *Егізқара* — тау, *Егізқойтас* — елді мекен, *Егізтөбе* — тау, Жезк. обл. т. б.

Қос сөзі арқылы жасалған топонимдер: *Қосарал* — жер, *Қосжалтыркөл, Қоскөл* — көл, Қост. обл.; *Қосқарағай* — жер, *Қосқона* — жер. *Қоскөл* — жер, Цел. обл.

Бір сан есімінің синонимі *жалғыз* сөзі арқылы жасалған топоним өте сирек кездеседі: *Жалғызқайың* — жер, Көкш. обл.

Жоғарыдағы мысалдар Орталық Қазақстан топонимдерінің сан есімдер негізінде аз жасалатынын көрсетеді:

Реттік сан есім арқылы жасалған топонимдердің көбі тікелей объектінің санына байланысты болып келсе, кейбіреулерінің мағынасы әдет-ғұрып, салт-санамен, немесе басқаша бір ұғыммен байланысты ұштасып жатады. Мәселен, *Бескүшік* — тау, *Бесоба* — көне күмбез, Жезк. обл.; *Мыңқазан, Мыңшұқыр, Мыңбұлақ, Үшсарт* — көл, Целиноград облысы тәрізді топонимдік

атауларда нақтылы саннан гөрі басқаша мән бары байқалады.

Демек, сан есімдердің қатысулары арқылы жасалған топонимдердің Орталық Қазақстан топонимдері жүйесінде аздап болса да, белгілі дәрежеде орын алатыны байқалады. Олардың ішінде есептік сан есімдерден жасалған топонимдермен қатар жұптық мағынадағы сан есімдік сөздердің де орын тепкені көптеген мысалдардан анық көрінеді.

Реттік сан есімдер қатысымен жасалған топонимдер арқылы объектінің белгілі бір атауыш заттың нақтылы санымен байланысты екенін аңғарамыз. Ал «үш», «жеті», «тоғыз» сандарымен байланысты топонимдердің көбі халық әдет-ғұрпы мен дәстүріне байланысты қойылып отырғандығы байқалады. Олар біріккен тұлғалы топонимдер құрамында кеп «арқаулық», «матастырғыш» функция атқарады. Ал жұптық мағыналы *егіз*, *қос* сияқты сөздер арқылы жасалған біріккен тұлғалы топонимдер объектінің екеу екенін не қатар тұрғанын көрсетеді, кейде әлдебір мотивпен де байланысты бол келеді.

Етістік тұлғаларының қатысы арқылы жасалған топонимдер

Морфологиялық құрылымына қарай жіктеп, саралау барысында зерттеліп отырған аймақтағы топонимдердің сөз таптарынан жасалу жүйесі бірдей еместігін байқаймыз. Сан есім, үстеу сияқты сөз таптарынан жасалған топонимдерге қарағанда, бұл өлкеде етістіктер мен етістік тұлғалы сөздердің қатысуы арқылы жасалған топонимдер дара, біріккен және күрделі тұлғаларда кездеседі. Олардың ішінде етістіктің ашық рай тұлғаларымен қатар көсемше тұлғаларымен келетін топонимдер де аз емес.

Етістік тұлғалы топонимдер тек Қазақстан топонимдеріне ғана тән құбылыс емес, олардың басқа да түркі тілдері топонимдерінің жүйесінде бары кейбір топонимстер еңбегінде бұрыннан айтылып келе жатқаны мәлім³.

Қостанай және Көкшетау облыстарындағы етістікті

³ *Саттаров Г. Ф.* Отглагольные антропонимы в татарском языке // Ономастика Поволжья. 3. Уфа, 1973. С. 41—48; *Молчанова О. Т.* О глагольных формах алтайской топонимии // Языки и топонимия, 2. Томск, 1976. С. 214—219.

топонимдер жайында А. Битанова мен О. Султаньяев мақалаларында айтылған пікірлер мен аталған мысалдар етістік тұлғалы топонимдердің өзіндік ерекшелікке не екендігін көрсетеді⁴.

О. Султаньяев аталған мақаласында Көкшетау облысындағы етістікті топонимдердің сипатын анықтаған. Ол жинап, зерттеген 3143 топонимнің 214-і (яғни 6,8%) етістікті топоним екені, ал осы облыстың Көкшетау, Володар аудандарынан жиналған 1197 микротопонимнің ішінде 196-сы (16%-тен аса) етістікті топонимдер екені дәлелденді. Ал *-қан*, *-кен* формаларымен келетін топонимдер саны, оның көрсетуінше 155 (яғни 79%)⁵.

Біз қолда бар 16 мың топонимдік материалдарды жіктегенімізде, олардың ішінде 1233 етістікті топонимдердің бар екенін анықтадық.

Етістікті топонимдерді ішінара топтағанда: а) нағыз етістіктен жасалған топонимдер; б) қатыстық (жартылай) етістік тұлғалардан жасалған топонимдер бары байқалады. Жоғарыда көрсетілген (1233) етістікті топонимдердің ішінде дара тұлғалылар — 13, 14 объектінің аты ретінде кездесетін, біріккен немесе екі құрамды етістік топонимдер — 99 (99 объект), үшқұрамды топонимдер — 13 (16 объект).

Осы көрсетілгендердің ішіндегі дара тұлғалы етістіктен жасалған топонимдер: *Қозған* — көл, Цел. обл. *Атна* — қыст., Қост. обл., *Тұсқан* — саз, Цел. обл. *Келді* — өзен; *Табылды* — өзен, Қост. обл., *Қайнар* — сай, Цел. обл.; *Табу* — шатқ., Қост. обл., *Кепкен* — тау, Жезк. обл. *Күйген* — қыст., *Күркірей* — бұлақ, *Кемір* — сай, Жезк. обл. т. т.

Екі құрамды топонимдердің бірінші құрамы зат есім, сын есімдерден келеді де, менгеруші (негізгі) компонент етістіктен болады. Мысалдар: *Итемген* — көл, *Нарөлген* — жер, Цел. обл.; *Есекқырылған* — құм, *Торғайқазған* — құдық, Жезк. обл.; *Тайсойған* — жер, Қост. обл.; *Балакескен* — тау, *Қалмаққырған* — тау, *Майтөккен* — көл, Павл. обл.; *Қасқыратқан* — шатқал, *Түйешөккен* — елді мекен, *Терісаққан* — өзен, Цел. обл.; *Айтуған* — қыстау, *Арбақонған* — тау, *Биебайлаған* — қыстау, *Бұзаужеген* — көл, *Қайыққалған* — көл, *Сүтемген* —

⁴ Султаньяев О. А. Из наблюдений над глагольными названиями Кокчетавской области // Филологический сборник. Алма-Ата, 1967. Вып. VI, VII. С. 430.

⁵ Сонда. 432-б.

елді мекен, Қост. обл.; *Биесойған* — көл, *Атбайлағи* — шатқал, Көкш. обл.; *Қарынсалды* — өзен, *Тастысалды* — өзен, Қост. обл.; *Оқжетпес* — тау, *Ешкіөлмес* — елді мекен, Көкш. обл.; *Құланөтпес* — өзен, Цел. обл.; *Күмкешу* — елді мекен, *Атжек* — өзен, Цел. обл.; *Айғырушқан* — тау, *Арқарқамалған* — тау, *Атсуытқан* — сай, *Жезқазған* — қала, *Күнтимес* — тау, *Қашқансу* — жыра, Жезқ. обл.; *Жүзжасар* — елді мекен, *Жылқыбақ* — зират, Жез. обл.; *Ұзынқашқан* — өзен, Цел. обл. т. т.

Жоғарыда аталған дара және біріккен тұлғалы топонимдерде есімшенің *-ған*, *-ген*, *-қан*, *-кен* формалары басым екенін анық көреміз. Бұлар арқылы жасалған топонимдер — күллі түркі тілдеріне ортақ, мейлінше кең тараған тәсіл.

Үш сөз арқылы, оның бірі етістік болып келетін топонимдер өте аз. Мысалы: *Үлкентабаққалған* — тау, Жезқ. обл.; *Балакескенсор* — елді мекен, Павл. обл.; *Қасқаатөлген* — көл, Цел. обл.; *Итқырылғансор* — көл, Қост. обл.; *Айтуғансай* — село, *Көкатсойған* — бұлақ, Жез. обл. т. т.

Есімшенің *-ар*, *-ер* формалары және оның синонимдері арқылы жасалған топонимдер де бұл өлкеде өте сирек кездеседі. Бұл формалар дара тұлғалы топонимдерде де, екі құрамды топонимдерде де кездесіп отырады. *Қайнар* — сай, *Атбасар* — с/с., *Байбасар* — елді мекен, *Таубұзар* — өзен, Цел. обл.; *Жүзжасар* — елді мекен, Жезқ. обл.

Етістіктің өткен шақ формасы *-ды*, *-ді*, *-ты*, *-ті* арқылы жасалған топонимдер бұл өлкеде санаулы ғана. Олар, негізінен Торғай, Целиноград облысы топонимдері құрамында ғана бар. Мысалы: *Жолболды* — елді мекен, Цел. обл., *Келді* — өзен, *Қарынсалды* — өзен, шатқал, *Табылды* — өзен, Қост. обл.; *Қойкелді* — елді мекен, Цел. обл. Сондай-ақ етістіктің бұйрық рай тұлғасымен келетін топонимдер саны да тым аз. Олар: *Атжек* — өзен, Цел. обл.; *Жылқыбақ* — зират, Жез. обл.

Етістіктен жасалған топонимдер зағ есім, сын есімдерден жасалған топонимдерден гөрі аз. Олардың ішінде нағыз етістіктен жасалған топонимдерден гөрі етістік тұлғалы сөздерден жасалған топонимдер, көбіне есімшенің *-ған*, *-ген*, *-қан*, *-кен*, *-ар*, *-ер* формалары арқылы жасалып, сол жер аты ретінде аталып отырған жердегі іс-әрекет, жай-жағдай, белгілі бір болған оқиғадан мағлұмат береді.

Орталық Қазақстан топонимдерінің жасалуында лексика-синтаксистік тәсіл арқылы жасалу үлгісіндегілер басым. Оларды синтаксистік құрылысына қарай бірнеше топқа бөліп қарауға болады. Кейде олар біріккен тұлғалы болып келсе, енді бірде екі не үш сөзден жасалып, бөлек жазылатын күрделі топонимдер болып келеді. Мұндай күрделі, біріккен тұлғалы немесе құрамды топонимдердің сыңарларын анықтау нәтижесінде олардың синтаксистік қарым-қатысын сипаттай аламыз.

Құрамды топонимдерді екі топқа: **анықтауыш, есім конструкциялы топонимдер** деп екі топқа бөліп қараймыз.

1. Анықтауыш конструкциялы топонимдер. Бұл синтаксистік құрылыста келетін топонимдер негізінде екі компоненттің қосылуынан немесе тіркесе бөлек жазылу арқылы жасалады да ішінара бірнеше топқа жіктеледі:

1) синтаксистік тіркесте келген топонимдердің бірінші компоненттері анықтауыш тұлғада келетін конструкциялар:

а) изафеттік тіркестің бірінші жағы арқылы жасалған тіркес топонимдер: Мәселен, *Айыркөл* — жер, Қост. обл., *Айыртау* — жер, Целин. обл.; *Ақбастау* — бұлақ, Қар. обл.; *Алабота* — көл, Қост. обл.

б) екі есім қатар келгенде, бірінші сыңардағы анықтауыш тұлға сын есім қосымшасымен жұмсалатын тіркес атаулар: *Ағаштыкөл* — көл, Қост. обл.; *Балықтыкөл* — көл, Жезқ. обл., *Баяндысай* — жер, Көкш. обл., *Борлыкөл* — көл, Цел. обл., *Егіндібұлақ* — жер, Қар. обл., *Жарлыкөл* — жер, Цел. обл., *Желдіадыр* — жер, Қар. обл., *Қияқтықұдық* — құд., Павл. обл., *Жолдыөзек* — жер, Солт. Қаз. обл., *Күмістікөл* — көл, Қар. обл. т. б.

2) тәуелдік жалғаулы синтаксистік қатыстағы топонимдер:

а) изафеттің (тәуелдік жалғауының) үшінші жағы арқылы келетін синтаксистік құрылыстағы топонимдер. Мәселен, *Қайыпмергеннің Қарасуы* — сай, Қар. обл., *Қызылту совхозының 3-ші фермасы*, Жезқ. обл.

б) изафеттік (тәуелдік жалғауының) екінші жағымен келетін тіркес топонимдер (бұл тіркес бойынша оның екінші сыңары тәуелдік жалғауының үшінші жағында тұрады). Мәселен, *Жантай соры*, Көкш. обл.; *Тастыбай шоғы* — жер, Қост. обл.; *Ақылбай асуы* — жер, Көкш. обл.; *Қазанбасы* — ст., Қост. обл.; *Өтеген көлі* — көл,

Көкш. обл.; *Жанғожа көлі* — көл, Қост. обл.; *Қасқа аңғары* — Жезк. обл.

II. Құрамында сан есімдер қатысуы арқылы жасалатын тіркес топонимдердің бірінші құрамы яғни анықтауыш конструкциясы есептік сан есімдерден немесе сандық мәндегі үстеулерден келеді. Мәселен, *Бесқарағай* — жер, Қост. обл.; *Бестерек* — жер, *Бесүй* — жер, *Егізкөл* — көл, Көкш. обл.; *Екішек* — жер, *Екібастұз* — қала, Павл. обл.; *Екіқұлын* — жер, *Жүзшапқан* — жер, Көкш. обл.; *Жетіқара* — село, *Қосжалтыр* — көл, Қост. обл.; *Қосқона* — жер, Цел. обл.; *Қосжарық* — жер, Көкш. обл.; *Мыңадыр* — ст., Қар. обл.; *Үшқамыс* — жер.

1) белгілі бір затқа ұқсату, теңеу арқылы синтаксистік тіркесте жасалған топонимдер көбіне тәуелдік жалғауының бірінші жақ тұлғасында тұрып, үнемі бірге жазылады. Мәселен, *Айғыржал* — ст., Сем. обл.; *Арыстанкөл* — көл, *Аққарға* — жер, *Бүйректал* — жер, Қост. обл.; *Алтынкөл* — көл, Көкш. обл.; *Күміскұдық* — жер, Қар. обл.; *Қоржынкөл* — көл, Цел. обл.; *Шаракөл* — көл, *Құсмұрын* — ст., Қост. обл.; *Сабынкөл* — көл, Павл. обл.; *Қыземшек* — тау, Қост. обл.; *Теміртау* — қала.

2) құрамында үш сөздің тіркесуі арқылы жасалып, белгілі бір объектінің атын білдіретін атаулар:

а) үш есім сөздің жалғау, жұрнақсыз тіркесуі арқылы жасалған топонимдер: *Ақтүйесай* — жер, Көкш. обл.; *Алтыбайсор* — көл, Павл. обл.; *Ащы Алакөл* — көл, *Ащытасты* — өзен, Қост. обл.; *Екібастұз* — қала, Павл. обл.; *Жақсы Алакөл*, *Жаман Алакөл* — көл, *Қарақұдықсор* — көл, Қост. обл.; *Қазгородок* — пос. Көкш. обл.

б) құрамындағы үш есім сөз атау тұлғада тұрып, екіншісі сын есім косымшасымен келген синтаксистік құрылыстағы топонимдер: *Қарақоғалытал* — көл, *Ақшижал* — қорғ. Павл. обл.; *Ащытасты-Торғай* — өзен, Қост. обл.; *Көкбектіой* — шатқ. Жезк. обл.; *Үлкен Ащылы* — өзек, өзен, Цел. обл. т. б.;

III. Құрамындағы үш есім сөз атау тұлғада тұрып жасалған конструкциялы топонимдер:

а) құрамындағы есім сөздер атау күйіндегі топонимдер: *Балабайсор* — көл, *Жәнібекшалқар* — көл, Цел. обл.; *Көкалаат* — жер, Қост. обл.; *Көксеңгірсор* — көл. Көкш. обл.; *Қарабастұз* — көл, Сем. обл.; *Қарақұдықсор* — көл, Қост. обл.; *Қырықүйсай* — жер, Көкш. обл. *Сарыпанөзек* — өзен. Цел. обл.

б) құрамындағы есім сөздер атау күйінде тұрып.

үшінші компоненті ғана тәуелдік жалғауының 3-жағында келетін топонимдер: *Бектеміршоғы, Тастыбайшоғы* — жер, Көкш. обл., *Жосабай алтын кені* — кен орны, Жезк. обл.;

в) құрамындағы есім сөздердің біріншісі сын есім жұрнағымен, ал үшіншісі тәуелдік жалғауының үшінші жағын пемденген топонимдер: *Дулығалы Жыланшық өзені, Айылындыжан шоқы, Жезді су қоймасы, Жоғарғы Кеңгір бөгені*, Жезк. обл.

IV. Құрамындағы үш есім сөздің біріншісі анықтауыш, екіншісі ұқсату, балау мәніндегі есім сөз, ал үшіншісі атау тұлғалы зат есім ретінде келетін конструкциялы топонимдер: *Белдеуқарағанды* — сай, шатқ., *Жаманайыр тау* — тау, Жезк. обл.; *Қараағаш* — с. Цел. обл.;

V. Құрамындағы үш есім сөздердің бірінші сыңарлары сан есімнен келетін конструкциялы топонимдер: *Алтыбайсор* — көл, Цел. обл.; *Қырықұйсай* — жер, Көкш. обл.; *Егізқойтас* — мекен, Жезк. обл.;

VI. Құрамында сан есім тәуелдік жалғауында келіп үш сөзден тіркесе жасалған топонимдер: (бұл конструкция үлгісі бойынша, бірінші сыңар сан есім, екінші сөз тәуелдік жалғауда, ал үшінші сыңар тәуелдік жалғауының 3-жағында тұрады);

VII. Бұл конструкциялы топонимдерде предикативті және анықтаушы синтаксистік қатыстағы моделді нұсқа тән. Ондай конструкциядағы топонимдер үш сыңардан тұрады, оның бірінші сыңары анықтауыш та, үшінші сыңары анықтаушы есім, ал екінші сыңары — етістік тұлғалы сөз. Мәселен, *Балаақжал* — өз. *Бұқабайадыр* — дөңес, *Бала терісаққан* — өзен, *Дінбайқойтас* — тау, Жезк. обл.; *Жаманқарабас* — с/х Цел. обл.

VIII. Үш не төрт құрамды топонимдердің жасалу срекшеліктеріне байланысты синтаксистік конструкциялардың заңдылықтары біркелкі емес, әртекті болып келетінін байқатады.

Сонымен Орталық Қазақстанның құрамды топонимдерін зерттеу барысында бес түрлі: анықтауышты, тәуелдікті, предикативті, сандық және ұқсату, балау сияқты синтаксистік қатынастың бары анықталды. Бұлар тек жер-су аттарында ғана емес, қазіргі түркі тілдеріндегі сөз тіркестері мен сөйлемдерде де жиі ұшырайды. Олардың грамматикалық формалары да тіл өмірінде жиі кездесіп отырады. Тілдік нормадан ауытқитындар — тек қана басқа тілдерден енген топонимдер.

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН ТОПОНИМДЕРІНІҢ ТРАНСКРИПЦИЯ МӘСЕЛЕСІ

Республикамыздың ұланғайыр, кең-байтақ жерінде мыңдаған, тіптен миллиондаған географиялық атаулар (топонимдер) бар. Олардың баршасы да ана тіліміздің орфографиялық заңына сай, әдеби тіл нормасы бойынша жазылып, күнделікті тұрмыста кеңінен қолданыс табады.

Бұл топонимдердің негізгілері санатына енетіндері: қалалар мен қала типіндегі поселкелер, селолар мен селсовет, аудан орталықтары, ірі кен орындары мен байланыс, почта бөлімдері, темір жол станциялары мен шаруашылық салаларында мәні зор ірілі-ұсақты көлдер мен өзендер және тау атаулары карталарда тұтас берілген.

Қазақстан жер-су аттарын орыс тілінде жазу және транскрипциялау мәселесінің ғылыми әрі практикалық тұрғыдан мәні зор.

Алайда көптеген оқулықтар мен оқу құралдарында, баспасөз орындары мен өнеркәсіптік мекемелерде, облыстық, республикалық әкімшілік территориялық карталар мен ірі масштабты карталарда, географиялық әдебиеттер мен алуан түрлі анықтағыштарда Қазақстан географиялық атаулары орыс тілінде елеулі олқылықтар мен кемшіліктерге ұшырап, әртүрлі жазылып жүр.

СССР Министрлер Советі жанындағы Геодезия және Картография Бас басқармасының 1972 ж. «Қазақ ССР географиялық атауларының орысша жазылуы жайлы инструкциясы» республикамыздағы жер-су аттарының орысша жазылуын бір ізге келтіруге арналған бірден-бір басты құрал болып табылады.

Ғылыми негізге сүйеніп жасалған осындай тиянақты инструкция бола тұра, көптеген жер-су аттары орысша дұрыс жазылмай, көбіне бұрмаланып берілуде. Мәселен, Талдыузек (Талдыөзек) — село, Сарозек (Сарыөзек) — станция, Жуантубе (Жуантөбе) — село, Дюрментюбе (Диірментөбе) — поселке т. б.

Байқоңыр, Байқоңур (Байқоңыр) өзен, село, Қиши Карой (Кіші Қараой) — көл, Қараой (Қараой) — поселке, Саумалколь (Саумалкөл) — көл, Егіндыкуль (Егіндікөл) — поселке, Берлик (Бірлік) — село, Бирлик (Бірлік) — село, Боректы (Бүйректі) тау, Берчогуыр (Біршоғыр) — село, Енбек (Еңбек) — село, Энбек (Еңбек) — село тип. елді мекен, Исен — Аман (Есенаман) — өзен. Мұндай алалықтар географиялық терминдердің орысша жазылуында да жиі кездесіп отырады. Мәселен, *жайлау (джайлау), орман (урман), адыр (адир), жота (жута, шоки, чуки), қырат (кират), (төбе, тубе)* т. б.

Қате жазылған географиялық атаулар Орталық Қазақстан облыстарының әкімшілік-территориялық карталарында да аз емес. Бұлар, негізінен қазақ тіліндегі географиялық атауларды орысша таңбалауда (жазуда) негізгі инструкция ережелерін мұқият басшылыққа алмағандықтан туған жайттар. Ондай кемшіліктер, көбіне қазақ дыбыстарын орысша бұрыс таңбалаумен және сөз мағыналарын дұрыс түсінбеуден, болмаса жергілікті тілдегі атауды тілге бейімдеп жаза салумен байланысты болған. Ең басты кемшілік — ұлт тіліндегі жер-су аттарын орысша таңбалауда профессионал тілші ғалымдардың араласпауынан болып отыр.

Орталық Қазақстан географиялық атауларын орысша жазуда кеткен кемшіліктер мен алалықтарды төрт түрлі жікке бөліп қарауға болады. Олар: 1) ана тіліндегі жер-су аттарын орысшасында бұрмалап, қате жазу; 2) ана тіліндегі жер-су аттарын орысша таңбалауда дыбыстық сәйкестікке ден қоймай, қате таңбалау; 3) ана тіліндегі бір атауды орыс тілінде екі не үш түрлі жазу; 4) ана тіліндегі біріккен тұлғалы атауларды орысша жазылуында дефис не сызықша (тире) арқылы бөлек жазу. Енді мәселенің анық-қанығына көз жеткізу үшін олардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталайық.

1. Ана тіліндегі жер-су аттарын орысша бұрмалап, қате жазу. Бұл топқа тән жер-су аттары Орталық Қазақстанда да аз емес. Сондықтан олардың бәріне тоқталып жатпастан, тек бастыларын ғана көрсетеміз. Бұл ретте

ең алдымен географиялық атаудың орысша жазылуы, ал жақша ішінде қазақша нұсқасы, содан соң объектінің түрі, одан кейін аудан және облысы көрсетіледі. Оны былайша бердік.

Бугутсай (Бөгетсай) — көл, Булюк (Бөлк) — жер, Арқалық ауд. Қост. обл.; Бюрюктал (Бүйректал) — өзен, Жаңадала ауд., Ашшошоко (Ащы шоқы) — қырқа, Ақадыр ауд. Жез. обл.; Верхбай (Берікбай) — село тип. елді мекен, Павл. обл.; Брали (Бірәлі) — қыстау, Амангелді ауд.; Дингелексор (Дөңгелексор) — көл, Жангелдин ауд., Қошқумбай (Көшкімбай) — қыр, Қушоко (Қушоқы) — тау, Соукбас (Суықбас) — тау, Солюкті (Сүлікті) — жер, Арқалық ауд. Қост. обл., Стомген (Сүтемген) — елді мекен, Жаңадала ауд.; Муялды (Мойылды) с/с. орт. Павл. ауд. Павл. обл.; Кивенек-эсене (Кебенек-еспе) — өзен, Ақтоғай ауд. Жез. обл.; Косово (Қособа) — тау, Жаңарқа ауд.; Көмчуб (Көкшөп) — көл, Ақадыр ауд. Жезк. обл.; Богулюқы (Бүгелікті) — қырат, Теңіз ауд. Цел. обл.; Бугут (Бөгет) — село, елді мекен, Қорғалжын ауд., Цел. обл.; Биг (Биік) — жота, Жезк. обл.; Благантобе (Бұлғынтөбе) — қырат, Ақадыр ауд.; Дансары (Дөңсары) — көл, Ұлытау ауд., Янашкүдук (Жалаңашкүдық) құдық, Шет ауд.; Кюкюнген (Күнкүйген) — тау, Жезді ауд., Сюнь (Сүйін) — тау, Ұлытау ауд.; Шовек (Шөбек) — қыр, Приозерный ауд., Чол (Шөл) — жота, Жезді ауд., Шленбай (Шүленбай) — елді мекен, Ақтоғай ауд., Усгырлытау (Ызгырлытау) — тау, Жезді ауд.; Шваровка (Шұбароба) — тау, Ақадыр ауд. Жез. обл. т. т.

2. Ана тіліндегі жер-су аттарын жазуда дыбыстық сәйкестікті сақтамау. 1972 жылы жарық көрген «Қазақ ССР географиялық атауларының орысша жазылуы жайлы инструкцияда» қазақ тілінің дауысты, дауыссыз дыбыстарының орыс тілінде таңбалануы жайлы нақтылы ереже берілген еді. Бұл заңды ережені өрескел бұрмалаушылық Орталық Қазақстан жер-су аттарын жазуда жиі кездеседі.

Ереженің дауысты дыбыстарды таңбалау туралы пунктінде: *а, е, и, о, у, я* дауысты дыбыстары орыс тілінің осы дауысты дыбыстары арқылы таңбаланады деп көрсетілген. Алайда бұл ережені бұрмалаушылық мына төмендегі жер-су аттарының орысша жазылуында айқын көрініп тұр.

1. Қазақ тіліндегі *a, ы* дауысты дыбыстарын орыс тілінде *e* дыбысымен таңбалаған мысалдар:

Жемантуз (Жамантұз) — поселке, Желанды (Жыланды) — тау, Зеренді ауд. Көкш. обл.; Женғылды (Жыңғылды) — сай, Ұлытау ауд., Жезк. обл.

2. Қазақ тіліндегі *o, ө* дауыстыларын орыс тіліндегі *o* дауыстысымен таңбалау орнына, орыс тіліндегі *y, а* дауыстыларымен берушілік бар. Мысалы: Куянды (Қоянды) — жер, Көкш. обл., Касағал (Қосағал) — көл, Дзержинск ауд. Жезк. обл., Байбусын (Байбосын) — тау. Қар. обл. Куянды—Куль (Қояндыкөл), Зеренді ауд. Көкш. обл. т. б.

3. Қазақ тіліндегі дауысты *e* орыс тілінде де өзгермей дауысты *e* дыбысымен таңбалану керек. Бірақта *и* дауысты дыбысымен беруге бой ұрушылық кездеседі. Мысалы: Исень (Есен) — өзен, Мичурин ауд., Қар. обл., Ирюбай (Ерубай) — жер, Жаңаарқа ауд. Жезк. обл., Жангильды (Жангелді) — өзен, Павл. обл., Сисимбай (Сейсенбай) — елді мекен, Жанг. ауд. Қост. обл.

4. Қазақ тіліндегі *ұ, ү* дыбыстары орыс тілінде *y* дауыстысы арқылы берілу керек. Бірақ та бұл ережені бұзушылық жиі ұшырайды. Мысалы: Бызаутөбе (Бұзаутөбе) — тау, Шет ауд. Зортуольке (Зортүлкі) — тау, Жаңаарқа ауд., Тюеко́ра (Түйеко́ра) — сай, Ақтоғай ауд. Жезк. обл.; Ақбюрат (Ақбүйрат), Бюреқты (Бүйректі) — таулар, Қар. обл.

5. Қазақ тілінің дауысты *ы* дыбысы орыс тілінің дауысты *ы* дыбысы арқылы беріледі деген ережені ескермеу де кездеседі. Мысалы: Узунсор (Ұзынсор) — тау, Жангелдин ауд., Сулаалакөл (Сулыалакөл) — көл, Аманг. ауд. Қост. обл., Сымтас (Сымтас) — сай, Жезді ауд., Жезк. обл., Жиланды (Жыланды) — жер, Көкш. обл., Женғылды (Жыңғылды) — сай, Ұлытау ауд., Донгуз (Доңыз) — сай, Жезді ауд., Ашшо — Шоко (Ащышоқы) — адыр, Ақадыр ауд., Жезд. обл. т. т.

6. Ереже бойынша, қазақ тілінің дауысты дыбысы *i* орыс тілінің *и* дыбысы арқылы таңбаланбай, *т. д* дыбыстарынан соң орыс тілінде *ы* дыбысы арқылы таңбалану керек. Бірақта, көптеген топонимдерді орысша жазуда бұл ереже сақталмай отыр. Мысалы: Бырәли (Бірәлі) — қыстау, Аманг. ауд., Бырсуат (Бірсуат) елді мекен, Жаңадала ауд., Қост. обл., Бырунак (Біройнак) тау, Жезді ауд. Жыгерлі (Жігерлі) — к/з, Жезді ауд., Егендыкөл

(Егіндікөл) — көл, Жанг. ауд. Қост. обл., Жұнды (Жұнді) — тау, Ақтоғай ауд., Жезқ. обл.

7. Инструкцияда қазақ тіліндегі *о, ө* дауыстылары орыс тілінде тек қана *о* дыбысы арқылы таңбаланады делінген. Бірақта топонимдердің орысша жазылуына бұл ереже сақталмаған. Мысалы: Ундирис (Өндіріс) — жер, Көкш. обл.; Қумузек (Құмөзек) — өзен, Құланутмес (Құланөтпес) — өзен, Қар. обл.; Бугутсай (Бөгетсай) көл, Арқалық ауд.; Дунгулексор (Дөңгелексор) — сай, Жанг. ауд. Қост. обл.; Тюрешат (Төрешат) — тау, Приозерн. ауд. Жезқ. обл.; Кок—узек (Көкөзек) — село тип. елді мекен, Қар. обл. т. б.

«Дауыссыз дыбыстардың орыс тілінде берілуі» — деген пунктте: Қазақ тіліндегі дауыссыздар *б, г, д, ж, з, к, м, н, р, с, т, ш, щ* орыс тілінің осы дыбыстары арқылы таңбаланатыны айтылған. Бұл ережеден көп ауытқу байқалмайды, алайда кейбір дауыссыз дыбыстарды орысша жазуда жаңсақтық бары көрінеді. Якханбай (Жақанбай), Яктымбай (Жақтымбай) — жоталар, Жезді ауд., Янашкудук (Жанасқұдық) — құдық, Шет ауд. Жезқ. обл.

2. Дауыссыз *б* дыбысын *в* дыбысымен таңбалау бар. Мысалы: Кевенек-эксепе (Кебенек еспе) — өзен, Ақтоғай ауд., Қавыл (Қабыл) — тау, Жезді ауд., Шовек (Шебек) — қыр, Приозер. ауд., Шваровка (Шұбароба) — тау, Ақадыр ауд., Сандвай (Сандыбай) — тау, Ұлытау ауд. Жезқ. обл. т. б.

3. Инструкцияда қазақ тіліндегі *ш* дауыссыз дыбысы орыс тілінің дауыссыз *ш* дыбысы арқылы беріледі деген ережеден де тәжірибеде ауытқушылық барын байқаймыз. Мысалы: Ақчатау (Ақшатау) — тау, Ақчий (Ақши) — қыстау, Ағадыр ауд., Ақчағыл (Ақшағыл) — сай, Приозерный ауд., Кичиксай (Кишиксай) — Жезді ауд., Чубарайгыр (Шұбарайғыр) — тау, Ағадыр ауд. Жезқ. обл., Арчалы (Аршалы) — өзен, Маринов ауд., Қосчеку (Қосшоқы) — елді мекен, село, Чан-тюбе (Шантөбе) — тау, Балқашин ауд. Цел. обл. т. б.

4. Қазақ тіліндегі орыс тілінен енген *щ* дауыссыз дыбысы орыс тілінде де сол қалпында берілуі керек еді. Бірақ нәліктен екені белгісіз, көбіне *ш* дыбысымен беріліп отырған. Мысалы: Ашшо—Шоко (Ащы шоқы) — қырка, Ақадыр ауд. Жезқ. обл., Ашилсай (Ащылысай) — бұлақ, Жанг. ауд. Қост. обл.

Инструкцияда Қазақ ССР-ідағы географиялық атаулар құрамында кездесетін номенклатуралық терминдер мен жалпы есім сөздердің орыс тіліндегі транскрипциясы толық та дұрыс берілген. Біз сөз етіп отырған Орталық Қазақстан топонимдері құрамында кездесетін географиялық терминдер мен жалпы есім сөздердің орысша таңбалануында (жазылуында) аз да болса алалықтың ізі байқалады. Мәселен, инструкцияда орысша *донгелек* (қазақшасы дөңгелек), *жайлау* (жайлау), *коль* (көл), *коныр* (қоныр), *корган* (қорған), *коян* (қоян), *мола* (мола), *мурын* (мұрын), *озен* (өзен), *ольке* (өлке), *те-нис* (теңіз), *тобе* (төбе), *тумсык* (тұмсық), *узын* (ұзын), *шагыл* (шағыл), *шалкар* (шалқар), *шоки* (шоқы), *шии* (ши), *шоль* (шөл), *шин* (шың) болып берілген.

Инструкцияда көрсетілген номенклатуралық терминдер мен жалпы есім сөздердің орысша қате, екіұшты жазылуына мысал келтірейік: Дунгелексор, Дунгулюксор (Дөңгелексор) — көл, Жангелдин ауд. Қост. обл.; Байту-куль (Байтукөл) — көл, Астрахан ауд. Цел. обл.; Бол. Кур-куль (Үлкен Құркөл) — көл, Зеренді ауд., Жезк. обл.; Косчеку (Қосшоқы) — елді мекен, Цел. обл.; Ашшо—Шоко (Ашы шоқы) — қырқа, Жезк. обл.; Кокузек (Көкөзек) — село тип. елді мекен, Қар. обл.; Куянды-Куль (Қоянды көл) — Зеренді ауд., Көкш. обл.; Кызыл-Тюбе (Қызылтөбе) — төбе, Сар-Тюбе (Сарытөбе) — Жанг. ауд. Қост. обл.; Акчагыл (Ақшағыл) — сай, Приозерный ауд., Акчий (Ақши) — қыстау, Ағадыр ауд.; Чол (Шөл) — жота, Жезді ауд. Жезк. обл.; Узунсор (Ұзынсор) — тау, Жангелдин ауд. Қост. обл. т. б.

Орталық Қазақстандағы географиялық атаулардың орысша транскрипциялануымен байланысты қате жазылған нұсқаларын өз алдына жинап, олардың дұрыс жазылуы туралы ұсыныстарымызды көрсетуді жөн көрдік.

Жиналған материалдарды мына төмендегі кестемен көрсеттік. Бірінші бағанада орысша қате, бұрыс таңбаланған топонимдерді, екінші бағанада ана тіліндегі жазылу нұсқасын, ал үшінші. бағанада орысша дұрыс таңбалану (жазылу) үлгісін бердік.

Облыс карталарындағы топонимдер

Облыс картасындағы топонимдердің орысша бұрыс жазылғандары	топонимдердің қазақша жазылу нұсқасы	қазақ топонимдерінің орысша осы үлгіде жазылуы туралы ұсыныс
--	--------------------------------------	--

Көкшетау облысы бойынша

Арык-Балык — елді мекен, Зеренді ауд.	Арықбалык	Арықбалык
Ак-Булак — елді мекен, Зеренді ауд.	Ақбұлақ	Ақбулак
Ащиколь — елді мекен, Ленинград ауд.	Ащыкөл	Ащиколь
Жаксы-Жангызтау — тау, Арықбалык ауд.	Жақсы Жалғызтау	Жақсы Жалғызтау
Якши-Янгызтау — с/с, Чистопол ауд.	Жақсы Жалғызтау	Жақсы Жалғызтау
Желанды — тау, Зеренді ауд.	Жыланды	Жиланды
Куянды-куль, Зеренді ауд.	Қояндыкөл	Қояндыколь
Кара-су — көл, Чистопол ауд.	Қарасу көл	Қарасу коль
Кара-сай — көл, Зеренді ауд.	Қарасай	Қарасай
Кара-Тау — тау, Зеренді ауд.	Қаратау	Қаратау
Кара-Булак — елді мекен, Зеренді ауд.	Қарабұлақ	Қарабулак
Кара-Шилик — елді мекен, Зеренді ауд.	Қарашілік	Қарашилик
Урнек — елді мекен, Зеренді ауд.	Өрнек	Өрнек
Ундирис — елді мекен, Қызылту ауд.	Өндіріс	Ондірис
Бол. Кур-Куль — көл, Зеренді ауд.	Үлкен Құркөл	Бол. Куркуль.

Қарағанды облысы бойынша

Аякбұлдурук — тау, Қарқаралы ауд.	Аяқбұлдырык	Аякбұлдырык
Балыкше — село тип. елді мекен, Нұра ауд.	Балықшы	Балықши
Бүйрат — төбе, Осикаров ауд.	Бүйрат	Буйрат

Алдыбай — өзен, Мичурин ауд.
Байбосын — тау, Егіндібұлақ ауд.
Бес-тюбе — төбе, Нұра ауд.
Энбек — совх., Қарқаралы ауд.
Исень — өзен, Мичурин ауд.
Жай-Қопа — өзен, Нұра ауд.
Кара-коль — өзен, Молодежный ауд.
Кюймак — өзен, Осакаров ауд.
Қулап-Утпес — село тип. елді мекен.
Күмузек — өзен, Нұра ауд.
Семиз-Бугы — елді мекен, Ульянов ауд.

Әділбай
Байбосын
Бестөбе
Енбек
Есен
Жайқопа
Қаракөл
Құймақ
Құланөтпес
Құмөзек
Семізбұғы

Адильбай
Байбосын
Бестөбе
Енбек
Есен
Жайқопа
Қаракөл
Куймак
Куланотпес
Кумозек
Семизбугы

Павлодар облысы бойынша

Айғыркунган — тау, Баянауыл ауд.
Ақпет — тау, Лебяжі ауд.
Абылькас — елді мекен, Ермак ауд.
Верхбай — село тип. елді мекен.
Бошакүль — темір жол ст. Краснокут. ауд.
Брлик — сельсовет, Баянауыл ауд.
Жабагалы — елді мекен, Лебяжі ауд.
Жангызағаш — елді мекен, Павлодар ауд.
Жангельды — өзен, Шарбақты ауд.
Жылбулак — с/с орт., Шарбақты ауд.
Кокуйрым — өзен, Лебяжі ауд.
Қындықты — жазық дала, Ермак ауд.
Қыймалы — қыст., Лебяжі ауд.

Айғырқонған
Ақбет
Әбілқас
Берікбай
Бозшакөл
Бірлік
Жабағылы
Жалғызағаш
Жангелді
Жылыбұлақ
Көкүйрім
Кіндікті
Қималы

Айғырқонган
Ақбет
Абылькас
Берикбай
Бозшаколь
Бирлик
Жабағылы
Жалгызагаш
Жангельды
Жилыбулак
Кокуйрим
Киндикты
Қималы

Мынкуль — темір жол ст.
Муялды — с/с орт., Павлодар ауд.
Талдыузек — құр. өзен, Лебяжі ауд.
Телеумбет — тау, Баянауыл ауд.
Тобылгасор — өзен, Шарбақты ауд.
Улутобе — тау, Баянауыл ауд.
Урлютобе — село, Железинка ауд.
Чидерты — темір жол ст., Екібастұз ауд.
Щербактинск. — ауд. орт., Шарбақты ауд.
Шурексор — көл, Ермак ауд.

Қостанай облысы

Айгержал — тау, Аманг. ауд.
Айт-жан — елді мекен, Қима ауд.
Акбиденк — қыст. Жанг. ауд.
Акутколь — елді мекен, Жанг. ауд.
Ак-чеку — төбе, Амантоғай ауд.
Алакуль — тау, Жанг. ауд.
Арчалы — тау, Амантоғай ауд.
Атутколь — қыр, Жанг. ауд.
Ашылсай — бұлақ, Жанг. ауд.
Ажбайбулак — бұлақ, Жанг. ауд.
Аживек — көл, Жанг. ауд.
Байэки — көл, Жанг. ауд.
Бай-джигит — көл, Қима ауданы
Байгабул — өзен, Аманг. ауд.

Мыңқөл
Мойылды
Талдыөзек
Тілеуімбет
Тобылғысор
Ұлытөбе
Өрлітөбе
Шідерті
Шарбақты
Шүректі

Мынколь
Мойылды
Талдыозек
Тлеумбет
Тобылгысор
Улытөбе
Урлитөбе
Шидерты
Шарбактинск
Шуректы

бойынша

Айғыржал
Айтжан
Ақбидайық
Ақөткел
Ақшоқы
Алакөл
Аршалы
Атөткел
Ащылысай
Әжібайбұлақ
Әжібек
Байеке
Байжігіт
Байғабыл

Айгыржал
Айтжан
Акбидаик
Акоткель
Акшоқы
Алаколь
Аршалы
Атоткел
Ащилысай
Ажибайбулак
Ажибек
Байеке
Байджигит
Байгабыл

- Балка—келды — жер, Жанг. ауд.
Баубиктобе — сай, Жанг. ауд.
Биспай — жер, Жанг. ауд.
Биктас — жота, Аманг. ауд.
Бугутсай — көл, Арқалық ауд.
Бүлюк — жер, Арқалық ауд.
Бюбюкай — тау, Жанг. ауд.
Бузаужиген Жанг. ауд.
Бутак—сай — тау, Амантоғай ауд.
Бюрюктал — өзен, Жаңадала ауд.
Бирюктал — сай, Арқалық ауд.
Брали — қыстау, Аманг. ауд.
Бырсуат — елді мекен, Жаңадала ауд.
Даулетпике — көл, Жанг. ауд.
Дунуз — көл, Аманг. ауд.
Дубыр — көл, Аманг. ауд.
Дубур-коль — көл, Дзержинск ауд.
Дюсен — өзен, Аманг. ауд.
Дукень-Кара-су — сай, Қима ауд.
Егенколь — көл, Жанг. ауд.
Егендыколь — көл, Жанг. ауд.
Экиаша — қыст. Аманг. ауд.
Иламан — бұлақ, Арқалық ауд.
Елипай — жыра, Жанг. ауд.
Иртисбай — елді мек. Жанг. ауд.
Жаякбай — ст. елді мек. Аманг. ауд.

Балқыкелді
Баубектөбе
Бесбай
Биіктас
Бөгетсай
Бөлек
Бүбіқай
Бұзаужеген
Бұтақсай
Бүйректал
Бүйректал
Бірәлі
Бірсуат
Дәулетбике
Доңыз
Дүбір
Дүбіркөл
Дүйсен
Дукенқарасу
Егінкөл
Егіндікөл
Екіаша
Еламан
Елібай
Ертісбай
Жайықбай

Балқыкельды
Баубектөбе
Бесбай
Биіктас
Бөгетсай
Бөлек
Бубикай
Бузаужеген
Бутаксай
Бүйректал
Бүйректал
Бирали
Бирсуат
Даулетбике
Доңыз
Дубир
Дубирколь
Дуйсен
Дүкенқарасу
Егинколь
Егиндыколь
Екиаша
Еламан
Елибай
Ертісбай
Жаикбай

Жангызтау — тау, Жанг. ауд.
Жана-жол — елді мекен, Қима ауд.
Жангизколь — көл, Жанг. ауд.
Жукесай — көл, Жанг. ауд.
Жилкобайсай — бұлақ, Аманг. ауд.
Кокулен — қыст. Аманг. ауд.
Коголен — сай, Аманг. ауд.
Кулшук-сай, Аманг. ауд.
Кошкумбай — жота, Аманг. ауд.
Кушкинбай — биік, Аманг. ауд.
Култава — бұлақ, Аманг. ауд.
Кушекбая — жер, Жанг. ауд.
Киндыктә — тау, Жанг. ауд.
Кендыкте — сай, Жанг. ауд.
Кишколь — көл, Аманг. ауд.
Кувшоко — тау, Арқалық ауд.
Қаюк-Қалған — көл, Қима ауд.
Қалдыбай бугет — сай, Жанг. ауд.
Қарабилыге — тау, Аманг. ауд.
Қара-жар — ст. елді мекен, Қима ауд.
Қарагуз — ст. елді мекен, Жезді ауд.
Қара-куга — елді мекен, Қима ауд.
Қара-қыр — тау, Амантоғай ауд.
Қара-томар — сай, Жақсы ауд.
Қара-Тюбе — жота, Жанг. ауд.
Қарашоко — төбе, Амантоғай ауд.

Жалғызтау
Жаңажол
Жалғызкөл
Жөкесай
Жылқыбайсай
Көкөлең
Көкөлең
Көлшік
Көшкінбай
Көшкінбай
Күлтөбе
Күшікбай
Кіндікті
Кіндікті
Кішікөл
Қушоқы
Қайыққалған
Қалдыбайбөгет
Қарабелгі
Қаражар
Қарагөз
Қаракоға
Қарақыр
Қаратомар
Қаратөбе
Қарашоқы

Жалғызтау
Жанажол
Жалғызкөл
Жөкесай
Жилкибайсай
Кокколен
Қсқслен
Кольчик
Қошкинбай
Қошкинбай
Қүлтөбе
Қүшикбай
Қиндикты
Қирдикты
Қишиколь
Қушоқы
Қайкқалған
Қалдыбайбогет
Қарабелги
Қаражар
Қарагөз
Қаракуға
Қаракыр
Қаратомар
Қаратөбе
Қарашоқы

- Кудар — қыст. Жанг. ауд.
Касагал — көл, Дзержинск ауд.
Кумутколь — ст. елді мекен, Аманг. ауд.
Кумшук — қыст. Жанг. ауд.
Кургак-куль — Арқалық ауд.
Қызыл-ту — колх., Қима ауд.
Мишельтам — дөн, Жанг. ауд.
Огустобе — елді мекен, Жанг. ауд.
Усуиюнь — көл, Аманг. ауд.
Сарбил — қыст. Аманг. ауд.
Сара-оба — жота, Амантоғай. ауд.
Сарыузен — өзен, Амантоғай ауд.
Сарсай-Басы — жота, Амантоғай ауд.
Сар-Тюбе, Жанг. ауд.
Сисимбай — елді мекен, Жанг. ауд.
Сеткерей — қыст. Аманг. ауд.
Сулаалаколь — көл, Аманг. ауд.
Соукбас — тау, Аманг. ауд.
Суукбулак — бұлақ, Жанг. ауд.
Солюкты — жер, Арқалық ауд.
Стомген — елді мекен, Аманг. ауд.
Талдыбюрат — бұлақ, Жанг. ауд.
Тал-сай — көл, Державин ауд.
Терс-Аккан — көл, Қима ауд.
Тумзык — сай, Қима ауд.
Тюменкудук — көл, Жанг. ауд.
Шулькумтобе — тау, Жанг. ауд.

Қодар
Қосағал
Құмөткел
Құмшық
Құрғақкөл
Қызылту
Мешелтам
Өгізтөбе
Үсейін
Сарыбел
Сарыоба
Сарыөзен
Сарысайбасы
Сарытөбе
Сейсембай
Сейіткерей
Сулыалакөл
Суықбас
Суықбұлақ
Сүлікті
Сүтемген
Талдыбұйрат
Талсай
Терісаққан
Тұмсық
Түймеқұдық
Шөлқұмтөбе

Қодар
Қосағал
Қумоткель
Қумчик
Кургакколь
Қызылту
Мешельтам
Огузтобе
Усеин
Сарыбель
Сарыоба
Сарыозен
Сарысайбасы
Сарытобе
Сейсембай
Сейткерей
Сулыалаколь
Суықбас
Суықбулак
Суликты
Сутемген
Талдыбуйрат
Талсай
Терисаккан
Тумсык
Туймекудук
Шолькумтобе

Жезқазған облысы бойынша

Авыр, Жаңаарқа ауд.	Абыр	Абыр
Айчан — бейіт, Ағадыр ауд.	Айшан	Айшан
Айлинджан — шоқы, Ағадыр ауд.	Айлындыжан	Айлиндыжан
Айыртас — елді мекен, Ақтоғай ауд.	Айыртас	Айртас
Апртас — қыстау, Ақтоғай ауд.	Айыртас	Айыртас
Ак-Джертас — Приозерный ауд.	Ақжартас	Ақжартас
Акяк — қыстау, Ақтоғай ауд.	Ақиық	Акиик
Аккыяк — жер, Жезді ауд.	Аққияқ	Ақкияк
Аккудык — құдық, Жаңаарқа ауд.	Аққұдық	Аккудук
Агулен — жер, Приозерный ауд.	Ақөлең	Аколень
Ақсайдынкаши — тау, Жезді ауд.	Ақсайдыңқасы	Ақсайдыңқасы
Актюбек — елді мекен, Жаңаарқа ауд.	Ақтүбек	Актубек
Акузун — жота, Ағадыр ауд.	Ақұзын	Акузын
Акча — тау, Жезді ауд.	Ақша	Ақша
Акчадыр — тау, Приозерный ауд.	Ақшаадыр	Ақшаадыр
Ақчағыл — жер, Приозерный ауд.	Ақшағыл	Ақшағыл
Ақчатау — қала типтес пос., Ағадыр ауд.	Ақшатау	Ақшатау
Ақ-чеку — төбе, Жаңаарқа ауд.	Ақшоқы	Ақшоқы
Ахши — қыстау, Ағадыр ауд.	Ақши	Ақший
Ақчий — айрық, Жаңаарқа ауд.	Ақши	Ақший
Ахшал — жота, Жезді ауд.	Ақшал	Ақшал
Ащыколь — көл, Ұлытау ауд.	Апшыкөл	Ащиколь
Ащыкудук — құдық, Жаңаарқа ауд.	Ащықұдық	Ащикудук

- Ащысу — дала, Жезді ауд.
Ащыөзен — құрғ. өзен, Ағадыр ауд.
Ашшо-шоко — жота, Ағадыр ауд.
Адылбай — тау, Ақтоғай ауд.
Алымбай — қыстау, Ұлытау ауд.
Аубақыр — қыстау, Жезді ауд.
Байдавлет — жер, Жезді ауд.
Байгаска — жер, Ағадыр ауд.
Байгузы — сай, Жаңаарқа ауд.
Байтюре — баст. Жезді ауд.
Басюгун — жер, Жаңаарқа ауд.
Байпше — жер, Жезді ауд.
Беспаксы — қыст., Ұлытау ауд.
Бешбакыр — жер, Ағадыр ауд.
Бескемпер — жер, Жезді ауд.
Бесмула — жер, Жезді ауд.
Бесык — жер, Ағадыр ауд.
Бесыкадыр — қыстау, Ағадыр ауд.
Бесик — Джал — сай, Приозерный ауд.
Базоба — тау, Ағадыр ауд.
Боцаколь — көл, Ұлытау ауд.
Булекнура — тау, Жезді ауд.
Бурбай — көл, Жезді ауд.
Бурубай — жер, Приозерный ауд.
Бюрбас — жер, Жезді ауд.
Бурского — жер, Ұлытау ауд.

Ащысу
Ащыөзен
Ащышоқы
Әділбай
Әлімбай
Әубәкір
Байдаулет
Байқасқа
Байғозы
Байтөре
Басүйгін
Бәйбіше
Бесбақсы
Бесбақыр
Бескемпір
Бесмола
Бесік
Бесікадыр
Бесікжал
Бозоба
Бозшакөл
Бөлекнұра
Бөрібай
Бөрібай
Бөрібас
Бөріқоға

Ащису
Ащнозен
Ащшоқы
Адильбай
Алимбай
Аубакир
Байдаулет
Байқаска
Байгозы
Байтөре
Басуйгин
Байбише
Бесбаксы
Бесбакыр
Бескемпир
Бесмола
Бесик
Бесикадыр
Бесикжал
Бозоба
Бозшаколь
Бөлекнұра
Борибай
Борибай
Борибас
Борикоға

Бургускен — құдық, Приозерный ауд.
Бузовбай — құдық, Жезді ауд.
Бузауульген — көл, Жаңаарқа ауд.
Бызаутобе — тау, Ағадыр ауд.
Бзаутобе — тау, Шет ауд.
Благунтобе — қырка, Ағадыр ауд.
Бюйрекший — құдық, Ағадыр ауд.
Быр-Кси — төбе, Приозерный ауд.
Быруйнак — тау, Жезді ауд.
Бирюк — жер, Приозерный ауд.
Гульшад — елді мекен, Приозерный ауд.
Давлетбай — жер, Жаңаарқа ауд.
Даытпай — қыстау, Жезді ауд.
Донгуз — жер, Жезді ауд.
Дониз — елді мекен, Жезді ауд.
Дунгулексор — жер, Ұлытау ауд.
Дансары — құдық, Ұлытау ауд.
Дуван — жер, Жаңаарқа ауд.
Дивана — Жаңаарқа ауд.
Дюсембай — өзен, Жезді ауд.
Дюсен — көл, Ұлытау ауд.
Дүйсембай — өзен, Жезді ауд.
Дусенбай — жер, Шет ауд.
Дюсембек — жер, Жезді ауд.
Дуванысор — сай, Приозерный ауд.
Еғыде — жер, Ұлытау ауд.

Бөрітүскен
Бұзаубай
Бұзауөлген
Бұзаутөбе
Бұзаутөбе
Бұлғынтөбе
Бүйрекші
Біркісі
Біройнақ
Бірұйық
Гүлшат
Дәулетбай
Дәуітбай
Доңыз
Доңыз
Дөңгелексор
Лөңсары
Дуан
Дуана
Дүйсенбай
Дүйсен
Дүйсенбай
Дүйсенбай
Дүйсенбек
Дуаныңсоры
Егде

Боритускен
Бузаубай
Бузауольген
Бузаутөбе
Бузаутөбе
Булғынтөбе
Бүйрекши
Биркиси
Биройнақ
Бируйық
Гульшат
Даулетбай
Даутбай
Донуз
Донуз
Донгелексор
Донсары
Дуан
Дуана
Дуйсенбай
Дуйсен
Дуйсенбай
Дуйсенбай
Дуйсенбек
Дуанынсор
Егде

- Ийгисин — қыстау, Жаңаарқа ауд.
Егызен — тау, Ұлытау ауд.
Егендыбулак — тау, Ағадыр ауд.
Егиндышоко — тау, Ұлытау ауд.
Эдил — зират, Ағадыр ауд.
Едельбай — жер, Ұлытау ауд.
Экибулак — бастау, Жезді ауд.
Экижолкудук — құдық, Ағадыр ауд.
Экикор — бейіт, Жезді ауд.
Икитобе — тау, Жезді ауд.
Икешансай — құрғ. өзен, Жезді ауд.
Эльгебек — сай, Ағадыр ауд.
Элеусыз — жер, Шет ауд.
Эльтай-Жумабек — жер, Жезді ауд.
Елюбай — жер, Жаңаарқа ауд.
Елюбек — елді мекен, ст., Ағадыр ауд.
Ельчибек — қыстау, Ақтоғай ауд.
Ельчебек — бастау, Ағадыр ауд.
Ерке—Сай — төбе, Ағадыр ауд.
Эрсалда — жер, Жезді ауд.
Ирюбай — жер, Жаңаарқа ауд.
Эримун — жер, Ағадыр ауд.
Есень — жер, Шет ауд.
Эсельбай — жер, Ағадыр ауд.
Эскикудук — құдық, Ағадыр ауд.
Эспе — құрғ. өзен, Приозерный ауд.

Игісін
Егизен
Егіндібұлақ
Егіндішоқы
Еділ
Еділбай
Екібұлақ
Екіжолқұдық
Екікер
Екітөбе
Екішаңсай
Елгебақ
Елеусіз
Елтай—Жұмабек
Елубай
Елубек
Елшібек
Елшібек
Еркесай
Ерсалды
Ерубай
Ериман
Есен
Еселбай
Ескіқұдық
Еспе

Игисин
Егизен
Егиндыбулак
Егиндышоқы
Едиль
Едильбай
Екибулак
Екижолкудук
Екикор
Екитобе
Екишансай
Ельгебак
Елеусиз
Ельтай—Жумабек
Елубай
Елубек
Ельшибек
Ельшибек
Еркесай
Ерсалды
Ерубай
Ериман
Есен
Есельбай
Ескикудук
Еспе

Эспе-Месрман — құрғ. өзен, Ағадыр ауд.
Эсельбай — жер, Ағадыр ауд.
Ешкнультмес — тау, Ағадыр ауд.
Джабалай-Ашкуль — көл, Приозерный ауд.
Жагал-Байлы — тау, Ағадыр ауд.
Жалябай — тау, Жаңаарқа ауд.
Якханбай — жота, Жезді ауд.
Яктымбай — төбе, Жезді ауд.
Жаман-Узен — өзен, Ағадыр ауд.
Жаман-Сары—Су — өзен, Ағадыр ауд.
Жамбусын — жер, Ағадыр ауд.
Жантоха — жер, Жезді ауд.
Жангызагаш — сай, Жаңаарқа ауд.
Жангызтал — қыстау, Ақтоғай ауд.
Жангиртюре — жер, Шет ауд.
Жана-кора — елді мекен, Ақтоғай ауд.
Жана-Кудук — құдық, Жезді ауд.
Жаркомбай — жер, Жезді ауд.
Жексембе — қыстау, Жаңаарқа ауд.
Жийде — құрғ. өзен, Жезді ауд.
Жиделикудык — құдық, Жаңаарқа ауд.
Жидельсай — өзен, Шет ауд.
Жиембай — өзен, Ақтоғай ауд.
Жолтөбе — тау, Жезді ауд.
Жумарт — тау, Жаңаарқа ауд.
Жусалы — құрғ. өзен, Жаңаарқа ауд.

Еспемейрман
Есілбай
Ешкіөлмес
Жабалайашкөл
Жағалбайлы
Жайлыбай
Жақанбай
Жақтымбай
Жаман өзен
Жамансарысу
Жамбосын
Жантоға
Жалғызағаш
Жалғызтал
Жәңгіртөре
Жаңақора
Жаңақұдық
Жарқымбай
Жексембі
Жиде
Жиделіқұдық
Жиделісай
Жиенбай
Жолтөбе
Жомарт
Жосалы

Еспемейрман
Есильбай
Ешкюльмес
Жабалайашколь
Жагалбайлы
Жайлыбай
Жаканбай
Жактымбай
Жаман озен
Жаман сарысу
Жамбосын
Жантога
Жалгызагаш
Жалгызтал
Жангирторе
Жанакора
Жанакудук
Жаркимбай
Жексемби
Жиде
Жиделикудук
Жиделисай
Жиенбай
Жолтобе
Жомарт
Жосалы

- Жувантобе — тау, Ағадыр ауд.
Жюндикудук — құдық, Ұлытау ауд.
Жыланбулак — сай, Жезді ауд.
Жыланды — өзен, Ұлытау ауд.
Женгыльды — сай, Ұлытау ауд.
Жиртигис — сай, Жезді ауд.
Жыгерлы — колхоз, Жезді ауд.
Янашкудук — құдық, Шет ауд.
Жиделиузен — өзен, Жезді ауд.
Зортульку — тау, Жаңаарқа ауд.
Зортульке — тау, Ұлытау ауд.
Иважан — жер, Ұлытау ауд.
Итульген — құрғ. өзен, Ақтоғай ауд.
Итмурон — төбе, Жезді ауд.
Қарымбай — қыстау, Ақтоғай ауд.
Кивенек—Эс — өзен, Ақтоғай ауд.
Кенце — елді мекен, Жезді ауд.
Кентабан — сай, Жезді ауд.
Кереге—Тас — шоқы, Ағадыр ауд.
Косова — тау, Жаңаарқа ауд.
Кугалакудук — құдық, Жезді ауд.
Кокпрюк — құдық, Жаңаарқа ауд.
Кокчуб — құдық, Ағадыр ауд.
Кульбай — өзен, Ұлытау ауд.
Кульдененсай — сай, Жезді ауд.
Комбек—Тас — тау, Ағадыр ауд.

Жуантөбе
Жүндікұдық
Жыланбұлақ
Жыланды
Жыңғылды
Жертегіс
Жігерлі
Жалаңашқұдық
Жиделиөзен
Зортүлкі
Зортүлкі
Ибажан
Итөлген
Итмұрын
Кәрімбай
Кебенек еспе
Кенсе
Кентабан
Керегетас
Қособа
Қоғалақұдық
Көкүйрек
Көкшөп
Көлбай
Көлдененсай
Көмбектас

Жуантобе
Жундыкудук
Жиланбулак
Жиланды
Жингыльды
Жертегис
Жигерли
Жаланашкудук
Жиделиозен
Зортульки
Зортульки
Ибажан
Итольген
Итмурун
Қаримбай
Кебенек еспе
Кенсе
Кентабан
Керегетас
Қособа
Қоғалакудук
Қскуйрек
Қокшоп
Қульбай
Кольдененсай
Комбектас

Копджол

Кутербай — жер, Жезді ауд.

Кюгоншин — сай, Жезді ауд.

Куен — төбе, Жезді ауд.

Кузкадыр — елді мекен, Шет ауд.

Кюкюнген — тау, Жезді ауд.

Крокбай — жер, Жаңаарқа ауд.

Кичиксай — сай, Жезді ауд.

Киши-аксай — елді мекен, Ақтоғай ауд.

Кавыл — тау, Жезді ауд.

Кажыбай — тау, Ұлытау ауд.

Кара-адыр — елді мекен, Ақтоғай ауд.

Қараэспе — өзен, Ағадыр ауд.

Қара-Джал — шоқы, Приозерный ауд.

Қара-Джете — сай, Приозерный ауд.

Қаражулак — елді мекен, Ақтоғай ауд.

Қараджулак — тау, Ақтоғай ауд.

Қаражыланды — тау, Ұлытау ауд.

Қаражынгыл—ст., елді мекен, Приозерный а

Қаракингир — өзен, Жезді ауд.

Қара-Кенгир — өзен, Жезді ауд.

Қарагуз — құдық, Приозерный ауд.

Қара-кие — елді мекен, Ақтоғай ауд.

Қарагога — сай, Ағадыр ауд.

Қараба — тау, Приозерный ауд.

Қара-Сух — күрг. өзен, Ағадыр ауд.

Көпжол
Күтербай
Күйгенши
Күйген
Көзсіықадыр
Күнкүйінген
Күрекбай
Кішіксай
Кішіақсай
Қабыл
Қажыбай
Қараадыр
Қараеспе
Қаражал
Қаражете
Қаражолақ
Қаражұмақ
Қаражыланды
Қаражынғыл
Қаракенгір
Қаракенгір
Қарагөз
Қарақия ✓
Қарақоға
Қараоба
Қарасу

Копджол
Кутербай
Куйгенший
Куйген
Козоюкадыр
Кункуйинген
Күрекбай
Кишиксай
Кишиаксай
Қабыл
Қажибай
Қараадыр
Қараеспе
Қаражал
Қаражете
Қаражолақ
Қаражумак
Қаражинланды
Қаражинғыл
Қаракенгир
Қаракенгир
Қарагоз
Қаракия
Қаракога
Қараоба
Карасу

Кара-Теке — шоқы, Приозерный ауд.

Каратургай — өзен, Ұлытау ауд.

Кара-Тымсук — шоқы, Приозерный ауд.

Кара-шоқы — сай, Приозерный ауд.

Катун — жер, Ақтоғай ауд.

Куга — бұлақ, Ағадыр ауд.

Когалы-Джайдак — бұлақ, Приозерный ауд.

Кугалы — төбе, Ұлытау ауд.

Кузубай — жер, Жезді ауд.

Койюс — тау, Жезді ауд.

Койлюс — өзен, Жезді ауд.

Койшыбек — елді мекен, Ақтоғай ауд.

Койшман — құдық, Жезді ауд.

Кушиман — тау,

Калмагамбет — жер, Жезді ауд.

Кунак — жер, Ұлытау ауд.

Конурбель — тау, Приозерный ауд.

Коныр-Джай — сай, Приозерный ауд.

Конгыржал — тау, Жаңаарка ауд.

Кунгуртобе — тау, Жезді ауд.

Коржумбай — жер, Жаңаарка ауд.

Кос-Кызыл — шоқы, Приозерный ауд.

Космурун — тау, Шет ауд.

Космурын — тау, Жезді ауд.

Косвак — жылға Ағадыр ауд.

Косшиген — сай, Жезді ауд.

Қаратеке
Қараторғай
Қаратұмсы
Қарашоқы
Қатын
Қоға
Қоғалы—жайдак
Қоғалы
Қозыбай
Қойыс
Қойүлес
Қойшыбек
Қойшыман
Қойшыман
Қалмағамбет
Қонақ
Қоңырбел
Қоңыржай
Қоңыржал
Қоңыртөбе
Қоржынбай
Қосқызыл
Қосмұрын
Қосмұрын
Қоспақ
Қосшеген

Қаратеке
Қараторғай
Қаратумсук
Қарашоқы
Қатын
Қоға
Қоғалы—жайдак
Қоғалы
Қозыбай
Қойыс
Қойүлес
Қойшибек
Қойшиман
Қойшиман
Қалмағамбет
Қонак
Қоңырбель
Қоңыржай
Қоңыржал
Қоңыртөбе
Қоржинбай
Қосқызыл
Қосмурун
Қосмурун
Қоспақ
Қосшеген

Косщеген — құдық, Ағадыр ауд.
Косшоко — тау, Ұлытау ауд.
Кособай — өзен, Ақтоғай ауд.
Хотанжар — қыстау, Жезді ауд.
Кутансор — сор, Жезді ауд.
Котур — тау, Жезді ауд.
Котуржал — тау, Жаңаарқа ауд.
Котуркенели — тау, Ақтоғай ауд.
Коямбай — елді мекен, Ұлытау ауд.
Коянгоз — өзен, Ақтоғай ауд.
Коянчи — тау, Шет ауд.
Кулюк — сай, Ағадыр ауд.
Кумула — өзен, Жезді ауд.
Кушоко — тау, Ағадыр ауд.
Кушук — қыстау, Шет ауд.
Курыколь — сай, Ақтоғай ауд.
Кубаен — сай, Жезді ауд.
Куламбай — шоқы, Жезді ауд.
Кулантюбе — жер, Жезді ауд.
Кулунжал — ст., елді мекен, Ағадыр ауд.
Кумдыеспе — жер, Жезді ауд.
Курумозен — құрғ. өзен, Жаңаарқа ауд.
Кутыбай — елді мекен, Шет ауд.
Кизауз — тау, Ұлытау ауд.
Кызимчек — тау, Приозерный ауд.
Кызыл-Адыр — сай, Приозерный ауд.

Қосшеген
Қосшоқы
Қосыбай
Қотанжар
Қотансор
Қотыр
Қотыржал
Қотыркенелі
Қоянбай
Қоянкөз
Қояншы
Қулық
Қумола
Қушоқы
Қушық
Құрыкөл
Құбадөң
Құланбай
Құлантөбе
Құлынжал
Құмдыеспе
Құрымөзен
Құттыбай
Қызауыз
Қыземшек
Қызыладыр

Қосшеген
Қосшоқы
Қосыбай
Қотанжар
Қотансор
Қотыр
Қотыржал
Қотыркенели
Қоянбай
Қоянкөз
Қоянши
Қулық
Қумола
Қушоқы
Қушиқ
Қурыколь
Қубадон
Қуланбай
Қулантөбе
Қулынжал
Қумдыеспе
Қурымозен
Қуттыбай
Қызауыз
Қыземшек
Қызыладыр

- Кызылбиек — тау, Шет ауд.
 Кызыл-Еспе — жер, Ағадыр ауд.
 Кызыл-жал — жер, Ақтоғай ауд.
 Кызыл-Джар — с. тип. елді мекен, Жаңаарқа ауд.
 Кызыл-Джете — сай, Приозерный ауд.
 Қзылкабарга — тау, Приозерный ауд.
 Қзыл-Кудук — құдық, Приозерный ауд.
 Кызыллой — сай, Жаңаарқа ауд.
 Кызылсыр — тау, Жаңаарқа ауд.
 Кызылтандық — жер, Ағадыр ауд.
 Кызылчок — құдық, Ағадыр ауд.
 Қипшакбай — қыстау, Ұлытау ауд.
 Қрыккудук — бұлақ, Жаңаарқа ауд.
 Ктай — жер, Жаңаарқа ауд.
 Қшамбай — жер, Жезді ауд.
 Лохулдақ — бұлақ, Жезді ауд.
 Майнулке — қыстау, Приозерный ауд.
 Майтюбе — тау, Жезді ауд.
 Малшыбай — сельсовет, Ұлытау ауд.
 Мандайгак — сай, Шет ауд.
 Марджан — сай, Жезді ауд.
 Магамбет — жер, Жаңаарқа ауд.
 Маданпет — қыстау, құдық, Ақтоғай ауд.
 Мнюр — жер, Жезді ауд.
 Муюнкум — құм, Жезді ауд.
 Монкум — құм, Жезді ауд.

Қызылбниі
Қызылеспе
Қызылжал
Қызылжар
Қызылжете
Қызылқабырға
Қызылқұдық
Қызылой
Қызылсиыр
Қызылтендік
Қызылшок
Қыпшақбай
Қырыққұдық
Қытай
Қышанбай
Лақылдақ
Мойынөлке
Майтөбе
Малшыбай
Мандайқак
Маржан
Махамбет
Мәдениет
Мейір
Мойынқұм
Мойынқұм

Қызылбник
Қызылеспе
Қызылжал
Қызылжар
Қызылжете
Қызылқабырға
Қызылқудук
Қызылой
Қызылсиыр
Қызылтендик
Қызылшок
Қыпшакпай
Қырыкқудук
Қитай
Қышанбай
Лакылдақ
Мойынольке
Майтөбе
Малшибай
Мандайкак
Маржан
Махамбет
Мадениет
Меир
Мойынкум
Мойынкум

Моинсор — төбе, Жезді ауд.
Моюнсу — ст., елді мекен, Шет ауд.
Муютобе — тау, Жезді ауд.
Мутуртюбек — құдық, Приозерный ауд.
Миордынбаши — сай, Жезді ауд.
Мын-Арал — темір жол ст.
Мынкавга — құдық, Жаңаарқа ауд.
Мын-Талсай — сай, Шет ауд.
Мыншука — төбе, Жаңаарқа ауд.
Мурзабаймола — төбе, Ұлытау ауд.
Мирзабек — жер, Жаңаарқа ауд.
Мурзатай — тау, Шет ауд.
Мурзашоқы — тау, Жаңаарқа ауд.
Мса — жер, Жаңаарқа ауд.
Нагман — жер, Приозерный ауд.
Нарульген — жер, Жезді ауд.
Нарумбет — жер, Жезді ауд.
Новалы — ст. Ағадыр ауд.
Наурузбай — жер, Приозерный ауд.
Нигмет — елді мекен, Ақтоғай ауд.
Умар — жер, Ұлытау ауд.
Омароспай — жер, Ұлытау ауд.
Унгарчеген — жер, —»—»—
Уразбайқонған — құдық, Жезді ауд.
Уразбай — жер, Жезді ауд.
Урданағыл — сай, Жаңаарқа ауд.

Мойынсор
Мойынсу
Мойынтөбе
Мұтыртүбек
Мүйірдіңбасы
Мыңарал
Мыңқауға
Мыңталсай
Мыңшоқы
Мырзабаймола
Мырзабек
Мырзатай
Мырзашоқы
Мыса
Нағман
Нарөлген
Нарымбет
Науалы
Наурызбай
Нығмет
Омар
Омаросбай
Оңғаршеген
Оразбайқонған
Оразбай
Ордашағыл

Мойынсор
Мойынсу
Мойынтобе
Мутыртүбек
Муурдинбасы
Мыңарал
Мыңқауға
Мыңталсай
Мыншоқы
Мырзабаймола
Мырзабек
Мырзатай
Мырзашоқы
Мыса
Нағман
Нарольген
Нарымбет
Науалы
Наурызбай
Нигмет
Омар
Омаросбай
Оңғаршеген
Оразбайқонған
Оразбай
Ордашағыл

- Арта-аксай — елді мекен, Ақтоғай ауд.
 Ортажапалақ — елді мекен, Ақтоғай ауд.
 Уртакағыл — тау, Жезді ауд.
 Ортакура — қыстау, Приозерный ауд.
 Орта-Сюттыбай — қыстау, Приозерный ауд.
 Уртатау — төбе, Ағадыр ауд.
 Вортаторгай — тау, Жезді ауд.
 Уртатуткунь — жер, Ағадыр ауд.
 Уртауткуль — жыра, Ағадыр ауд.
 Ор-тау — тау, Ағадыр ауд.
 Орумбике — тау, Приозерный ауд.
 Орунтай — жер, Жаңаарқа ауд.
 Утарбай — жер, Жаңаарқа ауд.
 Ошакап — жер, Ұлытау ауд.
 Отурбай — қыстау, Приозерный ауд.
 Отунчи — жер, Ағадыр ауд.
 Узентау — жер, тау, Ұлытау ауд.
 Амралева — сай, Нұра ауд.
 Умурбек — жер, Приозерный ауд.
 Олькен — жер, Жаңаарқа ауд.
 Ундурус — жер, Жаңаарқа ауд.
 Ондурус — қыстау, колхоз, Ақтоғай ауд.
 Урнек — т. тип. елді мекен, Шет ауд.
 Отоген — жылға, Ақтоғай ауд.
 Рахем — жер, Жаңаарқа ауд.
 "Радар" жылға, Жезді

Орта Аксай
Орта Жапалақ
Ортақағыл
Ортақора
Орта Сүттібай
Ортатау
Ортаторғай
Ортатұтқын
Ортаөткел
Ортау
Орынбике
Орынтай
Отарбай
Отыншы
Отырбай
Ошакқап
Өзентау
Өмірәлі
Өмірбек
Үлкен
Өндіріс
Өндіріс
Өрнек
Өтеген
Рахым

Орта Аксай
Орта Жапалақ
Ортакағыл
Ортақора
Орта Суттыбай
Ортатау
Ортаторғай
Ортатутқын
Ортаоткель
Ортау
Орынбике
Орынтай
Отарбай
Отынши
Отырбай
Ошаккап
Озентау
Умиралы
Умирбек
Улькен
Ондирис
Ондирис
Орнек
Утеген
Раҳим

- Садыр — тау, Ағадыр ауд.
 Садвек — жер, Жаңаарқа ауд.
 Самбай — сай, Жаңаарқа ауд.
 Сандвай — тау, Ұлытау ауд.
 Санкбай — ст., елді мекен, Шет ауд.
 Сартус — тау, Жезді ауд.
 Садтусуп — жер, Жезді ауд.
 Сарыопан — жылға, Приозерный ауд.
 Сарыбюрат — тау, Приозерный ауд.
 Сарыден — сай, Жезді ауд.
 Сара-Кингир — өзен, Жезді ауд.
 Сарколь — құдық, Шет ауд.
 Сары-Кульжа — жер, Ағадыр ауд.
 Сары-Кум — ст., Приозерный ауд.
 Сар-Оба — төбе, Ағадыр ауд.
 Сары-узек — елді мекен, Ақтоғай ауд.
 Сарыулен — сай, Приозерный ауд.
 Сары-Шаган — жер, Приозерный ауд.
 Сасыкчинель — күм, Жезді ауд.
 Шаушок — төбе, Ағадыр ауд.
 Сетмагамбет — жер, Жаңаарқа ауд.
 Серкобай — жер, Жаңаарқа ауд.
 Серек — тау, Ақтоғай ауд.
 Сергсбай — тау, Жаңаарқа ауд.
 Серикпай — құрғ. өзен, Ұлытау ауд.
 Сырбай — тау, Ағадыр ауд.

Сарыөзөк

Садыбек
Санбай
Сандыбай
Сандықбай
Сартұз
Сартүсіп
Сарыапан
Сарыбуйрат
Сарыдөн
Сарыкенгір
Сарыкөл
Сарықұлжа
Сарықұм
Сарыоба
Сарыөзек
Сарыөлең
Сарышаған
Сасыкшенел
Шәушек
Сейітмағамбет
Серкебай
Серік
Серкебай
Серікбай
Сиырбай

Сарыөзөк

Садыбек
Санбай
Сандыбай
Сандықбай
Сартуз
Сартусип
Сарыапан
Сарыбуйрат
Сарыдон
Сарыкенгир
Сарыколь
Сарыкулжа
Сарыкум
Сарыоба
Сарыозек
Сарыолен
Сарышаған
Сасыкчинель
Шаушек
Сейтмағамбет
Серкебай
Серик
Серкебай
Серикбай
Сиырбай

- Сокурча — құдық, Приозерный ауд.
Сюрели — төбе, Жезді ауд.
Сулук — жер, Ұлытау ауд.
Суукбулак — бұлак, Ағадыр ауд.
Слушокы — жер, Шет ауд.
Сюнь — тау, Ұлытау ауд.
Сюртускен — жота, Жаңаарқа ауд.
Сюртысу — өзен, Жаңаарқа ауд.
Симтас — сай, Жезді ауд.
Талдыэспе — жер, Ағадыр ауд.
Тарохон — қыстау, Ұлытау ауд.
Тасвай — қыстау, Ұлытау ауд.
Тастюбе — тау, Жезді ауд.
Тегизжир — сай, Жезді ауд.
Тизскбай — жер, Жезді ауд.
Тикибай — қыстау, Ұлытау ауд.
Телкозы — жер, Жезді ауд.
Тогузбай — тау, Ағадыр ауд.
Тугыс — құдық, Приозерный ауд.
Тюбешек — төбе, Жезді ауд.
Тогускен — орт. сельсовет, Жаңаарқа ауд.
Тюлеген — қыстау, Ұлытау ауд.
Теребек — жер, Ағадыр, ауд.
Теребутак — құрғ. өзен, Жаңаарқа ауд.
Тарекак — жер, Шет ауд.
Теремола — жер, Ұлытау ауд.

Соқырша
Сөрелі
Сулық
Суықбұлақ
Сұлушоқы
Сүйін
Сұртүскен
Сұртісу
Сымтас
Талдыеспе
Тарахан
Тасбай
Тастөбе
Тегісжер
Тезекбай
Текебай
Телғозы
Тоғызбай
Тоғыс
Төбешек
Түгіскен
Төлеген
Төребек
Төребұтақ
Төреқақ
Төремола

Соқырша
Сорели
Сулық
Суыкбулақ
Сулушоқы
Суин
Суртүскен
Суртису
Сымтас
Талдыеспе
Тарахан
Тасбай
Тастөбе
Тегисжер
Тезекбай
Текебай
Тельгозы
Тогызбай
Тоғыс
Тобешек
Тугискен
Тулген
Туребек
Туребутак
Турекак
Туремола

Уваис кара — жер, Ақтоғай ауд.
Уйакшакум — құм, Ұлытау ауд.
Утшонкур — сай, Жезді ауд.
Швараба — төбе, Приозерный ауд.
Узун — тау, Шет ауд.
Узунагаш — өзен, сай, Шет ауд.
Узын-булак — елді мекен, Ақтоғай ауд.
Узынджар — сай, Жезді ауданы
Улу-Октябрь — колх., бөлім., Ақтоғай ауд.
Улутау — тау, Ұлытау ауд.
Урумзбай — совх. бөлім., Жаңаарқа ауд.
Урункан — тау, Ақтоғай ауд.
Ушкунбай — жер, Ағадыр ауд.
Уйлильозек — тау, Ақтоғай ауд.
Укужаркын — тау, Шет ауд.
Улькен-Кумкуль — сай, Жезді ауд.
Бол. Шушак — тау, Шет ауд.
Утемс — жер, Жезді ауд.
Ушиноз — жер, Жаңаарқа ауд.
Юш—Торал — сай, Жезді ауд.
Шансуват — сай, Ұлытау ауд.
Шангельбай — төбе, Приозерный ауд.
Шоёмбай — жер, Жаңаарқа ауд.
Шайнтас — төбе, Ағадыр ауд.
Шокой — жер, Жезді ауд.
Шокодак — төбе, Ағадыр ауд.

Уайыс қара	Уайыс қара
Уақшақұм	Уакшақұм
Отшұңқыр	Отшунқур
Шұбароба	Шубароба
Ұзын	Узын
Ұзынағаш	Узынағаш
Ұзынбұлақ	Узунбулақ
Ұзынжар	Узынжар
Ұлы Октябрь	Улы Октябрь
Ұлытау	Улытау
Орымбай	Орымбай
Ұрынқан	Урынқан
Ұшқынбай	Ушқынбай
Үйліөзек	Уйлиозек
Үкіжарқын	Укижарқын
Үлкенқұмкөл	Улькенқумколь
Үлкен Шошак	Улькен Шошак
Өтеміс	Утеміс
Үшбоз	Ушбоз
Үштарал	Уштарал
Шансуат	Шансуат
Шенгелбай	Шенгельбай
Шойынбай	Шоинбай
Шойынтас	Шоинтас
Шоқай	Шоқай
Шоқалақ	Шоқалақ

Чокобай — жер, Жезді ауд.
 Шок-Партас — төбе, Ағадыр ауд.
 Шолок-Эспе — өзен, Шет ауд.
 Шолакэспе — құрғ. өзен, Ақтоғай ауд.
 Чулпан — тау, Ағадыр ауд.
 Шор-кудук — сай, Приозерный ауд.
 Шовек — төбе, Приозерный ауд.
 Чол — төбе, Жезді ауд.
 Шольюзек — жер, Ұлытау ауд.
 Чомбе — жер, Жаңаарқа ауд.
 Шомокой — құдық, Жезді ауд.
 Шумиш — жер, Ұлытау ауд.
 Шумышколь — көл, Ұлытау ауд.
 Чубарайғыр — жер, Приозерный ауд.
 Шварова — тау, Ағадыр ауд.
 Чубартөбе — тау, Приозерный ауд.
 Чубар-Тюбек — қолтық, Приозерный ауд.
 Шленбай — елді мекен, Ақтоғай ауд.
 Чинграу — құдық, Приозерный ауд.
 Усгырлытау — тау, Жезді ауд.
 Илькубай — жылға, Жезді ауд.

Шоқабай
 Шоқпартас
 Шолакэспе
 Шолакэспе
 Шулпан
 Шорқудық
 Шөбек
 Шөл
 Шөлөзек
 Шөмбе
 Шөмекей
 Шөміш
 Шөмішкөл
 Шұбарайғыр
 Шұбароба
 Шұбартөбе
 Шұбартүбек
 Шүленбай
 Шыңырау
 Ызғарлытау
 Ілкібай

Шокабай
 Шокпартас
 Шолакэспе
 Шолакэспе
 Шолпан
 Шоркудук
 Шобек
 Шоль
 Шолозек
 Шомбе
 Шомекей
 Шомиш
 Шомишколь
 Шубарайғыр
 Шубароба
 Шубартөбе
 Шубартубек
 Шуленбай
 Шынырау
 Изгарлытау
 Илкибай

Целиноград облысы бойынша

Айтбике — жер, Целиногр. ауд.
 Аксуран — жер, Балқашин ауд.
 Ак-Тюбе — с. тип. елді мекен, Целиногр. ауд.

Айтбике
 Ақсоран
 Ақтөбе

Айтбике
 Аксоран
 Ақтобе

Актюбе — шоқы, Целиногр. ауд.
Актюсле — елді мекен, Сілеті ауд.
Акча-Куль — жер, Целиногр. ауд.
Арчалы — өзен, Мариновка ауд.
Ащиколь — өзен, Сілеті ауд.
Ащикумколь — көл, Целиногр. ауд.
Ащилы — өзен Атбасар ауд.
Ащилыайрык — өзен, Шортанды ауд.
Ащилюзек — өзен, Алексеев ауд.
Ащилы-Сай — өзен, Целиногр. ауд.
Аблканар — жер, Қорғалжын ауд.
Аунельдек — өзен, Астрахан ауд.
Байбута — өзен, Краснознамен ауд.
Байту-Куль — көл, Астрахан ауд.
Байтулеу — елді мекен, Ерейментау ауд.
Балгужай — село, елді мекен, Сілеті ауд.
Балыкты-Куль — көл, Маринов ауд.
Бараккульский — көл, совх., Шортанды ауд.
Баренкульский — көл, совх., Целиногр. ауд.
Барлы-куль — көл, Атбасар ауд.
Бисембай — өзен, Маринов ауд.
Бекаул — елді мекен, Целиногр. ауд.
Бис-Бидаяк — жер, Атбасар ауд.
Борлы-куль — өзен, Целиногр. ауд.
Бурду-куль — өзен, Маринов ауд.
Бостбай — жер, Атбасар ауд.

Ақтөбе
Ақтүйелі
Ақшакөл
Аршалы
Ащыкөл
Ащықұмкөл
Ащылы
Ащылыайрық
Ащылыөзек
Ащылысай
Әбілқапар
Әуілдек
Байбота
Байтукөл
Байтілеу
Балқожа
Балықтыкөл
Барақкөл
Баранкөл
Барлыкөл
Бейсембай
Бекауыл
Бесбидайық
Барлыкөл
Борлыкөл
Бостыбай

Актобе
Актуйели
Акшаколь
Аршалы
Ашиколь
Ашикумколь
Ащилы
Ашилыайрық
Ашилыөзек
Ашилысай
Абилқапар
Аупильдек
Байбота
Байтуколь
Байтлеу
Балқожа
Балыктыколь
Баракколь
Баранкуль
Барлыколь
Бейсембай
Бекауыл
Бесбиданк
Барлыколь
Борлыколь
Бостыбай

- Богембай — село тип. елді мекен, Сілеті ауд.
 Бугут — село тип. елді мекен, Қорғалжын ауд.
 Булюк-Тау — тау, көл, Балқашин ауд.
 Бюрюк-Тал — жер, Целиногр. ауд.
 Бурлайғыр — шатқал, Сілеті ауд.
 Булдукты — село тип. елді мекен, Сілеті ауд.
 Булумбай — жер
 Бурташ — село тип. елді мекен, Целиногр. ауд.
 Бурулма — өзен, Макин ауд.
 Бюйрекколь — өзен, Шортанды ауд.
 Быртобан — жер, Алексеев ауд.
 Дамбралы — тау, Алексеев ауд.
 Досумбай — жер, Целиногр. ауд.
 Дуненколь — көл, Ерейментау ауд.
 Эльдебекаулы — елді мекен, Сілеті ауд.
 Энеликты — жер, Краснознамен ауд.
 Энбек — елді мекен, Ерейментау ауд.
 Эжикей — жер, Атбасар ауд.
 Ергольский — көл, Макин ауд.
 Ишкеолмес — жер, Ерейментау ауд.
 Ишень-Аман — өзен, Астрахан ауд.
 Старый Мухур — шатқал, Алексеев ауд.
 Джалтыр — елді мекен, Астрахан ауд.
 Жан-Дурба — жер, Маринов ауд.
 Жана-Конс — елді мекен
 Жанғызкарагай — өзен, Макин ауд.

Бөгембай
Бөгет
Бөлөк тау
Бөрүктал
Бурылайғыр
Бұлдықты
Бұлымбай
Бұртас
Бұрылма
Бүйреkkөл
Биртабан
Домбыралы
Досымбай
Дөненкөл
Елдебекауылы
Инелікті
Еңбек
Ежікей
Еркөл
Ешкіөлмес
Есенаман
Ескі Мүкүр
Жалтыр
Жандорба
Жаңақоныс
Жалғызқарағай

Бөгембай
Бөгет
Бөлөк тау
Бориктал
Бурылайғыр
Булдықты
Бұлымбай
Буртас
Бурылма
Буйреkkоль
Биртабан
Домбралы
Досымбай
Доненколь
Ельдебекаулы
Инелықты
Енбек
Ежикей
Еркольский
Ешкіолмес
Есенаман
Старый Мухир
Жалтыр
Жандорба
Жанаконыс
Жалғызқарағай

Отф Жангызтобе—елді мекен, Ерейментау ауд.
Жардыкуль — жер, Маринов ауд.
Жар-куль — өзен, Атбасар ауд.
Жолбаше — жер, Ерейментау ауд.
Жунжулюк — елді мекен, Шортанды ауд.
Чурек — елді мекен, Целиногр. ауд.
Илюбай — жер, Ерейментау ауд.
Каз — Коскуль — елді мекен, Маренов ауд.
Каракуль — өзен, Маринов ауд.
Коскуль — елді мекен, Маринов ауд.
Кубек — өзен, Атбасар ауд.
Кубентай — ферма, Сілеті ауд.
Куксал — жер, Сілеті ауд.
Кумей — елді мекен, Сілеті ауд.
Куркем — жер, Краснознамен ауд.
Курне — өзен, Сілеті ауд.
Кочубай — жер, Шортанды ауд.
Куюк — өзен, Сілеті ауд.
Кумусколь — жер, Вишневу ауд.
Кунгурлюк — өзен, Целиногр. ауд.
Қишкене—куль — көл, Астрахан ауд.
Қишкinessарыбек — жер, Сілеті ауд.
Қаз-кос-куль — өзен, Сілеті ауд.
Қазкосколь — Камен. ауд.
Қаирлы — елді мекен, Қорғалжын ауд.
Қалауу — елді мекен, Ерейментау ауд.

7д.

Жалғызтөбе	Жалғызтөбе
Жарлыкөл	Жарлыкөл
Жаркөл	Жаркөл
Жолбасшы	Жолбасшы
Жүнжілік	Жүнжилик
Жүрек	Жүрек
Илібай	Илибай
Қазқоскөл	Қазқоскөл
Қаракөл	Қаракөл
Қоскөл	Қоскөл
Көбек	Көбек
Көбентай	Көбентай
Көксал	Көксал
Көмей	Көмей
Көркем	Көркем
Көрпе	Көрпе
Көшубай	Көшубай
Күйік	Күйік
Күміскөл	Күміскөл
Кенгірлік	Кенгірлік
Кішкенекөл	Кішкенекөл
Кішкенесарыбек	Кішкенесарыбек
Қазқоскөл	Қазқоскөл
Қазқоскөл	Қазқоскөл
Қайырлы	Қайырлы
Қалау	Қалау

- Кудай—Берген — көл, Астрахан ауд.
Кум-куль — көл, Атбасар ауд.
Куркольдак — көл, Қорғалжын ауд.
Кустумсык — тұмсык, Целиногр. ауд.
Қзылту — с. тип. елді мекен, Сілеті ауд.
Қны — көл, Сілеті ауд.
Қрык—ай — елді мекен, Целиногр. ауд.
Қстауколь — өзен, Атбасар ауд.
Майлскут — өзен, Астрахан ауд.
Мойнак-кара — су құрғ. өзен, Атбасар ауд.
Моелды — өзен, Ерейментау ауд.
Моилды — өзен, Вишнев ауд.
Уразак — сельсовет, Целиногр. ауд.
Ульген — сай, Макин ауд.
Уленты — темір жол ст. Целиногр. ауд.
Утюбай — өзен, Целиногр. ауд.
Утель — шатқал, Сілеті ауд.
Сары-куль — көл, Макин, Маринов ауд.
Сарыоба — елді мекен, Вишнев ауд.
Сугур — жылға, Вишнев ауд.
Такмурза — елді мекен, Ерейментау ауд.
Талды-куль — көл, Маринов ауд.
Таснекетсай — жылға, Атбасар ауд.
Тас-Бике — көл, Целиногр. ауд.
Таскура — елді мекен, Сілеті ауд.
Тас-Уткель — сельсовет, Целиногр. ауд.
Тас-Суат — ссельсовет, Целиногр. ауд.

Құдайберген
Құмкөл
Күркілдек
Құстұмсық
Қызылту
Қына
Қырықай
Қыстаукөл
Майлықұт
Мойнаққарасу
Мойылды
Мойылды
Оразақ
Өлген
Өленті
Өтебай
Өтел
Сарыкөл
Сарыоба
Сүгір
Тақмырза
Талдыкөл
Тасбекетсай
Тасбике
Тасқора
Тасөткел
Тассуат

Құдайберген
Кумколь
Куркильдек
Кустумсық
Кызылту
Кына
Кырықай
Кыстауколь
Майлықут
Мойнакқарасу
Моилды
Моилды
Оразақ
Ольген
Оленти
Утебай
Отель
Сарыколь
Сарыоба
Сугир
Такмырза
Талдыколь
Тасбекетсай
Тасбике
Тасқора
Тасоткель
Тассуат

Тас-Талды — көл, Целиногр. ауд.
Татвай — елді мекен, Макин ауд.
Тизекбай — көл, Атбасар ауд.
Теирак — сай — төбе, Атбасар ауд.
Терекчи — шатқал, Сілеті ауд.
Терцузюк — елді мекен, Қорғалжын ауд.
Тоғузколь — ескі елді мекен, Сілеті ауд.
Тюлюбай — елді мекен, Балқашин ауд.
Тулюнкут — елді мекен, Ерейментау ауд.
Танкерыс — темір жол ст., Балқашин ауд.
Танкерос — село тип. елді мекен
Тюрт сарт — жер, Целиногр. ауд.
Тюетас — сай, Целиногр. ауд.
Туетас — жер, Ерейментау ауд.
Тюсшоккен — елді мекен, Ерейментау ауд.
Омсун — жыра, Маринов ауд.
Чан-тюбе — тау, Балқашин ауд.
Шаквай — елді мекен, Маринов ауд.
Чан-Берлик — елді мекен, Целиногр. ауд.
Шанды-Куль — көл, Астрахан ауд.
Шапты-Куль — көл, Целиногр. ауд.
Шитке-Аяк — сай, Атбасар ауд.
Ширюколь — көл, Ерейментау ауд.
Шолак-Карасу — көл, Шортанды ауд.
Шапан-карасу — өзен, Атбасар ауд.
Шурмана — өзен, Астрахан ауд.
Шушак — жер, Целиноград ауд.

Тасталды
Татыбай
Тезекбай
Тейрақсай
Терекші
Теріөзек
Тоғызкөл
Төлебай
Төленгіт
Төңкеріс
Төңкеріс
Төртсарт
Түйетас
Түйетас
Түйешөккен
Ұмсын
Шаңтөбе
Шақбай
Шанбірлік
Шандыкөл
Шаптыкөл
Шеткіаяк
Шиыркөл
Шолаққарасу
Шапанқарасу
Шорман
Шошақ

Тасталды
Татыбай
Тезекбай
Тейрақсай
Терекши
Терисозек
Тогузколь
Тулебай
Туленгут
Төңкерис
Төңкерис
Төртсарт
Түйетас
Түйетас
Түйешоккен
Умсын
Шантобе
Шакбай
Шанбирлик
Шандыколь
Шаптыколь
Шеткиаяк
Ширколь
Шолакқарасу
Шапанқарасу
Шорман
Шошақ

ҚОРЫТЫНДЫ

Орталық Қазақстан өңіріне енетін алты облыс (Жезқазған, Көкшетау, Қарағанды, Павлодар, Қостанай, Целиноград облыстары) бойынша 1981—1986 жылдары Комплексті экспедиция нәтижесінде 40 мыңдай жер-су аттары жиналып, карточкаға түсіріліп, ғылыми жүйеге келтірілді. Бұл жер-су аттарының басым көпшілігі ана тіліміздің байырғы сөздерінен қойылғандығы анықталды.

Осыншама бай материал негізінде жасалған зерттеу жұмысының нәтижесінде Орталық Қазақстан жер-су аттарының шығу, пайда болу тарихы, бұл өңірдегі топонимдердің құрамы мен құрылысы, этимологиясы мен семантикасы, лексика-семантикалық классификациясы және грамматикалық (морфологиялық) құрылымы, жасалу жолдары тарихи-лингвистикалық тұрғыдан баяндалды.

Ономастика бөлімінің қызметкерлері бірлесе отырып жазған бұл еңбегінде, Орталық Қазақстан жер-су аттары лингвистикалық, тарихи-географиялық, этнографиялық тұрғыдан жан-жақты талданды.

Орталық Қазақстан топонимдерінің шығу және даму тарихын зерттеуде негізгі үш дерекке ерекше зейін қойып, кеңірек тоқталдық. Олар: 1) археологиялық қазбалар; 2) көне жазу ескерткіштеріндегі мағлұматтар; 3) ежелден осы күнге дейін жетіп, үнемі жаңарып, толысып отырған топонимдер. Сол деректердегі кездесетін көптеген топонимдер түркі тілдерінің, оның ішінде қыпшақ тобына жататын түркі тілінің негізінде жасалғанын көрсетті. Зерттеу нәтижесінде, Орталық Қазақстан об-

лыстарында көне дәуірлерге тән топонимдердің аздығы, оның есесіне ортағасырлық топонимдердің, әсіресе XVI—XIX ғасырларға тән жазу ескерткіштеріндегі осы өңірге қатысты топонимдердің көп екендігін нақтылы мысалдар, тарихи деректер арқылы көрсеттік. Советтік қоғамның салтанатты өмірін бейнелейтін жүздеген топонимдер— қала, село, селолық Совет, аудан, елді мекен т. б. объектілердің атаулары да зерттелді. Бұл өңірдегі топонимдер құрамы жағынан екі үлкен топқа, *макротопоним* және *микротопоним* болып бөлінетіні, бұлардың ішінде микротопонимдердің сан жағынан мол да басым болуының тарихи себептері ашылды.

Микротопонимдер — негізінен жалпы есім сөздер. Олардың қай-қайсысының да мағынасы айқын, көпшілікке түсінікті келеді.

Макро және микротопонимдерді құрайтын географиялық объектілер: 1) гидрографиялық объектілер, 2) орографиялық объектілер, 3) саяси-әлеуметтік және мәдени объектілерге жіктеледі. Ол объект атаулары лексикалық құрамы мен тілдік қабаттары жағынан да бірнеше топқа бөлінеді. Осымен қатар сол атаулардың құрылысы мен тұрақтылық сипатында да айтарлықтай айырма бары байқалады. Тарихи тұрғыдан зер салып байқағанда, елді мекендер атауларына (қала, село) карағанда су, өзен, көл, тау атауларының көбіне тұрақты, өміршең келетінін көреміз. Бұған әйгілі *Ертіс*, *Кеңгір*, *Нұра*, *Балқаш*, *Қарқаралы*, *Ұлытау* тәрізді гидронимдер мен оронимдер толық дәлел бола алады.

Жалпы Орталық Қазақстан топонимдері құрамы жағынан үлкен екі жікке бөлінеді. Олар: 1) ана тілінен; 2) басқа тілдерден жасалған топонимдер. Бұлардың өзінің ішінара бірнеше салаға бөлінетіні анықталды. Атап айтқанда: а) алтай дәуіріндегі; б) көне түркі дәуіріндегі; в) көне қазақ тіліндегі; г) жаңа қазақ тіліндегі атаулар. Осымен қатар басқа тілдер негізінде жасалған топонимдер: а) иран тілдерінен енген топонимдер; б) монғол тілдерінен енген топонимдер; в) орыс тілінен енген топонимдер.

Орталық Қазақстан топонимдері құрамының бай да мол тобы — гидронимдер мен оронимдер екенін жинақталған материалдар толық дәлелдейді.

Өңірдегі өзен, су, көл, тау атауларынан көптеген мысалдар келтіре отырып, олардың тарихи-географиялық сипаттамалары, сондай-ақ мән-мағыналары мен шығу

төркіндері де айқындалып, толық ашылды. Бұл гидронимдер мен оронимдер құрамында да көне түркі және араб, иран, монғол, орыс тілдерінен енген атаулар бары анықталды. Сондай-ақ этнонимдер мен антропонимдерден қойылған гидронимдер мен оронимдердің де сыр-сипат, алуан сырлары бары көрінді. Әсіресе, көне гидронимдік атаулар: *Балқаш, Ертіс, Кеңгір, Есіл*, оронимдер: *Ерейментау, Көкшетау, Арқа, Баянауыл* т. б. атаулардың шығу төркіні тарихи-лингвистикалық тұрғыдан жіті қарастырылды.

Орталық Қазақстан өңіріндегі мындаған жер-су атауларының бір-бірінен мағыналық та, мәндік те айырым-айырмашылықтары бар. Жергілікті халық өздері мекендеген, көшіп-қонып жүрген, қоныстанған жердің бет-бедеріне, суының ашы-тұщылығына, көлемі мен ағысына сай, айдын көлдің түр-тұлға, аумақ-көлемі, терең-саяздығына қарай ат беріп отырған. Сондай атаулардың аталу сипатын, ерекшелік қасиетін, мән-мағынасын топтап ажырату — лексика-семантикалық тәсіл арқылы сараланады. Осы ретте өңір топонимдерін лексика-семантикалық типтеріне қарай: 1) қоршаған ортаның физика-географиялық қасиетін көрсететін топонимдер; 2) адамдардың іс-әрекет, тұрмысы және қоғамдық өмірін көрсететін атаулар деп таптастырдық. Бұл таптастырудың өзі ішінара бірнеше топқа бөлінеді де ол топтағы атаулардың сыр-сипаты, неге олай аталғандығы нақтылы деректерге сүйене отырылып баяндалды. Оқушы семантикалық таптастырудың нәтижесінде топонимдердің мән-мағынасынан толық хабардар болып, көп мағлұмат алады.

Орталық Қазақстан топонимдерінің құрылымдық типтері жайлы бай материалды толық пайдаланбағанымызбен, оларды жинақтап отырып, жұмыс көлеміне қарай тиісті дәрежеде оң түйінін айттық.

Құрылымдық жағынан әр алуан екендігі, олардың лексикалық базасы жағынан болсын, құрылымдық сипаты жағынан болсын өзіндік ерекшелікке ие екендігі көрінді. Ол ерекшелік пен өзгешелік топонимдердің тіркесе қолдануы мен орналасу тәртібінен де анық байқалады.

Бұл өңірдегі топонимдердің морфологиялық құрылымына да кеңінен тоқталдық. Ғылыми тұрғыдан жүйелеп, сұрыптап, талдай келгенде, бұл өлкедегі топонимдердің бойында лексика-синтаксистік тәсіл арқылы жасалу

үлгісінің басым екендігі анықталды. Күрделі, біріккен тұлғалы немесе құрамды топонимдердің сыңарларын анықтау арқылы, олардың синтаксистік қатысын сипаттап бердік. Сөйтіп, Орталық Қазақстанның құрамды топонимдерін зерттеу барысында олардың жасалу типінде бес түрлі: анықтауышты, тәуелділікті, предикативті, сандық және ұқсату, балау сияқты синтаксистік қатынастың бары дәлелденді.

Сонымен бұл еңбекте республикамыздағы өзен, көл, бұлақ, бастау, сай, жыра, құдық, қайнар т. б. азды-көпті атаулары, олардың мағыналық, құрылымдық ерекшеліктері толық қамтылды деп айта алмаймыз, ол мүмкін де емес. Сан мыңдаған атаулардың әрқайсысының өзіндік ерекшелігі, қасиеті, тарихы бар, Уақыт озған сайын олардың бірі қолданыстан шығып, ұмыт болып жатса, екіншісі жаңадан дүниеге келіп, тілімізге, күнделікті өмірімізге араласып жатады.

Жалпы топонимдердің, оның ішінде гидронимдердің де қандай да болмасын қоғам өмірінде алатын орны айрықша. Ең алдымен, олар біздің күнделікті тіршілігімізде адрестік қызмет атқарады. Бір қаладан екінші қаланы, бір ауылдан екінші ауылды, таудан тауды, судан суды географиялық атауларсыз ажырату мүмкін болмас еді.

Топонимика ғылымының халық үшін ағартушылық ролі де зор. Түрлі газет, журналдарда, ғылыми-көпшілікке арналған кітаптар мен арнайы монографиялық еңбектерде жазылып жүрген топонимикалық мәліметтерден алуан түрлі географиялық атаулардың мән-мағынасын, жасалу тарихын, өзгеру себептерін т. б. білуге болады.

Жер-су атаулары айтарлықтай информациялық роль де атқарады. Мысалы, өзен, көл атауларының өзінен ғана халықтың өткен өмірі, ру, тайпалардың Қазақстан территориясындағы миграциясы, басқа халықтармен қарым-қатынасы жайлы тарихи деректер алуға болады. Ал, өзен, көл атауларындағы жан-жануарлар мен өсімдік әлемінен, жер жағдайынан, суының дәмі мен мөлшерінен, түсінен т. б. көптеген белгілерінен тағы қосымша мәліметтер алуға болады. Ғасырлар бойы негізінен көшпелі жағдайда мал шаруашылығымен айналысып келген халық үшін жер-су атауларындағы мұндай информациялық қасиет өте қажет болған. Олар — халықтың тарихи кезеңдердегі өткен өмірінің, тіршілік-

болмысының, ой-санасының кәзгері іспеттес. Сондықтан да географиялық атауларды ұлттық байлығымыз ретінде қорғап, жинап, қастерлеп, кейінгі ұрпақтарға жеткізу — ерекше мәні бар абыройлы іс.

Қазіргі жер-су атауларының басым көпшілігінің мазмұн-мағынасы, мәні айқын түсінікті болғанымен, олардың ішінде мағынасы көмескі тартып, немесе біржола белгісіз жағдайға жеткендері де аз емес. Олар негізінен көне түркі дәуірлерінен жеткен, немесе, басқа тілдерден енген атаулар. Мән-мағынасы түсініксіз атаулар жөнінде халық ішінде әртүрлі аңыз-әңгіме, шежіре-деректер, хикая, дастандар туындайды. Көптеген белгілі атаулардың да халықтық этимологиясы болады. Бұл сияқты халық мұрасының да ғылым үшін маңызы зор. Ақиқатпен аңызды салыстыра, ғылыми електен өткізе отырып, шындыққа жетуге болады.

Қазақ тіліндегі кейбір географиялық атаулардың орыс тіліне дұрыс транскрипцияланбауынан фонетикалық, тұлғалық өзгерістерге ұшырап, алғашқы мағынасын жоғалтып алуы кездеседі. Сөйтіп, бұрынғы белгілі, түсінікті атауларды танымай, түсінбей қалатын кездері де болады.

Кейбір жағдайларда жергілікті жердегі ірілі-ұсақты географиялық объектілерге жаңадан ат қойғанда талғам мен халықтық дәстүр ұсталынбайды. Мысалы, бір облыс территориясынан ғана ондаған **Соленое**, **Горькое** деген көл атауларын кездестіруге болады. Ал кейде ол көлдердің халықтық атаулары, жергілікті тұрғын жұрт ішінде қолданылып жүрген аттары ескерілмейді. Бұдан белгілі бір географиялық объектіні жергілікті халық бір түрлі, ал ресми түрде екінші түрлі атау орын алады. Географиялық объектілерге жаңадан ат қоярда әркез жергілікті халықтық атауларға сүйенген дұрыс.

Орталық Қазақстан бойынша жиналған бай материал бұл еңбектен өз көрінісін тұтас таба алмағанын ескертеміз. Ғылыми тұрғыдан зерттеу барысында ғана жекелеген мысалдар алынды. Барлық материалды жинақтап, топтай отырып, «Орталық Қазақстан жер-су аттарының сөздігі» атты еңбекті таяу жылдары шығаруды жоспарлап отырмыз.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
-------------------	---

Бірінші бөлім

Орталық Қазақстан топонимдерінің шығуы мен дамуы тарихынан	15
--	----

Екінші бөлім

Орталық Қазақстан топонимдерінің (макро-микротопонимдік) құрамдары	60
--	----

§ 1. Орталық Қазақстан топонимдерінің статиграфиясы бойынша этимологиялық зерттеулер (лексикалық қабаттар)	72
§ 2. Гидронимдер	115
Көл аттары	117
Өзен аттары	131
§ 3. Оронимдер және орографиялық терминдер	159

Үшінші бөлім

Орталық Қазақстан топонимдерін лексика-семантикалық тұрғыдан таптастыру	173
---	-----

1. Қоршаған ортаның физика-географиялық қасиетін көрсететін топонимдер	176
2. Адамдардың іс-әрекет, тұрмысы және қоғамдық өмірін көрсететін атаулар	196

Төртінші бөлім

Орталық Қазақстан топонимдерінің құрылымдық типтері	202
---	-----

Бесінші бөлім

Орталық Қазақстан топонимдерінің транскрипция мәселесі	217
--	-----

ТОПОНИМИЯ ЦЕНТРАЛЬНОГО КАЗАХСТАНА

(на казахском языке)

*Утверждено к печати Ученым советом Института языкознания
Академии наук Казахской ССР*

Редакция менгерушісі *Т. Б. Беркімбаев*
Редакторы *З. Егеубаева*
Көркемдеуші редакторы *В. М. Грущак*
Суретшісі *А. И. Поставит*
Техникалық редакторы *Л. Ю. Уляницкая*
Корректоры *С. О. Қаймолдина*

ИБ 2896. Монография

Теруге 29.09.88 тапсырылды. Басылуға 17.03.89 қол қойылды.
УГО9039. Форматы 84×108¹/₃₂. Тип. каф. № 1.
Гарнитурасы әдебиеттік. Басылымы күрделі. Шарт. б. т. 13,44
Шарт. бояу көлемі 13,44. Есепке алынатын баспа табақ 13,44
Тираж 1000. Заказ 252. Бағасы 3 сом.

Издательство «Наука» Казахской ССР
480100, Алма-Ата, ул. Пушкина, 111/113
Типография издательства «Наука» Казахской ССР
480021, Алма-Ата, ул. Шевченко, 28



